




ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІНЕ
АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
ОНЛАЙН - КОНФЕРЕНЦИЯЛАРДЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ НАУЧНО
-ПРАКТИЧЕСКИХ ОНЛАЙН -
КОНФЕРЕНЦИЙ ПОСВЯЩЕННЫХ
ДНЮ РАБОТНИКОВ НАУКИ
ТОМ IV



17.04.2020
29.04.2020



ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІНЕ
арналған онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциялардың
материалдар жинағы

ТОМ IV

17-29 сәуір 2020

Сборник материалов
научно-практических онлайн конференций посвященных
ДНЮ РАБОТНИКОВ НАУКИ

ТОМ IV

17-29 апреля 2020

Ақтау

ӘОЖ 001
ББК 72
Ғ 96

Yessenov University ректоры Б.Б.Ахметов жалпы редакциялығымен

Редакциялық алқа:

Е.Т. Нұрмағанбет, А.И.Омарова, А.М. Джанисенова

Ғ96 Ғылым қызметкерлері күніне арналған ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциялардың материалдар жинағы, том IV, Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2020, - 411 б.

ISBN 978-601-308-241-7

Ғылыми мақалалар жинақтың негізі Ғылым қызметкерлері күніне арналған ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциялардың материалдарынан тұрады, «Ұлы дала: Мәдени мұра және әлемдік тарихтағы Алтын Орда» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция, «Студенттік еріктілік: қазіргі жағдайы, мәселелері, болашағы» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция, «Каспий аймағы: жаңа қатерлер мен жаңа мүмкіндіктер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция, «Қиын өндірілетін көмірсутекті кен орындарды игерудің геологиялық және технологиялық аспектілері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция.

Жинақ ЖОО оқытушылары мен докторанттарына, білім алушыларға арналады.

Основу сборника научных статей составляют материалы научно-практических онлайн-конференций посвященных Дню работников науки, областной студенческой онлайн-конференции на тему «Великая степь: культурное наследие и Золотая Орда в мировой истории», областной научно-практической онлайн-конференции на тему «Студенческое волонтерство: современное состояние, проблемы, перспективы», международных научно-практических онлайн-конференций на тему «Каспийский регион: новые угрозы и новые возможности» и «Геологические и технологические аспекты разработки месторождений трудноизвлекаемых углеводородов».

Сборник предназначен для преподавателей, докторантов и студентов ВУЗов.

ӘОЖ 001
ББК 72

© Ш.Есенов атындағы Каспий
мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, 2020

ISBN 978-601-308-241-7

КАСПИЙ МАҢЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰСТАНЫМЫ ҮШІН КАСПИЙ АЙМАҒЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

УДК 327.5

ПРАВОВОЙ СТАТУС КАСПИЯ

Абилов А., студент

Научный руководитель: Абдешов Д.Д.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, Казахстан, г. Актау

Аннотация. Данная статья рассматривает разграничения дна Каспийского моря между сопредельными и противолежащими государствами по модифицированной срединной линии в целях осуществления суверенных прав на недропользование при сохранении в общем пользовании водного пространства, обеспечении свободы судоходства, согласованных норм рыболовства и защиты окружающей среды. А также создает условия для налаживания сотрудничества между странами на качественно новом уровне партнерства, развития тесного сотрудничества на разных направлениях.

Ключевые слова: саммит, имплементация, правовой статус, Каспий, конвенция, прикаспийские государства.

В Пятом саммите Прикаспийских государств участвовали президент Казахстана Нурсултан Назарбаев, президент Азербайджана Ильхам Алиев, президент Ирана Хасан Роухани, президент России Владимир Путин и президент Туркменистана Гурбангулы Бердымухамедов.

"С целью эффективной имплементации Конвенции нами создан специальный механизм регулярных пятисторонних консультаций под эгидой министерств иностранных дел. Они на регулярной основе будут обсуждать все актуальные вопросы", – сказал президент Казахстана Нурсултан Назарбаев, выступая на саммите в Актау. [1]

По словам Назарбаева, за последние годы наблюдается значительное сокращение торговли между странами. Для решения проблемы он предложил проводить на регулярной основе встречи министров экономики пяти государств.

Президент Азербайджана Ильхам Алиев отметил, что решения, принятые на саммите, будут способствовать дальнейшему развитию сотрудничества. "Определение правового статуса Каспия будет способствовать разделению дна и поверхности в соответствии с нормами международного права", – сказал Ильхам Алиев.

В свою очередь, президент Ирана Хасан Роухани отметил, что важно не только принять конвенцию, но и наблюдать за успешным исполнением ее, а сама конвенция станет "материнским документом" на пути разрешения проблем прикаспийского региона. "Конвенция предусматривает запрет на предоставление территории Каспийского моря для агрессии против другого прикаспийского государства. Разграничение дна и недр ещё не определено этой конвенцией. Этот вопрос будет регулироваться дополнительно между сторонами", – сказал Роухани.

В своем выступлении президент России Владимир Путин отметил, что стороны сегодня подпишут шесть профильных соглашений в сферах экономики безопасности и транспорта. Владимир Путин заявил, что урегулирование правового статуса Каспийского моря "создает условия для налаживания сотрудничества между странами

на качественно новом уровне партнерства, развития тесного сотрудничества на разных направлениях".

Каспийский регион богат запасами углеводородов — нефти и газа. Среди биоресурсов Каспийского моря особую ценность представляют осетровые, составляющие основу мирового запаса и генофонда, сохранившегося и воспроизводящегося на Земле. [2]

В советское время Каспийское море практически было внутренним водоемом в границах СССР и лишь на юге омывало берега Ирана. Установленный советско-иранскими договорами статус Каспийского моря как внутреннего (внутриконтинентального) водоема, практически был признан всем международным сообществом государств и нашел подтверждение в доктрине международного права.

Вопрос определения правового статуса Каспийского моря получил актуальность после распада СССР, когда появление новых субъектов международного права — Азербайджана, Казахстана и Туркмении — поставило вопрос о разграничении Каспия уже между пятью странами

В целях выработки Конвенции о правовом статусе Каспийского моря в 1996 году по решению министров иностранных дел пяти прикаспийских государств была образована Специальная рабочая группа (СРГ) на уровне заместителей министров иностранных дел. [2]

6 июля 1998 года между Российской Федерацией и Республикой Казахстан были заключены Соглашение о разграничении дна северной части Каспийского моря в целях осуществления суверенных прав на недропользование и 13 мая 2002 года Протокол к данному Соглашению.

29 ноября 2001 года и 27 февраля 2003 года заключено Соглашение между Республикой Казахстан и Азербайджанской Республикой о разграничении дна Каспийского моря и Протокол к нему соответственно.

Также между Россией, Казахстаном и Азербайджаном 14 мая 2003 года заключено Соглашение о точке стыка линий разграничения сопредельных участков дна Каспийского моря.

В 2011-2012 годах в пятистороннем формате были подписаны такие значимые для защиты морской среды Каспия международно-правовые документы, как Протокол о региональной готовности, реагировании и сотрудничестве в случае инцидентов, вызывающих загрязнение нефтью, Протокол по защите Каспийского моря от загрязнения из наземных источников.

Состоялись четыре саммита прикаспийских государств (23-24 апреля 2002 года, 16 октября 2007 года, 18 ноября 2010 года и 29 сентября 2014 года). Первый саммит прикаспийских прошел в Ашхабаде (Туркмения) в 2002 году. Тогда было принято решение провести вторую встречу в Тегеране (Иран) в 2003 году, но в этот срок она не состоялась и потом еще несколько раз откладывалась. [3]

На четвертом саммите, прошедшем в Астрахани, лидеры России, Казахстана, Азербайджана, Туркмении и Ирана согласовали политическое заявление, где впервые зафиксировали будущие договоренности по статусу Каспия. Также президенты договорились, что военная деятельность в регионе должна осуществляться на принципах "разумной достаточности" и обеспечения равных условий безопасности для всех прикаспийских государств. Они подтвердили согласованный ранее принцип "неприсутствия на Каспийском море вооруженных сил, не принадлежащих сторонам".

Известно, что яблоком раздора был принцип разграничения акватории Каспийского моря. Россия выступала с компромиссной инициативой о разграничении дна Каспийского моря между сопредельными и противолежащими государствами по модифицированной срединной линии в целях осуществления суверенных прав на

недропользование при сохранении в общем пользовании водного пространства, обеспечении свободы судоходства, согласованных норм рыболовства и защиты окружающей среды. Принципиальным в российских подходах остается: нахождение в общем пользовании поверхности и водной толщи и деление на национальные сектора только дна; деление спорных месторождений по принципу 50:50, когда одна из претендующих сторон компенсирует другой стороне, первой начавшей освоение спорного месторождения, половину произведенных на разведку и освоение затрат, получая таким образом право принять участие в дальнейших работах; создание стратегическо-экономического центра по Каспию, в рамках которого должны решаться вопросы экологии, судоходства, рыболовства и координация совместной деятельности. [3]

ЛИТЕРАТУРА

1. Малмир Мохаммадреза. Правовой статус Каспийского моря // Вопросы российского и международного права. 2018. Том 8. № 7А. С.165.
2. Семедов, С. А. Международно-правовой статус Каспийского моря / С. А. Семедов // Обозреватель - Observer. - 2015. - № 4. - С. 75.
3. Федоров Ю.Е. Правовой статус Каспийского моря. М., Исследование ЦМИ МГИМО, 2013, № 8, с. 3

ӘОЖ 347.965

АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Баймаханбетов А., студент

Ғылыми жетекші: Кобегенова Г. Ж.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада адвокат — қорғаушы қызметінің негізгі мақсаттары мен басты міндеттерінің маңыздылығы, оның құқықтық мәртебесі, құқықтары мен міндеттері туралы сөз етілген. Адвокат сөзінің мағынасы, тарихы және азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етудегі, қылмыстық сот ісін жүргізудегі рөлі, заңдық көмекті көрсетуі туралы мәселелер сараланады.

Түйінді сөздер: Адвокат, адвокатура, қорғаушы, адвокаттар алқасы, заң, мемлекет.

Адвокат сөзі латынның сөздерінен аударғанда «шақырамын», «көмекке шақырылған» деген сөздерді білдіреді. Адвокатура тарихта ежелгі дәуірден бастап заңгерлік кеңесші ретінде белгілі болған. Алғашқы адвокаттар Ежелгі Римде пайда болған. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені баршаға мәлім. Осы адам құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылғанда кез келген адам адвокат көмегін қажет етеді. Өйткені, «Адвокат жоғарғы заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы».[1]

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуде қорғаушының рөлі әсіресе қылмыстық сот ісін жүргізуде аса маңызды болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізуде қорғаушының қызметі сезіктінің, айыпталушының, сотталушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және оған білікті заңгерлік көмек көрсетуге бағытталған. Қорғаушы сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуде қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі қатысушыларының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда қылмыстық істегі қорғау институты реформаны қажет етеді. Қорғаушының жоғары мәртебесі, айыптау жағымен оның тең процессуалдық құқықтары, оның өзіне берілген өкілеттерді толыққанды пайдалануы, қорғаушының қызметіндегі басқа да қиындықтарды шешу туралы айту қажет.

Адвокаттың берілген тапсырманы орындауы үшін қажет болса және мемлекеттердің тиісті заңнамасына қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, сондай-ақ одан тыс жерлерде де адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар. Адвокат өзіне көмек беруді өтінген адамға ол мұқтаж болып отырған кез келген заңдық көмекті көрсетуге құқылы. Адвокат көмек беруді өтінген адаммен өз атынан заңдық көмек көрсету туралы келісім-шарт жасайды. Адвокат барлық соттарда, өзге мемлекеттік органдарда қорғаушы немесе өкіл ретінде әрекет ете отырып, заңдық көмек сұраған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге құқылы. Адвокат міндетті сақтандыру қаржысының есебінен жүзеге асырылатын мемлекет кепілдендірген әлеуметтік қорғауды пайдалануға құқығы бар. Адвокат заңнама талаптарын сақтауға, адвокатураның ұйымдастырылу және қызмет көрсету қағидаттарын басшылыққа алуына, кәсіби мінез-құлық нормаларының талаптарын және адвокаттық құпияны сақтауға міндетті. Оның мәліметтерді өзінен көмек сұраған адамның келісімінсіз жария етуге құқы жоқ. Адвокаттың қаралатын іс бойынша өзіне көмек сұрап жүгінген адамның жағдайын нашарлататын құқықтық көзқарасты ұстануына тыйым салынады.[2]

Адвокаттың мемлекеттік қызметке тұруына, кәсіпкерлікпен айналысуына (оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметтен басқа), өзге де ақы төленетін қызметпен шұғылдануына тыйым салынады.

Адвокаттың басты міндеттеріне:

1).адвокат заң талаптарын сақтауға, адвокатураны ұйымдастыру мен оның қызметінің принциптерін басшылыққа алуға, кәсіптік мінез-құлық нормаларының талаптарын мен адвокаттық құпияны сақтауға міндетті;

2).егер адвокат осы іс бойынша мүдделері көмек сұрап өтініш жасаған адамның (тараптардың өзара келісімі бойынша ара ағайын болған жағдайларды қоспағанда) мүдделеріне қайшы келетін адамдарға заң көмегін көрсетіп жүрсе немесе бұдан бұрын көрсеткен болса немесе судья, прокурор, анықтауды жүргізуші адам, тергеуші, сарапшы, маман, аудармашы, куә, жәбірленуші немесе куәгер, азаматтық талап қоюшы немесе азаматтық жауапкер ретінде іске қатысқан жағдайларда, сондай-ақ егер істі тергеуге немесе қарауға адвокатпен жақын туыстық қатынастағы лауазымды адам қатысса, ол заң көмегін көрсету туралы тапсырмадан бас тартуға міндетті;

3).адвокат заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға міндетті және көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз оларды жария етуге құқығы жоқ;

4) іс бойынша адвокаттың көмек сұрап өтініш жа-саған адамның жағдайын нашарлататын құқықтық позиция ұстануына тыйым салынады;

5) адвокаттың қылмыстық іс бойынша қабылданған тапсырмадан бас тартуға құқығы жоқ және ол қорғалатын адамның немесе адвокаттың өзінің көзқарасы бойын-ша әділетсіз үкім шығарылған жағдайда алған белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндетті;

6) адвокатқа мемлекеттік қызметте болуға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметтен басқа өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуға тыйым салынады.

Сонымен, азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуде қорғаушының рөлі аса маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңы. 5 шілде 2018 ж. <http://adilet.zan.kz>

2. Мейірбекова Г.Б. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет. Оқулық. Алматы: 2012

ӘОЖ 347.965

ҚОРҒАУШЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІСКЕ ҚАТЫСУЫ

Алланиязова Ж., студент

Ғылыми жетекші: Кобегенова Г. Ж.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақала қорғаушының азаматтық сот өндірісіне қатысуы жайлы және оның қызметтің негізгі мақсаттары мен мәртебесі жөнінде сөз ететін боламын. Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының Азаматтық процесінің құқығына сәйкес әрбір адам бұзылған немесе даулы конституциялық құқықтарын заңмен қорғалына құқығы бар екендігі жөнінде сөз етемін.

Түйінді сөздер: Қорғаушы, азаматтық сот, заң, заңды тұлға, адвокаттар алқасы.

Әрбір адамның азаматтық процес барысында білікті заң көмегі тегін көрсетіледі. Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық істерді қарау кезінде көмек көрсете, мүдделерін білдіре отыра, адвокатта істі заңға дәл сәйкестікпен дұрыс шешуге жәрдемдеседі. Кез келген қолұғушылық пен тәртіп бұзушылықтың кімнің тарапынан болғандығына қарамастан, азаматтардың құқығын қорғау жөніндегі өз міндетін адвокаттар заңда көзделген барлық құралдармен және әдістермен жүзеге асырады. Қорғаушы Азаматтық процесінің кодексте азаматтарға сотта өз ісін жүргізудің ең ыңғайлы әдісін таңдауға, атап айтқанда:

- Істі жеке жүргізуге
- Істі өкілмен бірге жүргізуге
- Істі процеске қатыспай өкілі арқылы жүргізуге мүмкіндік береді.

Азаматтық істерді талқылау кезінде сотта өкілдік ету әрбір тараптан, оның ішінде үшінші тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін заңда көзделген барлық іс жүргізу құралдарын мен әдістерін пайдалануды өз мақсаты етеді.[1] Азаматтық құқықта қатысушылардың азаматтық заңнама нормаларын білмегендіктен өз құқықтарын жүзеге асыру жолдары туралы қате пікірде болатын оқиғаларда кездеседі. Мұның арты уақттың жоғалуына, денсаулықтың төмендеуіне және сот дауын шешу үшін артық қаражатың жұмсалудына әкеп соғады. Барлық жағдайда азаматтық іске байланысты барлық шығынды, сондай-ақ сот шешімін анықтамасы мен Қаулысын орындауға байланысты барлық шығынды істе тарап болып табылатын тұлға өтейді.

Сөйтіп іске тұлғаның жеке қатысуы кәсіби қорғау тарабынан болатын көмекті жоққа шығармайды, оның үстіне азаматтық-құқықтық даудың толық құқықты қатысушысы ретінде іс-әрекетің ететін азаматың тілегі мен мүддесіне сай онымен үйлесім табуы мүмкін. Азаматтық істі талқылау кезінде сотта өкілдік ету әрбір тараптың, оның үшінші тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін заңда көзделген барлық іс жүргізу құралдары мен әдістерін пайдалануды өз мақсаты етеді және қоюшы мен жауапкер процесте өз атынан сөз сөйлегенде мән-жайларға талаптар мен наразылықтардың заңдылығын негіздейтін айғақтар келтіру арқылы өзінің материалдық-құқықтық мүдделерін қорғайды. Ал сот өкілдері болса, сот ісіне олардың немесе үшінші тұлғалардың атынан қатыса отырып, өз мүддесін білдіріп отырған құқықты бұзудан қорғайтын шешім шығару қажеттігі үшін соттың көзін жеткізуге тырысады. Сөйтіп соттық талқылаудың құқықтық мүжжесі емес, керісінше өз мүддесін білдіріп отырған азаматтық-құқықтық дауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері болып табылады.

Сотта өкілдік етудің екі түрі бар заң бойынша өкілдік ету және шарт негізінде өкілдік ету.[2]

Заңмен өкілдік ету процестік әрекетке қабілетсіз азаматтардың әрекет қабілетілігіне толық ие емес немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылады. Өздерінің өкілеттілігін куәландыратын құжаттарды сотқа көрсеткен ата-аналар, асырап алушылар, қамқоршылар, немесе қорғанышылар.

Адвокат сонымен бірге сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған қол қойылған сәттен бастап бес күннің ішінде ахттамада болған кемшіліктер мен жетіспеушілікті көрсетіп жазбаша ескертпе жасауға құқықлы[3].

Егер сот жіберген қате апелляциялық және кассациялық сатыларда түзелмесе немесе екінші сатыдағы сот дауды қате шешсе, заң күшіне енген шешімге қорғаушы жоғары тұрған органға шағымдана алады. Осы мақсаттада адвокат сот шешімі мен апелляциялық және кассациялық сатылардың анықтамасын талдаумен шектелмейді, істің барлық материалдарымен ой елегіннен өткізеді талап қою арыздары мен талапкердің наразылықтарын, тараптардың шешімдердің себептерін, тараптарын түсініктемесін және сот зерттеуінің, апелляциялық және кассациялық шағымның мәні болып табылатын ұсынылған дәлелдерді және оларға берілген түсініктемені зерттейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дячук.М.И. Адвокатура и адвокатская деятельность в РК, 2004 Усть-Каменогорек

2 С.Тыныбеков Қазақстан Республикасының адвокатура және адвокаттық қызметі, Алматы «Данекер»2003ж

3 Есберген Алауханов Қазақстан Республикасының адвокатура және адвокаттық қызмет, Алматы 2010ж

КАСПИЙ АЙМАҒЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАСЫН ҚОРҒАУ МЕН ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Аманжолова А.Н., студент

Ғылыми жетекші: Ізтұрғанова Г.Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Андатпа. Бұл мақалада Каспий аймағының экологиялық құқықтық мәртебесін анықтаудың маңыздылығы, мәртебесін анықтау жөніндегі мәселелер туралы сөз етілген. Қазақстан Республикасының Каспий аймағының қоршаған ортасын қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалануды құқықтық реттеу ерекшеліктері және оны жүзеге асырудың құқықтық тетігі, осы салада туындайтын қатынастарын мемлекеттік реттеу ерекшеліктері, Каспий аймағы мемлекеттері мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, оны жүзеге асыру тәжірибесін жетілдіру мәселелері сараланады.

Түйінді сөздер: Каспий аймағы, Конвенция, мәміле, ресурс, экологияны қорғау.

Каспий теңізі - Еуропа мен Азия аралығында орналасқан жер шарындағы ең үлкен тұйық көл. Үлкендігіне қарап, оны теңіз деп атайды.

Каспий маңы мемлекеттері басшыларының Бесінші саммиті Ақтау қаласында өткен болатын. Аса маңызды халықаралық жиынға Қазақстанның, Ресейдің, Әзербайжанның, Иранның және Түрікменстанның президенттері қатысты. Тараптар Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі, теңізде экономика, көлік-транзит, экология, қауіпсіздік және басқа да салалар бойынша ынтымақтастық орнату мәселелерін талқылаған болатын. арт Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтау жөніндегі мәселенің күн тәртібіне қойылғанына жиырма жылдан асты. Осы кезеңде Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияның ереже-құжаттарын дайындау үшін әр елдің сарапшылар командасы және Сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары деңгейінде құрылған арнайы жұмыс тобы жұмыс істеді. Аталған уақыт ішінде арнайы жұмыс тобының сарапшылары 52 отырыс өткізген. Оның сыртында Каспий маңы мемлекеттерінің өзара екіжақты келіссөздер жүргізгені тағы бар.

Кейбір сарапшылар Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенция жобасын дайындау мәселесі ұзаққа созылып кеткенін айтады. Біздің ойымызша, жиырма жыл аз да, көп те уақыт емес. Себебі Каспий екі елдің ғана емес, бес мемлекеттің жағалауын шайып жатыр. Олардың әрқайсысының теңіз акваториясына деген ұстанымы мен мүддесі бар. Сондықтан да бес мемлекеттің теңіз суындағы шекараларын белгілеу бойынша ортақ мәмілеге келу өте қиын шаруа. [1]

Дүние жүзінде ғасырлар бойы судағы, сондай-ақ, құрлықтағы шекараларын айқындай алмай жүрген елдер де кездеседі. Осы жиырма жыл аралығында тараптар Каспий теңізіндегі қызметтің негізгі қағидаттары, ұлттық су табанын бөлу, биологиялық ресурстар мен жер қойнауларын игеруге байланысты ынтымақтастық, теңізде шаруашылық-экономикалық жұмыстарды жүргізу мен кемелер жүзуін реттеу, қоршаған ортаны қорғау және Каспий теңізіне қатысты ғылыми-зерттеулер жүргізу, тағы басқа да мәселелер жөнінде уағдаластыққа келді.

Каспий маңы мемлекеттері өткен кезеңде құқықтарын тиімді пайдалану арқылы өздеріне тиесілі аймақтағы ресурстарды игеруде ынтымақтастық орнатудың инфрақұрылымын құра білді. Соған сәйкес оларда инвестициялық оң ахуал қалыптасты.

Ал Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің анықталуы бірінші кезекте аймақтың саяси тұрақтылығы мен экономикалық дамуын қамтамасыз етеді. [2]

Мемлекеттерге тиесілі жерлердегі энергетикалық ресурстарды игеруге, инвесторлар тартуға мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар теңіздің табиғи байлығын сақтауға және оны көбейтуге, жан-жануарлар дүниесі мен өсімдіктер дүниесін қорғауға халықаралық құқықтық негізде реттеу жолдарын нақтылайды. Бұл мәселелер Каспий жағалауындағы бес мемлекеттің тығыз әрі тиімді ынтымақтастыққа бағытталған қатынастарын әрі қарай тереңдетуге мүмкіндігінше ықпал етеді. Теңізге байланысты Конвенцияның сол себептен де стратегиялық маңызы ерекше. Бүгінде қарт Каспийдің экологиясы қалыпты деңгейде деп айта алмаймыз. Кезінде дәл осы проблеманы Елбасымыз бірнеше мәрте көтерген болатын. «Каспий маңындағы барлық мемлекеттердің стратегиялық мүддесіне, егер көмірсутегі қорының шексіз еместігін ескерсек, – деп атап өтеді Қазақстан Тұңғыш Президенті, – оларды игеруге кіріскенде бүкіл экологиялық талаптарды сақтай отырып және Каспий теңізінің экожүйесі мен биожүйесін сақтау тұрғысынан әрекет еткен жөн». Ал Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің халықаралық негізде нақтылануы Қазақстан экономикасының әрі қарай дамуына ерекше серпін береді. Оның ең бастысы – көлік-транзиттік мүмкіндік болмақ.

Каспий аймағының қоршаған ортасын қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалануды құқықтық реттеу мәселесі нақты қарастырып, зерттемеген. Алайда, қазақстандық ғалым-заңгерлердің Каспий аймағының қоршаған ортасын қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалануды құқықтық реттеудің әртүрлі қырларынан ашуға негіз болған көптеген құнды ғылыми еңбектері бар. Олардың ішінен қоршаған орта мен табиғаттың жеке объектілерін қорғау және пайдалануды құқықтық реттеу мәселелерін зерттеген Б.Ж. Әбдіраймов, Д.Л. Байдельдинов, С.Б. Байсалов, А.Е. Бектұрғанов, А.Е. Еренов, А.С. Стамқұлов, А.Т. Ащеулов, Ж.Х. Қосанов, табиғатты ұтымды пайдалануды құқықтық реттеу мәселелерін зерттеген Л.К. Еркінбаева, Н.С. Баймбетов, С.Д. Бекишева және т.б. ерекше айтуға болады. [1]

Жалпы Каспий аймағына «уникалды табиғи-шаруашылық кешен» деген экологиялық-құқықтық мәртебе берілу тиіс. Оның уникалдылығы Каспий теңізімен теңіз жағалауларында орналасқан оның су қоймалық территориясынан басқа, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің, табиғи ресурстарының экологиялық өзара байланысқан, біртұтас күрделі табиғи жүйе екендігінен көрінеді. Бұл кешеннің құрамына мыналар кіреді:

- табиғи объектілер мен ресурстар: жер, жер қойнауы, пайдалы қазбалары, жануарлар және өсімдіктер дүниесі және т.б.
- теңізі аймағы теңіз жағалауы, халықаралық құқықтық нормаға сәйкес 12 теңіз миль дейінгі теңіз жағалауы;
- ерекше қорғалатын аймақтар: қорықтар, қорық аймақтары, заказниктер, ұлттық парктер және т.б.;
- рекреациялық аймақтар: санатория мен курорттық, туристік базалар мен демалыс үй-жайлар;
- өндірістік және шаруашылық нысандар;
- аймақтағы халық.

2. Каспий аймағы қоршаған ортасын қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы заңнамалардың қалыптасуы мен дамуы мынадай екі кезеңнен тұрады:

Бірінше кезең - Кеңестер одағы кезіндегі Каспий аймағының қоршаған ортасына қатысты нормативті құқықтық актілер қалыптасқан уақытты құрайды.

Екінші кезең - Қазақстан Республикасының егемендік алғаннан кейінгі Каспий аймағына қатысты жаңа нарықтық жағдайға бағытталған нормативті құқықтық актілердің қалыптасуы мен даму уақытын құрайды. Қазақстан Республикасы

егемендігін алғаннан кейінгі жаңа экологиялық құқықтық нормалар мен талаптардың қалыптасуы, экономикалық-әлеуметтік жағдайлардың орын алуы, халықаралық экологиялық ынтымақтастықтың нығайуы, Каспий аймағының қоршаған ортасын қорғау мен табиғи ресурстарын пайдалану саласындағы заңнамаларының дамуына үлкен әсер етті. [3]

Каспий аймағының қоршаған ортасын қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалану құқығының қағидалары жалпы, салааралық және арнайы қағидаларға бөлінеді. Жалпы қағидалар ҚР Экологиялық Кодексында, салааралық ҚР Жер, Су Кодекстері мен жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы, Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы заңдарында көрініс тапқан. Ал Каспий аймағының қоршаған ортасын қорғау мен табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану туралы арнайы қағидалар заңды түрде бекітілуді талап етеді. Соның ішінде, мынадай негізгі қағидалар басшылыққа алынуы қажет:

- Каспий аймағының тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
- Каспий аймағында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Каспий аймағында табиғатты пайдалануды міндетті сақтандыру қағидасы;
- уникалды Каспий экожүйесі мен су қорғау аймағындағы табиғи ландшафтарға кері әсерін тигізбейтін қызмет түрлерінің басымдылығы;
- уникалды Каспий экожүйесіне шаруашылық және өзге де қызметтер әсерінің кешенді есебі;
- табиғи экологиялық жүйелерді, табиғи ландшафтарды және табиғи кешендерді сақтау басымдылығы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Экономическая характеристика портов и геологических ресурсов структур казахстанского сектора Каспийского моря.-2014
2. Каспий теңізінің теңіздік ортасын қорғау жөніндегі Келісілген шектен шықпау Конвенциясы.-2013
3. Нефтегазовый комплекс Казахстана, проблемы развития и эффективного функционирования.-2006

ӘОЖ 349.6 (045)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕЙТІН ЗАҢНАМАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аманова А.С., студент

Ғылыми жетекші: Усенбаева А.У.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының жер заңдары, экономикада нарық қатынастары дамуына орай, негізінен, эволюциялық жолмен дамуы, жер пайдалану құқығының артуы, экологиялық жағдайдың шиеленісуі, сонымен қатар күннен-күнге жер дауларының көптеп кездесуіне байланысты жерді пайдалану мен оны құқықтық қорғау саласындағы заңдарды реформалау қамтылған.

Түйінді сөздер: эволюция, олқылық, сыбайлас, реформа.

Жер құқығы қатынастары – жер ресурстарын басқаруға, жеке субъектілерін жер учаскелерін бекітіп беруге, жерге меншік құқығын және басқа да заттық құқықтарды жүзеге асырумен байланысты жер пайдалану мен қорғау жөніндегі құқықтық қатынастар.

Қазақстан Республикасының жер қатынастарын Қазақстан Республикасының Конституциясы, Жер кодексі және соған сәйкес қабылданған басқа да нормативтік-құқықтық актілер реттеп отырады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабында былай делінген:

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

2. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану, сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін [1].

Жер көптеген құқық саласының реттеу мәні болып табылады, яғни конституциялық құқықта жер бетінде мемлекеттік шекараны анықтауда; әкімшілік құқықта әкімшілік құрылымдардың шекараларын айқындауда; азаматтық құқықта – жер учаскелерімен мәмілелер жасасуда; неке – отбасылық құқығында – ерлі-зайыптылардың мүлкін бөлісуде; қаржы құқығында – жерге байланысты төлемдер бойынша; аграрлық құқықта – оны ауыл шаруашылығы үшін пайдалану барысында және т.б. [2].

Қазақстан Республикасының жер заңдары, экономикада нарық қатынастары дамуына орай, негізінен, эволюциялық жолмен дамып келеді.

Жер төңірегіндегі түйткілді мәселелерді шешуге қазіргі таңда мәжілістегілер әзірлеген аталған жобаның қауқары қандай? Бұл сауалға жауап беру үшін де «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» аталатын заң жобасында қамтылған жаңалықтарға тоқталсақ.

Біріншіден, заң жобасында жерді резервке қалдыруға байланысты қатынастар бойынша құқықтық реттеудегі олқылықтарды жою нормалары көзделеді. Осы мақсатта Жер кодексі жаңа баппен толығыады. Онда жерді резервте қалдырудың негіздері, тәртібі және мерзімдері айқындалып, жергілікті атқарушы органдардың осы бағыттағы құзыреті қайта нақтыланады. Яғни жаңа бапқа сәйкес, жерді резервке алу үшін жергілікті атқарушы органдарға арнайы құқық беріледі. Бұдан бөлек нарықтық тетіктер ескеріліп, елді мекендер аумақтарын бағалай отырып, жерді аймақтарға бөлу мәселелері де ретке келтірілетін болады.

Екіншіден, ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жер учаскелерін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға жалға беру мәселесі бойынша бірқатар нақты шектеулер енгізіледі. Атап айтқанда, осы санаттағы тұлғаларға ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді беру тек облыстық атқарушы органның жер қатынастары жөніндегі орталық уәкілетті органнан келісімін алғаннан соң ғана жүзеге асырылатын болады.

Үшіншіден, заң жобасында жеке тұрғын үй салу үшін мемлекет тарапынан берілетін тегін жер учаскелерімен сауда-саттық жасауды болғызбау мақсатында да арнайы нормалар қамтылған. Бұл да – сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуге арналған бап. Мәселен, баспана салуға мемлекеттен тегін жер алып, оны бірден сату, тегін берілген жерді саудаға салуды болдырмау әлгіндей учаскелерді игеру талаптарына

байланысты жүргізіледі. Яғни, мемлекеттен үй салу үшін тегін жер телімін алған адам, оны тек пайдалану нысаны ретінде берілгеннен кейін ғана сата алады.

Төртіншіден, заң жобасында Алматы қаласында ортақ пайдалану жерлерінде, көше жиектерінде ақылы автотұрақтарды салу мәселелерін ұйымдастыру нормалары да енгізіліп отыр. Бұл да қоғам арасында көптен бері дауға айналған әрі құқықтық реттеуді аса қажет ететін норма болып табылады. Сонымен қатар облыстың, Астананың және республикалық маңызы бар қаланың аумағындағы жерді басқа облысқа, Астанаға және республикалық маңызы бар кез келген қалаға ұзақ мерзімді пайдалануға беруде Үкіметтің құзыреттері нақтыланды.

Халқымыз Елбасымыздың жолдауларын жыл сайын асыға күтеді. Себебі Елбасымыздың жолдаулары ел дамуының бағыт-бағдарларын, басымдылықпен мән берілетін мәселелерін айқындап, алға жаңа міндеттер қояды және болашаққа үлкен жол сілтейді. Президентіміз, Ұлт көшбасшысы – Н.Ә. Назарбаевтың өз Жолдауында, жер реформасын жүзеге асыру барысында оның қоғам дамуына қатысты рөлін бағалай келе Жер табиғи байлықтармен және жылжымайтын мүлікпен қатар экономиканы көтеріп тұрған жағдайлардың бірі болып табылады деп атап кеткен болатын. Елімізде жер қатынастарын жаңа заман талаптары негізінде айқындап, тұрақтандыруға бағытталған, жер байлығымызды ел байлығымызға айналдырудың маңызды мәселелерін шешуге бағытталған жер заңнамасы қалыптасты. Міне, осы тұста біз жердің өзіне тән ерекшелігін, маңызы мен мәртебесін қатаң есте ұстауымыз қажет.

Қазіргі таңда нарықтық қатынастардың дамуы, жер пайдалану құқығының артуы, экологиялық жағдайдың шиеленісуі, сонымен қатар күннен-күнге жер дауларының көптеп кездесуіне байланысты жерді пайдалану мен оны құқықтық қорғау саласындағы заңдарды реформалау барысы әлі де жалғасын табуда. Әрине, қоғам дамыған сайын мемлекеттің заңдары да заман талабына сай әзірленіп, реформалануы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. www.krgdvd.kz/files/zan/zandoc
2. Стамқұлов Ә.С., Стамқұлова Г.Ә. Қазақстан Республикасының жер құқығы: оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті.

ӘОЖ 349.6

КАСПИЙ КОНВЕНЦИЯСЫНЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Аяпберген Н., студент

Ғылыми жетекші: Кобегенова Г. Ж.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада Каспий теңізінің жағалауындағы мемлекеттердің құқықтары мен міндеттеріне байланысты барлық мәселені шешуді көздейтін Конвенциясы туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: Каспий теңізі, конвенция, мемлекет, саммит.

Алғашқы Каспий саммиті 2002 жылы Ашхабадта, екіншісі - 2007 жылы Тегеранда, үшіншісі - 2010 жылы Бакуде, төртіншісі - 2014 жылы Астрахань қаласында өткен болатын.

2019 жылдың 8 ақпанында Нұрсұлтан Назарбаев Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялады. Мемлекет басшысы «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

2019 жылы 12 тамызында Ақтау қаласында Қазақстан, Ресей, Иран, Әзербайжан мен Түркіменстан президенттерінің қатысуымен Каспий маңы мемлекеттерінің саммиті аяқталды. Оның нәтижесінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылды.

Ақтау қаласында қабылданған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны оның Конституциясы десе де болады. Өйткені, онда Каспий теңізіне қатысты мәселелердің барлық кешені қарастырылған.[1]

Каспий теңізін бөлу мәселесі 1992 жылдан бері талқыланды. Бұған дейін теңіздің 13%-ы Иранға, қалғаны Кеңес Одағына тиесілі болатын. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Түркіменстан және Иран мемлекеттері алдында Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау мәселесі маңызды болды. Каспий теңізі әлем бойынша ең ірі мұнай және газ кен орындарымен, сондай-ақ шамамен екі мың теңіз жануарлары және 700 - ден астам өсімдік түрлері бар экожүйесімен мақтана алады. Сондықтан да, Каспий маңы мемлекеттерінің басшылары аймақтағы биоресурстарды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, мұнай мен газ кен орындарын игеру, жүк тасымалдауды реттеу және жүк тасымалдау мәселелерін шешу туралы келісімге қол қоюы өте маңызды болып саналады[2]

Каспий жағалауы мемлекеттері Президенттерінің төрт Саммиті (2002 жылғы 23-24 сәуірде, 2007 жылғы 16 қазанда, 2010 жылғы 18 қарашада және 2014 жылғы 29 қыркүйекте) және Сыртқы істер министрлерінің бес кеңесі (1996 жылғы 11-12 қарашада, 2004 жылғы 6 сәуірде, 2007 жылғы 20 маусымда, 2014 жылғы 22 сәуірде және 2016 жылғы 12-13 шілдеде) болып өтті. Алайда осы кездесулер барысында Каспий аумағына басқа елдердің әскери күштерін, кемелерін кіргізбеу туралы және Каспий аймағының экологиясын бірлікте қорғау туралы өзара келісімге келді. Бұл да үлкен жетістік екені белгілі[3].

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінен бір үлкен мәселе, бұл «Каспий - теңіз бе әлде көл ме» деген сұрақ. Ғылыми тұрғыдан алғанда, Каспий әлемдегі ең үлкен көл болып есептеледі. Егер де Каспий теңіз деп бөлінсе, халықаралық нормаларға сәйкес Қазақстанның үлесі ең үлкен болады – 29%. Ал егер де ол көл деп бөлінсе, онда әрбір мемлекет 22 шақырым жағалау сызығын ғана иеленіп, қалған бөлігі ортақ болады.

Осы Саммитте Каспий теңізіне қатысты мәселелердің барлық кешені қарастырылған. Мәселен, Конвенцияның ең маңызды тармақтарының бірі терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық туралы келісім.

Сондай - ақ, саммитте бес елдің ведомстволарының басшылары Каспийде оқыс оқиғаларды болдырмау туралы үкімет аралық келісімге, Каспий теңізіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы хаттамаларға, терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа және шекара ведомстволарының өзара іс-қимылдарына қатысты бірқатар үкіметаралық келісімдерге қол қойды.

Қазақстан үшін аса маңызды мәселелердің бірі, бұл Каспийдегі браконьерлікпен күрес болып табылады. Өйткені, Каспий теңізінің биоресурстарының ең көп жинақталған бөлігі Қазақстанға тиесілі солтүстік аймағында орналасқаны белгілі. Қызыл балық түрлерінің әлемдік қоры сақталған бірден-бір жалғыз су көзі – Каспий аймағы. Осы ретте, Каспий теңізінің биоресурстарының Қазақстанға тиесілі болып қалуы стратегиялық тұрғыдан өте маңызды. Осының нәтижесінде, Каспий теңізіндегі барлық жұмыстар экологиялық саясат тұрғысынан шешілуі тиіс болады.[4].

КТҚС-ты игерудің мақсаты:

Елдің тұрақты, экономикалық дамуын қамтамасыз етуге және Қазақстан халықтарының тұрмыс сапасын КТҚС көмірсутектері ресурстарын ұтымды және қауіпсіз игеру арқылы жақсартуға, аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ел индустриясының қосалқы салаларын дамытуға қол жеткізуге жәрдемдесу.

КТҚС-ты игерудің принциптері:

- Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтау;
- халықаралық ынтымақтастық;
- жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттарды жасасу кезінде республиканың тәуекелін азайту;
- көмірсутектер ресурстарын кешенді және қалдықсыз пайдалану;
- өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігінің өнеркәсіптік санитариялық, еңбек және қоршаған ортаны қорғаудың қазақстандық және халықаралық ережелерін, стандарттарын сақтау;
- Каспий аймағының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Каспий теңізі табиғат ортасына теңіз мұнай операцияларының тұрақсыздандыратын ықпалын болдырмау үшін озық және қалдықсыз технологияларды қолдану;
- тауарлар мен қызметтерді қазақстандық берушілерді теңіз мұнай-газ келісім-шарттарын іске асыруға тарту.

Осылайша, Ақтау қаласында қол қойылған құжат, барлық көзқарастарды бір арнаға тоғыстыруға бағытталған ұзақ жылдық жұмыстың алғашқы жемісі деп бағалауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абишев А. Каспий и мировая политика. -А.2002. -С.35.
2. <https://informburo.kz/kaz/besnsh-kaspiy-sammit-tezd-mrtebes-turaly-kelsmge-ol-oyyla-ma.html>
3. Тараков А. Как делить море//Дипломатический вестник.1995.№12.
4. Каспий жағалауындағы бес ел мұнайлы теңіздің мәртебесін айқындай ала ма? // Егемен Қазақстан. – 24қыркүйек —2018ж.

ӘОЖ 349.6 (045)

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУЫ

Аяпберген Н.Ш., студент

Ғылыми жетекші: Усенбаева А.У.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада атмосфералық ластанудың антропогендік (жасанды) көздеріне өнеркәсіптік кәсіпорындар, көлік, жылу энергетикасы, тұрғын үйлерді жылыту жүйелері, ауыл шаруашылығының әсері, ауаның жай-күйін өзгертуге бағытталған, ауаны таза сақтау және оның жайын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны жақсарту қамтылған

Түйінді сөздер: бактерия, антропогендік, индустрия.

Атмосфералық ауа - айналадағы табиғи ортаның өмірге маңызды негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Табиғатты қорғау мен оның байлығын тиімді пайдаланған жөн. Себебі, қоршаған ортаның жағдайымен байланысты мәселелер қазіргі таңдағы адамзат мәселелерінің ішінде бірінші орынға шықты. Осы мәселелерінің бірі – атмосфералық ауаның ластануы.

Атмосфераның ластануы табиғи (жанартаулар атқылауы, орман өрттері, шаңды құйындар, үгілу) және антропогенді (өнеркәсіптер, жылу энергетикасы, ауыл шаруашылығы) жағдайда жүруі мүмкін.

Атмосфераның табиғи жолмен ластануы жанартаудың атқылауына, тау жыныстарының үгітілуіне, шаңды дауылдардың тұруына, орман өрттеріне, теңіз тұздарының желмен аспанға көтерілуі мен ауадағы сулы ерігінді тамшыларының құрғауына және т.б. жағдайларға байланысты. Атмосфераны табиғи жолмен ластайтындарға әртүрлі ауру қоздыратын бактериялар, кейбір өсімдіктердің тозандары, сонымен қатар космос шаң - тозандары жатады.

Атмосфералық ластануға табиғаттың алапат құбылыстарының қосатын үлесі айтарлықтай. Мысалы, жанартаулар атқылағанда атмосфераға бірқатар химиялық ластағыштар - сынап, мышьяк, қорғасын, селен түседі. Ірі орман өрттері салдарынан да атмосфера көп мөлшердегі шаңмен ластанады.

Атмосфералық ластанудың антропогендік (жасанды) көздеріне өнеркәсіптік кәсіпорындар, көлік, жылу энергетикасы, тұрғын үйлерді жылыту жүйелері, ауыл шаруашылығы және т.б. жатады. Тек өндірістік кәсіпорындардың ғана қоршаған ортаға әсер етіп ластауын мынадай негізгі түрлерге белуге болады: шикізат, материалдар, құрал-жабдықтар, отын, электр энергиясы, су, қалдықтар. Атмосфераға таралатындар: газ, бу, ауа тозаңы, энергетикалық: шу, инфрадыбыс, ультрадыбыс, діріл, электромагнитті өріс, жарық, ультракүлгін және лазерлі сәулелендірулер және т.б.

Ғалымдар, экологтар ғана емес, жұмысы мұнай кен орындарымен байланысты көптеген адамдар - мұнай өндіру кезінде бөлініп шығатын газдарды пайдаға асыру (утилизация) мәселелерін көтеріп жатыр.

Индустриалды дамыған елдерде атмосфераны ластайтын негізгі көздер - автокөліктер, транспорттың басқа түрлері және өндіріс орындары. Зерттеу мәліметтері бойынша антропогендік әсерден атмосфераға жыл сайын 25,5 млрд. тонна көміртегі оксиді, 190 млн тонна күкірт оксиді, 65 млн тонна азот оксиді, 1,4 млн тонна хлорлы және фторлы көміртектер (фреондар), көмірсутектің, қорғасынның органикалық қосылыстары, сондай-ақ қатерлі ісік ауруын тудыратын канцерогенді заттар бөлінеді. Ең таза ауа мұхит бетінде.

Атмосфералық ауаның сапасын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру кезінде азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын ескеру мақсатында атмосфералық ауа қорғау бағдарламалары олардың талқылауына шығарылады.

Атмосфералық ауаны қорғау бағдарламаларын және оларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі [1].

Адамның денсаулығы мен тектік қорына, қоршаған ортаға келтірілуі мүмкін зиянның алдын алу мақсатында жаңа техникаға технологияға, материалдарға, заттарға және атмосфералық ауаға зиянды әсер етуі мүмкін басқа да өнімге арналған стандарттармен атмосфералық ауаны қорғау талаптары белгіленеді. Егер жаңа техникаларды, технологияларды, материалдарды заттарды және басқа да өнімді енгізу, сондай-ақ технологиялық жабдықтар мен басқа да техникалық құралдарды қолдану атмосфералық ауаны қорғаудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарына сай келмесе, оларға тиым салынады.

Адамның өмірі, денсаулығы үшін және қоршаған орта үшін қауіптілік дәрежесі анықталмаған заттарды атмосфералық ауаға шығаруға тиым салынады. Атмосфералық ауаның жай-күйін өзгертуге бағытталған не оның жай-күйін уақытша нашарлатуға әкеп соғатын кез келген уақытша іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы немесе оның аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен берген рұқсаттар негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Ауаны қорғау міндеттеріне ауаны таза сақтау және оның жайын жақсарту экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған орта мен жай-күйі туралы дұрыс ақпарат жөніндегі азаматтар құқықтарын іске асыру жатады. Олар жөнінде алдыңғы тараулар да тиісінше ережелер көрсетілді. Басқару саласында атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі тапсырмалар мен атмосфера ластануының алдын алу және оның себептерін жою, сондай-ақ атмосфералық ауаның жайын жақсарту жөніндегі шаралар экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарларында көзделеді [2].

Атмосфералық ауаның сапасын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру кезінде азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын ескеру мақсатында атмосфералық ауа қорғау бағдарламалары олардың талқылауына шығарылады. Атмосфералық ауаны қорғау бағдарламаларын және оларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2012. -172б.
2. Күлтелеев С.Т., Рахметов Е.Ш. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы: Жалпы және Ерекше бөлімі. Оқулық. – Алматы: HAS, 2008. – 328 б.

ӘОЖ 327 (045)

КАСПИЙ АЙМАҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ-НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Бағдатұлы М.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада, Каспий маңы аймағындағы елдердің нормативтік құжаттары туралы баяндалады. Мақаланың өзектілігі – қазіргі таңда әлемдік экономиканың қарқынды дамуы, халықтың өмір деңгейінің жоғарылауы елдерде энергия тұтынысының өсуіне байланысты дамыған әлем державаларының негізгі мұнай ағымын қадағалауға, стратегиялық қорларының көлемін өсіруге бағытталған энергия ресурстары шоғырланған аудандардың бірі Каспий аймағындағы мұнайқұбыр коммуникациялар геосаясатының қарама – қайшылықтары мемлекеттердің экономикалық мүдделерінің сай келмеуі болып табылады.

Түйінді сөздер: Каспий, саммит, экономика, құжат, әлем, нарық, тарих,

Каспий аймағы - тарихи бәсекелестік пен тарихи әріптестік аймағы. Әр уақытта осында орналасқан мемлекеттердің қайшылығы және өзара сауда байланыстары

аймағы болды. Ол ұлы Жібек жолының бойында орналасты. XIX-XX ғасыр басында бұл жердегі ықпал аймағы және отарлық иеліктер үшін ірі державалар бәсекелесті. XX ғасыр бойына, кеңестік кезеңде, Каспий аймағы аса көңіл аудармады, өйткені араларында саяси-құқықтық мәселелер Каспий аймағындағы жағдайды 1921 жылы және 1940 жылы үкіметаралық келісімдермен тиімді реттеген - КСРО мен Иранның иелігінде болды [1].

1991 жылы Каспий аймағының қазіргі саяси картасы қалыптасты.

Кавказ және Орталық Азия елдерімен тығыз байланысты Каспий аймағы әлемнің көптеген елдерінің геосаяси мүдделері тоқайласқан жер болды. Жүз жыл бұрынғыдай ол аса ыңғайлы географиялық орналасуымен, бай көмірсутекті қорымен, ерекше биологиялық ресурстарымен, ең бастысы, бекіре балықтың әлемдік байлығымен, дамуы бүкіл аймаққа әсер ететін көлік жолдарының тоғысуымен тоғышар көздерді өзіне тартуда.

Ол - Солтүстік пен Оңтүстіктің - Ресей мен Парсы шығанағының арасындағы батыста - Еуропаның, шығыста - Оңтүстік-шығыс елдердің нарығын мұнай мен газбен қамтамасыз етіп отырған аса маңызды стратегиялық түйін [1].

Орталық Азияның батыс бөлігі Қазақстан мен Түркменстан, Кавказ өңірі, Ресей Федерациясының кейбір аудандарымен, Иранның солтүстік аумағы Каспий аймағын құрайды. Бұл аймақ өз кезегінде Еуразия материгінің орталық бөлігін құрап, қазіргі таңда әлемнің саяси картасында ерекше орын алады.

Еуразияның географиялық орталығы бола тұра, Каспий аймағы экономикалық және саяси маңызды аймақтардың, Шығыс Еуропаның, Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік Азияны, Азия-Тынықмұхит аймағын және Ресей Федерациясының солтүстік-батысындағы дамыған аудандарын байланыстырып, сонымен қатар, оларды бір-бірінен бөліп тұрады.

Каспий теңізі арқылы мұнай мен газ тасымалдайтын құбырлар мен онымен шектесетін аймақтарды байланыстыратын кеме жолдары өтеді. Сондықтан, ағымдағы саяси, сауда-экономикалық және демографиялық ерекшеліктері Каспий өңіріндегі мемлекеттер мен халықаралық қатынастардың маңызды субъектілерінің Еуразия орталығы арқылы бір-бірімен қандай сипатта байланысатындарын анықтайды [1].

Геосаясат ғылымының негізін қалаушылары Каспий өңірінің әскери-саяси және экономикалық артықшылықтар беретін географиялық ерекшеліктеріне бұрыннан көңіл бөлген. Британ географы Х.Макиндер аймақты «Әлем аралы» деп сипатама берген.

Каспий аймағындағы мұнайқұбыр коммуникациялар негізінде туындаған геосаяси жағдай мен әлемдік мұнай ағымын қадағалауға бағытталған әлемдік, аймақтық және кіші транзит мемлекеттерінің экономикалық және саяси мақсаттарын ұштастыра отырып қарастыру және Қазақстан Республикасының аймақтағы стратегиялық геосаясаты мен мұнай тасымалдау инфрақұрылымын дамыту жолдарын қарастыру мәселесі қойылған.

Қойылған мақсаттарға сәйкес төмендегідей мәселелер қазғалған:

- Әлемдік мұнай нарығына жалпы шолу;
- Каспий аймағының мұнай нарығындағы маңыздылығын анықтау;
- Аймақтағы мұнайқұбыр коммуникациялар геосаясатының экономикалық мүдделерін қарастыру;
- Каспий аймағындағы транзиттік мемлекеттер арасындағы бәсекелестікті талдау;
- Қазақстанның аймақтағы стратегиялық геосаясатын қарастыру;
- Каспий секторындағы Қазақстанның мұнай кешенінің қазіргі жағдайына сипаттама беріп, мұнай тасымалдау маршруттарының дамыту жолдарына байланысты мемлекеттік бағдарлама аясында қарастыру [2].

Келіссөздер процессі шеңберінде Каспий маңы мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің жеті кеңесі (1996 жылы 11-12 қарашада Ашхабадта, 2004 жылы 6 сәуірде Бакуде, 2007 жылы 20 маусымда Тегеранда, 2014 жылы 22 сәуірде Мәскеуде, 2016 жылы 12-13 шілдеде Астанада, 2017 жылы 4-5 желтоқсанда Мәскеуде, 2018 жылы 11 тамызда Ақтауда) өтті [3].

Каспий маңы елдерінің үкіметтері арасындағы көлік саласындағы ынтымақтастық туралы, сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы, Каспий теңізіндегі оқиғалардың алдын алу туралы келісімдерге, сондай-ақ, терроризмге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы, 2010 жылғы 18 қарашадағы Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге Шекара ведомстволарының өзара іс-қимылдары туралы хаттамаларға қол қойылды. Каспий жағалауындағы елдердің өндірістік-шаруашылық бағыттағы интеграциясы туралы да зерттеулер бар [4]. 2018 жылғы 12 тамызда Ақтауда Бесінші Каспий саммиті өтті, оған Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев, Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Рухани, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов қатысты.

Ашхабадта (2002), Тегеранда (2007), Бакуде (2010) және Астраханьда (2014) өткен Каспий саммиттерінің шешімдерін дамыту үшін Каспий теңізі өңіріндегі бесжақты ынтымақтастықтың неғұрлым маңызды мәселелерін талқылау, халықаралық өзекті тақырыптар бойынша пікір алмасу дәстүрлі достық, сенім және тату көршілік жағдайында өтті.

Сонымен, бесінші Каспий саммитінің қорытындысы бойынша мынадай құжаттарға қол қойылды:

1. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция;
2. Каспий теңізінде терроризмге қарсы күрес жүргізу саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама;
3. Каспий теңізінде ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жүргізу саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама;
4. Каспий маңы мемлекеттерінің үкіметтері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім;
5. Каспий маңы мемлекеттерінің үкіметтері арасында көлік саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;
6. Каспий теңізінде жанжалдың алдын алу туралы келісім;
7. шекара ведомстволарының ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы туралы хаттама[5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
2. Айқара Ғұмар. Бесінші каспий саммиті: бес елдің мүддесі қалай шешілді?// <http://atpress.kz/>
3. Александр Бовдунов,. Как изменится обстановка в регионе после подписания Конвенции о правовом статусе Каспия. Закон.кз. 12.09.2018г.
4. Нұрсұлтан Назарбаев. “он қадамы”: “Российская газета” оқырмандарының сұрақтарына жауапты ұйымдастырған В. Дымарский // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2003. -№ 43, 22 ақпан.
5. Бесінші Каспий саммитінің коммюникесі// <http://www.akorda.kz/>

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Басшықызы Д.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Каспий маңы мемлекеттерінің өкілдері мұнай-газ, электр энергетикасы, көлік, сауда, агроөнеркәсіптік, туризм және басқа да салаларда ірі жобаларды іске асыру үшін қандай жағдай жасау керектігін талқылап, инвестициялық тартымдылықты арттыру жолдарын анықтайды. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін Каспий аймағында жаңа экономикалық жобалар бастама алады деп күтілген. Шынымен де, жағалау мемлекеттері Каспий теңізі арқылы жүк тасымалдау және транзит мәселелері бойынша өзара ынтымақтастықтарын кеңейтті. Алайда, суасты құбырларын салу мәселесі әлі де өз шешімін тапқан жоқ. Ондай жобалар қарастырылу үшін конвенция барлық жағалау елдері тарапынан ратификацияланып күшіне енуі шарт. Алайда, конвенцияны мақұлдағаннан кейін де Мәскеу мен Тегеран Каспий теңізінің экологиялық жүйесін сақтауды желеу қылып суасты құбырларын салу жобаларына қарсы шығуы мүмкін. Әрине, бұндай ықтимал қарсылықтың шынайы себебі геосаяси мүдделер мен энергетикалық саладағы бәсекелестікке байланысты болады. Қалай болған жағдайда да, Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстанның 2019 жылдың ортасындағы басты мақсаты Иран мен Ресейді конвенцияны ратификациялау үрдісін кейінге қалдырмай, тездетуге көндіру.

Түйінді сөздер: Каспий теңізі, конвенция, құқықтық мәртебе, адам ресурстары, көлік-транзит, геосаяси.

2018 жылғы 12 тамызда Ақтауда өткен Каспий маңы мемлекеттерінің бесінші саммитінде бес елдің басшысы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойды. Мемлекеттер басшыларын қарсы алу рәсімінен соң, Нұрсұлтан Назарбаев және Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев, Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Рухани, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов Бесінші Каспий саммитінің пленарлық отырысына қатысты.

Олар Каспий саммиттерінің рөліне ерекше тоқталып, онда келіссөз үдерісіне қажетті саяси серпіліс берілгенін және қайшылық ұстанымдар бойынша келісімге қол жеткізілгенін айтты.

Каспий өңірі тарихы бірегей әрі мәдениеті алуан түрлі, мұнда адам ресурстары мол және бай табиғи қор шоғырланғанын, сонымен қатар, теңіздің географиялық тұрғыдан тиімді орналасуының арқасында зор геосаяси маңызға ие.

Бүгінде Каспий маңы елдерінің әлеуеті зор және қарқынды дамып келе жатыр. Біздің елдеріміздегі тұрғындардың жалпы саны – 240 миллион. Осының бәрі Каспийге қатысты мәселелер кешенін бірлесіп шешу қажеттігін туғызды.

Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы бесінші саммитінде Конвенцияны Каспий теңізінің суын, түбін, қазба байлықтарын, табиғи ресурстары мен әуе кеңістігін қоса алғанда, Каспийге қатысты тараптардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін негізгі жан-жақты құжат болып саналатынын айтты. Каспий маңы елдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды болдырмау, әскери қызметтері мәселелеріне айрықша назар аудару екенін алға тартты. Каспий маңы елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға зор мүмкіндік беретініне тоқталып, осы

бағыттағы бірқатар қосымша шараларды атап өтті. Осыған орай, әскери қызмет саласындағы сенім шаралары үшін бес жақты келісім жасауды ұсынамын деді [1].

Каспий теңізі аймағын бейбітшілік, тату көршілік және достық өңіріне айналдыру қажеттігін, оны бейбіт мақсатта пайдаланып, елдердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу керектігін, сондай-ақ, Каспий теңізінде тараптарға қатысы жоқ қарулы күштер болмауға тиіс.

Каспий теңізінің саяси тұрғыдан тұрақсыз аймаққа жақындығы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Каспий маңы мемлекеттерінің өзара тиімді әрі нақты іс-қимылдарды пысықтауды талап етеді.

Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы инвестициялық ықпалдастықты одан әрі дамытып, энергетикалық және геологиялық барлау саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін Конвенция мен қол қойылатын құжаттардың мүмкіндіктерін толық көлемде пайдалану қажеттігін атап өтті. Көлік-транзит қуатын арттыру үшін тариф саясатын жетілдіріп, Конвенцияға қатысушы елдердегі тасымалдау жағдайын жақсартуды ұсынды.

Каспий теңізінің керемет экологиялық жүйесін сақтау үшін биологиялық ресурстарды заңсыз кәсіпке айналдырғандарға қарсы күрес жүргізу жөнінде арнайы құжат қабылдады. Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы конвенцияға және бірқатар екі жақты құжаттарға қол қою Каспий маңы мемлекеттерінің достық қарым-қатынастарын көрсететінін, сондай-ақ бірлесіп тығыз ынтымақтастық орнатып, Каспий теңізіне ұқыпты қарау керектігін айтты. Барлық елдің басшыларына, сондай-ақ Конвенцияны әзірлеген арнайы жұмыс тобына өте маңызды жұмыс атқарғаны үшін ризашылығымды білдіремін. Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев, Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Рухани, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов сіздер болмасаңыздар бүгінгі жетістікке жетпес едік.



Сурет 1 - Каспий теңізі

Каспий теңізі мәселелері жөніндегі жоғары деңгейдегі жұмыс тобының алғашқы отырысы 2019 жылғы 19-20 ақпанда Баку қаласында өтті. Ең алдымен тараптар жұмыс тобының ережелерін қабылдап, бесінші Каспий саммиті аясында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жайлы пікір алмасты. Сонымен қатар, жұмыс тобы мүшелері Каспий теңізінің мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялау үрдісіне қатысты ішкі рәсімдердің орындалуы туралы баяндады және Каспийдегі ынтымақтастықтың түрлі аспектілерін қарастырды. Оған қоса, тараптар Каспий теңізінде бастапқы тік сызықтарды белгілеу әдістемесі туралы келісім жобасын

талқылап, оның бірқатар баптарын мақұлдады. 2019 жылғы 16-17 сәуірде Нұр-Сұлтан қаласында өткен жұмыс тобының екінші отырысында тараптар Бакуде көтерілген мәселелерді талқылауды жалғастырды. Белгілі болғандай, жоғары деңгейдегі жұмыс тобының келесі кездесуі 2019 жылдың шілде айында Иранда өтеді. Аталмыш кездесулерден тыс биыл Каспий жағалауы елдерінің арасындағы ынтымақтастықты дамытуға арналған басқа да ісшаралар өтті. Атап айтқанда, 26 ақпанда Ашхабадта Каспий теңізінде биологиялық ресурстарды заңсыз өндіруге (сұғанақтыққа) қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама жобасын талқылауға арналған Каспий маңы мемлекеттерінің өкілетті өкілдерінің төртінші отырысы ұйымдастырылды. Тараптар хаттама жобасын Каспий теңізінің мәртебесі туралы конвенцияға сәйкес егжей-тегжейлі талқылап, тиісті түзетулер мен ұсыныстар енгізді. 14 наурызда Ашхабадта Каспий маңы мемлекеттері үкіметтері арасындағы Каспий теңізіндегі ғылыми зерттеулер саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жобасын талқылауға арналған Каспий жағалауы елдерінің өкілетті өкілдерінің бірінші отырысы өтті. Бұл келісім Каспий теңізіндегі түрлі ғылыми іс-шараларды өткізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды бақылау және болжау салаларында ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық базасын нығайтады деп күтілуде [2].

Оған қоса, 24 сәуірде Астрахан қаласында аймақтағы қауіпсіздікті нығайту жолдарын және Каспий теңізінде тосын оқиғаларды болғызбау туралы келісім мәртебесін талқылау мақсатында Каспий маңы мемлекеттерінің қорғаныс министрліктерінің бірінші кездесуі өтті. Кездесу барысында Ресейдің Каспий флотилиясының қолбасшысы, адмирал Сергей Пинчук келісімнің аймақтағы әскери навигация мен аэронавигацияның қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңыздылығын атап өтті. Тараптар келешекте Каспий теңізіндегі сенімді нығайту шаралары туралы келісім жобасын талқылауға дайын екендігін білдірді. Атап өтетін бір жәйт, 2019 жылғы 14 мамырда Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Каспий теңізінде тосын оқиғаларды болғызбау туралы келісімді ратификациялау туралы» заңға қол қойды. Каспий теңізінің конвенциясы сияқты, бұл құжатты Қазақстаннан басқа Түрікменстан және Әзірбайжан ратификациялады, ал Ресей мен Иран ішкі мақұлдау рәсімдерін әлі аяқтамады. Соған қарамастан, Каспий жағалауы елдері өзара экономикалық ынтымақтастықты дамытуға мүдделі. Осы тұрғыдағы мәселелерді талқылайтын бірінші Каспий экономикалық форумы 2019 жылғы 12 тамызда Түрікменстанда өтеді. Форум негізгі үш ісшарадан тұратын болады – халықаралық конференция, Каспий инновациялық технологиялар көрмесі және тараптардың компаниялары мен кәсіпкерлері арасында келісімшарттарға қол қою рәсімі. Конференция аясында төмендегідей мәселелер қарастырылады:

1. Бірлескен инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру;
2. Еркін экономикалық аймақтарды құру және дамыту бойынша тәжірибе алмасу; экономика саласындағы заңнама, стандарттар, ережелер және статистикалық ақпарат бойынша тәжірибе алмасу;
3. Сандық экономикадағы ынтымақтастық; жағалау мемлекеттерінің өңірлері арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту; және бірлескен кәсіпорындар құру.

Бірінші кезекте, Каспий маңы мемлекеттерінің өкілдері мұнай-газ, электр энергетикасы, көлік, сауда, агроөнеркәсіптік, туризм және басқа да салаларда ірі жобаларды іске асыру үшін қандай жағдай жасау керектігін талқылап, инвестициялық тартымдылықты арттыру жолдарын анықтайды. Қорыта айтқанда, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін Каспий аймағында жаңа экономикалық жобалар бастама алады деп күтілген. Шынымен де, жағалау мемлекеттері Каспий теңізі арқылы жүк тасымалдау және транзит мәселелері бойынша

өзара ынтымақтастықтарын кеңейтті. Алайда, суасты құбырларын салу мәселесі әлі де өз шешімін тапқан жоқ. Ондай жобалар қарастырылу үшін конвенция барлық жағалау елдері тарапынан ратификацияланып күшіне енуі шарт. Алайда, конвенцияны мақұлдағаннан кейін де Мәскеу мен Тегеран Каспий теңізінің экологиялық жүйесін сақтауды желеу қылып суасты құбырларын салу жобаларына қарсы шығуы мүмкін. Әрине, бұндай ықтимал қарсылықтың шынайы себебі геосаяси мүдделер мен энергетикалық саладағы бәсекелестікке байланысты болады. Қалай болған жағдайда да, Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстанның 2019 жылдың ортасындағы басты мақсаты Иран мен Ресейді конвенцияны ратификациялау үрдісін кейінге қалдырмай, тездетуге көндіру [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбекұлы Қ. Каспийдің мәртебесі құқықтық тұрғыдан реттелуге бағытталған тағы бір қадам жасалды. // Дала мен қала. – 2007 ж.
2. Бутаев А. Проблема политико-правового статуса Каспийского моря. // Мировая энергетическая политика. – 2002 ж.
3. Чубенко Ю. Каспийское море остается неделимым. // Коммерсантъ- Daily. – 1998 ж.

ӘОЖ 327 (045)

КАСПИЙ МАҢЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ОРТАҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Бимұхан Е., студент

Ғылыми жетекші: Бағдатұлы М.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада 5 мемлекетпен шектесіп жатырған каспий теңізінің жағасындағы елдердің өзара ынтымақтастықпен өмір түсіріп және бір бірін экономикалық бағытта қолдайтыны туралы және осы айтылған бағыттарға байланысты өткізілетін самиттер туралы жазылған. Каспийді жағалай қоныстанған 5 мемлекет үшін теңіз қай тұрғыдан алғанда да стратегиялық маңызға ие, міне мақалада ортақ халықаралық байланыс негізінде баяндалады.

Түйінді сөздер: мемлекет, президент, ынтымақтастық, саммит, стратегия, жоспар.

Каспийді жағалай қоныстанған 5 мемлекет үшін теңіз қай тұрғыдан алғанда да стратегиялық маңызға ие. Теңіз ұлтанындағы мұнай мен кеме қатынасына қолайлы ортақ су айдынына барлық елдің мүддесі тоғысады. Ұзақ жылдар талқыланды теңіздің құқықтық мәртебесі былтыр ғана айқындалды.

Ақтауда өткен Каспий маңы мемлекет басшыларының самитінде Қазақстан, Азербайжан, Иран, Ресей, Түркіменстан президенттері маңызды Конвенцияға қол қойды. Тараптар өзара теңіз акваториясындағы аймақтарына кіріп шығатын өзге елдің кемелеріне шектеу қоюды доғарып, жүк тасымалына ешбір кедергі келтірмейтін болып келісті.

Субтитр хамид бэйдинежад, иранның ұлыбританиядағы елшісі:

- Біз қазір сәтті өткізілген Ақтау саммитінің нәтижесінде сенімділігімізді арттырдық. Сәйкесінше қазір барлық техникалық сұрақтарға жауап табуға күшіміз жетеді.

Былыр ғана құқықтық мәртебесі айқындалған Конвенция аясында Лондонда Иран мен Қазақстанның дипломаттары бас қосты. Шараны Ұлыбритания-Қазақ қоғамы ұйымдастырды. Қос тарап екі ел арасындағы сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, мәдени-туристік салаларды талқылады. Қос елге тиімді жобалар тілге тиек болды. Осы орайда дипломаттар теңіздің экологиялық жүйесін сақтап қалуды да басты назарға алды.

Субтитр джеффри тэмпл, британ-қазақ қоғамы кеңесінің мүшесі:

- Мен теңіз тірі табиғатының тарихы туралы білдім. Балық шаруашылығы қандай қиындықтарға ұшырағанын түсіндім. Екінші жағынан бұл мәселелерді шешу үшін елдер қандай батыл әрекеттерге барып жатқандарын естідім [1].

Осы басқосуда Қазақ елінің Еуропа мен Азия арасындағы көлік дәлізі ретіндегі транзиттік потенциалын арттыру мәселесі айтылды. Одан өзге Ақтау мен Құрық порттарының мүмкіндіктері де қарастырылды.

Мемлекет басшысы журналистер алдында сөйлеген сөзінде Бесінші Каспий саммитінің Каспий теңізінің халықаралық күні қарсаңында өтуінің символдық мәні бар екенін атап өтті [2].

– Біз әріптестерімізбен бірге Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін реттеу жөніндегі көп жылғы жұмыстарды қорытындыладық. Көп жақты тәжірибелік іс-қимылдарды ілгерілетуге қатысты жұмыстардың жағдайы мен кейінгі атқарылатын шараларды талқыладық. Сауда, экономика, көлік және қауіпсіздік салаларына байланысты маңызды келісімдерге қол қойдық, – деді Қазақстан Президенті [2].

Мемлекет басшысы жүргізілген келісімдердің табыстылығына тоқталып, Конвенцияны дайындау процесінде барлық ел Каспий өңірінің саяси тұрақтылығы мен дамуын, сондай-ақ оның табиғи байлығының қорғалып, көбейтілуін қамтамасыз ету мүддесін көздегенін айтты.

– Көп жылғы сіңірген еңбектің шарықтау шегі бүгін Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қоюмен аяқталды. Конвенция «Каспий теңізінің конституциясы» болып саналады. Мұнда теңіз жағасындағы мемлекеттердің құқықтары мен міндеттеріне, сондай-ақ, өңірдің қауіпсіздігіне, тұрақтылығы мен өркендеуіне кепіл болуға қатысты барлық кешенді мәселелерді реттеу қарастырылған, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев брифингке қатысқан журналистерге Конвенцияның Каспий жағасындағы елдердің ынтымақтастығы үшін барлық бағыттар бойынша тиімді заңды база қалыптастыратынын және әрбір тараптың қызметі үшін негізге алынатын ұстанымдарды анықтайтынын айтты.

– Атап айтқанда, Каспий теңізін бейбітшілік, тату көршілік және достық аймағына айналдыру, оны бейбіт мақсатта пайдалану, егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу, Каспий теңізінде тараптарға қатысы жоқ қарулы күштерді болдырмау мәселелері қамтылған. Біз аумақтық су көлемін 15 теңіз мил етіп бекіттік. Осыған орай оның сыртқы шекарасы мемлекеттік мәртебеге ие болады [3].

Аумақтық суға он мильдік балық аулау аймағы жалғасады. Әрбір мемлекет балық аулау кәсібінде ерекше құқыққа ие болады. Теңіздің балық аулау аймағынан тыс бөлігі ортақ су кеңістігі болып қала береді. Мемлекеттік теңіз шекарасынан тыс аумақта Каспий жағасындағы елдердің туы бар кемелері еркін жүзе беретін болады. Басқа теңізге және әлемдік мұхитқа шығу еркіндігі жөніндегі уағдаластықтың маңызы зор.

Әрбір мемлекет өз бөлігінің шегіндегі теңіз түбінің байлықтарына қатысты егемендік құқығын жүзеге асырады. Сондықтан, теңіз түбі арқылы магистральды құбырлар мен кабельдерді жүргізу экологиялық талаптарды сақтағанда ғана мүмкін болатыны қарастырылған, – деді Мемлекет басшысы [2].

Қазақстан Президенті осы ұстанымдардың сақталуы Каспий жағасындағы елдердің көлік инфрақұрылымының дамуына, Каспий өңірінің транзиттік әлеуетінің артуына сондай-ақ Каспийдің экологиялық жүйесі мен биологиялық ресурстарының керемет популяциясының қорғалуына септігін тигізетінін атап өтті.

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев Каспий теңізі бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөнінде бірқатар қосымша шараларды, соның ішінде, әскери қызмет саласындағы келісілген сенім шаралары жөнінде бес жақты арнайы келісімнің қорытындысы, Каспий жағасындағы елдердің сауда-экономикалық қарым-қатынастарын, әсіресе, инвестициялық ынтымақтастық және энергетикалық саладағы жобаларды жүзеге асыру жөніндегі мәселелерді жандандыру, саясат тарифін жетілдіру және тасымалдау жағдайын жақсарту, сондай-ақ биологиялық ресурстарды заңсыз кәсіпке айналдырғандарға қарсы күрес жөнінде құжат қабылдауды ұсынды.

Соңында Мемлекет басшысы Ақтау саммиті Каспий маңы елдері ауқымды міндеттерді бірлесіп шеше алатынын тағы бір рет көрсеткенін айтып, қабылданған халықаралық шарттар мен қол жеткізілген уағдаластықтар «Каспий бестігінің» әлеуетін толықтай ашуға мүмкіндік беретініне сенім білдірді [1].

Сондай-ақ, саммит қорытындысы бойынша Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев, Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Рухани, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов мәлімдеме жасады.

Бесінші Каспий саммитінің қорытындысы бойынша мынадай құжаттарға қол қойылды:

1. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция;
2. Каспий теңізінде терроризмге қарсы күрес жүргізу саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама;
3. Каспий теңізінде ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жүргізу саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама;
4. Каспий маңы мемлекеттерінің үкіметтері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім;
5. Каспий маңы мемлекеттерінің үкіметтері арасында көлік саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;
6. Каспий теңізінде жанжалдың алдын алу туралы келісім;
7. Шекара ведомстволарының ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы туралы хаттама.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймақ айрықша мәртебеге ие болды <http://www.kisi.kz/>
2. Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін аймақтағы жағдай қалай өзгереді? Zakon.kz Александр Бовдунов 09.12.2018
3. Төлеуғалиев Бектұр, «АҚТАУ САММИТІ: Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі айқындалды» <http://economics.kazgazeta.kz>

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЗАҢДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Бокаев Қ., студент

Ғылыми жетекші: Ізтұрғанова Г.Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Андатпа. Бұл мақалада экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік ұғымы және жалпы сипаттамасы туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: Экология, заңнама, жауапкершілік, қоршаған орта, экологиялық кодекс.

Заңды тұлғалардың, сондай-ақ азаматтардың тарапынан экологиялық заңнаманы сақтаудың маңызды шарты табиғатты қорғау мен қоршаған ортаны ұтымды пайдалану туралы нормалар мен ережелерді бұзғаны үшін жауапкершіліктің мемлекеттік шараларын белгілеу болып табылады. Бұл салада заңсыз аң аулау мен су кәсіпшіліктерімен заңсыз айналысу фактілері бойынша қозғалған қылмыстық істердің елеулі саны байқалады. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің деректері бойынша экологиялық заңды бұзғаны үшін жыл сайын кінәлі адамдардан экологиялық айыппұлдар мен төлемдер ретінде 600 млн. астам теңге алынады. Сонымен бірге, жауапкершілік шараларын қолдану тиімді болмай отыр. Бұл экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік институты теориясы әзірленуі деңгейінің жеткіліксіз болуымен түсіндіріледі.

Экологиялық құқықтың ерекшелігі мынада болып табылады: ол құқықтық реттеудің дербес объектісімен кіші салаларды біріктіретін құқықтың кешенді, ықпалдасқан саласы ретінде сипатталады. Бұл экологиялық заңнаманы реттеудің жалпы объектісінің ерекшелігімен байланысты болады [1].

Адамды қоршаған табиғат ортасы өзінің құрамдас бөліктерін – жерді, суды, орманды, жер қойнауын, жануарлар дүниесі мен атмосфералық ауаны біріктіретін кешен болып табылады. Осыдан да экологиялық жауапкершілік шараларын реттейтін нормалар да ерекше сипатқа ие болады. Табиғат объектісі туралы әрбір кодексте жер, су, орман, тау-кен заңнамаларын бұзғаны үшін жауапкершілік көзделген. Жауапкершіліктің осы шараларын қолданатын мемлекеттік органдар да бар. Бұл арада да табиғат объектілері бойынша саралау болады.

2007 жылдың 9 қаңтарында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің қабылдануы нәтижесінде табиғаттың жекелеген объектілер үшін жауапкершілік мәселелері бір нормативтік актіге топтастырылған. Сөйтіп, табиғаттың жеке объектісін пайдалануды қорғаудың нормалары мен ережелерін бұзу барлық табиғат кешенін бұзу деп танылады.

Экологиялық-құқықтық жауапкершілік – бұл нормалардың екі тобын және оларға тиісті құқық қатынастарын көздейтін құқық институтының кешенді салықаралық институты.

А) табиғат қорғау заңнамасы нормаларының бұзылуы жөнінде туындайтын;

Б) құқықты бұзғаны үшін санкцияларды (қылмыстық, әкімшілік, азаматтық) қолданумен байланысты одан әрі жалғасатын құқық қатынастары.

Бұл анықтама құқықтың басқа салалары жауапкершілігінің шараларын қолдана отырып, экологиялық құқық нормаларының бұзылуы ретінде экологиялық жауапкершіліктің табиғатын ашады.

Б.В.Ерофеев мынаны атап көрсетеді: заңдық және экологиялық-құқықтық жауапкершілік «болмысын» үш әр алуан, бірақ өзара байланысты мәнінде қарастырған жөн:

- мемлекеттік мәжбүрлеу және заңмен жазылған талаптарды орындау;
- мемлекет пен құқық бұзушы арасында туындайтын қорғау қатынастары ауқымында іске асатын, ол әрекет қолайсыз құқықтық санкцияларға ұшырауына алып келетін құқықтық қатынастың туындауы;
- мемлекет пен оның органдарының құқық бұзушыға ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолданудың түрлерін, құралдары мен тәртібін баянды ететін заңдық нормалардың жиынтығы болып табылады [2].

Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік белгілі бір мақсаттарды орындауға бағытталған, ол мақсаттардың негізгісі мемлекет белгілеген экологиялық тәртіпті қамтамасыз ету. Бұл құқық институты мына негізгі:

1. құқық нормаларын сақтауға, экологиялық-құқықтық нұсқамалықтарды орындауға ынталандыратын;
2. қоршаған ортадағы ысырапты өтеуге өтемдік және адам денсаулығын қалпына келтіру;
3. жаңадан жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз ететін ескерту;
4. экологиялық құқық бұзушылықты жасаған адамға жаза қолдануда орын алатын жазалау міндеттерін орындайды.

Сонымен, мынадай анықтаманы тұжырымдауға болады: экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік институты – кінәлі емес адамдардың заңда баянды етілген экологиялық құқық тәртібін сақтау мақсатында оларға мәжбүрлеу ықпалының мемлекеттік шаралары жүйесін белгілейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік туындауының негізі экологиялық құқық бұзушылықты жасау болып табылады, одан экологиялық құқықтың нормаларын реттеуді бұзатын құқыққа қарсы кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік, мемлекетке, табиғат пайдаланушыға және қоршаған ортаға зиян келтіретін, ал осы арқылы адамның денсаулығына не қоғамдық қауіпсіздікке зиян келтірудің нақты мазмұны болатын қоғамдық қатынастар түсініледі.

Бұл анықтамадан мынаны аңғаруға болады: экологиялық құқық бұзушылық бұл табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалану ережелерін бұзатын құқыққа қарсы әрекет.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 319-бабында экологиялық құқық бұзушылықтардың тізбесі берілген. Осы нормаға сәйкес экологиялық құқық бұзушылықтардың түрлеріне:

- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын мүлтік жауапкершілікке әкеп соғатын бұзушылық;
- қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар;
- экологиялық қылмыстар жатады [3].

Алайда, аталмыш нормативтік құқықтық актіде экологиялық құқық бұзушылықтың өзінің ұғымының сипаттамасы берілмеген. Соған қарамастан, экологиялық құқық бұзушылықтың өзінің құрамы мен түрлері болады.

Экологиялық құқық бұзушылық субъектілері азаматтар, лауазымды адамдар және заңды тұлғалар болып табылады.

Бұл орайда жеке тұлғаларға шетелдік азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жатады, өйткені олар да табиғат пайдалану жөніндегі құқықтық қатынастарына қатысуы және экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапты болуы мүмкін.

Табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы жеке тұлғалардың жауапкершілігі 16 жасқа толған кезде басталады. Заңды тұлғаларға, экологиялық құқық қатынастарының субъектілеріне мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерді, кооперативтік, коммерциялық, шағын, шетелдік нысандары бар бірлескен кәсіпорындарды жатқызуға болады, олар да табиғат пайдаланушылар ролін атқарып, экологиялық жауаптылықта болуы мүмкін.

Экологиялық құқық бұзушылық объектісі қылмыстық ниеттің неге бағытталғанын сипаттайды. Экологиялық құқық бұзушылықтың жалпы объектісі табиғат және оның құрамындағы элементтер болады, олар экологиялық құқық қатынастарының кіші объектілерінде топыраққа, суға, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне бөлінеді. Мынаны атап көрсету керек: экологиялық заңнамамен өз болмысында табиғат объектісі емес объектісі болатын құқық бұзулары, мысалға айтсақ, табиғи ресурстардың меншік иесі ретінде мемлекеттің заңдылық күші көзделген. Мысалы, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 164-бабында былай делінген: меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген тәртіппен қорғалады. Су, Орман кодексінің нормаларын келтіруге болады, бұларда экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі табиғат пайдаланушы мен табиғат иеленушінің заңдылығы болып табылады. Мысал ретінде, Қазақстан Республикасының Су кодексінің 138-бабына сәйкес «өз бетінше басып алынған су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстары заңсыз пайдаланылған уақыт ішінде Қазақстан Республикасының су заңдарының бұзылуынан келтірілген зиян өтеліп, иесіне қайтарылады. Өз бетінше басып алынған су объектілерін қайтару Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Сондықтан, экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі ретінде табиғат ортасы, мемлекет, табиғат пайдаланушылар мен табиғат иеленушілердің мүддесі танылады.

Бұл құқық бұзудың объективті жағы кінәлі адамның құқыққа қарсы әрекеттер жасауынан немесе әрекетсіздігінен көрінеді. Мысалға, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде объективтік жағына пәрменді әрекеттер жататын баптар бар – бұл 287-бап – «Су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз аулау», 288-бап – «Заңсыз аңшылық», 290-бап «Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып қату қаупі төнген түрлерімен заңсыз іс-әрекеттер». Екінші жағынан, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында экологиялық құқық бұзушылықтар көзделген, олардың объективтік жағы әрекетсіздік болып табылады: қоршаған табиғи ортаны қалпына келтіру және табиғи ресурстарды молайту жөнінде шаралар қабылдамау; қоршаған ортаға ластаушы заттардың өндірістік нормативтен тыс шығарулары мен тастандылары және басқа да зиянды авариялық ықпалдары туралы хабарламау; мемлекеттік экологиялық сараптама талаптарын орындамау. Айтар болсақ, ҚР ҚК 294-бабы «Экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шара қолданбау» [4].

Экологиялық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы кінәлі адам жасалған қылмысқа, оның себептеріне, мүдделеріне қатысымен сипатталады. Экологиялық жауапкершіліктің міндетті факторы құқық бұзушының кінәсі болып табылады. Мұнда да қолданыстағы заңнама кінәнің екі нысанын – жанама ниет және абайсыздықты көздейді. Егер кінәлі адам табиғатқа немесе табиғат пайдаланушыларға зиян келтіретін әрекет жасаған және ол мұны ұғынып, осыған ниет етсе, онда біз тікелей ниетті

қарастырамыз. Егер кінәлі адам келеңсіз салдардың басталуына жол беретін болса, оның құқыққа қарсы әрекеттерін тергеуінде жанама ниет көрініс береді.

Абайсыздық дегеніміз кінәлі адам өзінің мінез-құлқының салдарларын алдын - ала білуге тиіс болған, бірақ бұған байыпсыз қараған кезде ұқыпсыз мінез-құлықты білдіреді. Айталық, отқа немесе аса қауіптің шығу көзіне ұқыпсыз қараудың нәтижесінде орман алқаптарын абайсызда жою немесе зақымдау (ҚР ҚК 292-бабы) [4].

Экологиялық жауапкершілік шараларын қолдану үшін экологиялық құқық бұзушылықтың барлық белгілерінің және барлық элементтерінің болуы қажет.

Экологиялық құқық бұзушылық түрлерінің әрқайсысына жер, су, орман және тағы басқа заңдарының үлкен тобы жатады, олардың тізбесі табиғаттың осы объектілері туралы кодекстерде келтіріледі. Бұл ретте, экологиялық құқық бұзушылықтың бір-бірінен өзгеше ерекшеліктері болады.

Қоғамға қауіптілік деңгейіне қарай экологиялық құқық теріс қылық және экологиялық қылмыстарға бөлінеді, соған сәйкес қылмыстық жауапкершілік және теріс қылық үшін әкімшілік, азаматтық және тәртіптік жауапкершілік көзделген.

Басқа құқық бұзушылықтардан өзгеше экологиялық құқық бұзушылықтың ерекшелігі табиғатқа келтірілетін зиян фактісінің болуы не оның басталуының нақты қаупі болып табылады. Экологиялық құқық бұзушылықтың сипаттамасына мұндай көзқарасты көптеген ғалым-экологтар қостайды. Бірақ бұл орайда, біздің ойымызша, егер олар табиғатқа зиян келтіру фактісімен байланысты болмаса, экологиялық құқық бұзушылықтардан табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы заңды бұзуды бөліп қараған кезде қате қорытынды жасайды. Мысалы, «табиғат пайдалану жөніндегі заңсыз мәмілелерді тіркеу» сияқты қылмысты экологиялық қылмысқа жатқызбайды, өйткені мұндағы қылмыс жасаушы субъект табиғат объектісіне нақты зиян келтірмейді, ол өзінің пайдакүнемдік немесе жеке мүддесі үшін жасайды. Осыны табиғат объектілеріне –сату-сатып алуға, сыйға тартуға және тағы басқа мемлекеттік меншік құқығын бұзатын мәмілелер туралы да айтуға болады, өйткені бұл арада да табиғатқа зиян келтіру болмайды.

Біздің ойымызша, зиян ұғымын түсініп алу керек. Табиғатқа келтірілетін зиян бірнеше мағынада түсіндірілуі мүмкін.

Мысалы, С.Д.Бекішеваның пікірі бойынша, экологиялық зиянды объектілер бойынша қоршаған табиғат ортасына келтірілген зиян жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделеріне келтірілген зиян деп топтастыруға болады.

Қоршаған табиғат ортасына келтірілген зиян мына жағдайларда:

- табиғат ортасының қоршаған ортасының ластануы кезінде;
- қоршаған табиғат ортасының былғанып қалуы кезінде;
- табиғи ресурстардың таусылуы кезінде;
- табиғат объектілерінің жойылуы, бұзылуы, зақымдануы кезінде;
- экологиялық байланыстардың бұзылуы, табиғи ортадағы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы кезінде пайда болады.

Сондықтан да, табиғи ресурстар санының азаюына әкеп соқтырған нақты зиян олардың жүдеуіне немесе өзге жағымсыз экологиялық салдарға әкеледі деуге болмайды. Мұндайда мемлекетке немесе табиғат пайдаланушыға келтірілген мүліктік зиян туралы айтқан жөн. Бұл көзқарасты Д.Л. Байдельдинов те қолдайды. Ол табиғатқа келтірілген зиянды екі дербес экономикалық және экологиялық зиянға бөлуді ұсынады.

Экономикалық зиян табиғат пайдаланушылардың – жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттің мүліктік құқықтары мен мүдделеріне қол сұғады. Ол мыналардан:

- табиғаттың тауарлы өнімінің ысырабынан;

- мүліктің, ауыл шаруашылығы өнімдерінің астық түсімінің бұзылуынан, жоғалуынан;
- пайдаланылмаған шығындардан, айырылып қалған пайдадан;
- табиғат ортасының бұзылған жай-күйін қалпына келтіруге жұмсалған шығыстардан көрінеді.

Экологиялық зиян — бұл табиғаттың хал-ахуалын қозғайды, яғни зиянның салдарын жою үшін ақшалай төлемдер емес, табиғи объектіні бастапқы қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар жүргізілуі қажет дегенді білдіреді. [5]

С.Д.Бекішева өзінің қорытындыларының негізіне Ресей ғалымы М.М.Бринчуктің еңбегін алған. Яғни, экологиялық құқықтың теориясында зиянды табиғаттың экологиялық және экономикалық зиянына бөліп топтастыруы бар. Экономикалық зиян табиғат пайдаланушылардың мүліктік мүдделерін қозғайды және материалдық көрінісін білдіреді. Мұндай зиянды қалпына келтіру азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің жалпы негіздеріне сәйкес жүргізіледі. [6]

Қорыта айтқанда, экологиялық зиян табиғаттың өзінің жай-күйін қозғайды. Ол материалдық көрінісін білдірмейді, өйткені табиғат пен табиғат объектілері өз болмысында құны болмайды. Экологиялық зиянды қалпына келтіру ақша қаражаттары арқылы емес, керісінше табиғи объектіні заттай қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу арқылы мүмкін болады.

Екінші жағынан табиғаттың өзіне зиян келтіре алмайды. Экологиялық қатынастар тек табиғатты қорғау тұрғысында ғана емес, сонымен бірге оны пайдалану мәселелері бойынша да туындайды. Демек, мемлекеттің рұқсатымен табиғат пайдалануды жүзеге асыратын тұлғалардың мүдделері де экологиялық құқықтың нормаларымен қорғалуға тиіс. Сондықтан экологиялық құқықтың бұзылуынан келтірілетін зиян табиғи ресурстарының меншік иесі ретінде табиғат пайдаланушыларының мүдделері мен мемлекетке келтірілуі мүмкін.

Бұдан мынаны айтқан жөн: тек табиғатқа қана емес, сондай-ақ табиғи ресурстарының меншік иесі ретінде табиғат пайдаланушылардың мүдделері мен мемлекетке келтірілген зиян экологиялық құқық бұзушылықтың негізгі ерекшелігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Боголюбов С.А. Экологиялық құқық. Оқулық. М., 1998 ж. б.145.
2. Ерофеев Б.В. Ресейдің экологиялық құқығы. М., 1996 ж. б.75.
3. ҚР Экологиялық кодексі. Алматы, Юрист, 2009
4. ҚР Қылмыстық кодексі. Алматы, Юрист, 2007
5. Бринчук М.М. Экологиялық құқық (қоршаған ортаның құқығы). М., 1998
6. Байдельдинов Д.Л. Юридическая ответственность за экологические правонарушения. Алматы, 1993

КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

Гельманова А., студент

Ғылыми жетекші: Усенбаева А.У.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада көлік құралдарына салынатын салықтарға, көлік құралына меншік құқықтары, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында болатындығы қамтылған.

Түйінді сөздер: лизинг, процес, экономика.

Көлік құралдарына салынатын салық – мемлекет пен көлік құралдары арасындағы экономикалық қатынасты реттейтін салық. Көлік құралдарын иелері көлік құралдарын иемдену барысында республиканың автокөлік жолдарын пайдаланады. Ал осы автокөлік жолдарын қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылады. Сондықтан да көлік салығының экономикалық мәні зор. Меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар және меншік, шаруашылық жүргізу не оралымды басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері көлік құралдарына салынатын салықтың төлеушілері болып табылады. 2019 жылы бойынша Қазақстанда қозғалтқышының көлемі 3 мың текше сантиметрден аспайтын 3,5 млн көлік тіркелген. Ал мемлекеттік кіріс комитетінің мәліметтеріне сүйенсек, биылғы жылдың қаңтар-тамыз айларында заңды тұлғалар – 9,3 млрд теңге, жеке тұлғалар – 29,6 млрд теңге көлік салығын төлеген.

Көптеген адамдар автомобиль сатып алу арқылы ойланбайды. Біреулері оны саяжайға сирек сапар үшін, екіншісі - істер бойынша тұрақты жүріп - тұру үшін, үшіншісі - қозғалу құралы қажет, ал төртіншісі –автомобильді иелену фактісі үшін, айналасындағылардың алдында әлеуметтік мәртебені арттыру үшін ғана сатып алады. Ұйымдар өндірістік процесті қамтамасыз ету үшін көлік құралдарын жиі сатып алады. Автомобиль сатып алудың барлық мақсаттары саналмайды. Салықтар ұлттық экономиканы да, Халықаралық экономикалық процестерді да мемлекеттік реттеудің ең тиімді құралдарының бірі болып табылады.

Салықтар мемлекеттік қазынаға кірістерді жұмылдырудың басты әдісі болып табылады. Салық қажеттілігі қоғамдық даму қажеттіліктеріне негізделген. Тақырыптың өзектілігі көлік құралдары салығын барлық көлік құралдарының иелері, ол автомобиль, ұшақ немесе баржа болсын төлеуге тиіс. Ал, ұйымдардың саны аз болғандықтан, бұл салық барлығына қатысты.

Қазақстанда ҚР Салық кодексіне сәйкес салық төлеушілер салықты осы түрінің болып табылады жеке тұлғалар, құқығындағы салық салу объектілері бар меншік және заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері салық салу объектілері бар меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару, егер өзгесі осы бапта. Лизинг алушы қаржы лизингі шарты бойынша берілген (алынған) салық салу объектілері бойынша көлік құралдары салығын төлеуші болып табылады [1].

Салық көлік құралдары: меншік құқығында оның мүшелеріне тиесілі және өзінің ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланылатын мынадай көлік құралдары бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер:

- қозғалтқыш көлемі 2500 текше сантиметрге дейінгі бір жеңіл автомобиль;

-1:1 арақатынасын сақтай отырып, 1000 гектар егістікке 1000 кВт мөлшерінде қозғалтқыштың шекті жиынтық қуаты бар жүк автомобильдері. Жеңіл автокөліктердің 7 АЕК ставкасы бойынша салық салынатын двигателінің көлемі 1500-ден жоғары – 2000 текше см-ді қоса, 12 АЕК ставкасы бойынша салық салынатын 2000-нан жоғары – 2500 текше см-ді қоса, 17 АЕК ставкасы бойынша салық салынатын 2500-ден жоғары – 3000 текше см-ді қоса және 22 АЕК ставкасы бойынша салық салынатын двигателінің көлемі 3000-нан жоғары – 4000 текше см-ді қоса алған көлемде болған кезде салық сомасы двигательдің аталған көлемінен асқан әрбір бірлік үшін 7 теңгеге ұлғайтылады. Бұл ретте, егер есеп қорытындысы бойынша көлік құралдарының саны 0,5 - тен және одан жоғары бөлшек мәні бар бір бірліктен артық болса, мұндай мән тұтас бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, егер 0,5-тен төмен дөңгелектеуге жатпайды.

Болған жағдайда көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында кем салық кезеңі салық кезеңі үшін нақты орналасқан көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында арқылы бөлу жылдық салық сомасын ай мен санына көбейту ай нақты орналасқан көлік құралын меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе оралымды басқару.

Салық кодексінің 367 бабының 1-1 тармағына салық салу санатына көлік құралдарын кіргізу былай түсіндіріледі:

- жеңіл көліктерге: В категориялы автомобильдер;
- жүкке арналған платформасы және жүк бөлігінен қатты стационарлық қабырғамен бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңіл автомобиль шассиіндегі моторлы көлік құралдары (автомобиль-пикаптар);

- рұқсат етілген ең жоғары массасы және (немесе) жолаушылар орнының саны бойынша В санатына қойылатын талаптардан асып түсетін, сыйымдылығы ұлғайтылған және жүріп өту мүмкіндігі жоғары автомобильдер (жолсызбен жүретін автомобильдер, оның ішінде джиптер, сондай-ақ кроссоверлер мен лимузиндер) жатады.

Транспорттық көлікке салықты кімдер төлемейді. Салық салынатын бір автокөлік үшін төменде көрсетілген адамдар салықтан босатылады:

1)Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері мен жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдар;

2)Ұлы Отан соғысы жылдарында жанқиярлық еңбектері және тылда мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар;

3)1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырға дейін кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет еткен) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда жанқиярлық қызмет еткені және тылда мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар;

4) Кеңес Одағының батырлары мен Социалистік еңбек ерлері; "Халық Қазақарманы", "Қазақстан Еңбек Ері" атағына ие болған, үш дәрежелі "Даңқ" орденімен және "Отан" орденімен марапатталған адамдар т.б.жатады.

Жыл сайын бензин бағасына көлік салығын енгізу идеясы туындайды. Мысалы, жиі жүріңіз-көбірек салық төлейсіз — үнемі жүрмейсің-аз төлейсіз. Бұл мысал қазір салық отын құнына қосылған Америкада жүзеге асырылған. Бірақ бірқатар минус бар. Біріншісі - бензиннің бағасы. Отынға баға жыл сайын өсуде, ал егер отын құнына көлік салығы енгізілсе, онда отынға баға бұрын-соңды болмаған биіктіктерге дейін көтерілуі мүмкін. Мұнда "қолжетімді" болу үшін, яғни жүргізушіде үрей мен теріс қарым — қатынас туғызбау үшін салық төлеуге кететін баға үлесін мұқият есептеу қажет, өйткені бюджетке салықтардың түсуі мемлекет үшін өте маңызды.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, менің көзқарасым бойынша ішінара дұрыс емес салық саясаты туралы қорытынды жасауға болады. Көлік салығының тұрақты өсуі себептерінің бірі — салық төлеушілердің үлесі теориялық және іс жүзінде қысқаруы мүмкін, бұл салық түсімдерінің құлдырауын береді.

Бірақ жүргізушілер салық төлегісі келмейтін ең басты себеп-жолдарды жөндеу жұмыстарының сапасы, жалпы алғанда-жол айрықтары, құламалар. Бұл мәселе көлік салығы түсімдерінің төмендеуінің басты себебі болып табылады. Егер жақын арада жол саясатында өзгерістер жүргізілмесе, ал көлік салығына мөлшерлемелер де ұлғаятын болса, онда салық төлеушілер үлесінің төмендеу ықтималдығы әбден артады [2].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Төлеуғалиев Ғ.И. Қазақстан Республикасы Азаматтық құқығы. Алматы, 2001.
- 2.Найманбаев С. М. Салықтық құқық: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. 400 бет.

ӘОЖ 347.965

ҚАЗАҚСТАНДА ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ

Демесинов Н., студент

Ғылыми жетекші: Кобегенова Г. Ж.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада мемлекеттің есебінен адвокаттың көмегін алу құқығына заңмен белгіленген жағдайларда кепілдік берітіндігі, білікті заңгерлік көмек алу құқығы демократиялық қоғамның жеке бас бостандығы, әділсотқа жету құқығы, кінәсіздік презумпциясы, адамның намысы мен абыройын құрметтеу сияқты және көптеген басқа іргелі негіздері сараланады.

Түйінді сөздер: Заң, құқық, мемлекет, бюджет, адвокат, реформа, саясат, қоғам.

Тегін заң көмегіне қол жеткізу құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген және халықаралық міндеттемелерімен кепілденген әділсотқа қол жеткізуді қамтамасыз ету құқығының ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактінің 14.3 бабына сай әрбір адам қорғалу құқығына ие. Сонымен қатар білікті заң көмегін алу құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 13 бабының 3 тармағымен қарастырылған.

Қазіргі кезде мемлекеттің есебінен адвокаттың көмегін алу құқығына заңмен белгіленген жағдайларда кепілдік беріледі. Өкінішке орай, бұл құқық әрдайым тиісті түрде қамтамасыз етіле бермейді. Істі тергеудің ең бастапқы кезеңінде білікті адвокаттың пайда болуына тергеуші мүдделі болатын жайттар сирек кездеседі. Адвокаттардың кез- келгені мемлекеттік бюджеттен өте шамалы төлемақыға бар күшін салып жұмыс істеуге құлшынып тұрмайды. Азаматтық және әкімшілік істер бойынша адамдар тегін құқықтық көмекті аса шағын көлемде алады. Азаматтық заңнамада мемлекет есебінен адвокат берудің негіздемелері мүлде бұлыңғыр белгіленген.

Ашық демократиялық қоғам құру азаматтарды сотта қорғаумен қамтамасыз ету қағидасынсыз мүмкін емес. Соңғы он жыл ішінде мемлекеттік бюджет есебінен көрсетілетін білікті заң көмегінің тетіктерін реформалау мәселелері жан-жақты

талқыланып келеді. Соған қарамастан, тегін заң көмегін көрсетудің кешенді жүйесін ендіру мәселесі әлі де ашық болып келеді.

Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңының 14-бабына сәйкес, заң көмегінің қолжетімділігі белгіленген. Әркімнің заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларда, заң көмегі тегін көрсетіледі деп қарастырылған[1].

Білікті тегін заң көмегін реформалаудың тиімді стратегиясын таңдау үшін тәжірибе көрсеткендей, барлық тараптардың мүдделі болуы қажет – адвокатура, азаматтық қоғам, мемлекеттің саяси еркі. Сорос-Қазақстан Қоры елдегі мемлекет тарапынан қаржыландырылатын заң көмегін көрсету жүйесін реформалауға бағытталған әрекеттер бойынша мүдделі тараптардың талқылауын қолдап келеді. Осы мақала Қазақстандағы аталмыш институтты тиімді реформалау стратегиясын таңдап оны әділ сотқа және тегін заң көмегіне қол жеткізу құқығын қос алғанда тиімді тетікке айналдыруға септігін тигізеді деп сенемін.[2]

Тегін заңгерлік көмек көрсетудің үлгілері:

1. Штаттық адвокаттар үлгісі – түрлі кәсіптер мен институттардан (мемлекет, адвокатура, заң шығарушылар, ғылыми қоғамдастық және т.с.с.) құралатын арнайы тәуелсіз орган тарапынан басқарылады, ол Заңгерлік көмек көрсету жөніндегі басқарма немесе комиссия деп аталауы мүмкін. Ол бойынша жұмсалған уақыттың мөлшеріне қарай ақы төленеді.

2. Жария қорғаушының кеңсесі – адвокаттар ай сайын еңбекақы ала отырып, тек мемлекет ақысын төлейтін істер бойынша толық жұмыс күні ішінде жұмыс істейді.

3. Келісімшарттық үлгі – арнайы орган, мысалы, Заңгерлік көмек жөніндегі басқарма заң фирмасымен немесе адвокатпен аталған заңның аумақтық әрекет етуі аясындағы белгілі бір мөлшердегі істер бойынша немесе барлық істер бойынша келісімшарт жасасады. Ақы төлеу – әр іс үшін жеке-жеке немесе барлық істер үшін бірден жүзеге асырыла алады. Заңгерлер келісімшартты конкурсқа қатысу арқылы жасаса алады. Алдыңғы келісімшарттық үлгінің әрекет ету нысаны, мұнда мемлекеттік адвокаттардың ұлттық қауымдастығымен келісім жасалады, ал қауымдастық мемлекеттік бюджеттен алынған қаражаттың аударылуын өзі ұйымдастырады.

4. *Ex officio* – адвокаттарды мемлекеттің тағайындауы. Прокуратура немесе сот адвокатқа мұқтаж тарапқа оны тағайындайды да, төлем жасаудың түрлі нысандарын пайдалана отырып, оған ақы төлейді: бір іс үшін, сағат бойынша, сметаға сәйкес және т.с.с. ақы алынады, бұл жерде адвокат істі алғысы келетін алқа мүшелерінің қатарынан немесе оның барлық мүшелерінің арасынан тағайындалады, себебі тағайындау бойынша заңгерлік көмек көрсету адвокаттың міндеті болып табылады.

5. Заңгерлік емхана – жоғары оқу орындарының студенттері мен жас түлектері аға әріптестерінің жетекшілігімен заңгерлік көмекті тегін көрсетеді.

6. Сақтандыру нысаны – сақтандыру оқиғасы орын алған кезде, яғни, сақтандырылған адам заңға сәйкес заңгерлік көмек алу құқығына ие болатын жағдайлар орын алған кезде оған заңгерлік көмек тегін көрсетіледі. Мұндай жағдайда адвокаттың көрсеткен қызметтерінің ақысы келісім бойынша адвокаттардың қызметінің орташа тарифтерінің негізінде, заңгерлік сақтандыру қорынан төленеді.

7. JUDICARE жүйесі – MEDICARE сақтандыру медицинасына ұқсас түрде жұмыс істейді: мемлекет клиенттің өзі таңдаған кез келген адвокаттың көрсеткен қызметтерінің ақысын белгілі бір істі жүргізуге арналған қаламақының орташа мөлшерінің немесе орташа сағаттық мөлшерлеменің негізінде төлейді. Адвокат іске өзінің қатысатыны немесе қатыспайтыны туралы шешімді өзі қабылдайды.

Адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру

рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу қағидалары Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 шілдедегі "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Заңының 23-бабы 13) тармақшасына сәйкес адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу тәртібін айқындайды.

Сонымен, адвокаттың құқықтық мәртебесінің негізін, тек қана заңда көрсетілген өкілеттіктер емес, сонымен қатар, осы өкілеттіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заңды механизмдердің жиынтығы да құрайды. Осындай механизмдердің қатарына, адвокаттардың өз кәсіби міндеттерін атқару барысында құқық қорғау және құқық қолданушы органдарынан тәуелсіз болу кепілдігі жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңы. 5 шілде 2018 ж. <http://adilet.zan.kz>

2. ҚАЗАҚСТАНДА ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ: проблемалар мен даму жолдары –Анна Александрова - Алматы:2009.

УДК 343 (045)

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НАУЧНЫХ СРЕДСТВ В БОРЬБЕ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

Дуисова А.М.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, Казахстан, г. Актау.

Все эти способы защиты гражданских прав могут реализовывать любые участники гражданского оборота, в том числе субъекты предпринимательской деятельности (и потому их можно отнести к числу общих способов защиты прав предпринимателей). Помимо этого в п. 3 ст. 10 ГК РК закреплены специальные средства защиты прав предпринимателей, осуществляющих деятельность, не запрещенную законодательством, к которым отнесены: возможность осуществления предпринимательской деятельности без получения чьих-либо разрешений, кроме лицензируемых видов деятельности; максимально простой явочный порядок регистрации всех видов предпринимательства во всех сферах экономики в одном регистрирующем органе; ограничение законодательными актами проверок предпринимательской деятельности, осуществляемых государственными органами; принудительное прекращение предпринимательской деятельности только по решению суда, и иные средства, предусмотренные законодательством.

Нормальное функционирование рынка предполагает надлежащее исполнение субъектами предпринимательской деятельности всех принятых на себя обязательств на добровольной основе, в соответствии с нормами законодательства и положениями заключенных договоров (т.е. без вмешательства уполномоченных органов). Вместе с тем, на практике возникает немало конфликтных ситуаций и хозяйственных споров, вызванных стремлением сторон добиться максимальной выгоды, обеспечить свои интересы в нарушение интересов других лиц, уйти от ответственности либо ограничить ее и т.п. Все это накладывает отпечаток на ведение бизнеса в Республике Казахстан и свидетельствует о низкой правовой культуре предпринимателей и проявлениях правового нигилизма в предпринимательской среде.

Право на обращение в суд конкретных субъектов предпринимательской деятельности (право на предъявление иска) возникает только после принятия сторонами мер по непосредственному урегулированию спора в претензионном порядке.

Предъявляя претензию, один субъект предпринимательской деятельности указывает другому на совершенные им неправомерные действия (бездействие), которые нарушают его права и ущемляют законные интересы. В претензии сторона договора, чьи права или законные интересы нарушены, обращается к контрагенту с требованием об устранении последним выявленных нарушений, опираясь на положения законодательных или иных нормативных правовых актов и (или) договора, заключенного между ними. В этом и состоит смысл любой претензии - самостоятельно урегулировать спор или разногласия между сторонами договора, предоставить нарушителю возможность добровольно устранить нарушение и удовлетворить требования, изложенные в претензии, с тем, чтобы не возникало необходимости для обращения в суд. Претензионная работа направлена на устранение отрицательных последствий.

В новых экономических условиях роль и значение судебной защиты прав и законных интересов предпринимателей существенно возрастает, так как защита их прав и законных интересов осуществляется преимущественно в судебном порядке.

Право на судебную защиту разными учеными рассматривается по-разному. Одни ученые право на судебную защиту рассматривают в качестве охранительного. Другие включают это право в состав процессуальных прав. Третьи право на судебную защиту включают в группу основных прав по защите других прав и свобод. И данный перечень далеко не исчерпывающий. Постараемся рассмотреть эти разные взгляды ученых, с тем, чтобы выяснить его сущность.

Необходимо отметить, что в теории права судебная защита рассматривается как составная часть правоохранительной функции государства.

Таким образом, по отраслевой принадлежности право личности на судебную защиту может рассматриваться применительно к любой отрасли права, однако относится оно, прежде всего, к категории конституционных прав. Право на судебную защиту может рассматриваться и в качестве права человека, и в качестве права гражданина.

По мнению А.Б. Бусыгина, иногда судебная защита отождествляется с правосудием или рассматривается как гарантия доступа к нему [5, с.8]. Если исходить именно из такого понимания права на судебную защиту, то можно прийти к выводу, что Конституция поставила под защиту суда практически все блага, которыми располагает человек.

Во-первых, государство возлагает на себя обязанность судебного вмешательства по требованию любого гражданина и разрешения спора о защите его прав по существу, согласно действующему законодательству.

Во-вторых, государство возлагает на себя обязанность реализовать его конституционное право посредством обеспечения эффективной защиты судебными органами, а также восстановить нарушенное право путем вынесения законного и обоснованного решения. Суды рассматривают дела особого искового производства.

На основе выводов, сделанных выше, можно дать следующее определение праву на судебную защиту. Право на судебную защиту представляет собой обязанность государства на судебное вмешательство по требованию любого субъекта в случае нарушения его прав, и посредством обеспечения эффективной защиты судебными органами восстановить нарушенное право путем вынесения решения.

Роль судов общей юрисдикции в возможности постоянной и каждодневной защиты конституционного права человека и гражданина на предпринимательскую

деятельность как по вопросам рассмотрения споров между самими предпринимателями, так и возможности обжалования в суд неправомерных действий органов управления и должностных лиц, признания недействительными о нормативных актов, первостепенна.

В настоящее время суды формируются и осуществляют свою деятельность на основании конституционного закона «О судебной системе и статусе судей РК», а порядок рассмотрения споров судами регламентирован Гражданским процессуальным кодексом РК.

Рассмотрение споров в судах осуществляется в соответствии с установленной законом подведомственностью.

Тем не менее, надо отметить, что судам подведомственны дела об оспаривании гражданами нормативных правовых актов, кроме случаев, относящихся к исключительной компетенции Конституционного Совета РК. Во всех остальных случаях дела об оспаривании гражданами нормативных правовых актов относятся к судам общей юрисдикции.

Согласно ГПК РК, к подведомственности судов общей юрисдикции в порядке гражданского судопроизводства отнесены дела по экономическим спорам, возникающим из гражданских, административных и иных правоотношений между юридическими лицами и/или индивидуальными предпринимателями.

Судебные органы, разрешая возникающие в коммерческой, хозяйственной и иных областях экономической жизни споры, а также разрешая правовые конфликты между субъектами спорных правоотношений, осуществляют прямой и абстрактный нормоконтроль, тем самым способствуют созданию реальных предпосылок для упорядочения и закрепления сложившихся экономических связей, для постоянного баланса между законом (законодательными органами) и его адекватным применением (правоприменительными органами), торжества законности и справедливости.

Защита прав и законных интересов предпринимателей зависит от организации рассмотрения спора. Порядок разрешения спора, как было отмечено выше, подробно регламентируется Гражданским процессуальным кодексом РК.

Судебная форма защиты прав предпринимателей - это основная и эффективная форма защиты нарушенных и оспариваемых прав, применяемая предпринимателями.

Таким образом, можно сделать вывод о том, что возможность реализации конституционного права на судебную защиту признана в качестве действенной гарантии правового статуса личности. Анализ конституционных норм показывает, что право судебной защиты признается в качестве основополагающего права (гарантии). Судебная защита является, таким образом, правовым средством наиболее эффективной реализации прав предпринимателей на предпринимательскую деятельность.

Согласно ст.303 ПК существуют несколько видов внесудебной формы защиты права: арбитраж, посредством применения медиации, в порядке партисипативной процедуры[2].

В настоящее время в Казахстане действует закон «о медиации», который призван содействовать урегулированию споров путем проведения примирительных процедур, направленных на достижение соглашения между сторонами и способствовать поддержанию делового сотрудничества, гармонизации социальных отношений и формированию этики делового оборота.

Для повышения эффективности защиты прав предпринимателей необходимо уделить внимание досудебному урегулированию вопросов взыскания задолженности, путем применения медиативных технологий.

Следует отметить, что с принятием Закона «О медиации» проблема определения понятия медиации не утратила своей актуальности, но перешла в другую плоскость. В

настоящий момент наибольший интерес вызывает вопрос о том, насколько закрепленные в законе определение и признаки медиации отвечают действительности. Для ответа на данный вопрос представляется необходимым выявить и проанализировать общие и специфические черты медиации, после чего провести их сравнение с теми, которые содержатся в легальном определении. На сегодняшний день не вызывает сомнений то, что медиация является самостоятельным способом урегулирования правовых споров. Изначально процедура примирения при содействии медиатора появилась в странах общего права в качестве альтернативы судебному процессу. В отличие от медиации и мирового соглашения, урегулирование спора в порядке партисипативной процедуры проводится без участия судьи путем проведения переговоров между сторонами при содействии урегулированию спора адвокатами обеих сторон. Это означает, что стороны в обязательном порядке должны быть представлены адвокатами, тогда как в мировом соглашении и медиации участие адвокатов не обязательно. Так же как и в урегулировании споров в порядке медиации, стороны могут заявить ходатайство об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры до удаления суда в совещательную комнату в первой, апелляционной или кассационной инстанциях. Ходатайство сторон об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры может быть заявлено в суде кассационной инстанции, в случае если это не требует дополнительных процессуальных действий и приостановления рассмотрения дела. Одновременно с ходатайством в суде кассационной инстанции стороны должны представить соглашение об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры.

ЛИТЕРАТУРА

1. Конституция РК - <https://online.zakon.kz/>
2. Предпринимательский кодекс РК - <https://online.zakon.kz/>.
3. Гражданский кодекс РК - РК 24.05.2018г. <https://online.zakon.kz/>
4. Белых В.С. Правовое регулирование предпринимательской деятельности в России. - М.: Проспект, 2010. – 432 с.
5. Бусыгин А.В. Предпринимательство. - 3-е изд. – М.: ЗАО «Журнал Эксперт», 1998. – 640 с.

ӘОЖ 337

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРЕТЕБЕСІ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Өтебалиева Қ.Е.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Каспий теңізінің су түбі мен жер қойнауын секторларға бөлу іргелес және қарсы жатқан мемлекеттердің жер қойнауын пайдалануға және су түбі мен жер қойнауының ресурстарын игеруге байланысты құқыққа сыйымды басқа да шаруашылық-экономикалық қызметке егемендік құқықтарын іске асыру мақсатында, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары ескеріле отырып, олардың уағдаластықтары бойынша жүзеге асырылады.

Түйінді сөздер: конвенция, фискальдық, иммиграциялық, санитария, гидрография, транзит.

Каспий теңізінің экологиялық жүйесі – Каспий теңізі мен теңіздің жақындағы әсер ететін құрлық шегінде ауа, су және адамды қоса алғанда, биологиялық организмдердің өзар іс – қимыл жасасатын құрамдастары. Ластану – адамның Каспий теңізінің экологиялық жүйесіне тікелей немесе жанама түрде, оның ішінде жерүсті көздерінен биологиялық ресурстар мен теңіздегі тіршілікке зиян, адам денсаулығына қауіп сияқты қатерлі ішінде су биологиялық ресурстарының кәсіпшілігі мен теңізді пайдаланудың басқа да құқыққа сыйымды түрлеріне кедергі жасайтын, пайдаланылатын теңіз суының сапасын төмендететін және демалыс жағдайын нашарлататын заттарды, организмдерді немесе энергияны енгізуі мүмкін. Конвенцияға сәйкес тараптар Каспий теңізінде егемендікті, егемендік пен айрықша құқықтарды іске асыратын, юрисдикцияны жүзеге асырады. Каспий теңізінің суын, су түбін, жер қойнауын, табиғи ресурстарын және теңіз үстіндегі әуе кеңістігін қоса алғанда, Каспий теңізін пайдалануға қатысты құқықтары мен міндеттемелері айқындалып реттеледі. Тараптардың Каспий теңізіндегі қызметі мемлекеттердің егемендігін, аумақтық тұтастығын, тәуелсіздігін, егемендік теңдігін құрметтеу, күш немесе күшпен қорқытуды қолданбау, өзара құрмет, ынтымақтастық, бір – бірінің ішкі істеріне араласпау. Каспий теңізін бейбіт мақсаттарда пайдалану, оны бейбітшілік, тату көршілік, достық және ынтымақтастық аймағына айналдыру, Каспий теңізіне байланысты барлық мәселелерді бейбіт жолдармен шешу. Каспий өңірінде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету қару – жарактарының тұрақты теңгерімін қамтамасыз ету, барлық тараптың мүдделерін ескере отырып, ақылға қонымды жеткілікті шегінде әскери құрылысты жүзеге асыру, бір –бірінің қауіпсіздігіне нұқсан келтірмеу болып табылады. Өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту бойынша ортақ күш – жігерлерге сәйкес, оның ішінде барлық тараптар арасында жасалған халықаралық шарттарға сәйкес болжамдылық және ашықтық рухында әскери қызмет саласындағы келісілген сенім шараларын сақтау. Тараптардың өз аумағында басқа мемлекеттерге тараптардың кез –келгеніне қарсы басқыншылық және басқа да әскери іс –қимылдар жасауға ұсынбауы керек. Жағалау мемлекеттерінің егемендік және айрықша құқықтары және осыған байланысты олар тараптар айқындаған қызмет түрлеріне қатысты белгілінген қағидалар сақталған кезде, әрбір тараптың аумақтық суларының сыртқы шектерінен тыс теңізде жүзу еркіндігі анықталады. [1]

Халықаралық сауда мен экономикалық дамуды кеңейту мақсатында транзит тарапының заңды мүдделерін ескере отырып, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары және тиісті тараптардың уағдаластықтары негізінде Каспий теңізінен басқа теңіздерге, әлемдік мұхитқа еркін шығу және олардың еркін қайтып кіру құқығы айқындалған. Каспий теңізінде жүзуді оған кіруді/одан шығуды тек Тараптардың әрқайсысының туы астындағы кемелермен ғана жүзеге асыру; бірлескен су биологиялық ресурстарының өсімін молайту және олардың пайдаланылуын реттеу бойынша келісілген нормалар мен қағидаларды қолдану; ластануға жол берген тараптың Каспий теңізінің экологиялық жүйесіне келтірілген нұқсан үшін жауапкершілігі; Каспий теңізінің табиғи ортасын қорғау, оның биологиялық ресурстарын сақтау, қалпына келтіру және ұтымды пайдалану; Каспий теңізінің экологиясы, биологиялық ресурстарын сақтау және пайдалану салаларында ғылыми зерттеулер жүргізуге жәрдемдесу; Халықаралық азаматтық авиация ұйымының қағидаларына сәйкес азаматтық әуе кемелерінің ұшу еркіндігі; жағалау мемлекеттерінің егемендік және айрықша құқықтары, сондай-ақ осыған байланысты олар зерттеулердің айқындалған түрлеріне қатысты белгілеген қағидалар сақталған кезде, тараптар келіскен құқықтық нормаларға сәйкес әрбір тараптың аумақтық суларынан тыс теңізде ғылыми зерттеулерді жүргізу қағидаттары негізінде

жүзеге асырылады. Осы Конвенцияға және онымен үйлесетін тараптардың жекелеген келісімдеріне және олардың ұлттық заңнамасына сәйкес тараптар Каспий теңізінде кеме қатынасы, кәсіпшілік, су биологиялық ресурстарын пайдалану және қорғау, оның су түбі мен жер қойнауының ресурстарын барлау және әзірлеу мақсатындағы қызметтерді, сондай-ақ өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

Каспий теңізінің акваториясы ішкі сулар, аумақтық сулар, балық аулайтын аймақтар және ортақ су кеңістігі болып бөлінеді. Әрбір тараптың егемендігі оның құрлық аумағы мен ішкі суларының шегінен тыс аумақтық сулар деп аталатын жанасып жатқан теңіз белдеуіне, сол сияқты оның су түбі мен жер қойнауына, сондай-ақ оның үстіндегі әуе кеңістігіне қолданылады. Әрбір тарап осы Конвенцияға сәйкес айқындалған бастапқы сызықтардан өлшенетін, ені 15 теңіз милінен аспайтын, аумақтық суларды белгілейді. Әрбір нүктесі бастапқы сызықтың ең жақын нүктесінен аумақтық сулардың еніне тең қашықтықта жатқан сызық аумақтық сулардың сыртқы шекарасы болып табылады. Аумақтық сулардың сыртқы шекарасын айқындау мақсаттары үшін порт жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын, теңізге неғұрлым шығып тұрған тұрақты порт құрылысжайлары жағалаудың бір бөлігі ретінде қарастырылады. Жағалау қондырғылары мен жасанды аралдар тұрақты порт құрылысжайлары болып есептелмейді. Аумақтық сулардың сыртқы шекарасы мемлекеттік шекара болып табылады. Жағалаулары шектес мемлекеттер арасында ішкі және аумақтық сулардың аражігін ажырату халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын ескере отырып, олардың арасындағы уағдаластық бойынша жүзеге асырылады. Каспий теңізінің су түбі мен жер қойнауын секторларға бөлу іргелес және қарсы жатқан мемлекеттердің жер қойнауын пайдалануға және су түбі мен жер қойнауының ресурстарын игеруге байланысты құқыққа сыйымды басқа да шаруашылық-экономикалық қызметке егемендік құқықтарын іске асыру мақсатында, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары ескеріле отырып, олардың уағдаластықтары бойынша жүзеге асырылады. Жағалау мемлекетінің өз секторы шегінде жасанды аралдарды, қондырғылар мен құрылысжайларды салуға, сондай-ақ олардың құрылуына, қолданылуына және пайдаланылуына рұқсат беруге және оларды реттеуге айрықша құқығы бар. Жағалау мемлекеті кеме қатынасының, сондай-ақ жасанды аралдардың, қондырғылар мен құрылысжайлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қажет деп танылған жерде жасанды аралдардың, қондырғылар мен құрылысжайлардың айналасында аймақтарды белгілей алады. Қауіпсіздік аймақтарының ені осындай жасанды аралдардың, қондырғылар мен құрылысжайлардың сыртқы шетінің әрбір нүктесінен өлшенетін 500 метрден артық созылып жатпайды. Мұндай құрылысжайлардың географиялық координаттары және қауіпсіздік аймақтарының контурлары барлық тараптарға хабарлануға тиіс. Барлық кемелер осы қауіпсіздік аймақтарын құрметтеуге тиіс. Мемлекеттің егемендік құқықтарын жүзеге асыруы басқа тараптардың осы Конвенцияда көзделген құқықтары мен бостандығына қысым жасауға әкеп соқпауы немесе олардың жүзеге асырылуына өзін-өзі ақтамайтын кедергі жасалуына алып келмеуге тиіс. Әрбір тарап аумақтық суларға іргелес, ені 10 теңіз милі болатын балық аулау аймағын белгілейді. Жағалаулары шектес мемлекеттер арасында балық аулау аймақтарының аражігін ажырату халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын ескере отырып, олардың арасындағы уағдаластықтар бойынша жүзеге асырылады. Өзінің балық аулау аймағында әрбір тарап осы Конвенцияға, оның негізінде қабылданған тараптардың жекелеген келісімдеріне және өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес су биологиялық ресурстары кәсіпшілігін жүзеге асыруда айрықша құқыққа ие. тараптар осы Конвенцияның және халықаралық тетіктердің негізінде Каспий теңізіндегі бірлескен су биологиялық ресурстарын жалпы жол

берілетін аулануын бірлесіп айқындайды және оны ұлттық квоталарға бөледі. Егер тараптардың бірінің жалпы жол берілетін аулаудағы өз квотасын игеруге мүмкіндігі болмаса, ол ұлттық заңнамаға сәйкес екіжақты келісімдер жасасу және басқа уағдаластық арқылы басқа тараптарға өзінің жалпы жол берілетін аулаудағы квотасының қалдығына қолжетімділік бере алады. Каспий теңізіндегі бірлескен су биологиялық ресурстары кәсіпшілігінің тәртібі мен шарттары барлық тараптар арасындағы жеке келісімге сәйкес айқындалады. Тараптар туларының астындағы кемелер тараптардың аумақтық суларының сыртқы шегінен тыс теңізде жүзу еркіндігін пайдаланады.[2] Теңізде жүзу еркіндігі тараптардың осы Конвенцияда айқындалған егемендік және айрықша құқықтарына нұқсан келтірмей, осы Конвенцияның ережелеріне және онымен үйлесімді тараптардың жекелеген келісімдеріне сәйкес жүзеге асырылады. Әрбір тарап басқа тараптардың тулары астындағы, жүк, жолаушылар және багаж тасымалдауды, сүйретіп жүзуді, сондай-ақ құтқару операцияларын жүзеге асыратын кемелерге осындай ұлттық кемелеріне Каспий теңізіндегі өз порттарына еркін кіруге, оларды жүктерді тиеу мен түсіру, жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін пайдалану, кеме алымдары мен басқа да порттық алымдарды төлеуге және кеме қатынасы мен қалыпты коммерциялық операцияларды іске асыруға арналған көрсетілетін қызметтерді пайдалануға қатысты ұсынатындай қарым-қатынас ұсынады. Каспий теңізіндегі тараптар туларының астындағы кемелер үшін ашық порттарға қолданылады. Тараптар Каспий теңізінен басқа теңіздерге, Әлемдік мұхитқа еркін шығу және олардан еркін қайтып кіру құқығына ие. Осы мақсатта тараптар транзит тараптар аумақтары арқылы барлық көлік құралдарымен транзит еркіндігін пайдаланады. Осындай қолжетімділікті жүзеге асыру тәртібі мен шарттары мүдделі тараптар мен транзит тараптары арасында екіжақты келісімдер арқылы, ал ондай келісімдер болмаған жағдайда, транзит тарапының заңнамасы негізінде келісіледі. Транзит тарапының өз аумағына өзінің толық егемендігін жүзеге асыруда тараптар үшін осы тармақта көзделген құқықтар мен мүмкіндіктер транзит тарапының заңды мүдделеріне ешқандай да қысымшылық жасамауын қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қабылдауға құқығы бар. Тараптар туларының астындағы кемелер: ішкі суларға кірмей немесе ішкі сулар шегінен тыс рейдте немесе порттық құрылысжай жанында тұрмай, аумақтық суларды кесіп өтуі; ішкі суларға кіру немесе олардан шығу немесе сондай рейдте не осындай порттық құрылысжай жанында тұру мақсатында аумақтық сулар арқылы өтуді жүзеге асыра алады. Әскери кемелердің, сүңгуір қайықтар мен басқа да су асты көлік құралдарының аумақтық сулар арқылы өтуінің тәртібі мен шарттары ту мемлекеті мен жағалау мемлекеті арасындағы келісімдер негізінде, ал ондай келісімдер болмаған жағдайда, жағалау мемлекетінің заңнамасы негізінде айқындалады. Егер әскери кеменің аумақтық суларға кіруі еңсерілмейтін күштің немесе зілзаланың салдарынан немесе зілзалаға ұшыраған адамдарға, теңіз және әуе кемелеріне көмек көрсету үшін қажет болса, аумақтық суларға жақындаған кезде әскери кеменің командирі жағалау мемлекетіне тиісті хабарлама береді, ал кіру жағалау мемлекетімен келісу арқылы кеме командирі айқындаған маршрут бойынша жүзеге асырылады. Көрсетілген мән-жайлардың әсері тоқтатылғаннан кейін әскери кеме тиісті аумақтық сулардан дереу кетеді. Еңсерілмейтін күштің немесе зілзаланың салдарынан немесе зілзалаға ұшыраған адамдарға, теңіз және әуе кемелеріне көмек көрсету үшін әскери кемелердің ішкі суларға кіруінің тәртібі мен шарттары ту мемлекеті мен жағалау мемлекеті арасындағы келісімдер негізінде, ал ондай келісімдер болмаған жағдайда, жағалау мемлекетінің заңнамасы негізінде айқындалады. Аумақтық сулар арқылы өту жағалау мемлекетінің бейбіт өмірін, ізгі тәртібін немесе қауіпсіздігін бұзбауға тиіс. Аумақтық сулар арқылы өту үздіксіз және

жылдам болуға тиіс. Бұған тиісті рұқсаты болған немесе бұл еңсерілмейтін күштің немесе зілзаланың салдарынан немесе зілзалаға ұшыраған адамдарға, теңіз және әуе кемелеріне көмек көрсету үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, белгіленген шарттар мен тәртіпке сәйкес аумақтық сулар арқылы өтуді жүзеге асыратын бір тараптың әскери кемелерінің, сүңгуір қайықтарымен және басқа да су асты көлік құралдарының басқа тараптың аумақтық сулары шегінде порттарға кіруге және зәкір тастап тұруға құқығы жоқ. Бір тараптың сүңгуір қайықтары және басқа да су асты көлік құралдары басқа Тараптың аумақтық суларында су бетінде жүзуі және өз туын көтеруі тиіс. Егер аумақтық сулар арқылы өту кезінде мына қызмет түрлерінің кез келгені жүзеге асырылса, ол жағалау мемлекетінің бейбітшілігін, ізгі тәртібін немесе қауіпсіздігін бұзатын болып есептеледі: жағалау мемлекетінің егемендігіне, аумақтық тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысындағы халықаралық құқық қағидаттарын бұза отырып, қандай да бір басқа түрде күш қауіпі не оны қолдану; кез келген маневрлер немесе кез келген түрдегі қару қолданылған оқу-жаттығулар; жағалау мемлекетінің қорғанысына немесе қауіпсіздігіне нұқсан келтіре отырып, ақпаратты жинауға бағытталған кез келген акт; жағалау мемлекетінің қорғанысына немесе қауіпсіздігіне қол сұғушылық жасау мақсатындағы насихаттаудың кез келген актісі кез келген ұшу аппаратын немесе әскери құрылғыны әуеге көтеру, қондыру немесе бортқа қабылдау және оны басқару; кез келген әскери құрылғыны суға, судың астына түсіру немесе бортқа алу және оларды басқару; жағалау мемлекетінің кеден, фискальдық, иммиграциялық немесе санитариялық заңдарына және қағидаларына қарамастан, кез келген тауарды немесе валютаны тиеу және түсіру, кез келген адамды отырғызу және түсіру; Конвенцияға қарамастан, әдейі және қатты ластанудың кез келген актісі; кез келген балық аулау қызметі; зерттеу немесе гидрографиялық қызметті жүргізу; жағалау мемлекетінің кез келген байланыс жүйелерінің немесе кез келген басқа құрылыстарының немесе қондырғыларының жұмыс істеуіне кедергі жасауға бағытталған кез келген акт; аумақтық сулар арқылы өтуге ешқандай тікелей қатысы жоқ кез келген басқа қызмет.[1] Ішкі суларға бағыт ұстайтын немесе ішкі сулардың шегінен тыс порттық құрылыстарды пайдаланатын кемелерге қатысты жағалау мемлекеті де бұл кемелердің ішкі суларға жіберілуіне және порттық құрылыстардың пайдалануына негіз болатын шарттарды кез келген бұзудың алдын алу үшін қажетті шаралар қабылдауға құқығы бар. Әрбір тарап өз егемендігін, жер қойнауын пайдалануға және су түбі мен жер қойнауы ресурстарын игерумен байланысты басқа да заңды шаруашылық-экономикалық қызметке егемендік құқықтарды, су биологиялық ресурстары кәсіпшілігіне айрықша құқықтарын жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оларды сақтап қалу және оларды өзінің балық аулау аймағында басқару мақсаттарында басқа тараптардың кемелеріне қатысты оның заңдары мен қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету үшін қажет болуы мүмкін қарап-тексеруді, инспекциялауды, ізін суытпай қудалауды, ұстап алуды, қамаққа алуды және сот талқылауын қоса алғанда, шараларды қолдана алады. Әрбір тарап өз егемендігін жүзеге асыру үшін өзінің аумақтық суларында теңізде ғылыми зерттеулерді реттеудің, рұқсат берудің және жүргізудің айрықша құқығы бар. Тараптар туларының астындағы кемелер басқа тараптың аумақтық сулары шегінде тек оның жазбаша рұқсатымен және ол белгілеген шарттарда ғана теңізде ғылыми зерттеулер жүргізе алады. Тараптар Каспий теңізінің биологиялық әралуандығын сақтау, биологиялық ресурстарын қорғау, қалпына келтіру, тұрақты және ұтымды пайдалану, кез келген көзден Каспий теңізінің ластануына жол бермеу, оны азайту және оған бақылауды қамтамасыз ету мақсатында өз бетінше немесе бірлесіп барлық қажетті шараларды қабылдайды және ынтымақтасады [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз;
2. № 465 "Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенция";
3. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 8 ақпандағы № 222-VI ҚРЗ.

ӘОЖ 336

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Ревшан М., студент

Ғылыми жетекші: Өтебалиева Қ.Е.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Каспий теңізінің халықаралық күні қарсаңында Бесінші Каспий саммитінің өтуі символдық мәнге ие. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін реттеу жөніндегі көпжылдық жұмыс қорытындысы шығарылды. Көпжақты іс-қимылдарға көмек көрсету бойынша мәртебесі мен одан арғы шаралары талқыланды. Қазақстан Республикасының Президенті саудаға, экономикаға, көлік пен қауіпсіздікке қатысты маңызды келісімдерге қол қойды.

Түйінді сөздер: "Каспий теңізінің Конституциясы", Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенция.

Президент қол жеткізілген уағдаластықтардың табыстылығын атап өтті және Конвенцияны дайындау барысында бүкіл ел Каспий өңірінің саяси тұрақтылығы мен дамуына, сондай-ақ оның табиғи байлықтарын қорғау мен байытуға мүдделі екенін атап өтті. Көп жылғы аса көрнекті жұмыстың шарықтау шегі Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияға қол қою болды. Конвенция-бұл "Каспий теңізінің Конституциясы". Ол жағалаудағы мемлекеттердің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ өңірдің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына және өркендеуіне байланысты барлық күрделі мәселелерді шешуді көздейді.

Нұрсұлтан Назарбаев Конвенция Каспий маңы мемлекеттерінің ынтымақтастығы үшін тиімді құқықтық базаны қалыптастыратынын және Тараптардың әрқайсысы үшін негізгі қағидаттарды анықтайтынын атап өтті. Атап айтқанда, Каспий теңізін бейбітшілік аймағына айналдыру, тату көршілік пен достық, Каспий теңізін бейбіт мақсатта пайдалану, егемендік пен аумақтық тұтастықты құрметтеу, Каспийге Қарулы Күштердің қатысуын болдырмау мәселелері. Аумақтық сулардың мөлшері 15 миль. Осыған байланысты оның сыртқы шекарасы мемлекеттік мәртебеге ие. Аумақтық сулар бойымен он көлемді балық аулау аймағы жалғасуда. Әрбір мемлекеттің балық аулауға ерекше құқығы бар. Балық аулау ауданынан тыс жерде ол ортақ су кеңістігі болып қалады. Каспий маңы мемлекеттерінің теңіз кемелері Мемлекеттік шекарадан тыс жерде еркін жүзеді. Басқа теңіздерге және әлемдік мұхитқа шығу еркіндігі туралы келісімнің ерекше маңызы бар. Әрбір мемлекет өз шекаралары шегінде теңіз түбінің ресурстарына өзінің егемендік құқығын жүзеге асырады. Сондықтан теңіз түбі арқылы құбырлар мен кабельдерді тек экологиялық талаптарды сақтаған жағдайда ғана жүргізуге болады. Қазақстан Президенті осы қағидаттарды сақтау Каспий маңы елдерінің көлік инфрақұрылымын дамытуға, Каспий өңірінің транзиттік әлеуетіне,

сондай-ақ Каспий теңізінің экожүйесі мен биологиялық ресурстарын тамаша қорғауға ықпал ететінін атап өтті. Нұрсұлтан Назарбаев сондай-ақ Каспийдегі ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі бірқатар қосымша шаралар туралы, оның ішінде әскери қызмет саласындағы сенімді нығайту шаралары туралы бес жақты арнайы келісімді іске асыру нәтижелері туралы айтты, Каспий маңы елдерінің, әсіресе инвестициялық ынтымақтастық пен энергетикалық жобалар саласындағы сауда-экономикалық байланыстарын нығайтуды, саяси ставкаларды арттыруды және көлік жағдайын жақсартуды, сондай-ақ биологиялық ресурстарды заңсыз саудаға тартуға қарсы әрекет ету туралы құжат қабылдауды ұсынды.[1]



Мемлекет басшысы Ақтау саммиті Каспий маңы лакмус қағаздарының ауқымды міндеттерді бірлесіп шеше алатынын тағы да көрсетіп, келісілген халықаралық уағдаластықтар мен қол жеткізілген уағдаластықтар Каспий бестігінің әлеуетін толығымен ашатынына сенім білдірді. Саммиттің қорытындысы бойынша Әзірбайжан Президенті Ильхам Алиев, Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Роухани, Ресей Федерациясының президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердымухамедов Бесінші Каспий саммитінің қорытындысы бойынша мынадай құжаттарды қабылдады:

1. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенция;
 2. Каспий теңізіндегі терроризмге қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы хаттама;
 3. Каспий теңізіндегі ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы хаттама;
 4. Каспий маңы мемлекеттерінің үкіметтері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім;
 5. Каспий маңы мемлекеттерінің үкіметтері арасындағы көлік саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;
 6. Каспий теңізіндегі қақтығыстарды болдырмау;
 7. Шекара ведомстволарының ынтымақтастығы және өзара іс-қимылы туралы хаттама [1].
- Сонымен қатар, Конвенция Каспий теңізінің су, су түбі, минералдық ресурстары, табиғи ресурстары мен әуе кеңістігін қоса алғанда, Каспий маңы мемлекеттерінің құқықтары мен міндеттерін реттейтін барынша қамтитын құжат болып табылады. Каспий маңы мемлекеттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, әскери қызмет мәселелеріне ерекше назар аударылды. Ресей Федерациясы Үкіметінің 2018 жылғы 25 шілдедегі № 465 қаулысына сәйкес "Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияға" қол қою

ұсынылды. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесіне конвенциялық Конвенциямен қол қойылды және Тәуелсіздік жарияланған сәттен бастап оның аумақтық шекаралары халықаралық құқықпен нақты және мерзімсіз бекітілді. Шекара мемлекеттері да, елдің үлкен аумағында қандай да бір басқа елдер де дауласуға құқығы жоқ. Каспий теңізін бөлу арқылы оның құқықтық негіздерін айқындау мәселесіне келер болсақ, мұнда Қазақстанның ұстанымы айқын. Ең басында біздің еліміз 1982 жылғы теңіз құқығы жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясының ережелерін ұстанатынын мәлімдеген. Қазақстанның міндеттемесі Каспий маңы мемлекеттерінің тиімді саяси және экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл Каспий теңізінің аумақтық теңізін, балық аулау аймағын және ортақ су кеңістігін құру. Ол жоғарыда аталған Конвенцияның ережелеріне толық сәйкес келеді. Бұдан басқа, аумақтық теңіздің сыртқы шекарасының тиісті мемлекеттің барлық Егемен құқықтарына толық тиесілі мемлекеттік шекарасы болуға тиіс. Сонымен қатар, біздің еліміз балық кәсіпшілігі аймағын, оның ені мен көлемін Каспий маңы мемлекеттерімен келісе отырып қарастыруды ұсынады. Бұл балық және биоресурстар ресурстарын келісілген коммерциялық квоталар мен тиісті өңірлерде және ашық теңізде балық аулауды лицензиялау негізінде пайдалануды талап етеді. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау кезінде Қазақстан тарапы арнайы жұмыс тобы шеңберінде Теңіз елдерімен тұрақты түрде екі жақты және үш жақты келіссөздер жүргізеді. Нәтижесінде біздің еліміз барлық Каспий маңы мемлекеттерімен жекелеген мәселелер бойынша тиісті құжаттарға қол қойды. Бұл құжаттар теңіздің биологиялық әртүрлілігін сақтауға, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, мүмкін болатын күтпеген жағдайларды болдырмауға және басқа да өзекті мәселелерге бағытталған. Ондаған жылдар бойы Каспий бассейнінің энергетикалық ресурстарының үлкен пулы және өте сирек биологиялық ресурстар ірі әлемдік мемлекеттердің назарын аударды. Өйткені мұнай мен газ бүгінде халықаралық қатынастарда отын мен энергия көзі болып табылады және әлемдік экономикада жоғары орын алады. Каспий теңізін бөлуде бес қатысушы мемлекеттің әрқайсысының өз үлесі бар: Қазақстан - 29 пайыз, Ресей - 19 пайыз, Әзірбайжан - 18 пайыз, Түркменстан - 21 пайыз, Иран - 13 пайыз. Ал кез келген жалпы мәселе бойынша халықаралық құқық ең алдымен мемлекеттер арасындағы қатынастарды нығайту үшін негіз болады. Сондықтан халықаралық қатынастарда үлкен қызығушылық тудыратын Каспийдің құқықтық мәртебесін нақтылау бүгінгі таңда маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Каспий теңізі-стратегиялық маңызды аймақ. Оның географиялық орналасуы Еуразиялық континентте ғана емес, әлемнің ең күшті теңіздерінде болды. Каспий жағалауы елдерінің кездесулерінде техникалық, экологиялық, қауіпсіздік және саяси мәселелер қозғалып келеді. Дегенмен энергетикалық ресурстарға деген геосаяси және геоэкономикалық қызығушылықтар соңғы жылдары артып отыр. 1990 жылдары Батыс елдерінің трансұлттық корпорациялары теңіздің ресурстарына қызығушылық таныта бастаса, кейін Қытай, Индия және Азия елдері үшін маңызды нысанға айналды. Каспийдің құқықтық мәртебесінің реттелуі теңізге халықаралық құқықтық нормаларға сәйкес жаңа сипат береді. Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтау ширек ғасырға созылып келеді. Каспий теңізінің мәртебесін белгілеп, оның қорын игеруде тараптар ортақ мәмілеге келе алмай жүргені жасырын емес. Өйткені әр мемлекеттің өз мүддесі тұрғысынан ұстанымдары мен көзқарастары бар. Мәселен, Тегеран теңіздің бес мемлекетке 20 пайыздан тиесілі болу керектігін, теңіз ресурстарын теңдей игеруді ұсынады. Бірақ бұл ұсыныс басқа жағалау елдерінен қолдау таппады. Каспийлік мемлекеттер теңіз құқығы бойынша БҰҰ-ның 1982 жылғы конвенциясын ұстанады. Иран Ислам Республикасының Президенті Х.Рухани құқықтық тәртіп халықаралық құқық қағидаларына сәйкес болуы тиістігін, қару-жарақ қолданудан тартынып, шетелдік

қарулы күштердің Каспийге келуіне жол берілмеуі керектігін баса айтады. 2001 жылы Иран мен Әзірбайжан бірнеше даулы аралдардың бөлінбеуіне байланысты келіспеушіліктер туындаған еді. Осы уақытқа дейінгі модификацияланған жаңа сызық бойымен Каспий түбін бөлу кезінде Қазақстанға теңіздің 29,6 %, Әзірбайжанға – 19,5%, Ресей Федерациясына – 18,7%, Түркіменстанға – 18,4%, Иранға – 13,8% тиесілі болған еді. Иран, Әзірбайжан және Түркіменстан арасындағы принципті келісімге қол жеткізу Каспий теңізіне байланысты барлық тараптардың мүдделерін ескере отырып, консенсус негізінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Осыған орай, қазіргі уақытта Каспий аймағы күрделі мәселелердің пайда болу шартында дамып жатыр.

- Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі төңірегінде жағалауда орналасқан мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықтардың үдеуі, бұл жағдай мемлекеттердің өзара екіжақты және жан-жақты мәселелер жөнінде келіспеушіліктер мен сыртқы ойыншылардың қатысуы одан әрі қиындата түседі;

- Каспий аймағының көлік-коммуникация жүйесіне бақылау орнатуға күрес

- Каспий теңізінің бай және нәзік экожүйесіне жүйелі түрде залал келтіру, бұл осы аймаққа кері әсерін тигізуі мүмкін [2].

Қазіргі уақытта Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі конвенцияны әзірлеу бойынша СІМ деңгейінде келіссөздер өткізілуде. Келіссөздер Каспийдің экожүйесін сақтау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кеме қатынасын дамыту, минералдық және биологиялық ресурстарды игерудегі өзара іс-қимылдарға арналған. 2001 жылы 29 қараша және 2003 жылы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін шектеу туралы екіжақты Келісім және Хаттама қабылданды. Сонымен қатар, 2003 жылы 14 мамырда Қазақстан-Ресей-Әзірбайжан арасында Каспий теңізі түбін бөлу туралы келісім жасалды. Осындай нақты шаралардың негізінде 2003 жылы 4 қарашада Каспий теңізінің кеңістігін қорғау жөніндегі Конвенцияға қол қойылды. Бұл Теңіздің құқықтық мәртебесін айқындаудағы маңызды қадам болды. Жалпы, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау – күрделі процесс. Оған Қазақстан тарапы Мемлекет басшысы және СІМ деңгейінде үлкен үлес қосып келеді. 2002 жылғы БҰҰ Ассамблеясының 57-сессиясында ҚР Сыртқы істер министрі Қ. Тоқаев: «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселесі қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастарда өте өзекті мәнге ие. Бес каспийлік мемлекеттердің осы ерекше су қоймасының заңнамалық мәртебесіне байланысты ымырашылдығының болмауы Каспий теңізінің бейбітшілік пен ынтымақтастық өңіріне айналу болашағына нұқсан келтіруде» - деп айтты. Осы жылдары Каспий жағалауы мемлекеттері басшыларының екі Саммиті (2002, 2007 жылдары) және Сыртқы істер министрлерінің кеңестері (1996, 2004, 2007) болып өтті. Аталған маңызды кездесулерде Каспийдің құқықтық мәртебесі, теңіздегі қауіпсіздік пен тұрақтылық, сондай-ақ Каспий жағалауы мемлекеттерінің халықаралық байланыс мәселелері (БҰҰ, МАГАТЭ рөлін нығайту, ядролық қаруды таратпау, халықаралық лаңкестікпен күресу) жөніндегі ұстанымдары саяси деңгейде бекітілді. 2014 жылдың 2 қазанында Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен Каспий теңізі жағалауы елдерінің IV саммиті өтті. Бес каспийлік мемлекеттер экономикалық ынтымақтастықты дамыту, қауіпсіздік, экология, ең маңыздысы, Каспийдің құқықтық мәртебесі төңірегінде пікір алмасты. «Каспийлік бестіктің» экономикалық ықпалдастығын арттыру бойынша Қазақстан тарапы белсенділік танытып келеді. Н.Назарбаев Қазақстан арқылы ашылған бағыттарды назарға алып, Қазақстан оларды Каспий маңы мемлекеттерінің тауарларын басқа елдердің нарығына, бірінші кезекте Қытайға жеткізу үшін транзиттік көпір ретінде «Каспий еркін сауда аймағын» құру туралы ұсыныс айтты. Каспий энергетика және қоршаған орта орталығының басшысы, доктор Э.Солтановтың(Әзірбайжан) пікірінше «Бұл миллиардтаған тонна жүк тасымалдауы сөз болып отырған кең көлемді жоба.

Қазақстан БТК жобасына қосылуы арқылы өзінің қытайлық бастамаларға қатысу мүмкіндігін растайды. Экономикалық дәліз Қазақстан үшін стратегиялық тұрғыда маңызды болып табылады» - дейді. Каспийдің транзиттік мүмкіншілігін арттыру туралы Қазақстан Президенті Н. Назарбаев 2018 жылы 14 мамырда Сочидегі ЕЭО Жоғары экономикалық кеңесінің отырысында да айтты. Мемлекет Басшысы Каспий және Қара теңіздері аралығында кеме жүру каналын салу туралы сөз қозғады. Бұл каналды «Еуразия» деп атау ұсынылып отыр. Сонымен қоса «Еуразия» жоғары жылдамдықты көлік магистралін салу мүмкіншілігі де алға қойылды. Жалпы алғанда, V Каспийлік Саммиттің өтуі және Каспийдің құқықтық мәртебесі жөніндегі конвенцияның қабылдануы мәселенің жалғыз шешу жолы емес. Үлкен Еуразия Жастар инициативасының «Каспийский регион: образы будущего» атты «Каспий хабаршысы» журналындағы зерттеу нәтижесінде осыған байланысты мәліметтер келтірілген. Бұдан байқайтынымыз, аймақ тұрғындары Каспий мәселесінде ең алдымен экологиялық мәселелерді жүйелі шешуге және интеграциялық құрылымға көңіл бөледі. Яғни, конвенция шеңберінде аталған сұрақтар да назардан тыс қалмауы тиіс. Экологиялық проблеманы шешу, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, туристік ресурстарды жетілдіру, жағалау мемлекеттерінің энергетикалық қуаттарын арттыру маңызды болмақ [1] Каспий теңізіне қатысты мәселелердің шешімі тараптардың айрықша құзыретіне жататынын атап көрсете отырып, Каспий теңізінің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени маңызын тани отырып, өңірдің орнықты дамуы үшін қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы өз жауапкершілігін сезіне отырып ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. Каспий теңізін бейбіт мақсаттарда пайдалануға, оның ресурстарын ұтымды пайдалануға, оның табиғи ортасын зерделеуге, қорғауға және сақтауға жәрдемдесетініне сенімді бола отырып, тиімді экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды. Каспий теңізі өңірінде орын алған геосаяси және ұлттық деңгейдегі қзгерістер мен процестерді, тараптар арасындағы уағдаластықтарды және осыған байланысты Каспий теңізінің құқықтық режимін жетілдіру қажеттігін ескере отырып келесідей мәселелер қарастырылды [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз;
2. № 465 "Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенция";
3. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 8 ақпандағы № 222-VI ҚРЗ.

ӘОЖ 343.1

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Сарыбаев М., студент

Ғылыми жетекші: Ізтұрғанова Г.Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Каспий теңізінің экологиясы, органикалық дүниесі экологиялық проблемалары және оның шешудің жолдары қарастырылған.

Түйінді сөздер: Каспий теңізі, экология, су алабы, Каспий теңізі жағалауы, мониторинг.

Каспий теңізі окшауланған су алабы ретінде өзіне тән гидрологиялық режимге ие. Оған әсер ететін факторлар: климаттық жағдайлары, өзен ағыны, тереңдігі, теңіз түбінің жер бедері, жергілікті жер бедері. Теңіз деңгейінің толқуының жылдық деңгейі 30-35 см құрайды, кей жылдары 55 см-ге жетеді. Каспий теңізінің жылдық өзгерісі климат факторларының маусымдық өзгерістерімен байланысты. Негізгі ықпал өзен ағыстарынан болады, оның көбеюі деңгейдің көтерілуін, ал азаюы деңгейдің түсуін қамтамасыз етеді. Деңгейдің көтерілуі шілде, маусым айларында байқалады, ал төмендеуі желтоқсан, ақпан айларында болады. Сәуір айынан бастап теңіз деңгейі көтеріле бастайды да маусымда шегіне жетеді. Деңгейдің орташа маусымдық тербелуі 22-30 см аралығында сақталады.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігі таяз, көп жерінде 5 м-ден аспайды, ең терең жері 26 м, жалпы теңіз ауданының 24% алады. Орталық Каспийдің орташа тереңдігі 200 м, ең терең жері 788 м, жалпы теңіз ауданының 36%-ын қамтиды. Оңтүстік бөлігінің орташа тереңдігі 345 м, ең терең жері 1025 м, ол теңіз ауданының 40%-ын, ал теңіз суының 66 %-ын алып жатыр. Каспийге шығыс жақтан Маңғыстау, Түпқараған, Бозащы сияқты үлкен түбектер сұғына еніп жатыр [1].

Каспий теңізінің деңгейі шұғыл ауытқып тұрады. Бакуде 1830-жылдан бері үздіксіз жүргізілген байқаулар бойынша өткен ғасырдың алғашқы жартысында бірнеше жылдар бойы су деңгейінің көтерілуі анықталған. Өткен ғасырдың екінші жартысының басында деңгей төмен түскен, ол 15 жылға созылған. Бұдан соң қайтадан көтерілуі болған, ол XX ғасырдың 70- жылына дейін созылған. Одан кейін деңгейдің қайта төмен түсуі байқалған, деңгейдің төмендеуі, әсіресе біздің ғасырымыздың 30-40- жылдары өте үлкен мөлшерге жеткен. Қазіргі кезде теңіз деңгейі төмен түсуде.

Теңіздің солтүстік бөлігінің климаты континентальды, температураның амплитудасы үлкен және атмосфералық жауын- шашын аз түседі. Мұнда ауаның қаңтар айындағы орташа температурасы $-5-6^{\circ}\text{C}$ шамасында, аяз -38°C , шілде айында орташа температура $23-24^{\circ}\text{C}$. Жылдық жауын – шашын мөлшері 100-150мм. Теңіздің солтүстік бөлігі қыста қатып қалады, орталық бөлігінде судың температурасы 0°C болады, теңізді мұз жаппайды, мұнда қалқыма мұздар пайда болады. Жазда судың бетінде температура біршама жоғары болады.

Теңіздің Қазақстандық бөлігінде суында оттегі мол, ал оңтүстікке қарай барған сайын оның мөлшері азая береді.

Каспий теңізінің суы көгілдір-жасыл түстен, сарғыш-қоңыр түске дейін өзгереді. Судың мөлдірлігі лай өзен ағындарының әсерінен жоғары емес. Каспий теңізінің шөгінділері айрықша борпылдақ болып келеді. Басым жамылғы қабатын қоспалар мен ұлу қабықшалары қосылған түрлі түстегі лайлар құрайды. Каспий теңізінің ауа және су температурасы әртүрлі болып келеді. А.М.Книповичтің зерттеулері нәтижесінде Каспий теңізі өзіне тән ағыс жүйесі анықталған. Ағыс теңіздің батыс жағалауын бойлап салқын ағыс түрінде бағытталады да оңтүстік жағалауға жетіп, шығысқа бұрылады, содан соң солтүстікке бағыт алып, осы тұстан қайтадан батысқа қарай қозғала отырып, солтүстік ағысқа қосылады. Сонымен қатар Оңтүстік Каспийдің ерекше ағыс жүйесі анықталған [2].

Каспийде жануарлардың 2000-ға жуық түрі (оның ішінде омыртқасыздар – 1069, омыртқалылар – 415, паразит жануарлар – 325) тіршілік етеді. Теңіз фаунасының негізін эндемик жануарлар (шаянтәрізділердің 60%-ы, моллюскілердің 80%-ы, балықтардың 50%-ы) құрайды. Каспий теңізінің балық қоры 2,9 млн.т. болса, оның 40%-ы Солтүстік Каспий бөлігінің үлесіне тиеді. Бекіретәрізділердің дүниежүзілік өнімінің 90%-ы осында ауланады. Соңғы кезде балықтардың уылдырығын шашатын жерлеріне кедергі келтіретін өзендерге салынған бөгеттер судың радиациялық және химиялық жолмен ластануы браконерлік етек алуы бекіренің қорын азайтуда.

Бекіре тәрізділер (лат. Acipenseriformes) — сүйекті балықтардың шеміршекті-сүйекті балықтар класс тармағына жататын отряды. Каспий жағалауының табиғатына атмосфераның, топырақ, жамылғысының, судың ластануы үлкен қауіп төндіруде. Атмосфераның ластануына мұнай – газ өндіретін және оны қайта өңдейтін кәсіпорындар әсер етуде. Мұнай кәсіпшілігінің ең басты экологиялық басты экологиялық проблемасы – ілеспе газды іске жарату. Мұнай кен орындарында мұнай өнімдерін өңдеу кезінде мұнай мен қалдық сулардың топырақ пен грунтқа төгілуі оларды ластайды. Теңіз суының құрамында мұнай өнімдерінің қалдықтары, фенол, хлорлы органикалық пестицидтер, аммонийлі азот, ауыр металдардың мөлшері рұқсат етілген мөлшерден жоғары екені анықталған. Судағы мұнай өнімдерінің ең жоғарғы концентрациясы мамыр- шілде айларында байқалады. Мұндай теңіз жағалауының мұнай өнімдерімен, улы газдармен ластануы планктондар мен теңізде тіршілік ететін жануарлар мен өсімдіктерге кері әсерін тигізуде [4].

Геологиялар жұмыстың барысында соңғы жылдары итбалықтың, құстардың жаппай қырылуы теңіздің қазақстандық бөлімінде дабыл қағарлықтай жағдай. Бізге «қара алтын» игеру жолында табиғатты құрбандыққа шалмау, қоршаған ортаны таза күйінде сақтау жолындағы шараларды қолға алатын кез жетті. Қазіргі кезде Каспийдің табиғи қорының 3 экологиялық проблемасы бар.

1. Қошқар – Ата қалдық сақтау қоймасының проблемасы, онда 105 млн тонна улы және радиоактивті қалдықтар сақталады. Оған көп қаражат керек. Қазіргі уақытта 77 км жер тазартылып, көлемі 30 км жағажайлар пайда болды.

2. БН- 350 реакторлық зауытының істен шығуы.

3. Каспийдің Солтүстік теңіз қайраңында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі толыққанды мемлекеттік мониторингтің жоқтығы, Каспий теңізі жағалауының 1350 км бақылаусыз қалып отыр.

Өңірде 2008 жылдан бері «Экологиялық зерттеу зертханасы» МКК тұрақты жұмыс істеуде. Зертхана 2010 жылдан бастап Каспий теңізінің жағалау зонасында орналасқан мұнай өндірістерімен теңіз порттарының техногендік әсерін бағалау мақсатында кешенді экологиялық мониторинг жүргізіп келеді. Бес жыл қатарынан Бозашы түбегіндегі Қаламқас, Қаражанбас, Арман кен орындары мен Ақтау, Баутин порты бақыланып, аналитикалық зерттеу нәтижесінде үлкен мәліметтер қоры жинақталады. 2014 жылы Құрлық портында теңіз суындағы мұнай өнімдерінің мөлшері 5 есеге артқандығы анықталды. Ауыр металдар мөлшері де рұқсат етілетін шектен 74, алюминий 221, сынап 82 есеге артық. Қаражанбас, Комсомольский кен орындарында 14 су басу қауіпі бар мұнай ұңғымалары орналасқан. Бұл аймақта судағы мұнай өнімдерінің рұқсат етілген шектен 5 есе жоғары. Ауыр металдар, атап айтқанда, мышьяк 112, алюминий 8, темір 7, сынап 22 есе артқан. Көрсеткіш көңіл көншіктерліктей емес. Осы ретте Каспий теңізінің экологиялық қауіпсіздігін арттыру мақсатында өндіріс орындарына мұнай төгілуін мұқият қадағалап бақылайтын радарларды орнатуды жоспарлап отыр.

Каспий жағалауында орналасқан мұнайлы Маңғыстау өлкесіндегі жерасты қазба байлықтарын өндіру, тасымалдау, бұрғылау, өңдеу, геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу себептерінен осы өлке топырағы, ауасы, теңіз суы ластанып кеткені белгілі. Өңірдің экологиялық ахуалы мен мәселенің шешілуі жолдары өте күрделі. Бұл экологиялық күрделі мәселелерді шешуде теңіз экологиясы жөнінде арнаулы халықаралық құжат қабылдау қажеттігі туды. [5]

Каспий теңізінің ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік Конвенцияның 19-бабына сәйкес уағдаласушы тараптардың мынандай міндеттері бар: 1. Уағдаласушы тараптар Каспий теңізі теңіз ортасы жай-күйі мониторингінің тиісті дербес және/немесе бірлескен бағдарламаларды құру және жүзеге асыру үшін күш жұмсайды.

2. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізінде мониторингі жүзеге асырылатын ластаушы заттардың тізбесімен және өлшемдерімен, шығарындылар және сығындылар үшін келіседі. 3. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізі теңіз ортасы жай күйін бағалауды және Каспий теңізі теңіз ортасының ластануын алдын алу, бақылау және төмендету үшін қабылданатын шараларының тиімділігін дербес және/немесе бірлесіп тұрақты жүзеге асырады. 4. Уағдаласушы Тараптар мониторинг бағдарламаларын, өлшеу жүйелерін, талдау әдістерін, деректерді өңдеуге және сапа деректерін бағалау әдістерін әзірлеу мен қолдану ережелерін үйлестіруге күш жұмсайды. 5. Уағдаласушы Тараптар шешім қабылдауға негіз және мамандар, әкімшілер және халық үшін ақпарат пен білімнің жалпы көзі болып табылатын орталықтандырылған деректер базасын әзірледі. 6. Жалпы Каспий аймағында бірнеше экологиялық мониторинг бағдарламалары жүзеге асырылуда. 2007 жылы Евро-одақ (ТАСИС) жобаларын жүзеге асыру барысында «Каспий теңізінде су сапасының мониторингі және зардапты аймақтардың қызметтерінің жоспарларын» жүзеге асыру жолға қойылды. Жобаның мақсаты-Каспий теңізінде су сапасының мониторингтік механизмін қамтамасыз ету және экологиялық мәселелерді шешудің ерекше жоспарын дайындау болып табылады. Ол үшін барлық Каспий аймағы мемлекеттері теңіз суларына жедел анализ жасауға және пробасын алуды жетілдіруге қол жеткізетін жаңа құралдар мен техникалық жабдықтар алады. «Космостық радиолакация мәліметтер негізінде Каспий теңізі мұнай ластау» жобасын іске қосу жоспарланып отыр. Дегенмен бірнеше жылдар бойы космостық аппараттар көмегімен Каспий туралы алынған мәліметтер әлі күнге дейін тиісті нысанада талданбаған. Сондықтан Каспий теңізінің мұнаймен ластану масштабы туралы әлі толық заңды мәліметтер жоқ. Экологиялық мониторинг тек басқару мен шаруашылық қызметтер үшін ғана қолданылмайды, сондай-ақ ол құқық қорғау органдары қызметтеріне қажетті ақпараттық жүйесін құрайды. Табиғи ресурстарды пайдаланумен экологиялық зиянның орнын толтырумен байланысты істер бойынша дауларды шешу барысында да экологиялық мониторингтің ролі күшті. Көп жағдайларда сот объектілер бойынша шешім шығару мақсатында мәліметтерді талап етеді немесе тараптар тиісті ақпараттарды өздері ұсынады. Бірақ сот қызметтерінде де келіспеушіліктер туындауы мүмкін. Мысалы: талап арызда көрсетілген зардаптың есептеу кезінде, сот міндетті түрде мамандардың көмегіне жүгіне отырып, есептеу қажет. Сот тәжірибесінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы даулар бойынша шешімдер көп жағдайларда анықталған экологиялық ақпарат негізінде қабылданады. Ал табиғи ортаның сапасы мен жай-күйі туралы ақпараттар тәуелсіз экологиялық ұйымдар немесе жеке тұлғалармен берілетіндіктен, объективті шешім қабылдауға қиындықтар туғызып отыр. Сондықтан да құқық қорғау органдары мен сот органдарына экологиялық мониторинг ақпараттарын ресми түрде пайдалануға қатысты заңдарда орын табу керек [6].

Экологиялық қауіпсіздік концепциясы бойынша Каспий теңізі қайраңын қарқынды игеруге қатысты жаңа технологиялар енгізу, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануға байланысты экологиялық мониторинг және мемлекеттік бақылау жүйелерін жетілдіру тұрақты түрде жүзеге асып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шілдебаев Ж. (2012). Биогеография.
2. Бірмағамбетов Ә (2004). Қазақстанның физикалық географиясы.
3. Бейсенова Ә., Шілдебаев Ж. (2004). Экология және табиғатты тиімді пайдалану.
4. Қазақстан табиғаты, «Қазақ энциклопедиясы» (2009). 172-173, 178-179 б.б.

5. Бейсенова Ә.С. Қазақстанның физикалық географиясы. Алматы (2014). 287-290 б.б.

6. Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік Конвенция (Тегеран, 2003 ж. 4 қараша) // Юрист анықтама жүйесі.

ӘОЖ 341/1

КАСПИЙДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН АНЫҚТАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сұлтанов А., студент

Ғылыми жетекші: Ізтұрғанова Г.Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтаудың өзекті мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: Каспий теңізі, экология, құқықтық мәртебе, Каспий аймағы, конвенция.

Бүгінгі халықаралық қатынастарда Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтау маңызды мәселенің қатарында. Каспий теңізі географиялық орналасуына қарай бірқатар мемлекеттің қарым-қатынасына тікелей әсер етіп отыр. XX ғасырдың 90-жылдарына дейін Каспий аймағы КСРО-Иран байланысымен айқындалған еді. Кеңес Одағы ыдыраған соң тәуелсіз республикалардың құрылуы аймақтағы геосаяси тепе-теңдіктің өзгеруіне алып келді. Каспий бассейнінің энергетикалық қоры мен транзиттік мүмкіншілігі таяу жатқан елдерден тыс әлемнің жетекші державаларының да назарын аударады. Шығыстанушы Олжас Бейсенбаевтың сараптамасы қарт Каспийдің жағалауындағы елдердің Тәуелсіздік алғалы көтеріп, зерттеп, әртүрлі деңгейде жиындар өткізуіндегі мақсат, мүдделері айтылыпты. Географиялық орналасуына қарай Қазақстанға ең көп үлес тиюі керек. Дегенмен, жағалаудағы өзгелер де өз үлесінің аздығына келісе қоймайды. Қайтпек керек? Теңіздің мәртебесі айқындалса, ол шекара мәселесін шешуге қаншалықты септігін тигізеді?

Каспий жағалауы елдерінің кездесулерінде техникалық, экологиялық, қауіпсіздік және саяси мәселелер қозғалып келеді. Дегенмен энергетикалық ресурстарға деген геосаяси және геоэкономикалық қызығушылықтар соңғы жылдары артып отыр. 1990 жылдары Батыс елдерінің трансұлттық корпорациялары теңіздің ресурстарына қызығушылық таныта бастаса, кейін Қытай, Индия және Азия елдері үшін маңызды нысанға айналды. Каспийдің құқықтық мәртебесінің реттелуі теңізге халықаралық құқықтық нормаларға сәйкес жаңа сипат береді [1].

Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтау ширек ғасырға созылып келеді. Каспий теңізінің мәртебесін белгілеп, оның қорын игеруде тараптар ортақ мәмілеге келе алмай жүргені жасырын емес. Өйткені әр мемлекеттің өз мүддесі тұрғысынан ұстанымдары мен көзқарастары бар. Мәселен, Тегеран теңіздің бес мемлекетке 20 пайыздан тиесілі болу керектігін, теңіз ресурстарын теңдей игеруді ұсынады. Бірақ бұл ұсыныс басқа жағалау елдерінен қолдау таппады. Каспийлік мемлекеттер теңіз құқығы бойынша БҰҰ-ның 1982 жылғы конвенциясын ұстанады. Иран Ислам Республикасының Президенті Х.Рухани құқықтық тәртіп халықаралық құқық қағидаларына сәйкес болуы тиістігін, қару-жарақ қолданудан тартынып, шетелдік қарулы күштердің Каспийге

келуіне жол берілмеуі керектігін баса айтады. 2001 жылы Иран мен Әзірбайжан бірнеше даулы аралдардың бөлінбеуіне байланысты келіспеушіліктер туындаған еді.

Осы уақытқа дейінгі модификацияланған жаңа сызық бойымен Каспий түбін бөлу кезінде Қазақстанға теңіздің 29,6 %, Әзірбайжанға – 19,5%, Ресей Федерациясына – 18,7%, Түркіменстанға – 18,4%, Иранға – 13,8% тиесілі болған еді. Иран, Әзірбайжан және Түркіменстан арасындағы принципті келісімге қол жеткізу Каспий теңізіне байланысты барлық тараптардың мүдделерін ескере отырып, консенсус негізінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Осыған орай, қазіргі уақытта Каспий аймағы күрделі мәселелердің пайда болу шартында дамып жатыр:

- Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі төңірегінде жағалауда орналасқан мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықтардың үдеуі, бұл жағдай мемлекеттердің өзара екіжақты және жан-жақты мәселелер жөнінде келіспеушіліктер мен сыртқы ойыншылардың қатысуы одан әрі қиындата түседі;

- Каспий аймағының көлік-коммуникация жүйесіне бақылау орнатуға күрес;

- Каспий теңізінің бай және нәзік экожүйесіне жүйелі түрде залал келтіру, бұл осы аймаққа кері әсерін тигізуі мүмкін.

Қазіргі уақытта Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі конвенцияны әзірлеу бойынша СІМ деңгейінде келіссөздер өткізілуде. Келіссөздер Каспийдің экожүйесін сақтау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кеме қатынасын дамыту, минералдық және биологиялық ресурстарды игерудегі өзара іс-қимылдарға арналған. 2001 жылы 29 қараша және 2003 жылы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін шектеу туралы екіжақты Келісім және Хаттама қабылданды. Сонымен қатар, 2003 жылы 14 мамырда Қазақстан-Ресей-Әзірбайжан арасында Каспий теңізі түбін бөлу туралы келісім жасалды. Осындай нақты шаралардың негізінде 2003 жылы 4 қарашада Каспий теңізінің кеңістігін қорғау жөніндегі Конвенцияға қол қойылды. Бұл Теңіздің құқықтық мәртебесін айқындаудағы маңызды қадам болды [2].

Жалпы, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау – күрделі процесс. Оған Қазақстан тарапы Мемлекет басшысы және СІМ деңгейінде үлкен үлес қосып келеді. 2002 жылғы БҰҰ Ассамблеясының 57-сессиясында ҚР Сыртқы істер министрі Қ. Тоқаев: «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселесі қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастарда өте өзекті мәнге ие. Бес каспийлік мемлекеттердің осы ерекше су қоймасының заңнамалық мәртебесіне байланысты ымырашылдығының болмауы Каспий теңізінің бейбітшілік пен ынтымақтастық өңіріне айналу болашағына нұқсан келтіруде» - деп айтты [3].

Осы жылдары Каспий жағалауы мемлекеттері басшыларының екі Саммиті (2002, 2007 жылдары) және Сыртқы істер министрлерінің кеңестері (1996, 2004, 2007) болып өтті. Аталған маңызды кездесулерде Каспийдің құқықтық мәртебесі, теңіздегі қауіпсіздік пен тұрақтылық, сондай-ақ Каспий жағалауы мемлекеттерінің халықаралық байланыс мәселелері (БҰҰ, МАГАТЭ ролін нығайту, ядролық қаруды таратпау, халықаралық лаңкестікпен күресу) жөніндегі ұстанымдары саяси деңгейде бекітілді.

2014 жылдың 2 қазанында Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен Каспий теңізі жағалауы елдерінің IV саммиті өтті. Бес каспийлік мемлекеттер экономикалық ынтымақтастықты дамыту, қауіпсіздік, экология, ең маңыздысы, Каспийдің құқықтық мәртебесі төңірегінде пікір алмасты. «Каспийлік бестіктің» экономикалық ықпалдастығын арттыру бойынша Қазақстан тарапы белсенділік танытып келеді. Н.Назарбаев Қазақстан арқылы ашылған бағыттарды назарға алып, Қазақстан оларды Каспий маңы мемлекеттерінің тауарларын басқа елдердің нарығына, бірінші кезекте

Қытайға жеткізу үшін транзиттік көпір ретінде «Каспий еркін сауда аймағын» құру туралы ұсыныс айтты.

Каспий мәселесіне қатысты АҚШ, Қытай сынды сыртқы ойыншылардың ықпалын айтпай кетуге болмайды. Ірі державалар өз жобаларын жүзеге асыруда Каспийді тиімді пайдалануды көздейді. 2018 жылы мамырда Қазақстан Республикасы АҚШ-тың Ауғанстанға арнайы жүкті тасымалдау бағытын өзгерту туралы сұранысын қабылдап, «Қазақстан Республикасы аумағы арқылы арнайы жүкті транзитпен өткізуді коммерциялық жолмен қамтамасыз ету туралы» заңға қол қойылды. Оған сәйкес арнайы жүк Әзірбайжаннан Каспий арқылы Қазақстанға жеткізіп (Ақтау мен Құрық порттары), теміржолмен Сарыағаш, Келес және Бейнеу - Қарақалпақстан, Өзбекстан арқылы Ауғанстанға жеткізіледі. Бұл бір жағынан Қазақстанның Ауғанстан проблемасын шешудегі үлесі болса, екінші жағынан АҚШ-тың аймақтағы белсенділігінің артуын көрсетеді.

Қазақстанның бастамалары аймақтағы бірқатар жобалар арқылы жалғасын табады. 2018 жылы 31 қазанда Қазақстан, Өзбекстан, Грузия, Түркия, Әзірбайжан басшылары «Баку-Тбилиси-Карс» теміржол желісінің (ары қарай – БТК) ашылуына қатысты. Бұл – Азия мен Еуропаны байланыстыратын 21 ғасырдағы Жібек жолының маңызды дәлізі. Ұзындығы 846 шақырымға созылған темір жолмен 2034 жылға қарай 17 млн тонна жүк тасымалданатын болады. БТК желісі де Каспий теңізі арқылы өтеді. БТК арқылы Қытайдан шыққан тауарлар екі аптада Еуропаға жеткізілетін болады. Бұл теміржол желісі сонымен қатар адам тасымалында да маңызды болмақ.

Таяу Шығыс және Орта Азия бойынша сарапшы Т.Аббасовтың ойынша, Әзірбайжан ұсынған «Баку-Тбилиси-Карс» трансқұрлықтық теміржол желісі геоэкономикалық үрдіске жаңа серпіліс береді. Бұл маршрут негізгі серіктес елдер Әзірбайжан, Грузия және Түркия үшін ғана емес, маңайдағы серіктестер үшін үлкен табыс алып келеді. Жаңа бағытты пайдалануға мүдделі болған елдердің бірі Қазақстан. Оның үш мемлекетпен байланысы қарқынды дамуда.

Каспий энергетика және қоршаған орта орталығының басшысы, доктор Э.Солтановтың (Әзірбайжан) пікірінше «Бұл миллиардтаған тонна жүк тасымалдауы сөз болып отырған кең көлемді жоба. Қазақстан БТК жобасына қосылуы арқылы өзінің қытайлық бастамаларға қатысу мүмкіндігін растайды. Экономикалық дәліз Қазақстан үшін стратегиялық тұрғыда маңызды болып табылады» - дейді.

Каспийдің транзиттік мүмкіншілігін арттыру туралы Қазақстан Президенті Н. Назарбаев 2018 жылы 14 мамырда Сочидегі ЕЭО Жоғары экономикалық кеңесінің отырысында да айтты. Мемлекет Басшысы Каспий және Қара теңіздері аралығында кеме жүру каналын салу туралы сөз қозғады. Бұл каналды «Еуразия» деп атау ұсынылып отыр. Сонымен қоса «Еуразия» жоғары жылдамдықты көлік магистралін салу мүмкіншілігі де алға қойылды.

Каспийдің құқықтық мәртебесін бекіту ең алдымен теңіз жағалауындағы елдер үшін маңызды. 2017 жылы 4-5 желтоқсанда Мәскеуде өткен Каспий жағалауы елдері СІМ Кеңесінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі конвенцияның мәтіні келісілді. Кеңесте ҚР СІМ Қ. Әбдірахманов: "ҚР Президенті Н.Назарбаев Каспий жағалауындағы елдердің ынтымақтастығына үлкен көңіл бөледі. Елбасының алға қойған басым бағыттарының бірі Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі бойынша уағдаластыққа қол жеткізу. Аталған Конвенция «Каспий теңізінің конституциясы» ретінде Каспий жағалауындағы елдердің ынтымақтастығына жаңа серпін беріп, аймақтағы қауіпсіздік, тұрақтылық пен дамудың кепілі болады деген сенімдемін» деп атап өтті [4].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абишев А. Каспий и мировая политика. - А. 2002. - С. 35.
2. <https://informburo.kz/kaz/besnsh-kaspiy-sammit-tezd-mrtebes-turaly-kelsmge-ol-ooyla-ma.html>
3. Тараков А. Как делить море // Дипломатический вестник. 1995. №12.
4. Каспий жағалауындағы бес ел мұнайлы теңіздің мәртебесін айқындай ала ма? // Егемен Қазақстан. – 24 қыркүйек — 2018 ж.

ӘОЖ 327 (045)

КАСПИЙ МАҢЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ МӘДЕНИ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ» РӨЛІ

Таджимуратова Ж., студент

Ғылыми жетекші: Бағдатұлы М.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Каспий маңы елдерінің мәдени қарым-қатынасы туралы баяндалып, «ҚХА-ның» ролі туралы талданды. Қазақстан халық ассамблеясының негізгі мақсаты, атқаратын қызметі жайлы. Көршілес елдер арасында орнатқан ынтымақтастықта тигізген септігі, ролі қарастырылған. Бүкілқазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) маңызды рөл атқарады.

Түйінді сөздер: мәдениет, Каспий теңізі, ассамблея, мемлекеттер, каспий, жоспар, саясат, рөл.

Тәуелсіздігімізбен бірге жасасып келе жатқан қоғамдық институт халықаралық сарапшылардың, саясаттанушылардың жоғары бағасына ие болуда. Айта кетер жайт, көрші Қырғызстанда да мұндай институт бар. Алайда, олардағы Ассамблея жұмысы туралы ешкім біле бермейді. Соның дәлелі — жақында ғана айырықша ағайындарда өткен «Этносаралық келісім мен конфессияаралық толеранттылықтың қазақстандық және қырғызстандық модельдері» атты халықаралық жиында көршіміз біздің осы саладағы әрекеттерімізді жоғары бағалап, жиырма жылдан астам уақыттан бері жинаған бай тәжірибемізбен бөлісуді сұрады. Осы жиында еліміздегі Ассамблея жұмысына көптеген мамандар жоғары баға беріп, басқа елдерге татулықтың темірқазығына айналған институттың қызметін үлгі етті [1].

Бүкілқазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) маңызды рөл атқарады.

ҚХА басты міндеті мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылады.

Ассамблеяның мақсаты — қазақ халқының топтастырушылық ролін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Ассамблеяның негізгі міндеті — этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды

қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамының негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту [2].

Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді.

Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этно мәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын, және дамуын қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктік ахуалы қалыптасты.

Каспий маңы мемлекеттері өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниетті. Бүгінгі таңда Иран, Ресей, Әзербайжан, Түрікменстан елдерін Қазақстанмен тығыз экономикалық қарым-қатынастар байланыстырады. Мысалы, тек биылғы жылдың 5 айында Маңғыстау облысы мен Ресейдің жақын жатқан өңірлері арасында 52 млн доллардың сауда-саттығы жасалған [3].

Аймақта көрші ел капиталының қатысуымен экономиканың түрлі салаларында 300 кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Қазіргі таңда «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағында 27 кәсіпорын жұмыс істейді.

Соның ішінде Каспий елдерінің 2 кәсіпорны бар. Олар корпоративтік табыс салығынан, жер салығынан босатылады. Осы тұрғыдан әзербайжандық инвесторлардың қызығушылығы жоғары. Сол себепті өңірге көптеп инвестиция тартылатын болады. Каспий маңы елдері мемлекеттік университеттерінің арасында тығыз байланысты орнатудың маңызы зор.

Каспий теңізі мәселелерін шешу және Каспий маңы аймағында біртұтас білім беру кеңістігін құру мақсатында 1996 жылы жұмысын бастаған Ассоциацияға қазір Әзірбайжан, Иран, Ресей, Түркіменстан мен Қазақстанның 55 жоғары оқу орны мүше.

Осы жылдар аралығында көптеген ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды, Каспий мәселесі бойынша зерттеу жобалары жасалды, ғылыми журналдар басылып, бірлескен студенттік олимпиадалар мен экспедициялар өткізілді. Атырау мұнай және газ университеті – Ассоциация құрамына енген Қазақстанның алғашқы жоғары оқу орындарының бірі.

2002 жылы Атырау мұнай және газ университеті (ол кезде институт) Бас Ассамблея мен Махамбет Өтемісовтің 200 жылдығына орай II Халықаралық студенттік Универсиаданы өткізді. Мұндай ауқымды іс-шара Атырауда алғаш рет өткізілді. Ректор, профессор Т.П.Серіковтың басшылығымен Каспий маңы мемлекеттерінің VII Ассамблеясы мен II студенттік Универсиадасын ұйымдастыру бойынша үлкен және жемісті жұмыс атқарды [1]. Ассоциация өткізген Ассамблея қатысушылары Каспий маңы, соның ішінде Каспий теңізінің өзекті экологиялық мәселелерін шешу ісінде Каспий бассейні елдерінің ғылыми және педагогикалық қоғамдастығының, студенттік жастарының күш-жігерін біріктіру, білім, ғылым және мәдениет саласындағы тиімді халықаралық ынтымақтастық идеяларын дамыту үшін Каспий маңы мемлекеттері университеттері Ассоциациясының маңыздылығына жоғары баға берді.

Каспий маңы елдері университеттерінің Ассоциациясы – әлемдік жоғары білім кеңістігіндегі елеулі құбылыс. Каспий маңы елдері мемлекеттерінің университеттер Ассоциациясының ғалымдары жаңартылатын энергия көздерін (күн, су және жел)

пайдалану бойынша ғылыми эзірлемелерді жандандыруды және жаңа технологияларды енгізуді шешті. Осы зерттеулердің координаторы болып Атырау мұнай және газ институты мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Инженерлік академиясының Атырау филиалы белгіленді. Ассоциация үшін маңызды міндеттердің бірі студент жастарды Каспий мәселелерін шешуге тарту, Ассоциация жариялаған мақсаттар мен ізгілікті қағидаттар негізінде оларды біріктіру болып табылады.

Жыл сайын «Каспий. Ғылым. Білім. Технологиялар» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы тек Каспий жағалауы ғана емес, сонымен қатар Ресей, Қазақстан, Әзірбайжан және Иранның басқа да аймақтарындағы ғалымдардың қызығушылығын туғызды. «Ғылым және технология» сериясы Атырау мұнай және газ университетінде; «Табиғи ресурстар» – Әзірбайжанда; «Гуманитарлық ғылымдар және спорт» – Ресейде; «Қоршаған орта және тұрақты даму» – Иранда шығады. Жинақтар ағылшын тілінде, орыс тіліндегі аннотациямен бірге жарық көреді. Ассамблеяда Каспий аймағында бірыңғай білім беру кеңістігін құру мақсатында академиялық интеграцияның ең жоғары түрі ретінде Ассоциацияның жоғары оқу орындары арасында қос диплом беру бағдарламаларын құру үдерісін күшейтуге басты назар аударды [3]. Ассамблея жұмысына қатысқан тараптардың өкілдері ынтымақтастықтың виртуальды нысандарын енгізу үшін осы мақсатта өздерінің жоғары оқу орындарында білім беру, ғылым, мәдениет, сондай-ақ толеранттылық пен мультикультурализм туралы онлайн-дәрістерді өткізу бастамасын қолға алу қажеттігін атап өтті.

Каспий теңізі біздің еліміз үшін стратегиялық жағынан өте маңызды аймақ болып табылады. Сондықтан Каспий аймағындағы көршілес елдермен экономикалық қарым-қатынасты дамыту үшін әуелі мәдени байланыс болуы тиіс екендігі есімізден шығармаған дұрыс болар, соның негізінде «ҚХА» алатын орыны ерекше екендігін айтпасада белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ассамблея институтына көршілес елдер қызығушылық танытып отыр. [//https://assembly.kz/](https://assembly.kz/)
2. Динаш Мұфтахқызы Диарова. Атырау мұнай және газ университеті» (Каспий маңы елдері мемлекеттік университеттері Ассоциациясы–ашық пікір алаңы) [//bilimdinews.kz](http://bilimdinews.kz)
3. Қазақстан Халық Ассамблеясы. [//akorda.kz](http://akorda.kz)

ӘОЖ 349.6 (045)

ЭКОЛОГИЯ – ЕЛ ТЫНЫСЫ

Тайыров Б., студент

Ғылыми жетекші: Усенбаева А.У.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Андатпа. Мақалада «Қошқар ата» улы көлінің зардабы туралы, зиянды қалдықтардың алдын алмаса арты ауыр зардаптарға соқтыруы мүмкін екендігі, жердің шөбіне сіңген радиациялық элементтердің малдың еті мен сүтіне дарып, ол арқылы адамға берілуі мүмкін екендігі айтып, дабыл қағу, экология, қоршаған орта мәселесіне немқұрайлы қарамау қашанда негізгі міндет, басым бағыттары қамтылған.

Түйінді сөздер: радиация, мониторинг, рекультивациялау.

Таза ауа мен табиғаттың, қоршаған ортаның жайлылығы әркім үшін де алаңсыз өмір сүруде ең басты қажеттіліктердің бірі. Технологияның қарыштап дамып, өндірістің қарқыны артқан бүгінгі күні әлемде экологиялық ахуалдың ақсап тұрғаны жасырын емес. Тіпті басқаны айтпағанда, кең қолданыстағы және қолайлы саналатын полиэтилен ыдыстардың өзі табиғатқа қаншалықты зиян әкелетіні белгілі. Біз мұндай жағдайда қоршаған ортаны қалай қорғап, өзімізге және болашақ ұрпаққа алаңсыз өмірді қалай сыйлай аламыз? Бұл – бүгінгі күннің басты мәселесі.

Жер асты байлықтарымен қуантып, жер үсті сұлулығымен сүйсінтетін Маңғыстаудың экологиялық ахуалы қандай? Әрине, жер жүзінде бар мәселеден сырттай, жұмақта өмір сүріп отырмағанымыз белгілі, демек экологиялық проблема түбекті айналып өтіп кете алмайды.

Маңғыстаудағы экологияны ауызға алғанда, алдымен тілге оралатын тұс – «Қошқар ата» улы көлі – радиациялық қалдықтар қоймасы. «Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» демекші, бұл тақырып Маңғыстауда маңыздылығы жағынан да, аңыздылығы жағынан да барынша танымал тақырып. Кеңес одағы кезінде «Ұйқылыдағы» уран кенішін игеру салдарынан пайда болған улы көл көлемінің өсуі Одақ тараған соң тоқтаған өндіріспен бірге тоқтады. Жыл сайын көлге өндірістен құйылатын 25 миллион текше метр су тоқтаған соң, көл көлемі тартылып, жан-жағы жалаңаштана бастады. Бұл өз кезегінде топыраққа сіңген, құрғаған улы, зиянды тұнбалардың желмен бірге ұшып, ауаға, ауа арқылы қоршаған ортаға тарауына ұласты. Тек 90-шы жылдардың орта тұсындағы Азот-түк зауытынан әкелінген фосфат қалдығы зиянды топырақтың біраз жерін жауып, жағдайды біраз оңалта түскен [1].

Алайда, зиянды қалдықтардың алдын алмаса арты ауыр зардаптарға соқтыруы мүмкін екенін аңғарған еліміз көлді залалсыздандыру, тұмшалау жұмыстарын қолға алғанына да оншақты жылдың жүзі болды. Төрт бірдей бағдарламаны жүзеге асыруды мақсат еткендер алдымен зауыттың қалдықтары жатқан, радиациялық фон аса жоғары болып тұрған 24 гектар жердегі қалдықтарды көміп, сыртынан қалыңдығы 25 сантиметр арматураланған бетонмен, оның үстінен таза топырақпен 1 метр қалыңдықта жапты. Келесі жылы мұндай жұмыстар тағы да 31 гектар жерге жүргізілді. Екінші бағдарламада көлдің суы тартылып, жалаңаштанған 2700 гектардай жерін рекультивациялау болса, қаланың тұрғын аймағынан шыққан қалдық суларды тазалап, «Қошқар ата» көліне айдау шараларын жүргізу үшінші бағдарламаға жүк. Мамандар, жылына 8,5 миллион текше метр су айдалып тұрса, көл суының табиғи булануының орнын толтырады деп есептейді. Улы көл айналасындағы топырақ құрамына ауқымды мониторинг жүргізу төртінші бағдарламаға міндет болған. 2015 жылдан бастап улы қалдықтар мен ауыр металдардың жан-жаққа тарамалуы үшін 8 гектар аумаққа жыңғыл мен сексеуіл егілген.

Осынша жұмыстар жобаланып, жасалғанмен улы көл өзінің зияндылығын, қауіптілігін жойды ма? Мәселе осында. Жойған жоқ, себебі көлден шыққан жағымсыз иіс жүректі айнытып, басты айналдырады. Соңғы кездері экологтар ол өңірге мал жайылатынын, ол жердің шөбіне сіңген радиациялық элементтердің малдың еті мен сүтіне дарып, ол арқылы адамға берілуі мүмкін екендігін айтып, дабыл қағуда. Мамандар енді көлдің 50 шаршы шақырым аумағын қиыршық тас араласқан топырақпен көму қажеттігін айтады. Ол үшін уақыт та, қаражат та керек екен.

Маңғыстау өңірінде қазір обыр аурулары, қалқанша без – иод жетіспеушілігі дерті, өзге де сырқат түрлері көбейіп кетті. Аурудың көбеюіне «Қошқар ата» улы көлінің әсері бар шығар, кім білген?

Эколог мамандар өңірде «экологиялық ахуалды ойдағыдай деп айтуға ауыз бармайтындығын» айтады. Айтуларына, атмосфералық ауадан алынған бірқатар сынамаларда ауада азот қышқылының концентрациясы анықталса, 3 рет фенол мен метан көлемі шамадан жоғары болған. Топырақ сынамасында оның мұнай өнімдерімен,

ауыр металдармен бүлінген фактісі кезіксе, суға жүргізілген сынамалардың біреулерінен мұнай өнімдерінің жоғары көрсеткіші, марганец, темір, никель, мырыш байқалған. Су дегенде, Каспий теңізі көз алдына келе қалады. «Арқада қыс жылы болса, арқар ауып несі бар?» демекші, теңіз қауіпсіз болса, итбалықтар қырылып, «суицид» жасап несі бар?! Осы орайда, елімізде жалғыз теңіз – Каспийді түбегейлі зерттейтін бірде-бір ғылыми-зерттеу институтының жоқтығы жан ауыртады. Ал көрші Ресейде басқа суларын қоспағанда, бір ғана Каспийдің флорасы мен фаунасын, кемелердің қозғалысын, тағы басқа да теңізге қатысты барлық жағдайды зерттеп-қадағалаумен бірдей ғылыми-зерттеу институты айналысып келеді [2].

17 қап, 11 екі жүз литрлік бөшке мұнай сіңген майлақы топырақ, 130 тонна және 500 тонна балластық мұнай сіңген су астының қиыршық тасты топырағы секілді мұнай қалдықтарын тиеген ресейлік «Аракс» кемесінің Маңғыстауға келіп ұзақ уақыт аялдауы көпшілікті алаңдатты. Кеме тұрған жерден судан алынған сынама қалыпты болып танылғанмен, кемеде алынған сынама метанның қалыпты деңгейден көптігін байқатқан.

Экология – өмір, экология – болашақ. Оны қорғау, келеңсіз жағдайлардың алдын алу – өмір мен болашаққа жасалған қамқорлық. Сондықтан, экология, қоршаған орта мәселесіне немқұрайлы қарамау қашанда негізгі міндет, басым бағыт болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2012. - 172б.

2.Күлтелеев С.Т., Рахметов Е.Ш. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы: Жалпы және Ерекше бөлімі. Оқулық. – Алматы: HAS, 2008. – 328 б.

ӘОЖ 323/324(075)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Танатаров Б., студент

Ғылыми жетекші: Ізтұрғанова Г.Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» екендігі туралы, және жемқорлық-індет, аластау-міндет екендігі басым бағыттары қамтылған болатын. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені міндет және басым бағыттары қамтылған.

Түйінді сөздер: паракорлық, коррупция, қоғам, «corruption».

Біз мүлде жана қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жана қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтілік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «*corruptio*» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «*corruptio*» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бұлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды [1].

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы биылда «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз [2].

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға жиырма алты жылдай уақыт өтті. Өткенімізге көз салсақ, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орынын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол - Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас

жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Қоғамдағы көкейтесті мәселе болып, өзек жарды проблемаға айналып отырған сыбайлас жемқорлық – ел ішіне білінбей кірген індет секілді. Баяулап, қадамын ақырын басып, анықтыққа жетелейін деді де. Ал біздің осы жауға қарсы қолданар қаруымыз – қоғам. "Қоғам – өмірдің айнасы" дейміз ғой. Айналамыз таза болса, өзіміздің әсемдігіміз еріксіз байқалады. Сондықтан да қоғам қарсы болса, жай емес, тегіс қарсы болғанда ғана бұл індетті жоймақпыз. Бұл індетті жою міндет бізге. Жемқорлық қоғамға ғана залалын тигізіп қоймайды. Сенің өміріңді құрдымға жіберер кесепат. Қоғамдағы болып жатқан әр түрлі көрініс болсын, соның бір картинасы жемқорлық деп елестетуге болады. Тіпті, оның өзі үлкен бір сала болып алғандай. Сала дейміз-ау! Ішінара тармақтарға да бөлініп кеткен. Білім саласындағы жемқорлық, құқық саласындағы жемқорлық тағысын-тағы. Ақпарат тасқынында судай бұрқырап аққан бұл кесепатқа жоламауды, оны жолатпауды көздейік. Кінәлі адамдардың қылмысын әшкере ету де жемқорлықтың алдын алу болып табылады. Бұл шағым сіздің жемқорлықпен күресуіңіздің куәгеріндей. Әрі сіздің азаматтық тұлғалық міндетіңіз. Заңда көрсетілген жемқорлық жайлы фактілерді оқи отырып, түбегейлі танысып көргеніміз артық болмаса, кемдік емес. Өркениетті дамытқысы келетін, ортасын құрметтейтін әр азамат емлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі. Әрі ол кісінің басты парызы. Ауқымы жылдан-жылға ұлғайып, қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосуымыз, тосқауыл болуымыз зор міндеттердің бірі. Біздің мемлекетіміздің кемістігі осы қоғамды шарпып жатқан кеселдер болса керек. Өкінішке орай, есімі аталатын бұл кеселдің белең алуы кәдуілгі мемлекеттегі ішкі бүлік секілді көрінетіндей. Қазіргі таңдағы қарастырылатын, қарастырылуы керек, қарастырылар үлкен жүйелі мәселеге айналып отырған дауасыз дерт. Сондықтан біртұтас қоғам ретінде біз де жүйелі жауап қатуымыз құба-құп. Айтылып жатқан бұл кеселден қашық болуымыз шарт. Елдің, халықтың күйреуіне әкелетін, мемлекет беделіне дақты түсіретін осы кеселді жою үшін бес-алты ай жеткіліксіз. Оған көп уақыт талап етіледі. Түп қазығын балетоманшурупы тастайтындай әрекет жасауымыз да қағида. Жемқорлық ішінара дамуды тежейтін теория. Түбі жоқ терең шыңырау десек те болады. Жемқорлықтың көріністерін атап айтар болсақ, қоғамдағы пара алу не ұрлау, қызметтік жағдайды асыра пайдалану проблемалары. Мұндай жағдайларды бей-жай қалдырмау қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұрт болып жұмыла қарсы тұру қажет. Насихаттау ісі де ұшан-теңіз септігін тигізеді. "Бастаушы болса қостаушы бар". Бұрыннан ізашары ашып берген бұл бастамамен күресудің ізбасары болып үлес қосайық. "Ұры – қарының серігі" дегендей, "Жемқорлық сыбайластың серігі". Әлбетте, бірлесіп жасалатын бұл қылмысқа тосқауыл болуымыз құба-құп. Сондықтан қоғамның басты ескеретіні ұсыныс жасаушылық тарапы болса, бас тарту ісін құптауы тиіс. Өркениетті алға жетелейтін бағытты ұстанып, артқа тартатын шырмаудан түрлі бәле-кесепаттан сақтанып, бас емес, жаман дертті балаққа шығармайтындай халде болашаққа нық сеніммен қадам басайық. Сонда ғана әлем алдында мемлекет беделі, абыройы алтынмен әспеттелетіндей. Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен 9 желтоқсан сыбайлас жемқорлықпен халықаралық күрес күні деп аталып өтіледі [3]. Әлемнің дамыған 30 еліне кіру мақсаттарына жету үшін біз күшімізді біріктіру қажет, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте бірігу қажет. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында көрсетілгендей жетістікке жету, сыбайлас жемқорлыққа тек біртұтас ағза сияқты күрескенде ғана мүмкін.

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты халыққа жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері он жылдың ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы. <http://adilet.zan.kz>
2. Мемлекеттік қызмет туралы: Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 453-І Заңы (2014 жылғы 28 қарашадағы жағдай бойынша өзгерістері және толықтыруларымен).
3. Назарбаев Н. А. Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол: Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауы.

КАСПИЙДІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАҒАЛАУЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тілек А., студент

Ғылыми жетекші: Усенбаева А.У.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Каспий теңізінің экологиясын сақтау және қалпына келтіру мәселелері, оның жағалауының экологиялық жағдайы аймақ елдеріндегі экономикалық дамуы, Каспий теңізінің ластануы сирек кездесетін балықтар мен басқа да тірі организмдердің үлкен санының жойылуына алып келуі. Мұнай ластануының әсері суда жүзетін құстарда байқалуы, бекіре тұқымдастардың қоры ұдайы қысқаруы мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: акватория, дағдарыс, трансұлттық, пестицидтер, иммунитет.

Каспий теңізі кем дегенде екі себеп бойынша бірегей табиғи объект болып табылады. Біріншіден, оның "теңіз-көл" атағы бар, екіншіден, бұл алып көлде әлемдік бекіре қорының 90% - дан астамы бар. Сонымен қатар, теңіздің өзі шаян тәрізділер мен моллюскалардың көптеген сирек түрлері үшін, ал құрлық өз кезегінде сирек сүтқоректілер үшін үй болып табылады, мысалы Каспий итбалығы сияқты. Каспий теңізі соңғы жылдары қоршаған ортаның адам қызметінің қалдықтарымен ластануына байланысты экологтардың басты назарында болып отыр.

Соңғы жылдары Каспий теңізі сияқты ерекше табиғи объектінің экологиялық саулығын сақтау мәселесі өте өзекті мәселе ретінде танылады. Каспий теңізі - бірегей су қоймасы, оның көмірсутегі ресурстары мен биологиялық байлығы әлемде теңдесі жоқ. Каспий - әлемдегі ең көне мұнай өндіретін бассейн. Каспий проблемасы бүгінде өте өзекті, бірақ Каспийдің халықаралық-құқықтық мәртебесі және Каспий маңы мемлекеттері арасында мұнай ресурстарын бөлу мәселесі қалай шешілетініне қарамастан, Каспий аймақтағы ортақ экологиялық объект болып қала береді. Оның бір бөлігіндегі дағдарыс жалпы, бөлінбейтін экологиялық апатқа әкеп соғады, нәтижесінде әр мемлекеттің жеке жоспарлары мен оның даму перспективаларына әсер етеді.

Каспий аймағы (кең мағынада) Каспий теңізінің периметрі бойында орналасқан бес елді білдіреді; Бұл Әзірбайжан, Ресей, Қазақстан, Иран және Түркіменстан. Оларды «Каспий теңізі бассейні» деп атайды. Соңғы онжылдықтағы дипломатиялық тәжірибеде бұл термин аймақ елдеріне қатысты қолданылады [1].

Қазіргі уақытта техногендік қауіп-қатерлер мен тәуекелдер Каспийдің биоресурстарын пайдаланудан алынатын әрбір елдің пайдасымен еш байланысы жоқ. Мысалы, бекіре тұқымдас балықтарды аулау квоталарын анықтаудың қазіргі жүйесі кезінде мұнай өңдеу, гидростроительство, браконьерлік, өзен және теңіз суларының ластануы барлық елдер үшін шартты түрде бірдей болып қабылданады, бұл ақиқатқа сәйкес келмейді және жағдайды түзету жөнінде қажетті шаралар қабылдауды ынталандырмайды.

Теңізді ластаушы, әрине, мұнай. Мұнай ластануы Каспий фитобентосы мен фитопланктонының көк-жасыл және диатомды балдырлармен ұсынылған дамуын бәсеңдетеді, оттегі өндірісін төмендетеді. Ластанудың артуы су беті мен атмосфера арасындағы жылу, газ, ылғал алмасуға да теріс әсер етеді. Мұнай пленкасының едәуір алаңдарында таралуына байланысты булану жылдамдығы бірнеше есе төмендейді.

Каспий теңізінің ластануы сирек кездесетін балықтар мен басқа да тірі организмдердің үлкен санының жойылуына алып келеді. Мұнай ластануының әсері суда жүзетін құстарда байқалады. Бекіре тұқымдастардың қоры ұдайы қысқаруда. Мұнай шикізатын басқа шикізатпен алмастыруға болады, бірақ бекіре тұқымдас балықтарды ешнәрсе алмастыра алмайды және сіз мұнай өнімдеріне еш жерде сатып ала алмайсыз. Теңіздегі тірі организмдердің аурулары. Яғни, теңіздің ластануы теңіздегі тірі организмдердің ауруына әкеледі.

Бөтен организмдердің енуі. Жақында өткенге дейін бөтен түрлердің басып кіру қаупі елеулі болып саналған жоқ. Керісінше, Каспий теңізі бассейнінің балық өнімділігін арттыруға арналған жаңа түрлерді енгізу үшін полигон ретінде пайдаланылды. Каспийде бөтен организмдердің басқа теңіздер мен көлдерге шабуылы басталған кезде оқиғалар күрт сипат алды. Мәселен, ценофорлы мнемнопсистің жаппай көбеюі Каспий теңізі үшін нағыз апатқа айналды. Гребневик алғаш рет Азов теңізінде он жыл бұрын және 1985-1990 жылдары пайда болды. Азов пен Қара теңіздерді түбегейлі жойып жіберді. Бәлкім, оны Солтүстік Америка жағалауларынан кемелердегі балласты сулармен бірге алып келген; әрі қарай Каспийге ену онша қиын болған жоқ. Гребневик негізінен зоопланктонмен қоректенеді, күнделікті өзінің салмағының 40% - ын тұтынады, осылайша Каспий балықтарының тағамдық базасын бұзады.

Фенолдармен ластануы да бір фактор ретінде танылады. Фенолдар-хош иісті көмірсутектердің гидроксильді туындылары (ұшпалы және ұшпайтын). Ұшпа уытты және күшті иісі бар. Әдетте табиғи жағдайда фенолдар Органикалық заттардың биохимиялық тотығуы кезінде су организмдерінің метаболизмі процесінде пайда болады. Олар мұнай өңдейтін және басқа да кәсіпорындардың сарқынды сулары бар табиғи суларға түсетін ластаушы заттар болып табылады. Ауыз су және балық шаруашылығы су тоғандарының суындағы фенолдардың шекті рұқсат етілген шоғырлануы 1 мкг/л құрайды. Қазгидрометтің мәліметіне сәйкес (1992 жылғы су сапасының жылнамалығы) судағы фенолдардың орташа концентрациясы соңғы уақытта 6 РШК (0.006 мг/л) дейін өсті. 1996 жылы Каспийдің шығыс жағалауына жақын жердегі судағы фенолдардың орташа құрамы 3.9 мкг/л (3.9 РШК) құрады, бұл әртүрлі авторлардың тіркелген көрсеткіштеріне сәйкес болды [2].

Каспийдің теңіз ортасында көмірсутектермен қатар ауыр және өтпелі металдар – табиғи текті өнімдер (ерітілген және шөгінді нысандар), сондай-ақ өзен ағысы бар өнеркәсіптік қалдықтардың компоненттері түрінде енгізілген өнімдер ластаушы болып табылады. Металдар қоршаған ортаның әртүрлі әсер ету және түрлендіру түрлеріне бейім (физикалық, химиялық, биологиялық).

Каспийдің және оның жағалауының экологиялық проблемалары аймақ елдеріндегі экстенсивті экономикалық дамудың бүкіл тарихының салдары болып табылады. Бұған ұзақ мерзімді табиғи өзгерістер (теңіз деңгейінің ғасырлық ауытқуы, климаттың өзгеруі), сондай-ақ бүгінгі күннің өткір әлеуметтік-экономикалық проблемалары (өтпелі кезең, экономикалық дағдарыс, қақтығыстар, трансұлттық корпорацияларды енгізу және т.б.) да ықпал етеді.

Экологиялық проблемасы суда тіршілік ететін балықтарға және басқа да ағза түрлеріне, сонымен қатар қазіргі таңда саны азайып бара жатырған итбалықтарға да өз зиянын тигізуде. Каспийдегі итбалықтардың жаппай індетке ұшырауы жиілей түскендей. 2000 жылы Каспий теңізінде 30 мыңға жуық итбалық қырылған, оның 10 мыңнан астамы Қазақстан жағалауынан табылған болатын. Теңіз жануарларының өлі денелерін қатты жел Каспийдің солтүстігінен оңтүстік акваториясына ағызып әкелген еді. Ол кезде итбалықтардың қырылу себебін мамандар хроникалық токсикоз деп атады. Яғни, жануарлардың өлі денелерінен шикі мұнайдың ыдырау өнімдері, отын мен

флот мазуты, сондай-ақ пестицидтер табылған. Бұл итбалықтардың иммунитетінің күрт төмендеп, салдарынан жұқпалы ауруға шалдығуына әкеп соқтырған.

Каспийдің жағдайы мен ластануы бойынша туындаған проблемалар өңірдегі қоршаған ортаны қорғау жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды талап етеді. Каспий теңізінің экологиялық жағдайын сауықтыру және қалпына келтіру үшін 1998 жылдан бастап бес жағалаудағы мемлекет үкіметтерінің шешімімен Каспий экологиялық бағдарламасы (Тасис, ЮНДП, Дүниежүзілік банк) жұмыс істей бастады.

Маңғыстау облысы Қазақстанның оңтүстік-батысында орналасқан, солтүстік-шығысында Атырау және Ақтөбе облыстарымен, батысында теңіз бойынша Ресей Федерациясымен, Әзербайжанмен және Иранмен, оңтүстігінде Түрікменстанмен және шығысында Өзбекстанмен шектеседі. Маңғыстау облысының аумағы 165,6 мың кв км құрайды. Облыста 2 қала (Ақтау, Жаңаөзен), аудандық маңызы бар бір шағын қала, 5 аудан және 58 ауылдық елді мекен бар. Бұл өнеркәсіптік өңір, мұнда Қазақстан мұнайының 25% өндіріледі.

Облыстың ауданы 165,6 мың кв км құрайды. 2019 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша халық саны 693,5 мың адамды құрады, оның ішінде қала халқы 272,6 мың адам (39,5%).

Облыс экономикасының негізін мұнай-газ өнеркәсібі құрайды. Өңірге елдің тау кен өндіру өнеркәсібінің 18%-і тиесілі (2-орын). Өңірде химия өнеркәсібі, машина жасау, мұнайды қайта өңдеу өнімінің өндірісі және құрылыс материалдарының өндірісі дамыған. Өңір ЖӨӨ көлемі бойынша 5-орынға ие.

Маңғыстау облысының экономикалық дамуы соңғы үш жылда 3,7 пайызға өсті, 2019 жылдың 10 айындағы өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2 440,2 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,2%-ға артқан. Тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі көлем – 2,194 млрд теңге, өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемі 0,1% артып, 139 млрд теңгені құрады.

Өңірдің нақты көлем индексі 2019 жылғы қаңтар-қазанда тау-кен өндірісі өнеркәсібі саласындағы техникалық қызметтердің 106,5%-ға өсуіне байланысты, сондай-ақ, ет өнімдерін өндірудің 139,3%-ға және сүт өнімдерін өндірудің 110,8%-ға өсуі есебінен 100,2% құрады.

Сонымен қатар, негізгі капиталға салынған инвестициялар 10 айда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,7%-ға өсіп, 445,2 млрд теңгені құрады [2].

Құрылыс жұмыстарының көлемі 134,7 млрд теңгені немесе 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 81,7% құрады. 2019 жылдың қаңтар-қазан айларында 961,3 мың ш.м. тұрғын үй пайдалануға берілді.

2019 жылы әлеуметтік салаға 106,5 млрд теңге бөлінді, оның 78,3 млрд теңгесі білім беру саласына, 4,4 млрд теңгесі – денсаулық сақтауға.

Қазіргі уақытта қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті жолдардың үлесі 92% құрайды. Республикалық және облыстық бюджеттерден жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын салуға, күрделі, орташа, ағымдағы жөндеуге және күтіп ұстауға, салуға 23,5 млрд теңге бөлінді, оның 2019 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 7,6 млрд теңгесі игерілді.

Бүгінде Маңғыстау облысында кәсіпкерліктің даму динамикасының оң нәтижелері бар. Алғашқы 7 айда жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпорындардың саны 53 000 бірлікті құрады. Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны 114 мың адамға жетті, ал олардың үлесі 37% құрады. Көрсеткіштердің өсуі елімізде іске асырылып жатқан «Бизнестің жол картасы - 2020», «Қарапайым заттар экономикасы», 2017-2021 жылдарға арналған нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламаларының арқасында мүмкін болды.

Дүниежүзілік банктің рейтингінің нәтижелері бойынша Маңғыстау облысы бизнес жүргізу жеңілдігі бойынша Алматыдан кейін екінші орында екенін атап өткен жөн.

Биыл 10 айда жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 54 мың бірлікті құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 6,5%-ға артық.

2019 жылдың 1 қарашадағы жағдай бойынша «Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында 70,5 млн теңге сомасына 57 жобаға несиені жартылай кепілдендіру мақұлданды. 635 жаңа жұмыс орнын құрумен ждалпы несие сомасы 3,3 млрд теңгеге жаңа 104 жоба бойынша субсидиялар төленді. Сонымен қатар жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне бағдарлама аясында 26 жаңа жұмыс орнын құрумен 21 млн теңге сомасына 9 грант берілді.

2017-2021 жылдарға арналған нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламасы аясында және «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ 1 қарашадағы жағдай бойынша жалапы сомасы 548,5 млн теңгеге 95 жаңа жұмыс орнын құрумен 47 шағын несие берілді.

Тұрғындарға шағын несие беруді «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «Аграрлық несие копорациясы» АҚ филиалы, «Атамекен» шағын қаржы ұйымы» ЖШС жүзеге асыратынын айта кеткен жөн.

«Нұр Капитал» өңірлік бағдарламасы несиелерді жылдық 1% мөлшерлемен беру арқылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға және дамытуға бағытталған. Бағдарлама іске қосылғаннан бері (2018 жылғы қараша) жалпы сомасы 2,2 млрд теңгеге 932 жаңа жұмыс орнын құрумен 113 жоба берілді [3].

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында елімізде қоғамның экономикалық қалыптасуының сапалы жаңа кезеңін дамытуға бағытталған бірқатар перспективалы жобалар іске асырылып жатыр. 2019 жылдың 18-19 қарашада ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Маңғыстау облысына жұмыс сапары аясында Әзербайжан Премьер-Министрі Али Асадовпен Каспий теңізінің түбінде екі ел арасындағы байланыстың талшықты-оптикалық желісін (ТОБЖ) салу бойынша «Trans Caspian Fiber Optic» (TCFO) салуды бастау салтанатты рәсіміне қатысты.

Жоба трансқұрлықтық бола отырып, Еуропа мен Азия арасындағы цифрлық телекоммуникациялық дәлізді құрады. Каспий теңізінің түбінде ұзындығы 380-400 шақырымға жуық болатын кабель тарту жұмыстарын «Транстелеком» АҚ, «KazTransCom» АҚ және «AzerTelecom» әзербайжан байланыс операторы жүзеге асырады. ТОБЖ 2021 жылдың соңына қарай пайдалануға беріледі, ол кемінде 4-6 терабит/с сыйымдылықпен ақпараттарды жеткізуге мүмкіндік береді.

TransCaspian Fiber Optic (TCFO) – Каспий теңізінің түбінде Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы байланыстың талшықты-оптикалық желісін салу бойынша ауқымды жоба. Бұл тығыз сауда-экономикалық қатынастар тамырымен тарихи өткенмен байланысатын екі елдің әлеуетін дамытудың жаһандық бастамаларының бірі.

Бұл бизнестің халықаралық инвестициялық белсенділігін ынталандыратын, өмірдің барлық салаларына әсер ететін жаһандық цифрлық трансформацияның арқасында мүмкін болды. Қазақстан мен Әзербайжан әлемдік қоғамдастықтың бөлігі бола отырып, екі ел экономикасының сәтті дамуы үшін қажетті осы процестерге қатысады. Бұған цифрлық технологиялармен жұмыс істейтін бизнесті дамытуды қарастыратын және экономиканың тұтастай трансформациялану процесін қолдайтын «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы ықпал етеді.

Smart city, IoT, Big Data, 5G секілді жаңа технологиялардың қарқынды дамуы байланыстың магистральдық желілерін дамытусыз мүмкін емес. Осы тұрғыдан TransCaspian Fiber Optic Еуропа мен Азия арасындағы транзиттің барлық қажеттіліктерін толықтай қанағаттандыратын, екі ел үшін стратегиялық маңызды жобаға айналмақ.

Орталық Азия, Қытай және Еуропа елдері арасындағы коммуникацияны дамыту бойынша халықаралық синергия — «Бір белдеу, бір жол» аясында — Транскаспий ТОБЖ құру екі елдің экономикасын дамытуда және бүкіл Каспий маңы аймағында бизнес белсенділікті ынталандыруда жаңа мүмкіндіктер ашады.

Айта кету керек, TransCaspian Fiber Optic (TCFO) Қазақстан мен Әзербайжанның барынша тығыз интеграциялануына үлкен мүмкіндіктер береді. Прогрессивті цифрлық технологиялардың болуы коммуникациялық мүмкіндіктермен тікелей байланысты, және Каспий теңізінің түбі бойынша салынған жаңа магистраль Орталық Азия аймағын Еуропамен байланыстыратын, цифрлық Жібек жолын дамытуда маңызды рөл атқарады. Каспий теңізінің түбіндегі бұл учаске бұған дейін Гонконгтан Франкфуртқа дейінгі бағытты байланыстыруға мүмкіндік берді. Бұл жоба жаңа мүмкіндіктер ашады. Бүгінгі таңда Қазақстанда өткізу қабілеті шамамен 4 терабайт және бұл жоба өткізу қабілетін 2-2,5 есе арттырады. Егер біз бұған дейін Қазақстан бойынша шамамен 15 млрд теңге кіріс тапсақ, онда бұл жоба транзиттен түсер кірісті 2-2,5 есеге арттырады [4].

Облыста Қазақстанның «теңіз қақпалары» — аттас халықаралық транзиттік порты бар Ақтау қаласы орналасқан, бұл еліміздің транзиттік-көліктік әлеуетін дамытуда маңызды мәнге ие. Ақтау портының оңтүстігінде, Каспий теңізінің шығыс жағалауында автокөлік транзитіне жаңа мүмкіндіктер беретін Құрық мультимодальды паром кешені орналасқан. Жалпы, көлік инфрақұрылымының дамуы экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне мультипликативті әсер береді және жаңарған Жібек

жолының сауда ағындарына жаңа серпін береді, осылайша ынтымақтастықты кеңейтеді және өңірдің экономикалық дамуына ықпал етеді.

Қазіргі уақытта Каспий бассейнінде порттарды дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиясы бар. Стратегия 2017 жылы бекітілді, ол Каспийде Қара теңіз және Жерорта теңізі бұғаздарына, сондай-ақ Суэц каналы арқылы дәстүрлі теңіз жолына бәсекеге қабілетті балама ретінде транзиттік сауда құруды көздейді. Жүктердің негізгі қозғалысы қытай мен Үндістан аумағынан Еуропа елдеріне, сондай-ақ Сауд Арабиясы мен Парсы шығанағының басқа да елдеріне қарай жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда Ақтау порты — Қазақстанның ірі хабы. Осы жерден біздің көрші мемлекеттердің порттары арқылы әлемнің кез келген нүктесіне жүк жіберуге болады. Порт — басты, құрғақ жүктерді, мұнай мен астықты толық тиеп жөнелтуді қамтамасыз ететін көп функциялы заманауи кешен. Темір жолдар мен автомобиль трассалары осында түйіседі. Жалпы, Ақтау порты өзінің техникалық параметрлері бойынша халықаралық стандарттарға толық сәйкес келеді. Порттың су айдыны қауіпсіз тұрақ, кемелерге жан-жақты қызмет көрсету және жүк операциялары үшін арнайы жабдықталған. Порттың өткізу қабілеті 16,5 млн тоннаны құрайды. Жоғары интеграцияланған экономика және халықаралық бағдарларды қайта бағдарлау жағдайында Ақтау порты транзиттік тасымалды дамытуға бағыт алды [4].

Теңіз инфрақұрылымын дамыту мен өңірдегі жүк айналымын ұлғайтудың негізгі басымдықтарының бірі Каспий бассейнінің порттары арасындағы контейнерлік тасымалдар көлемін арттыру және жүктердің жаңа түрлерін тарту. Қазіргі уақытта Қазақстан, Қытай, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азия, Түркия және Оңтүстік Еуропа елдері арасындағы жүк тасымалын қамтамасыз етуге бағытталған Транскаспий халықаралық көлік маршрутын (ТХКМ) дамытуға көп көңіл бөлінуде.

Ақтау порты - осы бағыттағы маңызды түйіндердің бірі. Маршруттың әлеуеті өте жоғары - жылына 300 мың контейнерге дейін. Сондықтан Қазақстанда Солтүстік теңіз терминалы мен Құрық порты қосымша құрылды. Ақтау порты да жаңа мамандандырылған техника сатып алу арқылы осы көлемдерге белсене дайындалуда. Бүгінгі таңда порттың сыйымдылығы жылына 40 мыңға дейін контейнерді қабылдауға және өңдеуге мүмкіндік береді, бірақ стратегиялық мақсаттары әлдеқайда жоғары 75-100 мың контейнер. Қазіргі уақытта Құрық портының паром кешені заманауи инфрақұрылым нысандарымен жабдықталған. Порттың жобалық қуаты жылына 6 млн тонна жүкті құрайды. Порттың одан әрі дамуы әмбебап аймақтың құрылысын және габаритті емес және басқа да жүктерді ауыстырып тиеу үшін кран орнатуды көздейді. Порт жұмыс істей бастағаннан бері 1128 кеме өңделді, жүктерді ауыстырып тиеу 3,7 млн тоннадан астам жүктерді құрайды. 2019 жылдың тоғыз айында 1 млн 62 мың тоннаға жуық түрлі жүк өңделді, оның 600 мың тоннасы импорт бағытында, 463 мың тоннасы экспорт бағытында.

Жалпы, порттың теміржол және автомобиль инфрақұрылымдары Құрық порты арқылы транзиттік және Түркиядан/Түркияға экспорттық-импорттық бағытта өтетін барлық жүктерді қабылдауға және шұғыл қызмет көрсетуге толық дайын.

Осыған байланысты, еліміздің көліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Каспийдегі паромдар қозғалысын дамытуға жаңа серпін беру үшін, бастапқы кезеңінде екі бірлік мөлшерінде Қазақстанның меншікті теміржол паромдарын салу, әрі қарай паромдардың санын төртке дейін көбейту мәселесі пысықталуда. Меншікті паромдардың болуы Каспий аймағындағы көлік паром тасымалдары нарығына толық құқылы серіктес ретінде кіруге, нарық конъюктурасына байланысты жүктерді тасымалдау маршруттарын дербес анықтауға және сыртқы халықаралық факторлардан тәуелсіз болуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен «Ақтау қаласының курорттық аймағын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары» жасалды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының туристік индустриясын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына Каспий теңізі жағалауындағы теңіз курортының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту шаралары енгізілген [5].

Қазіргі таңда Каспий аумағында туризм саласы қарқынды даму үстінде. Кең байтақ Қазақ жерінің табиғатының сан қырлы сұлулығын көріп таң қалмау мүмкін емес. Туризмді дамытып әлемге паш ететін Маңғыстаудың туристік потенциалы мол.

Маңғыстау облысында басымдық берілген саланың бірі - туризм кластері. Туризм индустриясы саласының әлеуеті – инфрақұрылымды жақсарту, өңірлерді дамыту және қалықты жұмыспен қамту, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Осы бағытта қазір Ақтау қаласында түркиялық инвесторлардың (Сембол Контракшн) қатысуымен құны 57 млрд.теңге болатын 500 орынға арналған туристік қонақ үй кешенінің құрылысы жүруде.

Қорытындылай келе, Өңірдегі экономикалық жағдайды одан әрі дамыту қажет. Ол үшін экономиканы әртараптандыру және бәсекелестікті арттыру үшін жаңа өнімдер өндірісін ретке келтіру қажет, бұл экономикалық қызметтің кеңейіп, қызмет көрсетудің басқа да салаларына енуіне себеп болады.

Маңғыстау өңірін дамытудағы негізгі басымдықтар мен қабылданған шешімдер өз дәрежесінде іске асса, экономикалық өсімнің қарқыны мен сапасын арттыруға, сонымен қатар, халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға мүмкіндік беретінін айтты

Жоғарыда айтылғанның барлығы экономиканың тұрақтылығы мен әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштердің жақсаруының нәтижесі болып табылады, яғни, түйіндеп айтар болсақ, мұның бәрі қазыналы қаламыздың экономикасын дифференциациялауға және бәсекеге сай болуына мүмкіндіктер туғызады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» ҚР Президентінің Жолдауы 02 қыркүйек 2019 жыл. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы <https://primeminister.kz/kz/news>
2. Маңғыстау облысының 2019 жылды қорытындылау есебінен. <https://mangystau.edu.kz/>
3. «Нұр Капитал» өңірлік бағдарламасының Маңғыстау облысы бойынша есебі <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau>
4. Қазақстан-Әзербайжан Премьер-Министрлері Каспий теңізінің түбінде салынатын ТӨБЖ құрылысын ашуы, 19 қараша 2019жыл <https://egemen.kz/article/>
5. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы, 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ДОБЫЧИ УГЛЕВОДОРОДОВ В КАСПИЙСКОМ РЕГИОНЕ В УСЛОВИЯХ КРИЗИСА

Тараскина Ю.В.

ФГБОУ ВО Астраханский государственный технический университет,
г. Астрахань, РФ

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы развития добычи жидких углеводородов в бассейне Каспийского моря: представлены данные об объемах разведанных запасов, выявлены причины привлекательности региона для инвесторов, проведен анализ воздействия мирового кризиса COVID19 на нефтяную отрасль и динамику цен на нефть, приведены инструменты нивелирования его воздействия.

Ключевые слова: нефтяная отрасль, Каспийское месторождение, запасы, кризис, нефтедобыча.

В настоящее время энергетические интересы пяти суверенных прикаспийских государств России, Казахстана, Азербайджана, Ирана, и Туркменистана столкнулись в регионе Каспийской нефтяной провинции. После распада СССР в 1991г. возникли противоречия и геополитические споры по вопросам раздела как балансовых, так и потенциальных запасов углеводородов нефтегазоносных месторождений Каспия. Каспийский регион является одним из старейших регионов нефтедобычи в мире.

Геологическое районирование говорит о том, что Каспийское море имеет три основных нефтегазоносных бассейна: Южно-Каспийский, Средне-Каспийский и Северо-Каспийский. При этом в недрах этих бассейнов выделяют 10 продуктивных областей.

Специалисты в области геологоразведки расходятся в оценке объемов разведанных запасов углеводородов Каспийского моря. Российские специалисты считают, что объем всех запасов, включая нефть, природный газ и газовый конденсат, составляет 12 миллиардов тонн условного топлива, из которых 7 миллиардов тонн приходится на каспийскую нефть, однако эту оценку можно назвать одной из самых пессимистичных. По данным других источников только запасы нефти акватории Каспийского моря составляют 12 миллиардов тонн. Распределение нефтяных ресурсов, по странам региона, представлено на рисунке 1[1].



Рисунок 1 – Подтвержденные запасы нефти в Каспийском бассейне, млрд.т.

По версии транснациональной нефтегазовой компании British Petroleum[2], объем суммарных запасов нефти пяти прикаспийских государств составляет примерно 30 миллиардов тонн, а это примерно 19% всех доказанных мировых запасов нефти.

По данным Международного энергетического агентства (IEA) запасы жидких углеводородов на прибрежных территориях и бассейне Каспийского моря только четырех прикаспийских государств составляют 54,5 млрд.баррелей (рисунок 2)[3].




Рисунок 2 - Запасы жидких углеводородов на прибрежных территориях и бассейне Каспийского моря по данным IEA в млрд.барр.

По прогнозам данного агентства, добыча нефти в Каспийском регионе к 2024 году достигнет объемов 200 млн. тонн в год.

Приведенные выше данные, позволяют сделать вывод, что объемы запасов нефти Каспийского бассейна дают возможность прикаспийским государствам оказывать значительное влияние на мировой рынок нефти.

Однако существует негативный фактор, который сдерживает развитие Каспийской нефтеносной провинции – это ее географическое положение. Именно удаленность региона от основных потребителей углеводородного сырья делает затруднительной его доставку. Каспийское море является морем-озером, по причине этого отсутствует прямой морской путь доставки нефти и газа потребителям, а ведь именно морской транспорт является самым дешевым после трубопроводного, но его эффективное использование не представляется возможным из-за ограничения размеров нефтеналивных судов. Доставка углеводородов железнодорожным транспортом влечет за собой значительные расходы, что приводит к невысокой рентабельности такой транспортировки.

Нефть из Каспийского региона может попасть на мировые рынки только через Россию, Грузию, Иран или Турцию. Наиболее экономическими выгодными являются российский (Баку-Грозный-Новороссийск и далее в Средиземное море) и иранский (Баку-Тебриз – Тегеран – Абадан к Персидскому заливу) маршруты. Но оба не устраивали США и ЕС и ряд крупных региональных игроков, что дало толчок формированию новых коридоров транспортировки стратегического сырья (согласно интересам прежде всего ЕС) и новых геополитических линий и геополитических опорных точек (согласно интересам США), конфигурации которых естественным образом совпадают.

В настоящее время наблюдается ажиотажный интерес со стороны ведущих мировых держав к Каспию, как к нефтеносному региону. Можно утверждать, что Каспийский регион превратился в один из центров сосредоточения активности ведущих мировых нефтегазодобывающих компаний. Уровень активности подтверждают данные о корпорациях, которые в данный момент участвуют в разработке нефтяных и газовых месторождений Каспийского моря: 17 ведущих компаний США, в том числе такие гиганты как Chevron Oil, Exxon; 4 французских компании, включая Total; 7 британских, в числе которых British Petroleum, 5 японских. В числе других стран, осуществляющих деятельность по нефтегазодобыче, следует перечислить: Южную Корею, Италию, Германию, Турцию, Аргентину, Малайзию, Сингапур, Норвегию, Саудовскую Аравию, Финляндию, Австралию, Голландию, Китай, Оман, Румынию, Индонезию, Израиль. И этот список далеко неполный и не учитывает совместных проектов, реализуемых на шельфе Каспийского моря.

Следует отметить, что такой активности не наблюдается больше ни в одном нефтегазонасном месторождении мира. На наш взгляд, это обусловлено следующими причинами:

Во-первых, распад СССР способствовал установлению контроля американских и европейских компаний над запасами Каспийского моря предоставил американским и европейским нефтяным монополиям прекрасный шанс установить контроль над одним из самых богатых нефтеносных регионов мира ввиду того, что он привел к разобщению стран прикаспийского региона. До настоящего времени не существует никакого совместного договора о защите своих интересов между прикаспийскими государствами, такого например как у стран ОПЕК. Большую роль также сыграло то, что Россия, Казахстан, Азербайджан и Туркменистан, получив независимость, долгое время испытывали значительные политические и экономические трудности. Этой ситуацией воспользовались богатые нефтяные корпорации, получив возможность оказывать как экономическое, так и политическое давление на правительства вышеперечисленных государств, не рискуя натолкнуться на серьезное сопротивление с их стороны.

Во-вторых, в последние десятилетия значительно возросла роль углеводородов для экономики как развитых, так и развивающихся стран - это привело к необходимости повышения их энергетической безопасности, заставляет правительства этих стран вступать в борьбу за право контроля над мировыми энергетическими ресурсами, независимо от того, где они расположены.

В-третьих, современное положение дел таково, что нефтяной и газовый бизнес стали одним из самых высокодоходных видов предпринимательства, что привело к тому, что все страны мира вступили в жесточайшую конкуренцию по возможностям вложения капитала в нефтегазодобывающий сектор, а Каспийский регион предоставил им возможность разместить эти вложения с минимальными усилиями. Так в Азербайджане осуществляют свою деятельность 33 крупные иностранные компании, общий объем инвестиций которых в нефтяную отрасль Азербайджана составляет 40 млрд.\$. Объем привлеченного иностранного капитала в Казахстане составил примерно 36 млрд.\$. Однако Россия и Иран значительно отстают по этим показателям.

В 2020 ситуация кардинально поменялась. С начала года наблюдается резкое, можно даже сказать катастрофическое падение цен на нефть, что привело к значительному снижению доходности мирового нефтяного сектора и как следствие не могло не сказаться на объемах добычи нефти на Каспии. Компании практически отказались от капитальных вложений в разведку и разработку новых месторождений, сосредоточив свои усилия на эксплуатации существующих промысловых зон.

Основными причинами падения нефтяных котировок в первые два месяца 2020 стали:

- увеличение объемов добычи сланцевой нефти в США;
- продолжающийся вооруженный конфликт в Сирии и Ираке, который не дает возможность взять под контроль месторождения региона;
- рост объема поставок из стран, не являющихся членами ОПЕК, которые не ограничены ежедневными квотами на добычу;
- выход России из сделки ОПЕК+;
- общий мировой экономический кризис, вызванный пандемией COVID-19.

Таким образом, увеличение объемов добычи нефти и резкое сокращение спроса на нее привело к обрушению нефтяных рынков в марте-апреле 2020г. Динамика цены на нефть марки BRENT в 2020 году представлена на рисунке 3.




Рисунок 3 - Динамика цены на нефть марки BRENT с 01.01.2020 по 16.04.2020г.

Из рисунка 3 видно, что с января по апрель 2020 года цена на нефть марки BRENT упала более чем в 3 раза с 66 \$ за баррель в январе, до 21 \$ за баррель в апреле. Следует отметить, что в некоторые дни котировки нефти были вообще отрицательными, чего не наблюдалось в истории торгов никогда.

В сложившейся ситуации долгосрочные прогнозы не представляются возможными, поэтому определим основные краткосрочные перспективы рынка жидких углеводородов.

По ожиданиям аналитиков в 2020 году будет наблюдаться рекордное сокращение мирового спроса на нефть до 9,3 млн. баррелей в сутки. В результате введения ограничительных мер по сдерживанию COVID9 на территории 187 стран отмечается почти полное прекращение мобильности. По предварительным оценкам, спрос на нефть в апреле 2020г. упал на 29 млн. баррелей к уровню апреля 2019г. Последний раз уровень спроса на нефть находился на этой отметке в 1995 году. По прогнозам в мае 2020 спрос будет ниже на 23 млн. баррелей в сутки по сравнению с аналогичным периодом 2020г. Восстановление спроса на нефть по наиболее реалистичному сценарию ожидается к декабрю 2020г.

Таким образом, в настоящее время нефтяная отрасль, как и весь мир, переживает один из самых серьезных кризисов со времен Великой депрессии в 1930-х годах. Ограничительные меры, введенные в 187 странах, хоть и различны по объему, но однозначно привели к повсеместному сокращению активности в транспортном секторе, и почти полному отказу от авиаперевозок. Даже если предположить, что ограничения на поездки будут сняты во второй половине года, мы ожидаем, что мировой спрос на нефть в 2020 году упадет на 9,3 млн. баррелей в день по сравнению с 2019 годом, что приведет к потере почти десятилетнего роста.

Не вызывает сомнений, что ситуация требует принятия радикальных мер на самом высоком уровне. Для преодоления кризиса на мировом нефтяном рынке только за последние две недели было осуществлено два стратегических мероприятия:

1. Группа стран производителей нефти ОПЕК + подписала соглашение о сокращении добычи нефти на 9,7 млн баррелей в сутки, начиная с 1 мая.

2. В виду беспрецедентной глубины кризиса, по инициативе Международного энергетического агентства (IEA) состоялась экстренная встреча министров энергетики стран G20 с участием представителей других стран, в ходе которой велись переговоры по сокращению производства нефтепродуктов в краткосрочной перспективе.

Следует отметить, что меры, принимаемые группой стран, входящих в ОПЕК + и странами G20, не смогут привести к немедленному установлению равновесия на нефтяном рынке, однако снижение избыточного предложения и сглаживание кривой роста запасов помогут нефтяной отрасли избежать пессимистического сценария развития кризиса.

Не смотря на то, что низкие цены на нефть кажутся привлекательными для потребителей, они не приносят никакой пользы, не говоря уже о вреде странам-производителям нефти, ввиду того, что низкие цены на нефть влияют на уровень жизни миллионов людей, занятых в обширной цепочке создания стоимости в нефтяной промышленности. А ущерб, наносимый экономике слабых стран-производителей, может привести к нарушению социальной стабильности. Не следует забывать, что роль нефтяной отрасли остается центральной в функционировании мировой экономики и нарастающий кризис может привести к катастрофическим последствиям.

Преодолению негативного воздействия кризиса, вызванного пандемией Covid-19 можно только солидарностью, которую должны проявить политики высшего уровня, как стран-производителей нефти, так и стран-потребителей. Только совместная работа и договороспособность позволят решить проблему обеспечения стабильности на рынке нефти.

ЛИТЕРАТУРА

1. О. Герасимов Каспийская петля// Новый оборонный заказ. Стратегии. – 2016. - № 4(41). [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://dfnc.ru/c108-novosti-2-1/kaspijskaya-petlya/>
2. British Petroleum. Официальный сайт. Режим доступа: <https://www.bp.com/>
3. Международное энергетическое агентство (IEA). Официальный сайт. Режим доступа: <https://www.iea.org/>

УДК 658.51

ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ СИСТЕМЫ ПЛАНИРОВАНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КОМПАНИИ

Таскинбайкызы Ж.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, Казахстан, г. Актау.

Аннотация. Планирование является способом совершенствовать развитие компании, показателей среды его деятельности: производства и поставок продукции, потребления и использования ресурсов компании, рынка продукции и цен, затрат и результатов, денежных потоков и эффективности функционирования.

Ключевые слова: планирование, эффективность, сбалансированная система показателей, бизнес-процесс, стратегическая карта

Эффективное планирование улучшает результаты работы компании. Профессор Р.А. Фатхутдинов отмечает что, планирование должно:

- 1) синтезировать в единое целое технические, технологические, экологические, экономические, управленческие и другие аспекты развития объекта управления;
- 2) интегрировать различные стороны управляемого объекта (например, миссию, потенциал, структуру, корпоративную культуру, систему менеджмента и др.);
- 3) ориентировать на достижение стратегических целей, которые обеспечивают удовлетворение стратегических общественных, корпоративных и личных интересов;
- 4) воплощать в себе научные достижения в области экономики, техники, управления и других наук;
- 5) быть гибким и учитывать многовариантность стратегических ситуаций, которые возникают во времени и в пространстве;
- 6) концентрировать стратегические и тактические конкурентные преимущества объектов управления, внешней среды, умения, знания, опыт всего коллектива. В разработке плана должны принимать участие все творческие сотрудники компании;
- 7) стратегический план должен быть умеренно рискованным, но не занижающим преимущества конкурентов и не завышающим свои преимущества [1].

Условиями повышения качества планов являются:

- применение научных подходов к управлению;
- применение принципов планирования;
- повышение качества информационного планирования.

А.Гершун в учебнике «Технологии сбалансированного управления», отмечает, что процесс реализации новой концепции управления состоит из четырех этапов:

- разработка сбалансированной системы показателей (ССП) - превращение перспективных планов, стратегий в совокупность поставленных целей и мероприятий.

После разработки системы, она должна быть интегрирована в управленческий процесс;

- сцепление - увязку всех иерархических уровней (от высшего управленческого звена до вспомогательных звеньев), путем выстраивания соответствующих целей и показателей компании, стратегической коммуникации и обеспечение компенсации за инициативные решения;

- планирование - определение путей достижения во временном отрезке запланированных результатов, через конкретные разработанные плановые задания, распределение ресурсов, проектирование стратегических мероприятий;

- обратная связь и обучение - тестирование теоретической базы стратегии, ее обновление с последующим отражением полученных знаний.

Сбалансированность следует понимать именно как баланс между будущим и настоящим, что требует от менеджеров компании анализа всех важных процессов с точки зрения того, какие шаги в настоящем приведут компанию к определенным результатам в будущем [2].

Концепция ССП предполагает анализ, как внутренних процессов в компании в их взаимосвязи и взаимообусловленности, так и анализ влияния внешней среды на устойчивое состояние, что обусловлено тем, что не только предприятие «движется» к целевому состоянию, но и само пространство (внешнее окружение), в котором происходит движение, изменяется.

Отсюда и следует необходимость в непрерывном мониторинге внешней среды, позволяющего своевременно реагировать на изменение множества экзогенных параметров.

Сбалансированная система показателей (ССП) - это не просто система измерения, а система управления, которая позволяет организации четко сформулировать планы и стратегию на будущее, но и воплотить в реальные действия.

Она обеспечивает обратную связь между внутренними бизнес-процессами и внешними показателями, необходимую для повышения стратегической эффективности и достижения конечных экономических результатов [3].

ССП состоит из четырех составляющих: финансы, внутренние бизнес-процессы, клиенты и персонал (рисунок 1).




Рисунок 1 - Сбалансированная система показателей внутрифирменных управленческих

Необходимость введения в компании ССП связана с тем, что при реализации стратегии недостаточно оценивать деятельность компании лишь по финансовым показателям, характеризующим, как правило, результаты прошедшего периода.

Крайне важно оценить ресурсные возможности компании, представляющие собой долгосрочные активы, определяющие кадровый, технологический, организационный потенциал, необходимый для достижения стратегических целей.

В ССП для анализа причинно-следственных связей используются стратегические карты. Пример такой карты для компании представлен на рисунке 2.




Рисунок 2 - Примерная корпоративная стратегическая карта компании

Системный подход реализуется в ССП через включение в анализ таких составляющих, как клиенты, внутренние бизнес-процессы, обучение и развитие. При этом анализ внутренней среды организации ведется по двум направлениям: внутренние бизнес-процессы (послепродажное обслуживание, инновационный процесс,

операционный процесс), обучение и развитие сотрудников (сохранение кадрового состава, удовлетворенность работников, эффективность работника).

Анализ внешней среды в ССП реализован через составляющую - клиенты (доля рынка, расширение клиентской базы, сохранение клиентской базы, удовлетворение потребностей клиента, прибыльность клиента).

Раскрытие экономической сущности изучаемого явления и процесса возможно в результате анализа причинно-следственных связей и выявления факторов, которые обеспечивают достижение результативного показателя.

Таким образом, сбалансированная система показателей является инструментом, который позволяет полномасштабно увязать стратегические планы предприятия с оперативным планированием бизнеса. Кроме того, новая система дает возможность принимать вполне объективные решения в области распределения ресурсов компании. При полном внедрении ССП преобразует стратегическое планирование из теоретического упражнения в ключевую деятельность компании.

ЛИТЕРАТУРА

1. Фатхутдинов Р.А. Стратегический менеджмент. - М.: Дело, 2015.
2. Гершун А. Технологии сбалансированного управления. - М.: ЗАО «Олимп-Бизнес», 2019.
3. Ильин А.И. Планирование на предприятии. Учебник. - Мн.: Новое знание, 2017.

ӘОЖ 338.48(045)

ТУРИСТІК САЯХАТТЫҢ МОТИВАУИЯСЫНДАҒЫ ТУРИСТІК ДЕМАЛУ ОРНЫНЫҢ ОРНАЛАСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ РӨЛІ

Жангожаева Э.Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Туризм – бұл қысқа уақыт аралығына негізделген, нақты ойластырылған және орындалу әдісімен сипатталатын өмір және оның әртүрлілігі. Туризм көптен бері адам өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналды. Кез келген саяхаттың түп тамырында мотивация болады. Туристтік саяхатты таңдау мотивациясы туристің саяхатты, демалысты және тағы да басқа заттарды жоспарлау кезіндегі әрекетке тікелей әсер етеді.

Түйінді сөздер: турист, мотивация, орналасу орны, саяхат, шығу пункті.

Туристтік саяхаттың мақсаты туристік демалу орнын таңдау арқылы шешіледі. Бұл кез-келген аймақ жергілікті жер немесе ұлттық территория болуы мүмкін. Коммерциялық деңгейде туристік демалу орны маусымдық және жыл бойғы тек демалу мақсатымен ғана емес басқа да мақсаттармен жасалған саяхат арқылы анықталады. Туристтік демалу орны бұл- туристің саяхат мақсаты болып табылады.

Қабылдау қабілеттілігіне қарай туристік демалу орындары 2 санатқа бөлінеді:

1) Туристердің көп ағылшын қабылдайтын, бірақ өзінің туристік бейнесіне зиян келтірмейтін және оны жоғалтпайтын ірі қала.

2) Белгілі бір шекте туристерді қабылдай алатын аймақ, тіпті орналастыру орындарын көбейткен жағдайда (Мысалы: жағажай көлемі, тау беткейінің ұзындығы

және т.б көрсеткіштерімен қабылдау қабілеттілігі анықталатын таулы курорт). Аймақты мұндай объектілердің шектен тыс көбеюі қоршаған ортаға, демалып жатқан адамдарға жағымсыз әсер етуі мүмкін. Мұның нәтижесінде туристік демалу орны тартымды болмайды.

Тығыздықтың белгілі бір деңгейге жетуі туристік қозғалыстың интенсивтілігінің төмендеуіне әкеледі; туристік өнімнің потенциалды тұтынушылары басқа орындарға барып, жаңа туристік демалу орындарының пайда болуына жағдай жасайды. Сонда, саяхаттарға сұраныс өседі, ал ол өз кезегінде, жаңа туристік орындарды ашудың көзі болып табылады.

Туристік қозғалыс үрдісінің өсімі мен интенсивтілігі жаңа туристік демалу орындарының пайда болуы мен дамуына өз септігін тигізеді. Бұл тек белгілі бір туристік ағымды беретін аймақтарға ғана тән емес. Әлемде туристер шығатын аймақтар саны көбеюде. Бұл туристік ағымдарды құрып, оларды жаңа туристік демалу орындары кеңістігіне таратады [1].

Саяхат өз еркімен жасалатын әрекет болып 2 бақылау нүктесіне ие болады

- 1) Шығу пункті;
- 2) Келу пункті.

Шығу пункті – басты нүкте болып классикалық туристік мотивацияны құрайды: белсенді демалысқа, күшті қалпына келтіруге, психологиялық босансуға қажеттілік.

Келу пункті – басты нүкте болып, таңдау элементін жояды және туристік демалу орны міндетті сипатқа ие болады. Бұл жағдайда мотив тек бір бағытқа ие болады.

Саяхат мақсаттарына негізделген туристік мотивтердің әр түрлі болуы жаңа туристік демалу орындарының пайда болуына әкеледі.

Өмір сүру салтының дифференциациясы туристік мотивтердің спектріні кеңейтеді. Туристік мотивациялар мен жаңа туристік демалу орындарының өзара байланысуы төмендегідей болады:

- Демалыс өткізудің түрлі концепциялары, мысалы: мәдениетке, белсенді демалысқа, қоршаған ортамен байланысқа бағытталу жаңа туристік демалу орнымен анықталады.

- Экономикалық қызмет (саяси, ғылыми және кәсіби) өзіне қызығушылық білдіретін мамандар мен жеке тұлғаларды өзіне тартады.

- Спорттық және мәдени шаралар қатысушыларды міндетті туристік демалу орнына жинайды.

Туристік демалу орны өзінің табиғи немесе жасанды факторларымен өзіне көңіл аудартуы мүмкін. Қызмет көрсетудің сапасыздығы мен жетіспеушілігі, туристік демалу орнына туристердің келуін азайтады.

Туристік демалу орнының дара бейнесі туристерді өзіне қаратудың негізгі факторы болып табылады.

Кейбір туристік демалу орындары стихиялық болады, яғни жеке тұлғалар да, туристік кәсіпорындары да туристерді өзіне қаратуда ешқандай жұмыс атқармайды.

Жарнама және саяхатты ұйымдастырушылар туристік демалу орны дамығаннан кейін ғана пайда болады[2].

Туристік демалу орнының стихиялық пайда болуы табиғи аймаққа, емдік қасиеті бар минералды және термальді көздеріне байланысты.

Мәдени мұраларға толы, туристік демалу орындары болған, көптеген орындар бар.

Туристік демалу орнының негізгі элементтеріне мыналарды жатқызуға болады:

- Географиялық орналасуы. Басқа элементтермен бір бүтін құрайды және туристік өнімді тұтынушының туристік демалу орнының бейнесі болып табылады.

- Климат, флора, фауна. Туристік демалу орнының табиғи сапасына байланысты және оған спецификалық тартымдылықты береді.

- Туристерді әкелетін зонадан алшақ орналасуы. Қашықтықты өту жолында негізгі рөлді көлік инфрақұрылымы атқарады (автокөлік, және теміржол жолдары, теңіз және өзен көліктері, әуежайлар және т.б.)

Туристік демалу орнының ерекшелігі көбінесе туристерді қарсы алу қызметін атқаратын жергілікті тұрғындардың тұрмыс жағдайына байланысты (кіріс және оның қоғамдағы әр сатыдағы топтар арасында бөлінуі, мәдениеттің жағдайы және т.б.) Жаңа туристік демалу орнының пайда болуы халықаралық және ұлттық мәселелерімен тығыз байланысты. Нақтырақ айтсақ, дамыған және дамушы елдер арасындағы теңсіздікпен байланысты.

Туристік бағыттары негізделген аймақты дұрыс дамыту үшін келесі шарттарды қарастыруға болады:

1. Аймақта бұдан басқа пайдалы қызмет түрі болмау керек.
2. Туристік демалу орны қызмет ететін тұрақты қызмет ету түрлеріне немесе қоршаған ортаға және әлеуметтік-мәдени ортаға шығын келтірмеу керек.
3. Басты қызмет ету түрлері жаңа туристік демалу орнын жасауға кедергі жасамау керек.

Туристік демалу орны аймақтың экономикалық және әлеуметтік өмірінің шегінде болуы керек. Бұдан аймақта орналасқан мәдени, тарихи және табиғи элементтер белгілі мөлшерде пайдаланылуы қажет. Туристік демалу орнын тек қана демалу мақсатында жасау табысты емес. Себебі, бұл түрде туристік қызмет мнұсымдық сипатта болады. Ал кәсіби, сауықтыру мақсатында жасалған туристік демалу орындар жыл бойы табысты қызмет етеді. Бұл бағытты жүзеге асыру үшін туристік демалу орны және оның туристерді қабылдауы белгілі туристік мотивтерге сүйену керек. Танымал туристік демалу орындарына- туристердің, әсіресе, “жоғарғы” кезеңі әсер етеді. Танымалдылығы өскен сайын, әсері де күшейеді. Туристердің көбі демалу орнының танымалдылығына көп көңіл аударады. Туристік ағымдарды бөлудің ең басты қиыншылығы – жаңа туристік демалу орындары аймаққа әсер ету болып табылады[3].

Туристік ағымдарды 2 жолмен бөлуге болады:

1) Жаңа жердегі туристік демалу орнының сұранысын көтеру үшін аймақта жарнама қолданылады және оларды туристерге таратылады. Бұл нашар дамыған аймақтарда пайдаланылуға тура келеді.

2) Жаңа туристік демалу орнын негізгі туристік маршрутына бойлай жасау керек. Жаңа туристік демалу орны қалыпты немесе қалыпты емес болуы мүмкін. Қалыптыға мысалы, жаңа шаңғы жолы әрекет ететін қысқы курорттың жанында жасалуы мүмкін, ал қалыпты емес территорияның түпкірінде клиенттердің көңілін аударуына жасалады, мысалы, теңіз жағалауындағы демалушылар.

Жаңа туристік демалу орнын дамыту 2 басты принципке сүйенеді:

1. Табыс көрсеткен, бұрын жасалған үлгіні жаңа туристік демалу орнында қолданған жағдайда табысты болатыны кепілсіз.

2. Жаңа туристік демалу орнын туристік ынталандырудың саяхаттарды өзгертуге бола алатындай дайындау керек.

Бұл принциптертің негізгі факторы - туристік қызметке сұраныс үздіксіз ауысып отыруы. Жаңа туристік демалу орны сұраныс пен саяхат жасау себептеріне сай болу қажеттілігі бастапқы туристік демалу орындары белгілі бір дәрежеде қызмет көрсете алмауына байланысты болады. Жаңа туристік демалу орнын жоспарлау үшін ең алдымен клиенттер жайлы хабар керек, бұл туристік қызметтің кімге жасалғанын көрсетеді. Осылайша, жаңа туристік демалу орнын жоспарлаған кезде туристік өнім кімге арналған, потенциалдық туристердің демографиялық, әлеуметтік және

мамандандырылған құрылымындағы өзгерістер жайлы сұрақтарға жауап бере алу үшін, клиентура жайлы толық мағлұмат алу керек, сонымен қатар саяхат және саяхаттау мотивінің прфилінің өзгеру мүмкіндіктері жайлы соңғы мәліметтерді алу үшін, турстік мотивтер динамика бойынша қаралуы тиіс. Жаңа туристік демалу орнын құру және дамыту кезінде туристік ағымды зерттеу өте маңызды және де олардың динамикасы мен таралуын, сонымен қатар келіп, кету пунктін әлеуметтік зерттеулер саяхаттың негізгі мотивтерін анықтай алады, және ірі туристік ағымдарды құрайтын немесе оның құрылымында өзгерістерге шақыратын жаңа туристік демалу орнының дәстүрлі туристік мотивтерге сай келуін анықтайды. Туристік мотивтердің әртүрлілігі басқа туристік демалу орындарының пайда болуының түрлерін, туристік ағымдардың таралуын анықтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қонаев.Ә.А. Қазақстан туризмі 2015 жылғы статистикалық жинақ, Алматы, 2016ж, 144б.
2. ru.wikipedia.org
1. stud.kz

ӘОЖ 338.43

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ БАСҚАРУ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Утебалиева Д. Б.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Батыс және Шығыс Еуропа елдерінде тұрғын үй секторында мамандандырылған қаржы институттарын құру арқылы кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жендеу жүргізу (жаңғырту) бойынша көп пәтерлі тұрғын үйлердің иелерін мемлекеттік қолдау жөнінде бірқатар шараларды іске асырылды, олар көп пәтерлі тұрғын үйлерді жаңғыртуға және жалға берілетін муниципалдық тұрғын үй қорын арттыруға кредиттер мен субсидиялар береді. Шетелдегі осындай игі бастамалар мақалада қарастырылған.


Түйінді сөздер: кондоминиум, көп пәтерлі тұрғын үйлер, персонал, санкция.

Әлемдік практикада тұрғын жылжымайтын мүлікті басқару жөніндегі кәсіби қызмет деп басқарушы ұйымның/басқарушының жылжымайтын мүлік иесі қалыптастырған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған жылжымайтын объектіге қатысты кез-келген іс-қимылын атайды. Көп пәтерлі тұрғын үйлерді басқарудың негізгі қағидаттары объектілік және клиентке бағдарлылық болып табылады. Объектілік қағидаты басқарудың үйдің техникалық жай-күйін, оның абаттану дәрежесін, абаттандыру және жасылдандыру элементтері бар көп пәтерлі тұрғын үй орналасқан жер учаскесінің жай-күйін ескере отырып, осы үйдегі үй-жайлар иелері айқындаған мақсаттар негізінде өздігінен басқару объектісі ретінде әрбір жеке көп пәтерлі тұрғын үйге қатысты жүзеге асырылуына негізделеді. Басқарушы компанияның клиентке бағдарлану қызметі оның клиенттер ретіндегі тұрғын үй иелерінің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталуымен сипатталады. Кондоминиум объектісін басқару органы (ПИК, басқарушы ұйым, т.б.) меншік иелері алдында заңмен және шарттық

тәртіппен есеп бере отырып, басқару шартында белгіленген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді. Басқарушы ұйымның/басқарушының кәсіпқойлығы басқару мақсаттарын айқындауда және қажеттілікті қалыптастыруда меншік иелеріне жәрдем көрсете алуында көрініс табады, бұл қызметтерге тапсырыстар беру кезінде көрінеді. Кондоминиум объектісін басқару органы (ПИК, басқарушы ұйым, т.б.) меншік иелеріне ұсынған және олармен келісілген мақсаттарға қол жеткізу тәсілдері мен жалпы жоспары басқару шартының негізін құрайды. Әлемдік практикада жылжымайтын мүлікті басқару жөніндегі қызметке қатысты түрлі тәсілдемелер бар. Негізінде, әрбір қызмет бағыты тұрғын үйдің меншік иелері алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін белгілі бір функцияларды жүзеге асыруды көздейтін кондоминиум объектісін басқару жөніндегі кәсіби қызметтің мынадай бағыттарын байқауға болады (1-сурет):

Әкімшілік басқару

- 1) ұйымдастыру және іс жүргізу;
- 2) үй тұрғындарының сұрауларына (өтінімдеріне) жауап беру;
- 3) кондоминиум объектісін басқару органы белгілеген шектеулердің, қағидалар мен тәртіптердің бұзылуын анықтау;
- 4) үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің жалпы жиналысында бекіту үшін жарналар мен төлемдер жинау рәсімдерін әзірлеу;



Сурет 1 - Халықаралық тәжірибедегі көп пәтерлі тұрғын үйді басқару функциялары

- 5) басқарушылық құжаттарда белгіленгендей, төлемегендігі үшін санкциялар қолдану, төлемегендігі туралы ақпаратты заң қызметтеріне жеткізу;
- 6) аталған тұрғын үй кешені үшін арнайы ақпарат (оның ішінде көрсетілетін қызметтер мен орындаушылар тізбесі) әзірлеу, оны жаңарту және тарату;
- 7) штаттық қызметкерлер үшін жұмыс нұсқаулықтарын әзірлеу және түзету;
- 8) персоналды іріктеу, жалдау және жұмыстан босату рәсімдерін қабылдау;
- 9) персонал жұмысына қадағалау жүргізу;

10) қызметкерлердің жеке істерін жүргізу және тиісті дәрежеде сақтау.
Қаржылық басқару

11) операциялық шығыстарды, күрделі мақсаттарға арналған шығыстарды және резервтерді қоса алғанда, жылдық бюджет жоспарын әзірлеу;

12) бухгалтерлік есеп және есептілік жүргізу, барлық қаржылық ағындар мен мәмілелерді құжаттандыру;

13) тұрақты жоспарлық қаржылық ведомостер және үй-жайлар (пәтерлер) иелері алдында есептер дайындау;

14) басқарушылық құжаттарда белгіленгендей, төленбеген шоттар бойынша санкциялар (мерзімін өткізгені үшін ақы төлету, пайыздар, өсімақылар) және берілген шоттар және берешектер туралы мәлімдеме тарату. Қызмет көрсетуді және жөндеуді басқару

15) күтіп-ұстауға және жөндеуге жататын ортақ мүлікке инспекция жүргізу;


16) профилактикалық жөндеу, мерзімдік (авариялық) жөндеу жо-спарларын әзірлеу;

17) үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің жөндеуге өтінімдерінің алынуын, нақтылануын және оларға жауап берілуін ұйымдастыру;

18) білікті мердігерлерді іріктеу, сервистік қызмет субъектісімен жасалған шарттардың орындалуына бақылау жүргізу;

19) үйге ортақ мұқтаждықтарға жұмсалатын коммуналдық қызметтер үшін ресурспен жабдықтаушы ұйымдармен шарттар жасасу;

20) көрсетілетін қызметтердің сапасына бақылау жүргізу және төленетін ақының көрсетілетін қызметтердің нақты саны мен сапасын сәйкес келуін қамтамасыз ету. Басқарушының қызмет бағыттарының келтірілген тізбесінен басқарудың қызмет көрсету мен жөндеуді ұйымдастырумен ғана шектелмейтін және белгілі бір біліктілік пен дағдыларды қажет ететін жеке, арнайы қызмет түрі екенін көреміз. Басқару үшін инженерлік-құрылыс, экономикалық, заң білімі, сондай-ақ қаржы, еңбекті ұйымдастыру және психология саласындағы білім қажет етіледі. Міне, сондықтан да өз штатында кондоминиум объектісін басқару үшін қажетті әртүрлі мамандарға ие ірі басқарушы ұйымдар белгілі бір артықшылықтарға ие болады. Әлемдік практикада төменде схемалық түрде берілген соңғы үш модель жиі қолданылады (2, 3, 4-суреттер)



Көрсетілген схемада кәсіби басқару тәсілі берілген. Ол бойынша басқарушы ұйым өз күшімен көп пәтерлі тұрғын үйлерді басқару, оған қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі көрсетілетін қызметтердің бүкіл кешенін атқарады, қазіргі уақытта

```

graph TD
    TIS[TИС]
    BO[Басқарушы ұйым]
    SPO[Қызмет көрсетуші ұйым]
    TIS_SA[ТИС банктік шоты]
    IE[Дербес кәсіпкерлер]
    RO[Жөндеу ұйымы]

    TIS -- "Басқару қызметін көрсетуге арналған шарт" --> BO
    SPO -.-> |"Басқару қызметі үшін төлем"| TIS
    TIS -- "жарналар" --> TIS_SA
    TIS_SA -.-> |"Мердігерлік жұмыстар төлемі"| IE
    TIS_SA -.-> |"Мердігерлік шарты"| RO

```

Шығыс Еуропа елдерінің (Венгрия, Словакия) тәжірибесі көрсеткендей, уақыт өте келе «басқарушы-жөндеуші-қызмет көрсетуші» ұйымдар бөлініп, жаңа жоғары дәрежеде мамандандырылған ұйымдар құрады, өйткені қызметтің экономикалық тиімділігі талаптары осыны талап етеді. Нарықтың дамуы мамандану және бірдей мамандықтағы ұйымдар арасында бәсекелестіктің өсуі жағына қарай бет алуда. Дамыған тұрғын үй қызметтері нарығы үшін тән нәрсе - басқаруды, қызмет көрсетуді, жөндеуді мердігерлер ТИС-пен жасалған шарттар бойынша жүзеге асыратын және қызмет көрсетуді, жөндеуді мердігерлер басқарушы ұйымдармен жасалған шарттар

боцынша жүзеге асыратын басқару тәсілі кезіндегі жұмысты ұйымдастыру моделі болып табылады (3, 4-суреттер).



Сурет 4 - Қызмет көрсетуді, жөндеуді мердігерлер басқарушы ұйыммен жасалған шарттар бойынша жүзеге асыратын кәсіби басқару тәсілі

Басқарушы компаниялар дәл сол басқарушылық қызметке маман- данады, олардың штаттық персоналы мен көп пәтерлі тұрғын үйлерге қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі жұмыстарға арналған материалдық-техникалық базасы болмайды. Басқарушы ұйымдар (басқарушылар) қызметтеріне қажетті біліктілігі мен тәжірибесі бар өз мамандары және олардың көп пәтерлі тұрғын үйлерге қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі жұмыстарға арналған өздерінің материалдық-техникалық базасы бар мердігер мамандандырылған тұрғын үй ұйымдарының кең көлемі жеткілікті. Басқарушы ұйымдар (басқарушылар) мердігерлік жұмыстары нарығын, қандай да бір технологияларды қолданудың артықшылығын жақсы біледі, бәсекелес ұйымдардың бағаларымен санасып отырады, сондықтан да олар үй үшін қажетті барлық жұмыс түрлеріне жақсы мердігерлер табуға қабілетті. ТИС басқармасы басқарушылық функциялардың бір бөлігін өзіне қалдыруға шешім қабылдаса немесе басқару функцияларының басым көпшілігін басқарушы ұйымға бере отырып, үйге қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын атқаруға өз атынан мердігерлермен шарттар жаса- сатын болса, онда ол басқарушы ұйыммен басқару қызметтерін көрсетуге арналған шарт жасасады (4-кесте). Мұндай шарт бойынша басқарушы ұйымға ТИС-тің қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарына тапсырма қалыптастыруына, ТИС-ке қажетті жұмыстарды орындау үшін мердігерлер табуына, мердігерлік шарттар жасасуына көмектесуі тапсырылуы мүмкін.

Яғни, басқарушы ұйым тек ТИС консультанты ретінде жұмыс атқарып, тек қызмет көрсету шартына сәйкес ақы алады. ТИС мердігерлік шарттарын өз жасасып, олар үшін ақы төлеу ТИС-тің міндетіне кіреді. Бұл схема АҚШ, Канада елдерінде кеңінен танымал. Қызмет көрсету мен жөндеуді ТИС-пен жасалған шарттар бойынша мердігерлер жүзеге асыратын модельді (4-сурет) қолдану басқарушы ұйым тарапынан мердігерлер жұмысының сапасын бақылау басқарушы ұйымның мердігерлік шарттарын жасасу кезіндегіден қарағанда, әлсіз болады, бірақ бұл ретте ТИС басқарушы ұйымды үйге қызмет көрсететін және оны жөндейтін мердігерлерді жоғалтпай-ақ ауыстыра алатындықтан, басқарушы ұйым жоғары дәрежеде бәсекеге қабілетті басқару қызметін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ү.А. Аманбаев Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы-Алматы: 2012-4286.
2. Еркежан Айтқазы. Egemen Qazaqstan. 29 қаңтар, 2019 жыл

ӘОЖ 338.43

ҚР-ҒЫ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫ ШАРУАШЫЛЫҚТЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

Утебалиева Д.Б.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. ҚР-да үй құрылыс секторын мемлекеттік реттеуінің тиімді механизмдерін микро деңгейде талдап, тұрғын үй-коммуналды шаруашылықты реформалау үшін шетел тәжірибесін қолдану, тұрғын үй саясатына өзгертулер енгізу мен оны жүзеге асыру бағыттарын қарастыруға арналған жұмыста Еліміздің тұрғын үй құрылыс және коммуналдық шаруашылық секторының даму әдістерін анықтау барысында қолданбалы мақсаттарды шешуге маңызды болып табылатын, халықты жайлы тұрғын-жаймен қамтамасыз етудің теоретикалық экономикалық мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: кондоминиум, көп пәтерлі тұрғын үйлер, персонал, санкция.

«Қолжетімді баспана - 2020» мемлекеттік бағдарламасын жақсарту бойынша құрылысы ұсыныстар жиынтығы бағдарламаның стратегиялы жоспарлануын жақсартуға, сонымен қатар оның мониторингі мен бағалануына, тұрғын үй барысында субъектілердің өзара әрекеттестігін жақсартып, басқаруды тұрғын үй-құрылыс жинақтары жүйесін салыстырмалы төмен табысты халықты қолдауға мүмкіндік беретін болады.

Шетелдерде қабылданған мемлекеттік бағдарламалар жергілікті билік органдарын, тұрғын үй иелері мен оларды жалдаушыларды тарту арқылы тұрғын үй қорының энергетикалық тиімділігін арттыруға арналған.

Кондоминиум объектісін күтіп-ұстау

Санитариялық күтіп ұстау ортақ пайдаланылатын орындарды, қызметтік үй-жайларды жинастыру жөніндегі жұмыстарды, үй маңы аумағын абат- тандыруды және үй иелігін күтіп-ұстауды қамтиды. Бұл жұмыстар тұрақты жүргізіледі, олардың тізбесі белгілі және жылдан жылға өзгермейді деуге болады. Жоспарлық жөндеу алдын ала жасалған жоспар бойынша атқарылады. Бұл санатқа тұрғын ғимараттар мен инженерлік жүйелерді маусымдық пайдалануға дайындау жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ ғимараттың жекелеген бөліктерінің және инженерлік жабдықтың ақауларын жою, мерзімінен бұрын тозуының алдын алу және жұмыс қабілетін қалпына келтіру жөніндегі құрылыс және жөндеу жұмыстары кіреді. Бұлар белгілі бір кезеңділікпен - тұрғын үй қорын техникалық пайдалану қағидалары мен нормаларына сәйкес бірнеше жылда бір рет атқарылатын профилактикалық ағымдағы жөндеу жұмыстары, сондай-ақ орындалуы кейінге қалдырылуы мүмкін өтінімдер бойынша жоспарланбаған жұмыстар. Жоспарланбаған жөндеуге авариялық сипаттағы жұмыстар, өтінімдер бойынша жұмыстарды орындау кіреді. Өтінімдер бойынша барлық жұмыстар нормативтік орындалу мерзіміне қарай мынадай үш санатқа бөлінеді: авариялық - ауысым ішінде орындалуы көзделген жұмыстар, мерзімдік - бірнеше тәулік (3-5) ішінде

орындауы көзделген жұмыстар және 7 немесе одан да көп тәулікке орындалуы кейінге қалдырылған жұмыстар.

Сервистік қызмет субъектісімен жасалған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау және пайдалану жөніндегі жұмыстарды орындауға арналған шарттағы шектеулі қаржыландыру талаптарына қаражат көзделген басым жұмыстарды ғана қосқан орынды, бұл ретте басқарушы ұйым/басқарушы тұрғын үй қорын пайдаланудың нормативтік талаптарын сақтау жөніндегі өз міндеттемелерін ескергені жөн. Үй-жайлар (пәтерлер) иелері немесе басқарушы ұйым/басқарушы қаржыландыру көлемінің жеткіліксіздігіне сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға және пайдалануға арналған шарт бойынша қажетті (нормативтік) жұмыстар көлемінің қысқарғаны үшін жауапкершілікті өзіне алмаса және сервистік қызмет субъектісі жұмыстардың жалпы құрылымын толық көлемде қамтитын аталған шартқа қол қойса, онда соңғысы нормативтердің жүйелік сақталмауы үшін өз мойнына жауапкершілік алуға мәжбүр болады не ақы төленбейтін жұмыстарды орындайды. Бұл проблеманы шешу жолдарының бірі қолда бар қаржыландыру жағдайында тұрғын үй қорына қызмет көрсету жөніндегі нормативтік тізбедегі қандай жұмыстар шарт шеңберінде орындалуы және оған ақы төленуі мүмкін екендігін анықтау қажеттігіне негізделеді. Мұндай кезде, тапсырыс берушінің қосымша қаражаты болған жағдайда, шарттың қаржыландыру көлемі шеңберінен тыс жұмыстар бөлек тізбеде көрсетіледі, бөлек тапсырыс беріліп, бөлек ақы төленеді. Жұмыстарды ұтымды ұйымдастырудың басқаша нұсқасы құнын көрсете отырып (шартқа қосымша ретінде), мүмкін болатын жұмыстар тізбесін алдын ала толтыруға және шартта басқарушы ұйымның/басқарушының тізбедегі жұмыстарға өз қалауы бойынша тапсырыс беру құқығын көздеуге негізделеді. Бұл, ең алдымен, сервистік қызмет субъектісіне тапсырыс берілген жұмыстарды орындау кезінде жұмысшылардың жұмыспен қамтылуын және олардың жалақыларын тиімді жоспарлауына мүмкіндік береді. Сервистік қызмет субъектісі тұрақсыз қаржыландыру жағдайында маневр жасауға арналған мүмкіндікті еңбекті келісімшарттық ұйымдастыру кезіне, яғни, жұмыскерлерді шарттың қолданыс уақытында жасалатын келісімшарт бойынша ғана және жұмыстардың шарттық көлемін орындау үшін қажетті мөлшерде ғана қабылдау кезінде қамтамасыз ете алады.

Осы Бағдарламаны бөлігінің жыл сайын көлемі тиісті бюджетті қаржы жылына арналған қалыптастырған немесе нақтыланған кезде республикалық бюджеттің кіріс қаржыландыру мүмкіндіктерін ескере отырып, анықталатын болады.

Кондоминиум объектісін үшінші (бөгде) тұлғалардың: сайланбалы немесе жалдамалы жеке тұлғалардың - тұрғын үйлерді басқарушылардың (менеджерлердің) немесе заңды тұлғалардың басқаруы

Тұрғын үйлерді басқарушы/басқарушы ұйым объектілерді сенімді басқаруына алады. Сенімді басқарудың ерекшелігі, мұнда жылжымай-тын мүлікке меншік құқығы үйлерді басқарушыға/басқарушы ұйымға өтпей, үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің өздерінде қалады. Үйлерді басқарушы/басқарушы ұйым үйді басқару жөніндегі барлық мәселелерді шешеді. Бұл басқару нысанының басқаларынан артықшылығы мынада: - сыртқы органның өзгеруіне барынша жедел түрде ден қою қабілеті; - қызметтен табыс табуға арналған мүмкіндіктерді пайдалану; - үй маңы аумақтарын және ғимараттардың ортақ пайдаланылатын орындарын, қосымша қызметтер көрсетуге арналған жапсарласа салынған тұрғын емес үй-жайларды (автотұрақтар, жөндеу-әрлеу фирмалары және т.б.) пайдалану. Басқарушылық функцияларды атқаруға кәсіби біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі бар, стратегиялық жоспарлау және қаржылық басқару дағдыларын меңгерген, клиенттерімен – түрлі әлеуметтік және табыс деңгейіндегі үй-жайлар (пәтерлер) иелерімен, ресурспен жабдықтаушы ұйымдармен, сервистік қызмет субъектілерімен өзара қатынас жасау тәжірибесі бар басқарушы ұйымды немесе

басқарушы маманды тарту көп пәтерлі тұрғын үй тиімділігін барынша қамтамасыз етуге, яғни, мақсаттар мен ағымдағы міндеттерге барынша аз шығындармен қол жеткізуге мүмкіндік береді (және сауатсыз басқарушылық шешімдер зардаптары- нан қашуға көмектеседі). Кәсіби басқарудың басты артықшылығы осын- да. Сонымен бірге, басқаруға басқарушы ұйымды немесе басқарушы маманды тарту клиенттер санының (көрсетілетін қызметтер көлемінің) көбеюі есебінен басқару шығыстарын азайтады. Бәсекелестік жағдайында басқарушылар жаңа клиенттер табуға және қолда бар клиенттерді сақтап қалуға мүдделі. Түрлі елдердің тәжірибесі көрсеткендей, басқарушы ұйым көрсететін қызметінің құны үйді күтіп-ұстау шығындары құрылымының 6-8%-ын құрайды, ал Ү(П) ИК-тің басқарушылық шығыстарының үлесі 18- 20%-ға дейін жетеді. Басқару функцияларының тізбесіне қарай, үй-жайлар (пәтерлер) иелері басқарушы ұйымға басқару қызметін тапсырып, онымен басқару шартын жасасады. Осылайша, үй-жайлар (пәтерлер) иелері көп пәтерлі тұрғын үйді басқару шартын жасаса отырып, барынша көп мәселелері өздерінің үстінен алып тастап, басқару шартының талаптарына сәйкес басқарушы ұйымға жауапкершілік жүктей алады.

Кемшіліктері: жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігі

Үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің басым көпшілігінің шешімі бойынша кондоминиум объектісін басқару нысаны өзгертілуі мүмкін. Сондай-ақ жалпы жиналыста қосалқы мердігер ұйым таңдалып, одан әрі ол компаниямен шарт жасалады. Көпшілік дауыспен қабылданған шарт барлық үй-жайлар (пәтерлер) иелеріне, тіпті дауыс беруге қатыспағандар үшін де міндетті болып табылады. Кондоминиум объектісін күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды атқаруға арналған шартта басқарушы компания үй- жайлар (пәтерлер) иелерінің тапсырмасы бойынша белгілі бір мерзімдер ішінде және келісілген ақыға қызметтер көрсетуге және ортақ мүлікті күтіп- ұстау және жөндеу жұмыстарын атқаруға міндетті екендігі көзделеді. Қазақстан Республикасында көп пәтерлі тұрғын үйлерді басқару саласындағы қатынастарды реттейтін қолданыстағы нормативтік актілер мен бағдарламалық құжаттарға жүргізілген талдау екі негізгі коммерциялық субъектіні – кондоминиум объектісіне қызмет көрсету саласындағы функцияларға ие мынадай заңды тұлғаларды атап көрсетуге мүмкіндік береді:

1) басқарушы компания – басқару шартының негізінде кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияны жүзеге асыратын сыртқы жалда- малы заңды тұлға;


2) сервистік қызмет субъектісі – кондоминиум объектісін басқару органымен жасалған шарт негізінде кондоминиум объектісін күтіп-ұстау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлға. Түрлі басқару тәсілдері жағдайында кондоминиум объектісін басқару кезіндегі тұрғын үй саласындағы өзара қатынастар схемасы (1 - сурет):

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес бүгінгі күні қалыптасып отырған бір ПИК арқылы тұрғын үйлерді басқару және оларға қызмет көрсету практи- касынан ажырауымыз қажет. ПИК кондоминиум объектісін басқару органы ретінде оған тиесілі емес мердігер функциясын атқармауы тиіс. Үй ғимараттары мен құрылыстарына қызмет көрсетумен, оларды пайдаланумен және жөндеумен мамандандырылған қызмет көрсетуші ұйымдар – сервистік қызмет субъектілері айналысулары тиіс.


Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқаруды түрлі қызмет көрсету тәсілдерімен толықтырылатын екі деңгейлі жүйе ретінде қарастыруға болады. Басқарудың бірінші деңгейі – үй-жайлар иелерінің бірлескен шешімдер қабылдауы: кондоминиум объектісін басқару мақсаттарын анықтау (яғни, оның қамтамасыз етілуі тиіс техникалық жай-күйінің, қауіпсіздігінің, жайлылығының дейгейін анықтау); басқару тәсілін таңдау (басқарушылық функцияларды кім жүзеге асыратындығын); ортақ мүлікті күтіп-ұстау үшін ақы мөлшерін белгілеу. Мұндай басқаруды жүзеге

асыру – үй-жайлар иелерінің құқығы мен міндеті. Басқарудың екінші деңгейі – шешімдердің орындалуын ұйымдастыру (басқарушылық функцияларды жүзеге асыру).


1. Тікелей бірлесіп басқару



2. Үй-жайлар (пәтерлер) иелері кооперативі



3. Сыртқы жалдамалы заңды тұлғалардың кондоминиум объектісін басқаруы



Сурет 1 - Түрлі басқару тәсілдері жағдайында кондоминиум объектісін басқару кезіндегі тұрғын үй саласындағы өзара қатынастар схемасы

Мұндай басқаруды меншік иелерінің өздері немесе олар орындауға тартқан басқарушы немесе басқарушы компания жүзеге асырады. Кәсіпкерлік қызмет ретіндегі тұрғын үйді басқару қайтарымды негізде жүзеге асырылады және үй-жайлар (пәтерлер) иелеріне басқару шартында келтірілген қызметтер мен жұмыстарды ұсынуға негізделеді. Басқарушы ұйым/басқарушы меншік иелері алдындағы өз міндеттемелерін орындау үшін нақты жұмыстарды кім, қалай, қашан және қандай ақыға жүзеге асыратындығы туралы шешім қабылдап, сервистік ұйыммен шарт жасасады және орындаушының жұмысын бақылап отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ү.А. Аманбаев Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы-Алматы: 2012-4286.
2. Еркежан Айтқазы. Egemen Qazaqstan. 29 қаңтар, 2019 жыл
3. Ертаев Е. Ж. Тұрғын үй құрылыстық кешенін дамытудың теориялық аспектілері // «Аймақтық экономиканы индустриалды-инновациялық дамыту мәселелері» атты ХҒТК материалдары. Академиялық инновациялық университет. Нұрлы бейне, 2-том. -Шымкент. -2009.

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС СЕКТОРЫНЫҢ ОРНЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ

Утебалиева Д. Б.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Қазіргі кезеңде құрылыс секторының дамуы Қазақстан Республикасы экономикасының құрылымында маңызды орын алады. Тұрғын үй құрылыс секторы елдің және жеке аумақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді, себебі халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету тек экономиканың ғана емес, сонымен қатар ішкі саяси тұрақтылықтың негізі болып табылады. Құрылыс саласының табысты жұмыс істеуі экономиканың тұрақтануының маңызды аспектісі. Қазіргі таңда құрылыс саласының жағдайы бірқалыпты емес, себебі оның дамуы ретсіз және рационалды емес болды.

Түйінді сөздер: инфляция, ипотека, инвестиция объектісі, нарық, еңбек өнімі.


Көптеген кәсіпорындардың дағдарыс күйі, инфляциялық тербелістер және басқа да теріс процестер саласындағы жағдайларға жағымсыз ықпалдарын тигізді. Қазақстанда тұрғын үйдің жетімсіздігі тікелей және тұрғын үй қорының тозуы арқылы көрінетін жанама түрі бар. Тұрғын үйдің жеткіліксіздігі тек жалпы республикалық қана емес, сонымен қатар халықтың қайта қоныстану құрамымен байланысты аймақтық сипатта. Құрылыстың басым бөлігі халықтың өз қаражат есебінен жүзеге асады. Мемлекеттің құрылыстағы орны нақтыланбаған. Ипотека азаматтардың басым бөлігіне қол жетімсіз. Құрылыс саласы әлемдік деңгейден технологиялық артта қалуда. Құрылыс саласы экономиканың ең маңызды секторы ретінде дағдарысты және елдегі шешілмеген мәселелерді терең сезінуде, сонымен қоса халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі мемлекеттің экономикалық дамуының маңызды сипаттарының бірі болып табылады. Құрылыс секторының дамуы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылыс секторын дамытудың ғылыми негіздерін және практикалық, тәжірибелі ұсыныстарын құрастыру мәселесі айрықша экономикалық маңызға ие болуда [1]

Зерттеу нәтижесінде тұрғын үйдің мәнін ашатын авторлық бағыт қалыптасты. Яғни, тұрғын үйді бірнеше аспектілерде қарастыру қажет: құқық объектісі ретінде, әлеуметтік – экономикалық игілік ретінде, еңбек өнімі ретінде, тұтыну тауары және инвестиция объектісі ретінде.

Тұрғын үйдің ерекше екі жақты мәні – зат және құқық объектілері сату-сатып алу нарықтық операциялардың шегін және мазмұны кеңейтеді. Ол нарықтық операциялардың кең спектрін қосады – қозғалмайтын мүлік объектілерінің құқықтық статусын өзгерту операциялары (мысалға, жалға беру).

Тұрғын үй экономикалық игілік ретінде келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

- тұтыну заты ретінде тікелей белгіленген қажеттіліктерді қанағаттандырады (тұрғын жайлар қожайынмен тұрғын үй ретінде пайдаланылады);
- тауар ретінде тұрғын үй нарығында эквивалент құны үшін жүзеге асырылуы мүмкін;
- табыс көзі (рента) ретінде жалға берілуі мүмкін.



Сурет 1 - Тұрғын үйдің мәнін ашатын аспектілер

Тұрғын үйдің құны басқа тұтыну заттарымен салыстырғанда жоғары. Сондықтан үйді сатып алу кезінде қарыз алу кең таралған. Тұрғын үйді несиелеу басқа тауарларды несиелеуден ерекшеленеді. Несие алғаннан кейін үйді өз меншігіне алу тек 10 – 15 жылдан соң жүзеге асса, ұзақ мерзімді пайдалану тұтыну тауарларының қарызы қысқа период (1 – 3 жыл) ішінде қайтарылады. Осылайша, үй эксплуатацияланады, ал төлем ұзақ мерзімге созылады. Сонымен қоса, төлем мөлшері әр түрлі факторлардың әсерінен өзгеру мүмкін: инфляция, саяси тұрақсыздық, соғыс және тағы басқа да форс-мажорлық жағдайлар.

Тұрғын үй еңбек өнімі ретінде тауар және тауарлық емес формада көріну мүмкін. Үйдің тауарлық формасы тереңдетілген мамандану мен дамыған қоғамдық өндіріске тән.

Тұрғын үйдің тауарлығы нарықтық және аралас экономикаға тән. Тауарлық формасы кезінде, үйдің болашақ тұтынушысы осы үйдің сатып алушысы болып табылады, бірақ төлемді нақты уақыт периодынан кейін ғана төлейді. Бұл период, ипотекалық несиелеу тәжірибесі көрсеткендей, 15 – 20 жылға созылу мүмкін. Осылайша, тұрғын үйді сату – сатып алу процесі келісімді жүзеге асырумен байланысты қысқа мерзімді емес, тұрақты тәуекелділікті болжайды. Ал келісімнің өзі, осы тауарды төлеу мүмкіндігіне кепіл беретін ерекше шарттарды талап етеді. Мұндай шарттар ретінде сенім үшін салынатын мүлік болу мүмкін.

Келісім-шарт жүзеге асқаннан бастап тұрғын үй тауарын тұтыну процесі басталады және ұзақ мерзімге созылады, бұл тауарды ұзақ мерзімге сақтандыру қажеттілігін тудырады.

Сонымен қатар, тұрғын үй тауарлық емес формада болуы мүмкін. Бұл көптеген мемлекеттерде үй құрылыс сатуға емес, өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін және халықтың басым бөлігі ауылды жерлерде тұруымен байланысты. Сонымен қатар, Батыстың кейбір елдерінде бюджет есебінен халықтың нашар қамтамасыз етілген тобына үй салу кең таралған. Кейбір фирмалардың өз қызметкерлеріне тұрғын үй салу тәжірибесі де тән. Мұндағы ұсынылатын үй жұмысшыны кәсіпорында тұрақтандыру мақсатымен жүзеге асады.

Тұрғын үй ұзақ мерзімді, құрылыста және пайдалануда қымбат капиталды тауар болып табылады. Осыдан, бұл тауар халықтың қорын ынталандыратын маңызды

факторлардың бірі болып табылады, яғни экономикалық өсудің жоғары қарқынын сақтап тұратын инвестициялық ресурстарды қалыптастырушы-фактор.

Тұрғын үй қажеттілігі өзгеше ерекшеліктерге ие. Я.Корнаи қажеттіліктерді зерттей келе, келесілерге тоқталады: «егер адамдардың көбі пәтерлерде тұрса, онда олар бөлмелері сан жағынан одан да көп және айналасы таза пәтерді аңсайды».

Тұрғын үй қажеттіліктері уақыт өткен сайын өзгеріп тұрады, және бұл өзгерістер үй ішінің жағдайымен байланысты болады.

Қоғамның даму процесінде тұрған үй қажеттіліктерін жүзеге асырудың бірнеше негізгі әдістері қалыптасты. Олардың ішінде екі негізгі – үйді сатып алу және оны үйлестіру. Бірінші жағдайда, тұрғын – үй қажеттілігін қанағаттандыру осы тауарды сатып алу (үйді мүлік ретінде иелену және пайдалану), не үйді жалға беру (тек пайдалану) жолдарымен іске асады. Екінші жағдайда, тұрғын – үй мемлекет және муниципальдық қаржы есебінен салынады және халыққа жеке меншік құқығынсыз пайдалануға беріледі.

Тұрғын үй қажеттіліктерін қанағаттандырудың таңдалған әдісіне байланысты тұрғын үй жүйесінің екі түрін ажыратады.

Тұрғын үй негізінен пайдалануға берілетін елдерде, тұрғын үй қажеттіліктерін қанағаттандырудың мемлекеттік әдісі басым. Ал үй сатып алынатын немесе жалға берілетін жерлерде, тұрғын үй қажеттіліктерін қанағаттандырудың жеке ұйымдастыру әдісі қалыптасқан. Осы екі негізгі институт ненің, қалай салынатынын және үйдің сатып алу процесінің қалай болатындығын анықтайды.

Кез келген тауар сияқты үйдің тұтыну және айырбастау құны болады.

Атап кету қажет, экономикалық әдебиеттерде және тәжірибеде тұрғын үйдің тұтыну құнын бағалаудың бірыңғай жолы қалыптаспаған. Оның пайдалылығын бағалаудың әр түрлі жолдары – уақыттық (эксплуатацияға берілу мерзімі), техникалық жақсарту жағынан (жаңа құрылыс, жөндеуден өткен объект), үйдің орналасу аймағына байланысты (орталық район, қала шеті, т.б.) бар. Үйдің толық жабдықталғандығына нақты сипат беретін көрсеткіштер пайдаланылады. Тұрғын үйдің пайдалылық көрсеткіштер жүйесіне аумақтың жақсы жабдықтаушылығы, жер асты гараждардың болуы, аймақтың экологиялық тазалығы кіреді.

Демек, тұрғын үй нарығының әрекет етуінің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, тұрғын үй құрылыс саласын дамытудың жаңа әдістемелік жолдарын іздестіру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ертаев Е. Ж. Тұрғын үй құрылыстық кешенін дамытудың теориялық аспектілері // «Аймақтық экономиканы индустриалды-инновациялық дамыту мәселелері» атты ХҒТК материалдары. Академиялық инновациялық университет. Нұрлы бейне, 2-том. -Шымкент. -2009.

2. У.А.Аманбаев. Кәсіпорын экономикасы. Оқу құралы. Алматы: «Бастау», 2012.

3. У.Баймуратов. Национальная экономическая система. Алматы, Издательство «Ғылым», 2000 г.

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Кульбаева А.М.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Қазіргі уақытта жаһандану үдерісі экономика мен саясатты ғана емес, мәдени-әлеуметтік саланы да қамтып отыр. Қазіргі әлеуметтік теориядағы жаһандану ең өзекті тақырыптардың қатарында тұрғандығы мәлім. Елбасы "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жирену жөнінде өте құнды пікірлер айтқан болатын. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету. Ең бастысы – бағыт-бағдарымыз анық, жолымыз жарқын. Ертеңге талпыныс, болашаққа бағдар, игі іске ұмтылыс – адамзатқа тән құбылыс.

Түйінді сөздер: Жаһандану, ұлттық мүдде, тіл, ұлттық діл, патриотизм, этнос.

Қазіргі әлемнің табиғаты мен әлем дамуының болашақ бағдарлары туралы мәселе көтерілгенде көптеген белгілі де беделді саясаттанушылар ең алдымен жаһандануды ауызға алады, соны талдайды. Бұл ғасырлар тоғысындағы ең бір көп талқыланған, сонымен бірге әліде болса ең жеткіліксіз, зерттелген, барлық құпия қырлары ашылмаған беймәлімдеу, күрделі құбылыс. Әзірге ең бір басты қорытынды – түптеп келгенде, қазіргі әлемдегі оқиғалар үрдісі мен дамуы бүкіл Жер шарын қамтитын жаһандану процесімен сипатталады. Жаһандану процесін, табиғаты мен барысын түсіну әлем елдеріне оның табиғаты мен объективті даму үрдістеріне сәйкес даму стратегияларын белгілеуге мүмкіндік береді. Ал бұны анықтау оңай іс емес. Бұл жердегі ең басты және күрделі мәселе – жаһанданудан туатын байланыстар мен басымдықтармен қатар олардың қызметі нәтижесінде түзілетін барлық салдар мен себептерді көру, анықтау және тану жөнінен қиында күрделі санаткерлік істерді жүзеге асыру жауапкершілігі.

Жаһандану деп аталатын әлемдік саяси-әлеуметтік, экономикалық-қаржылық, экологиялық, миграциялық-демографиялық сан-салалы құбылыс бүкіл адамзат үшін үлкен сын. Оның біліктілігі мен біліміне, қоғам дамуының табиғатын, заңдылықтарын білуіне, талап-таңдауына төтенше жауапкершілік қойып тұр. Жаһандану үдерісінің әлемдік алпауыт – «үлкен сегіздік», «ірі 20» деп сұрыпталған, әлемдік саясат пен экономиканың ерекше әлуетті елдерінен гөрі Қазақстан тұрпаттас жас мемлекеттер үшін экономикалық-саяси қатері бар екенін бір сәт естен шығаруға болмайды. Ол, ең алдымен жаһандану, экономикалық интернационализация процестерінің ұлттық мемлекеттердің бүкіл болмыс-тіршілігіне түсірер салмағының күрделеніп, ұлттық терең мүдделер, ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан бұрын соңды болмаған жаңа міндеттерді қоюына байланысты[1].

Руханият саласындағы проблемалар туралы айтқанда ең алдымен ел азаматтарының, әсіресе, жастардың бүкіл рухани дамуымыздың экономикалық-қаржылық, ұйымдық-құқықтық тұрғыдан басты тірегі хәм кепілі ұлттық мемлекетті нығайту, оның тәуелсіздігін бекемдеу екенін түсінуі.

Бұл реттегі мәселенің күрделілігі мен маңыздылығы халықаралық аренадағы мына бір жағдайғалардан туатындығына назар аударуды қажет деп есептейміз. Қазіргі жаһандану, жаңару және мүдделер тайталасы мен қайшылығы жағдайындағы әр

ұлттық мемлекеттің алдында тұрған күрделі міндет – өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін, тұтастығын, экономикалық дербестігін, ұлттық өзіне-өзі сәйкестігін сақтап қалу. Әлемдік алпауыт, дүние елдерінің экономикалық қуатын, адамдық, интеллектуалдық ресурстарын өз мүдде-мақсатына еркін билеп-төстеген транснационалдық компаниялардың, көптеген әлеуетті халықаралық ұйымдардың саясаты мен нақты іс-әрекеттері көп ретте жеке мемлекеттердің ұлттық мүдделеріне қайшы келетіні – әлмасақтан белгілі саясат. Бұл құбылыс кейінгі кезеңде тіпті ерекше бой көрсете бастады. Жаһандану тереңдеген, әлемдік саяси кеңістікті жайлаған сайын осы уақытқа дейін халықаралық мемлекетаралық қатынастарда сонау 17 ғасырда Вестфаль шартынан кейін мойындалған, танылған құндылықтар тарих сахнасына енді ғана шыққан көптеген жас мемлекеттер табиғаты мен ауқымын енді танып-түсініп, өздеріне мұрат етіп ұмтылып оырған мемлекеттік-ұлттық егемендік мәселесінің өзі терең дағдарысқа түсіп, оған үлкен қатер төніп отырғандығына әлем ғалымдары, ұлттық интеллигенция, саясаткерлер, дипломаттар алаңдаушылық білдіруде. Олар жаһандану процесін әлемдік игілік, жатымды құндылық деп бір жақты бағалаудан бас тарта бастады. Өйткені, жаһандану мен халықаралық байланыстардың дамуы әлеуметтік және билік институттарын уақыттық-кеңістік тұрғыдан трансформациялануына түбегейлі әсер етіп, биліктің құрлықаралық және аймақаралық жаңа нысандарын қалыптастыруда. Дәл осы үрдіс ұлттық мемлекеттер болашағына қауіп төндіруде. Осылайша, формальді түрде халықаралық қатынастардың базалық бірлігі болып табылатын ұлт-мемлекет институты жаһандану қысымынан трансформацияға түсіп, мемлекеттердің ішкі істеріне араласпауға болмайтындығы, оның ұлттық егемендік деп аталатын мойындалған, танылған қағидатты бұзатындығы туралы дәстүрлі көзқарас уақыт өткен сайын көмескеленіп, ал іс жүзінде едәуір ыдырауға түсуде. Және мұндай құбылыстар мен көзқарастардың институционалдық факторы, дем берушісі болып әмбебап халықаралық ұйымдар, мемлекеттен үстем юрисдикциялар, әртүрлі халықаралық режимдер, болып табылады.[2]

Жаһандану үдерісінің басты теоретиктерінің әрі дем берушілерінің бірі АҚШ-ның Гарвард университетінің профессоры К.Омае бастаған бір топ ғалымдар ұлттық мемлекеттің адамзат қауымдастығының бастауыш экономикалық және саяси бірлігі, негізі ретіндегі ұстанымдардың күні өткендігі, тіпті олардың саяси тарихының ақыры таянғандығы туралы пікірді ашық айта бастады. Олар өз ұстанымдарын дәлелдеу үшін ұлттық мемлекеттердің қазіргі заманның сындарына жауап беруде бой көрсетіп отырған әлсіздігін баса көрсетіп, ұлттық мемлекеттер келешекте өзінің мәртебелік құқықтарынан кейбір әлеуетті халықаралық ұйымдардың пайдасына бас тартады дегенді айтады. Қысқасы бұның барлығы, түптеп келгенде ұлттық мемлекеттер эволюцияға түсіп, жаһандану жағдайындағы саяси тәртіпке сай келетін, егемендік құқықтары тежелген, сыртқы күштер бүкіл тіршілігін бағыттайтын ұйым болады, олардың «мемлекет-ұлт» деген табиғаты, сапалық белгісі көмескіленіп, жойыла бастайды деген болжамды негіздеуге ұмтылған. [2]

Мұның бәрі, Қазақстан мемлекетінің, қазақ халқының ұлттық мүдделеріне де қайшы келетін ұғымдар.

Осындай халықаралық идеологиялық, танымдық ахуалда не істемек керек? Қандай әрекет қажет? Халықаралық деңгейдегі позицияны нығайтудың негізі – елдің ішкі саясатында, оның бірлігі мен тұтастығында, елдің экономикалық-әлеуметтік, рухани-мәдени салаларындағы кадрлардың сапасында. Жаһандану кезеңдегі бәсеке, жаңа технологиялар мен өнім өткізу үшін күрес – кадрлардың мүлде жаңа тұрпатты ұрпағын қажет ететінін түсіну керек.

Қазақстанның қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілетті елдер қатарында сап түзеуінің, жаңару үдерісіндегі ең бір күрделі міндеттерді шешудің сапасы мен қарқыны еліміздің

рухани саласындағы ахуалға, оның жалпы қоғам дамуындағы күрделі проблемаларды шешуімен бір арнада, бір мақсатта дамуына байланысты. Рухани саланың нығайтудың, оның сапасы мен беріктігінің іргетасы – адам, адамның әлеуеті. Өйткені адам, оның білімі, мәдениеті, көзқарасы мен дүниетанымының өзі өмір сүрген қоғаммен етене бітісіп, соған сәйкес, барабар, тахылеттес болуы, сол қоғамның мазмұн-мәнін құраушы, жасампаз күшке айналуы – әр қоғамның биік мұраты, ал қолы жетсе басты игілігі.

Жаһандану заманындағы қоғамдық қатынастардың күрделеніп, ақпараттық тасқындардың алапат сипат алып, адамның осынау күрделі уақыттың қатері мен сынында сол дүниенің бір кішкентай тетік-қиыршығына айналып кетпей, өз орнын табуы – күрделі мәселе. Және дәл осы мәселе қашаннан да ойшылдарды ғасырлар бойы толғатқан, жанын күйзелткен.

Басқаларды - әлемдік ойшылдырды былай қойғанда, ұлттық қасиеттіміз, болашақ заманның күрделілігін, қайшылықтылығын, ауыртпалығын әлемдік деңгейдегі бір ақыл иесіндей сезіп, қабырғасы қайысқан Абай данышпан: «Заман қалыбында тұрмайды, Біреу малды ұрлайды, Біреу басты қорлайды,... Болмаған зор Жылауына зорлайды» дей келе, ойшылдың XX ғасырдың басында-ақ (1902 ж.) «Заман, шаруа, мінез күнде өзгереді» деген болжам-тұжырымы бүгінде жаңа дәуірдің басты шындығына айналып отыр.[3.65б.]

Еліміздегі қазіргі кезеңдегі адам, оның білімі мен мәдениеті проблемалары төңірегінде ойланған кезде кезде біз ең алдымен адамның қазіргі бүкіл болмыс-табиғатын, сипатын ашатын, оған әсер ететін өзекті құбылыстарды, тенденцияларды, жинақтаушы, басым бағыттарды ғана емес, сонымен бірге басты қатерлерді ашуға ұмтылуға тиіспіз. Өйткені, қазіргі жаңарған әлем тек ғылым мен техниканың жетістіктері әкелген игілікті, гуманистік қазына-құндылықтардан ғана тұрмайды. Ол, сонымен бірге, әлемге сол ғылым мен техниканың табысы әкелген және жеке пенде мен саясаткерлердің, тіпті қайсібір мәселелерде бүкіл мемлекеттің эгоистік пиғылы мен мүддесінен туған ондаған қатерлер мен қауіптердің де нақтылы бой көрсетуімен сипатталады.

Тәуелсіздік алғалы 30 жылға таяды.Қазақстанның білімі және ғылымы дүниежүзілік, халықаралық деңгейде(кейбір жетістіктерді айтпағанда) елеулі жетістіктерге жетті деп айта алмаймыз.2000 жылдан бері экономика еселеп өскенде, білім мен ғылымға басымдық берілмеді. Оған мысал ғылымға бөлінген қаржы 1991 жылы жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 0,68 %-ын құраса, 2015ж. небәрі 0,16% . Өсудің орнына 4,25 есе кеміген. Қазақстанда әрбір тұрғынға шаққанда ғылымға 11 доллар бөлінеді, АҚШ-та 1000\$, Жапонияда 816\$, Ресейде 100\$. Ал ғалымдардың санына келсек, сол кездегі 1991ж. 41 мыңнан 13 мыңға азайып, тек соңғы жылдары 18 мыңға көтерілген. Біздің бүкіл ғылымға берілетін жылдық қаражат АҚШ-тың бір ғана орташа университетінің қаражатындай екен. Мұндайда инновация жайында сөз етудің өзі де орынсыз!

Білімнің деңгейі құлдырап кетті. Өйткені жеке меншік жоғары оқу орындарының саны көп, білім сапасы төмен. Оларда диплом алу оңай. ЖОО оқитын студенттердің 50 пайыздан астамы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Өз саласы бойынша кәсіби біліктілігі төмен немесе ЖОО-да алып шыққан мамандығы еңбек нарығында сұранысқа ие емес.

Бұған елімізде дұрыс жүргізілмеген мемлекеттік білім саясаты, екінші кезекте - сапасыз маман дайындаған жоғары оқу орындары, үшіншіден оқуға ықыласы болмаған түлекте кінәлі. Ашығын айту керек біз білімді тауарға айналдырып алдық. Маман тәрбиелеудің сапасы нашар болса, ал рухани адам тәрбиелеу тіпті сын көтермейді.[4.39б.]

Білім саласындағы проблемалар екі топқа бөлуге болады.

Біріншісі, білім саласындағы мемлекеттік басқарудан жіберілген жалпымемлекеттік олқылықтар.

Екіншісі, білім беру ұйымдарының өз ісін ұйымдастыруындағы төл олқылықтары – білім сапасына қатысты мәселелер.

Еліміздегі білім сапасының нашарлығынан жастар шет елдерде оқуға ұмтылуда. Бүгінде еліміз бойынша 20 мыңға жуық жас шетелдерде оқуда.

Бұл айтылған мәселер келешекте еліміздегі білім беру жүйесіндегі қазіргі ахуалды, ондағы педагогикалық кадрлардың сапасы мәселесін еліміздегі инновациялық-индустриалдық дамудың стратегиясына сәйкес қайта сын көзімен қарап, оның даму бағыттарын нақтылауды қажет етеді. Еліміздің рухани саласын нығайтудағы мемлекеттік тілдің мол мүмкіндігі туралы айту қажет. Мемлекеттік тіл – Қазақстандағы барлық этностарды топтастырудың факторы, ұлтаралық қатынастың аса маңызды құралы. Мемлекеттік тілдің Қазақстандағы біріктірушілік, топтастырушылық, ықпалдылық, жасампаздық, ұлтаралық қатынастың құралы рөлін нығайту – өміршең, маңызды, әрі көпсалалы, көпқырлы проблема. Ол Қазақстан мемлекеттігін нығайтудың, оның бәсекеге қабілеттілігінің, қала берді ұлттық қауіпсіздігінің де аса маңызды құрамдас бөлімі. Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестігінің (идентичность) де аса маңызды талабы екендігіне біз кейде тиісті мән бермейміз. Егер «Тіл туралы» Заңда және басқа да заңнамалық актілерде жинақталған принциптер мен нормаларды, бүгінгі қоғамдық қатынастардағы үдерістерді, білім мен мәдениет саласындағы ахуалды саралай келе мынадай нақты қорытынды жасауға болады – қазіргі кезеңде мемлекеттік тіл этносаралық (ұлтаралық) қатынастың аса маңызды құралы. Мемлекеттік тілдің топтастырушылық рөлінің рухани-мәдени әлеуетінің қайнар көзі, сарқылмас мол қуаты сол тілдің негізгі иесі, сол тілді түзуші де қолданушысы да, ғасырлар бойы сақтап, әуездеп, әспеттеп, дамытып келе жатқан қазақ ұлтының бойындағы біртума ұлттық мінез-қасиеттер мен үздік адамдық, азаматтық қасиеттерден туады. Қоғамтанушы ғалымдарда, өзге елдер мемлекет қайраткерлері де, байырғы қазақ жерін мекендеген бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда тұратын этнос өкілдері қазақ ұлтының бойындағы гуманизм, толеранттылық, қонақжайлылық, кеңпейілділік, кешірімпаздық тәрізді қасиеттерін жоғары бағалайды. Танып, мойындайды, осы қасиеттерін көбіне баса айтады. Онда, біздің пайымдауымызша белгілі бір саяси астарда жоқ емес. Тіпті кейде арқадан қағып алдаусырату, көпе-көрінеу мақтауда айқын көрініп тұрады. Біздің осы жерде назар аударайық деп тұрғанымыз осы құбылыстағы біржақтылық немес ұлтымыздың түпкі мүддесі, болашақ тәрбиесі үшін зияны тиюі мүмкін кейбір реңктері, астары туралы мәселе.

Ұлтымызды шыдамды, төзімді, толерантты деп, бір жақты ғана айта айта беру қаншалықты объективті? Қаншалықты оның басқа да адамдық, азаматтық, тәлтіма ұлттық ерекше қадір қасиетін толық береді? Бүгінгі кезеңде ұлтымыздың бойындағы, туа біткен, ғасырлар бойы қалыптасып, сақталып келген өр, намысшыл, батырлық қасиеттерін, отан сүйгіштігі мен Қазақ жерінің біртұтастығы жолындағы ғасырлар бойғы күрескерлік, жанкештілік қасиетін де баса айтуымыз керек. Осы қасиеттердің барлығы оның тілінде, фольклоры мен жазба әдебиетінде тұнып тұрғанын айту керек. Соларды пайдалану керек. Мемлекеттік тілдің мол мүмкіндіктері арқылы халқымыздың жоғарыдағы үздік қасиеттерінде насихаттап, еліміздің барлық этностарының да ұрпағына жеткізу барлық деңгейдегі оқу орындары мен біздің, аға ұрпақтың парызы деп есептеуіміз керек.[5]

Қазақты тек көмпіс, шыдамды, төзгіш, кеңқолтық, момын, деп «жалпақшешейлік» тұрпатында наихаттай беру - біржақты, абырой әпермес әрекет.

Әсіресе, бүгінгі жаһандану, ұлттық межелер мен тұрпаттардың жаппай көмекеленуі жағдайында ұлттық менталитетке зияны тиер әрекет.

Ұлтымыздың бойындағы жоғарыда аталған намысқойлық, өршілдік, өзінің ұлтының қасиеттеріне адалдық, отаншылдық қасиеттерін наихаттау ел ішіндегі қоғамдық татулық пен келісімге сызат түсірмесі хақ. Қайта мемлекет құраушы ұлтқа, оның тіліне құрметтеуге бастар үрдіс. Болмаса, кейде біздің тіліміздің өршіл, намысшыл, дауылпаз рухы басылып қалғандай. Жылауық, нәрсіз, ұлттық намысы мен өршілдігінен айрылған, бюрократияның қасаң тілінің аясында ғана насихатталатын тілді басқаларда силамайтындығы түсінікті. Ендеше мемлекеттік тіл оның рөлі насихаттағанда оның бойындағы оны жасаушы ұлттың үздік қасиеттері мен дүние танымын толық, тіл құралы арқылы жан –жақты жеткізген абзал. Тілді Бұхар жыраудың, Қаз дауысты Қазбектің шешендік сөздері, Махамбеттің, одан беріде Жұбан мен Олжастың, Темірбек пен Тыныштықбектердің, бүгінгі жас буын ақындардың өршіл поэзиясы, олардың орыс тіліне және дұрыс, мәнді аударылған үлгілері арқылы ұлт қадірі мен қасиетін насихаттау тек қазақ ұлты мен оның тілі төңірегінде топтасуға қызмет етеді. Мемлекет құраушы ұлт пен оның тілін құрметтеуге бастайды.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттік тәуелсіздігіміздің, дербестігіміздің теориясы мен нақты практикасының тіліне, алдыңғы қатарлы стратегия мен идеялардың тіліне, ғылым мен техниканың тіліне айналуы қажет. Тәуелсіздігіміздің рухани шайқалмас тірегі. Оның осы тамаша мүмкіндіктерін жарқырата ашып, Қазақстан халқын топтастырудың пәрменді тетігіне айналдыру жоғарғы мектеп өкілдерінің, бүкіл ұлттық интеллигенцияның абыройлы міндетідеп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Саяси түсіндірме сөздік. Алматы, 2007ж. -227 бет.
2. Дін және ұлт. Мұртаза Бұлұлтай. Алматы, 2006ж. – 90бет,102 бет.
3. Абай шығармаларының 2 томдық толық жинағы.Алматы. «Жазушы» 2005ж. - 65 бет.
- 4.Абай және қазақ елінің болашағы.Оразәлі Сәбден.Алматы,2016ж. -39 бет.
5. Нәубет Қалиев. Ұлттық мемлекеттердің рөлі ешқашан төмендемейді/Қалиев Нәубет // Егемен Қазақстан , 2017.- 26 шілде (№ 141)

УДК 368

ОСНОВНЫЕ УГРОЗЫ ФИНАНСОВОЙ БЕЗОПАСНОСТИ СТРАХОВОЙ КОМПАНИИ

Тургаева А.А.

Астраханский государственный технический университет, г. Астрахань, Россия

Аннотация. В статье рассматриваются понятие и роль финансовой безопасности в страховых компаниях. Финансовая безопасность страховой компании, как неотъемлемая часть экономической безопасности – это состояние защищенности финансовой сферы страхования путем осуществления комплекса мер, направленных на предотвращение внутренних и внешних угроз, воздействие которых может негативно сказаться на финансовой устойчивости компании.

Ключевые слова: финансовая безопасность, экономическая безопасность, угрозы, страховая компания.

Современный российский страховой рынок характеризуется повышенной конкуренцией, ограниченным предложением ассортимента страховых продуктов, высокой территориальной концентрацией ведущих страховых компаний в центральных регионах с развитой филиальной сетью, жестко управляемой головными организациями, зачастую без учета специфики соответствующего регионального сегмента страхового рынка [1]. Для исследования состояния страхового рынка в России, в настоящее время, проведем анализ его сегментов за последние три года.

В 2019 г. показатели страхового рынка менялись разнонаправленно. В таблице 1 приведены такие показатели как сумма страховых выплат и страховых премии за 2017-2019 года. Данные показатели позволяют оценить динамику развития страхового рынка за представленный период.

Таблица 1 - Сумма страховых премии и страховых выплат в РФ в 2017-2019 годах, тыс. руб.

	Страховые премии, млрд.руб	Темп изменения премий, %	Страховые выплаты, млрд.руб	Темп изменения выплат, %	Коэффициент выплат, %
2017	1278,84	8,32	509,72	0,77	39,86
2018	1479,5	15,69	522,47	2,5	35,31
2019	1480,2	0,04	609,46	16,47	41,21

Согласно представленным данным, можно сделать вывод о том, что страховой рынок постоянно развивается и расширяет свою деятельность. Положительная динамика объема премий в 2018 году обеспечена в основном личным страхованием. Объем премий вырос на 15,7% - это лучший показатель за последние 6 лет. Объем выплат вырос на 2,5%. Однако, в 2019 г. страховой рынок перестал расти: объем собранных премий практически не изменился, а объем выплат значительно вырос. По итогам 2019 г. объем собранных страховых премий составил 1480 млрд. рублей. Впервые с 2009 г. рынок не вырос. Причиной снижения показателей стала потеря интереса страхователей к оформлению полисов страхования жизни. Исключение – полисы защиты здоровья и жизни заемщиков. Проследим динамику изменений страховых премий и выплат по страхованию 2018-2019 годов по квартально. (Рисунок 1).

Объем страховых премий по добровольным видам страхования за 2019 год составил 1,24 трлн рублей против 1,23 трлн рублей в 2018 году, по обязательным – 235,2 млрд рублей против 250,9 млрд рублей. Сегмент добровольного non-life страхования второй год подряд показывает положительную динамику: объем премий-брутто вырос на 59 млрд рублей благодаря личному страхованию и страхованию имущества юридических лиц. При этом премии-нетто по страхованию от несчастных случаев сократились на 14,8 млрд рублей, а динамика сегмента имущества юридических лиц находится в зависимости от дат заключения крупных договоров.

Структура рынка изменилась незначительно. Благодаря росту ДМС и страхования от несчастных случаев доля личного страхования осталась на уровне 53%.

Положительная динамика всех видов добровольного страхования имущества обеспечила рост доли сегмента с 24,4% до 26,3%.




Рисунок 1 - Квартальная динамика страховых премий и выплат по страхованию, млрд.руб

В 2019 г. сменился тренд развития российского рынка страхования жизни. Стагнация объемов страховых взносов в условиях роста числа заключенных договоров связана с изменением структуры рынка – ростом спроса по видам страхования с невысокими средними страховыми премиями (страхование жизни заемщиков, ДМС) и сокращением числа договоров по видам страхования с высокими средними премиями (инвестиционное страхование жизни, страхование прочего имущества юридических лиц).

Страхование жизни остается основным драйвером рынка с темпом роста премий выше 54%. Однако, количество заключенных договоров сокращается на 797443 по сравнению с 2018 годом (на 13,3 %). Объем выплат по страхованию жизни вырос до 133420,5 млн. рублей в связи с окончанием срока действия договоров страхования жизни, заключенных.




Рисунок 2 - Структура страховых премий по видам страхования, 2016-2019 гг.

Таблица 2 - Основные показатели по страхованию жизни, 2017-2019 гг.

Год	Премии, млн. руб.	Выплаты, млн. руб.	Количество договоров
2017	331537	36486,84	4537172
2018	317154,8	67070,5	6003845
2019	317706,1	133420,5	5206402

Темп изменения премий по страхованию жизни перешел в зону отрицательных значений (минус 9,5%) в связи с внедрением стандартов раскрытия информации и отказом клиентов от пролонгации договоров инвестиционного страхования жизни. Договоры страхования жизни заключали 30 страховщиков. Концентрация в этом сегменте выше среднерыночных значений, но из-за снижения долей ООО СК «Сбербанк страхование жизни» и ООО «Капитал Лайф Страхование Жизни» доля ТОП-10 компаний оказалась ниже, чем в 2018 году.

Несмотря на сокращение премий на 30,3 млрд рублей, лидером сегмента осталось ООО СК «Сбербанк страхование жизни» с долей 36%. Страховщики жизни демонстрируют разнонаправленные тенденции изменения объема премий. В составе ТОП-10 половина компаний показали отрицательную динамику, но из 43 млрд. рублей сокращения в целом по сегменту только 12 млрд. рублей пришлось на десятку лидеров.

Анализируя страховой рынок России, проследим, как изменяется объем премий по страхованию средств наземного транспорта. Второй год подряд сегмент автокаско показывает положительную динамику объема премий-брутто, но прибавка минимальна (+1,9 млрд рублей или 1,1%), и по-прежнему страховщики не достигли даже уровня 2016 года. Негативное влияние на сегмент оказывает снижение продаж новых автомобилей (на 41 тыс. меньше, чем в 2018 году), позитивное - рост объемов лизинга. Всего в 2019 году заключено 4,93 млн. договоров (+203 тыс. по сравнению с 2018 годом) - это лучший результат за последние 5 лет.

Таблица 3 - Основные показатели ТОП-10 страховщиков жизни за 2019 год

№	Наименование	Объем премий, тыс.руб.	Изменени е объема премий	Объем выплат, тыс.руб.	Изменение объема выплат	Количество договоров страхования, шт.
1	ООО СК «Сбербанк страхование жизни»	147228438	- 30330886	3730268 1	23830915	1663296
2	ООО «АльфаСтрахование-жизни»	55494129	-447472	2334660 3	11261877	1320751
3	ООО «СК СОГАЗ-ЖИЗНЬ»	45617887	25144606	6559433	2998109	117001
4	ООО «СК Ренессанс Жизнь»	32633144	1553451	4326876	2626898	1051833
5	ООО «Капитал Лайф Страхование Жизни»	17562095	-7221576	2747462 6	14777399	200496
6	АО ВТБ Страхование жизни	15437898	- 17582383	8206808	2698130	35592
7	ООО СК «Росгосстрах Жизнь»	13407762	10287494	299816	126205	70435
8	ООО «СОСЬЕТЕ ЖЕНЕРАЛЬ Страхование Жизни»	11658528	-884085	2463199	1282605	91212
9	ООО «Страховая компания СиВ Лайф»	8823842	3126705	4687644	2016555	3321
10	ООО «РСХБ-Страхование жизни»	7773625	4121409	11542	23172	51496

Конкуренция в сегменте сохраняется на высоком уровне: здесь работают 87 компаний (из них только 48 заключили больше 1000 договоров), совокупная доля 10 крупнейших страховщиков автокаско составляет 87,5%. Сокращение средней премии продолжается 4 год подряд.

Рост количества заявленных убытков (с 978 до 995 тыс.) и средней выплаты (с 90,9 до 101 тыс. рублей) создает предпосылки для роста тарифов.




Рисунок 3 - Динамика средней премии и выплаты по каско, рублей

Тенденция к снижению объемов продаж новых автомобилей, рост стоимости привлечения новых клиентов, увеличение выплат (в том числе в результате роста стоимости импортных запчастей) дают основания ожидать повышения тарифов в 2020 году.

Проанализировав, показатели характеризующие состояние страхового рынка, можно сделать следующие выводы. Страховой рынок в России в последние годы получил существенное развитие, подтверждают это соответствующие показатели. Однако в сравнении с другими странами страховой рынок в России находится на качественно низком уровне. Этот факт можно объяснить тем, что высоким темпам роста страхового рынка в России в настоящее время не способствуют факторы, связанные с общим кризисным состоянием экономики в стране.




Рисунок 4 - Ключевые факторы, повлиявшие на динамику страхового рынка

В заключение, можно сказать, что страховой рынок характеризуется как сложная многофакторная динамическая система, состоящая из постоянно взаимодействующих и взаимозависящих экономических элементов, отдельных групп участников и субъектов рынка. В 2019 году темпы роста российского страхового рынка минимальные, учитывая показатели за последние 10 лет. Впервые с 2009 года годовой рост показателей внесенных премий страховщикам составил 0%.

Главными элементами системы страхования предприятия являются методы оценки рисков и их выявление, оценка имущества независимыми компаниями – оценщиками, мониторинг финансового состояния страховых компаний методом проведения тендера, создание определенных структур по управлению рисками предприятия, механизм проведения внутреннего аудита и сравнение его результатов с оценкой сюрвейера [2]. Угрозы в системе страхования представляют собой реальную системную угрозу экономической безопасности страны. Производственный аудит в свою очередь должен включать расчет максимально возможного убытка по производствам, агрегатам и цехам, а также стоимость имущества по видам и подразделениям, оценить износ имущества, выявить зоны концентрации рисков и определить общий уровень производственного риска. При этом необходимо создание страхового портфеля для предприятия, проведения мониторинга страховых рисков, который позволил бы дать оценку страховым рискам и выявил необходимость страхового покрытия. Для того чтобы страховая компания была способна выполнять свои обязательства перед клиентами, она должна правильно распорядиться своими финансовыми ресурсами. Вся деятельность страховой компании заключается в создании денежных фондов. Движение финансовых средств страховщика представляют собой кругооборот финансовых потоков, то есть поступление, расходование и преобразование первых. Одно из ведущих мест в сфере управления страховым бизнесом отводится проблемам финансовой устойчивости и платежеспособности страховых компаний. Контроль и оценка финансового состояния важна как для отдельной страховой компании, так и в целом для страхового рынка. Высокий интерес к вопросу финансовой устойчивости объясняется высоким ростом финансовой ответственности страховых компаний, а, следовательно, со способностью в любой период выполнить принятые обязательства по заключенным договорам страхования. В связи с неплатежеспособностью в современном страховом рынке России продолжается процесс ухода недобросовестных и финансово неустойчивых игроков.

На 1 марта 2016 года с июля 2004 года было отозвано 1236 лицензий у страховых компаний. Только за 2013 год отозвано 38 лицензий. На 1 января 2014 года зарегистрированы 407 страховых организаций. На современном этапе развития страхового рынка в России количество страховых компаний, имеющих лицензию на проведение страховых операций насчитывается 175 единиц. Как показывает статистика многие страховые компании не выдерживают конкуренции и становятся убыточными [3]. Несмотря на уход небольших организаций и снижение численности участников рынка, за рассматриваемый период снизилась концентрация страхового рынка: число организаций, на которые приходится 80% страховых премий, увеличилось с 23 до 25. В условиях экономического кризиса первостепенное значение для государства приобретает финансовая безопасность страховых компаний и потребителей страховых услуг, которая рассматривается как важнейшая качественная характеристика развития страхового рынка, определяющая возможности его дальнейшего функционирования. О недостаточной защищенности потребителей страховых услуг свидетельствует недобросовестность субъектов страхового бизнеса, уклоняющихся от исполнения своих обязательств. В условиях нестабильного экономического развития эта проблема усугубляется увеличением числа неплатежеспособных страховщиков, которые не в

состоянии выполнить свои финансовые обязательства, что приводит к невозможности получения страховых выплат по страховым случаям и падению доверия страхователей к страхованию в целом.

ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н.Н. Казахстан 2030: послание Президента страны народу Казахстана. М., 2014.
2. Оспанов Г.М. Анализ имиджа Казахстана на мировом туристском рынке / Фундаментальные исследования. 2014. №1–2.
3. Официальные статистические показатели / Официальный сайт департамента туризма Казахстана. URL: [http:// www.depturizm.mid.gov.kz](http://www.depturizm.mid.gov.kz).

УДК 93.231

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ КАСПИЙСКОГО РЕГИОНА

Иолкужикова А., студент

Научный руководитель: Абдешов Д.Д.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, Казахстан, г. Актау.

Аннотация. В данной статье рассматриваются процессы в Каспийском регионе. Объемы добываемой сегодня на Каспии нефти в мировом масштабе сравнительно невелики. Внутренне потребление энергоресурсов в Казахстане относительно невелико, в связи с чем, появляется возможность увеличить экспорт сырья на внешние рынки. Такая ситуация укладывается в стратегию Республики Казахстан по диверсификации путей поставок сырья на мировой рынок.

Ключевые слова: Каспийское море, каспийское государство, судоходства, рыболовства, сотрудничества в области охраны окружающей среды, Евроазиатского транспортного коридора.

На сегодняшний день Каспийский регион становится вполне самостоятельным региональным узлом современной политики, где имеет место развитие событий, от которых зависят международные процессы, как на региональном, так и на международном уровнях. Сложившаяся ситуация в Каспийском регионе характеризуется тем, что интересы региональных и внерегиональных государств тесным образом переплетаются как в энергетической области, так и в сфере международной безопасности. Это в полной мере относится к России, США, Китаю и Европейскому Союзу, которые оказались в числе ведущих игроков. [1]

Освоение богатств недр казахстанского и других секторов Каспийского моря имеет стратегическое значение для Республики Казахстан в начале XXI века с точки зрения обеспечения собственной энергетической безопасности.

Казахстан непосредственно вовлечен во все происходящие процессы в этом регионе. Хотя объемы добываемой сегодня на Каспии нефти в мировом масштабе сравнительно невелики, но наблюдаемое в настоящий момент повышение внимания США, Китая, Турции, Европейского Союза к региону в принципе создает благоприятные условия для дальнейшего развития нефтедобывающей промышленности. Внутреннее потребление энергоресурсов в Казахстане относительно невелико, в связи с чем, появляется возможность увеличить экспорт сырья на внешние рынки. Такая ситуация укладывается в стратегию Республики Казахстан по диверсификации путей поставок сырья на мировой рынок. [2] Дно и ресурсы дна были делимитированы между всеми каспийскими государствами по срединной линии, как это принято в мировой практике, и в соответствии с существующей международной методикой. Разведку и освоение минеральных ресурсов в своей зоне каждое каспийское государство должно осуществлять самостоятельно.

Республика Казахстан выступает за сотрудничество с другими прикаспийскими государствами в области разработки ресурсов казахстанской части Каспия. Формы участия могут быть самыми разнообразными. [2]

По мнению казахстанской стороны, нефтяные компании каспийских государств должны участвовать в разработке недр в зоне другого государства на общих условиях. Это положение не должно затрагивать уже существующие консорциумы. Освоение месторождений, расположенных в пределах зон двух и более каспийских государств, должно быть предметом соглашений о разделе продукции между соответствующими государствами. [2]

Что касается живых ресурсов моря, пользования водами Каспия в целях судоходства, рыболовства, сотрудничества в области охраны окружающей среды и т.д., то Казахстан готов на самые широкие компромиссы вплоть до кондоминиума.

Наиболее приоритетным во внешней политике США на постсоветском пространстве становится кавказское направление, открывающее дорогу к перспективным энергетическим ресурсам Каспия, которые Вашингтон стремится взять под свой контроль. [3]

Каспийский регион в XXI веке обещает стать главным поставщиком энергоресурсов на мировой рынок. Запасы имеющихся здесь углеводородных ресурсов оцениваются поразному, но все эксперты сходятся во мнении, что этот регион может выйти на 3-е место в мире по добыче энергоресурсов (после Ближнего Востока и Сибири). Крупнейшие прогнозные региональные запасы нефти и газа сосредоточены на территории Туркмении (6,5 млрд. тонн нефти и 5,5 трлн. куб.м. газа 4-е место в мире по разведанным газовым запасам), Казахстана (6 млрд. тонн нефти и 2 трлн. куб.м. газа) и Азербайджана (3,5-5 млрд. тонн нефти и 600 млрд.куб.м. газа). Российские запасы нефти на Каспии (до открытия в январе 1998 года потенциально нефтеносных структур в северном секторе моря около 600 млн. на площади 800 кв. км) оценивались в 1 млрд. тонн. Иранские запасы еще меньше. По самому шельфу Каспия разведанные запасы составляют 12 млрд. тонн условного топлива, и в случае разделения моря на национальные сектора Казахстан получит 4,5 млрд. тонн, Азербайджан 4 млрд. тонн, Россия 2 млрд. тонн, Туркмения 1,5 млрд. тонн и Иран 0,9 млрд. тонн.

В своих официальных заявлениях американцы подчеркивают, что их политика на Кавказе направлена на укрепление существующих здесь политических и экономических механизмов, продвижение вперед рыночной демократии, урегулирование конфликтных ситуаций, развитие энергетики и создание энергетического транспортного коридора между Востоком и Западом, сотрудничество в вопросах обеспечения безопасности. Стратегическое положение Азербайджана в центре Каспийского региона предопределяет его растущее значение в шкале

американских внешнеполитических приоритетов. Ключевая роль Баку в реализации проектов освоения и транспортировки каспийских энергоресурсов, четкая линия на установление союзнических отношений с Турцией и Западом делают Азербайджан привлекательным для США кандидатом на роль регионального лидера, перспективным опорным пунктом для закрепления американского присутствия в регионе. [3] Создание Евроазиатского транспортного коридора, включающего в себя магистральные трубопроводы и торговые маршруты от Каспия через Закавказье и далее к Средиземному морю через турецкую территорию, является одним из ключевых приоритетов в политике Соединенных Штатов на Кавказе. Все активнее втягиваясь в каспийские дела, США вместе с Турцией настойчиво выступают за прохождение основного экспортного нефтепровода по маршруту Баку средиземноморский порт Джей-хан, поскольку это позволяет исключить территорию Ирана при транспортировке энергоносителей, а также снизить зависимость государств Центральной Азии и Закавказья от России.

ЛИТЕРАТУРА

1. Мауленов К.С. Особенности правового регулирования нефтебизнеса в казахстанском секторе Каспийского моря: сборник материалов 2006 год – 380 стр.
2. К.Токаев. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации 2009 - 420
3. Бакаев А.К. Каспийское море: правовой статус и режим, безопасность региона и охрана окружающей среды: сборник материалов 2006 год - 251 стр.

УДК 317

КАСПИЙСКИЕ ВОРОТА КАК КУЛЬТУРНО - ТУРИСТИЧЕСКИЙ КЛАСТЕР

Кабдрахим М., студент

Научный руководитель: Абдешов Д.Д.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, Казахстан, г. Актау.

Аннотация. В данной статье рассматриваются перечень крупных проектов, предлагаемых к реализации на национальном уровне, в соответствии с разработанными системными планами развития туризма Республики Казахстан. Разработаны меры по повышению уровня привлекательности страны для развития въездного туризма, привлечению инвесторов и улучшению системы национальной статистики в области туризма, а также развитию инфраструктуры в туристских регионах республики.

Ключевые слова: туристская отрасль, зоны отдыха Кендерли, медицинский туризм, туристские кластеры, культура, государственная политики.

В современных условиях развитие туристской отрасли невозможно без определения основных направлений развития правовых основ туристской деятельности в Республике Казахстан. К основным политико-правовым актам в сфере развития туризма является Концепция туристской отрасли Республики Казахстан до 2023 года (утвержденная постановлением Правительства РК от 30 июня 2017 года №406). Проект Концепции разработан на основе комплексного анализа современного состояния туристской отрасли Республики Казахстан, с учетом международного опыта и содержит стратегическое видение развития туризма, основные принципы и общие

подходы к развитию туристской отрасли республики до 2023 года, определяет цели, задачи и этапы реализации государственной политики в этой области. В результате проведенного анализа определены долгосрочные тенденции развития туристского рынка, основные туристские кластеры, продукты и объекты с разделением их по видам туризма, уровню готовности к приему туристов и туристской привлекательности. [1]

В рамках Концепции сформирован перечень крупных проектов, предлагаемых к реализации на национальном уровне, в соответствии с разработанными системными планами развития туризма Республики Казахстан, Боровской курортной зоны Акмолинской области, горнолыжной зоны вблизи города Алматы, зоны отдыха Кендерли, а также мастер - плана кластерной программы развития туризма в Восточно-Казахстанской области. Также определена концептуальная модель государственного регулирования и продвижения национального туристского продукта на основе международного опыта и потребностей отрасли. Разработаны меры по повышению уровня привлекательности страны для развития въездного туризма, привлечению инвесторов и улучшению системы национальной статистики в области туризма, а также развитию инфраструктуры в туристских регионах республики. Концепция прошла всестороннюю проработку и обсуждение в казахстанском экспертном сообществе. Документ включает рекомендации крупных международных консалтинговых компаний Horwath HTL, Ecosign Mountain Resort Planners Ltd, THR, IPK International и результаты проведенных в 2012 году исследований туристского потенциала в Казахстане [2].

Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан разработана в целях реализации Послания Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана от 27 января 2012 года «Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития Казахстана» [3], Государственной программы по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010-2014 годы, Стратегического плана развития Республики Казахстан до 2023 года в части развития туризма, как одного из важных социально-экономических направлений.

В качестве одного из основных направлений развития туризма в Казахстане является медицинский туризм, что определено в Послании Главы государства Н.Назарбаева народу Казахстана года «Казахстанский путь - 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 года. Это обусловлено утверждением здорового образа жизни и развитием медицины в Республике Казахстан. Основные направления развития права закреплены в Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2023 года. Учитывая приоритеты Концепции культурной политики в Казахстане возможно создание шести культурно-туристских кластеров: Астана - сердце Евразии, Алматы - свободная культурная зона Казахстана, Жемчужина Алтая, Возрождение Великого Шелкового пути, Каспийские ворота, Единство природы и кочевой культуры. Так же в этой концепции закрепляется идея о современных условиях, обусловленных многократным усложнением общественной жизни, часто возникают смешанные отношения, в связи с чем, необходимо решение вопросов пределов действия административного права, его соотношения с другими отраслями права и прежде всего административного права с гражданским правом при возникновении смешанных (административно-гражданских) правоотношений.

Таким образом, развитие правового регулирования туристской деятельности в будущем будет зависеть от детализации и конкретизации правовых норм, регулирующих отношения в этой сфере. В этих политико-правовых актах определяется разноплановые аспекты развития туризма как экономического явления, как реализации права на отдых, как реализацию комплекса различных прав, связанных с перемещением в пространстве из места постоянного обитания в другие места.

ЛИТЕРАТУРА

1. «Tax Free» в Казахстане. Как это будет [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://bitly.su/U1Xl> (дата обращения: 03.10.2019).
2. Бурабай возглавил рейтинг лучших курортов в СНГ для летнего отдыха [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://bitly.su/KnYJ53o> (дата обращения: 07.10.2019).
3. Глобальный саммит по вопросам городского туризма пройдет в столице [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://bitly.su/0oP2xIb> (дата обращения: 01.10.2019).

ӘОЖ 336.65

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Базарбаева А., студент

Ғылыми жетекшісі: Кубигулова Р.Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Андатпа. Мақалада шағын және орта кәсіпкерліктің дамуының мемлекеттік қолдау саясаты қарастырылады және мемлекет пен кәсіпкерліктің қарым – қатынасының елдің бәсекеге қабілеттілігінің көтеру негізгі мақсаты мен жаңа идеологиясы салынады.

Түйінді сөздер: шағын және орташа кәсіпкерлік, кәсіпкерліктің атаулы қолдауы, халықтың жұмыспен қамтылуы, кәсіпкерліктің негізгі мәселелері, орта табы.

Шағын және орта кәсіпкерлік – экономиканың ұтқыр әрі нәтижелі секторының бірі. Жалпы ішкі өнімнің елеулі бөлігін өндіру солардың үлесінде. Бұл жағдай тек дамыған елдерге ғана қатысты емес, өтпелі экономикасы бар елдерге де қатысты. Осы орайда Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында: «Жапония, Германия, Бельгия, Италия сияқты елдерде шағын және орта бизнес олардың барлық кәсіпорындары санының 90%-дан астамын құрайды, көптеген дамыған елдерде олар жалпы ішкі өнімнің 50%-дан астамын береді. Сондықтан да біздің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың түбірінен жаңа идеологиясын түзуіміз қажет. Қазақстандықтардың бастамашылығында кең өріс ашу үшін жағдай жасалды, кәсіпкерлер ендігі жерде осы мүмкіндіктерді пайдалана білсе игі!», деп айтқан болатын

Елбасы ұстанып отырған стратегиялық бағытта қоғамды жаңартуға қабілетті, экономиканың жағдайын ойлайтын кәсіпкерлерге ерекше көңіл бөлінеді. Шағын және орта кәсіпорындардың тиімділігі мен артықшылығы – олар аса үлкен қаржыны керек етпейді. Шағын және орта бизнес халықтың әл-ауқатын арттырып, қосымша жұмыс орындарының ашылуына, жалақының уақытында төленіп отыруына себебін тигізетіні сөзсіз. Бүгінгі Қазақстан жағдайында кәсіпкерліктің осы түрін дамытуға кеңінен жол ашылды. Осы орайда кәсіпкерлікті дамыту Комитеті мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бірлесе отырып, «Бизнес жол картасы - 2020» Бағдарламасын жүзеге асыру жолында біршама жұмыстар жүргізіп жатыр, оның мақсаты экономиканың шикізаттық емес секторларында аймақтық кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін, сондай – ақ әрекет етіп отырған жұмыс орындарының сақталуын және жаңа тұрақты жұмыс орындарының қалыптастырылуын қамтамасыз ету болып табылады.[1].

2011 жылы «Бизнес жол картасы - 2020» Бағдарламасының «Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту» төртінші бағытының жүзеге асырылуы басталды. Бағдарлама шеңберінде шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдауы жаңадан бастаған кәсіпкерлерді (старт-ап жобаларды) қолдаудан, әрекеттегі бизнесті жүргізуде сервистік қолдау көрсетуден, шағын және орта бизнестің басқарушыларын оқытудан, «Іскерлік байланыстар» жобасы іске асырудан тұрады. Жаңадан бастаған кәсіпкерлерді қолдау шеңберінде «Бизнес кеңесші» кәсіпкерлігінің негізінде оқыту бойынша екі күндік жедел курстар ұйымдастырылады.

2012 жылдың 27-қаңтарындағы кеңейтілген отырыста Мемлекет Басшысының ірі кәсіпорындардың шағын және орта бизнес субъектілерімен бірлесуі жөніндегі шараларды қабылдау туралы берген тапсырмасы шеңберінде Кәсіпкерлікті дамыту комитеті ірі компаниялар жанында шағын және орта бизнесті дамытудың Әріптестік Бағдарламасын әзірледі және оны жүзеге асыруда. Әріптестік Бағдарламаны әзірлеу мақсаты ірі компаниялардың, мемлекеттің, халықаралық ұйымдардың күш салысуын біріктіре отырып аймақтарда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау болып табылады [2].

Мемлекеттік органдардың бақылау қызметі мен рұқсат беру лицензиялау қызметі арқылы, бизнес ортаны жақсарту жұмыстары жалғасуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты». – 27 қаңтар 2012 жыл. // <http://www.vvmvd.kz/kaz/prk/Pages/2012.aspx/>.

2. Т. Мамираимов, Қазақстан гуманитарлы-саяси конъюнктура орталығының вице – президенті, Е.Байдаров, ҚР БҒМ Философия және саясаттану Институтының ғылыми хатшысы. Қазақстан: Кәсіпкерлік ұлттық экономиканың әртараптандыру өзегі ретінде. //: <http://www.kazakh-zemo.kz/>.

3. Первый Республиканский форум занятости «Парыз 2013»././ <http://www.enbek.gov.kz>.

ӘОЖ 336.67

ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Өмірбаева А., студент

Ғылыми жетекшісі: Кубигулова Р.Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Андатпа. Туристік өнімнің және туризм индустриясының бәсекеге қабілеттілігін кластерлік дамыту арқылы арттыру кластерлік буындар құру, олардың өзара іс-қимылын жақсарту және іс-қимылдың жоспар түрінде ұсынылған басым жоспарын жүзеге асыру процесін жылдамдатуға көмектеседі. Қазақстанда туристік кластерлер құру мен оларды дамыту шеңберінде туристік өнімді әлемдік нарыққа жылжыту мақсатында белсенді маркетингтік саясат жүргізу жоспарлануда.

Түйінді сөздер: туризм, шетел, инвестиция, мейманхана, инфрақұрылым.

Әлемдік тәжірибеде табыс көзі жағынан туризм – мұнай мен газдан кейінгі орынды иемденеді. Туризм – кез-келген елдің экономикасында үш тиімді ықпалмен әсер етеді. Олар – шетелдік валюта ағынын көбейтеді, тұрғындарды еңбекпен қамтиды, мемлекет инфрақұрылымын дамытуға ықпал етеді. Дүниежүзілік туристік ұйымның мәліметі бойынша, бір турист барған жерінде 1 мың АҚШ долларын тастап кетеді екен. Бұл ешбір өсіміз, қайтарып берусіз елде қалған ақша. Сонымен қатар бір туристің ақшасы 9 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Өйткені, турист қаржысының 30%-ін қонақ үйде, 20%-ін көлікте, 35%-ін қоғамдық тамақтандыру орнында және 15%-ін басқа да қызмет көрсету (музей, көрме т.б) орындарында қалдырады. Туризмді дамытудағы табыс оның мемлекеттік деңгейде қалай қабылданатынына тікелей байланысты. [1]

Туристік қызметті мемлекеттік реттеу мен қолдау жүйесін дамыту бағытында мынадай шараларды іске асыру қажет:

- Қазақстан Республикасының алда тұрған Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруін ескере отырып, туристік қызмет көрсетулердің халықаралық саудасын мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер жобасын әзірлеу;

- сырттан келушілер туризмі мен ішкі туризмді дамыту, көші-қон, визалық және тіркеу рәсімдерін, кеден және шекара бақылауын оңайлату мәселелері жөніндегі ұлттық заңнаманы жетілдіру;

- сырттан келушілер және ішкі туризмді дамыту үшін инвестициялау және салық салу мәселелері жөніндегі қажетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

- туризм саласындағы статистикалық есеп пен есептілік жүйесін жетілдіру, Туризмнің қосымша шотын (ТҚШ) ұлттық шоттар жүйесіне енгізу;

- туристік саланың төлем теңгерімін қалыптастыру әдістемесін Дүниежүзілік туризм ұйымның ұсынымдарын және Біріккен Ұлттар Ұйымы Статистикалық комиссиясының шешімдерін ескере отырып жетілдіру;

- шет елдермен туризм саласындағы ынтымақтастықты саланың халықаралық шарттық базасын кеңейту негізінде жандандыру;

- туристік және қонақ үйлік қызмет көрсетулердің сапасын техникалық реттеу жүйесінің белгіленген талаптарына сәйкес арттыру;

- туризм саласындағы қызметті мүдделі орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік және жеке меншік секторлар арасында үйлестірудің ең жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

- туристік менеджменттің тиісті деңгейін қамтамасыз ету;

- туристік инфрақұрылымды дамытуды мемлекеттік қолдауды және орталық пен жергілікті атқарушы органдардың осы бағыттағы іс-қимылдарын үйлестіруді қамтамасыз ету; [2]

- туристік саладағы жеке бастамалардың дамуына жәрдем ету;

Туризм инфрақұрылымын дамыту және инвестициялық ахуалды жақсарту мәселелерін шешу үшін мынадай шараларды жүзеге асыру қажет:

- электр беру желісін жүргізу;

- сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің құрылысын салу;

- телефон желісін төсеу немесе өткізу және спутниктік байланыспен қамтамасыз ету;

- көлік жолдарын салу және қайта салу.

Бірінші кезекте коммуникациялық жүйелерді Қапшағай су қоймасындағы, Алматы облысындағы Алакөл көлінде, Маңғыстау облысындағы Каспий теңізі жағалауындағы (Кендірлі ауданы), жағажай туризмі және ойын-сауық индустриясы

дамыған аудандарда, Жібек жолының қазақстандық учаскесінің орталығы – Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында қамтамасыз ету қажет.

Рекреациялық ресурстардың ірі шоғырланған базасында рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аумақтық аймақтар қалыптастыру қажет.

Қазақстан Республикасында санаторийлік-курорттық істі дамыту ерекше маңызға ие, ол мынадай шараларды іске асыруды талап етеді:

- санаторийлік-курорттық объектілерге сертификаттау және жіктеу жүргізу;
- санаторийлік-курорттық объектілердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірлеу;
- санаторийлік-курорттық мақсаттағы объектілердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету.[3]

Туризм инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуын, сондай-ақ қаржылық қаражаттың шектеулілігін ескере отырып, мынадай өңірлерде үш, екі жұлдызды санаттағы қонақ үйлер желісі мен туркластар құрылысына бағытталған өңірлік деңгейдегі “Еурокемпинг” жобасын іске асыру шеңберінде мейманханалар, қонақ үйлер мен мотелдер, сондай-ақ кемпингтер желісін салудың бірінші кезектегі құрылысының басымдықтарын айқындау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ердавлетов, С.Р. Основы туризмологии. Алматы 2009 ж - 240 бет
- 2 Сейдахметов. А.С. Кәсіпкерлік «Экономика» баспасы, А,2011ж - 340 б.
3. Устенова, О. Основы организации туристской деятельности : Учеб.пособие Астана: Фолиант, 2011.- 272 с.

ӘОЖ 636 (574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУТUDЫҢ ЖОЛДАРЫН ҚАРАСТЫРУ

Дунина П., студент

Ғылыми жетекшісі: Кубигулова Р.Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Еліміздің ішкі туризмінің дамуы Қазақстанның әлемдік нарыққа шығуына жол ашады деп сенімді түрде айтуға болады. Бұл орайда Үкімет тарапынан көптеген жолдаулар,бағдарламалар енгізіліп жатыр. Соның бірі «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы. "Қазақстан-2030" стратегиялық бағдарламасында еліміздің келешектігі дамуына айқынды бағдар берілгені мәлім.

Түйінді сөздер: туризм, сәулет, сауықтыру, инвестиция, саяхат.

Қазіргі таңда адамдардың өмір сүруінің 2 мақсаты бар. Ол мақсат жалпы әлеуметтік жағдай жасауға және әлемді тануға бағытталған.Халық тұрмысының жақсаруы адамның саяхатқа құштарлығын арттырады.Саяхат дегеніміз – туризм.

Туризм – мемлекет жарнамасы.Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған бұл сала тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың ,мәдениет пен өркениеттің ,ел мен жердің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығымен ерекшеленіп отыр. Осы тұста еліміздің туристік шаңыраққа айналуына әбден мүмкін деген болжаумен келісуге болады. Себебі, әр аймақтың өзіне

тән тарихы, археологиялық қазбалары, табиғаты, елі және салт – дәстүрі бар. Дәл осы тәрізді біздің көркем де, әсем жеріміздің түкпір-түкпірінде өзіне ғана тән жауһарларын табуға болады. Мәселен, Жамбылдың Мыңбұлағы, Көкшетаудың Оқжетпесі, Алматының шөлейт аймақтарында орналасқан Тамғалысы және тағы да басқа аты аңызға айналған жерлерді айтуымызға болады. Өкінішке орай, туристердің көпшілігінің әуелі танысып өтетін интернет беттерінде Қазақстанның барлық туристік жерлері туралы біліп, танысуларына мүмкіндік жоқтың қасы. Қызығушылық тудыратындай айтылмаса, жазылмаса, көрсетілмесе шетелдік емес, жергілікті азаматтардың да еліміздің әсем жерлеріне баруы қиын-ақ, және еліміздің ішкі туризмі өкінішке орай әзірге мақтанып айтарлықтай дәрежеде емес.

Біздің Республикамыздың әсем де әдемі жерлерінде бірнеше туристік базалар орналасқан. Қазақстандағы туристік аймақтар туралы сөз қозғағанда ойымызға келері тоғыз жолдың торабы – әлемге әйгілі Тау Түрген шатқалы. Алматыдан Шығысқа қарай тау бөктерін 90 км жол жүрсеңіз, жан-жағыңызда ылғи да бау-бақша мен терек, қайың, қарағаш, емен, шетеннің жасыл жапырағы орап отырады да шындары көкке қол созған асқақ таулардың қойнауына кіріп кетесіз. Шатқалға кіргеннен сізді жақпар-жақпар тастар қоршап алады. 14 шақырымға созылған бұл шатқалдан құмды қопара тесіп шыққан тау бұлақтарын көресіз. Бұл шатқалда бұрын соңды көрмеген тау сарқырамаларын тамашалау бақытына ие боласыз. Сол сарқырамалардың ішінде биіктігі 30 метрден асатын тік жартастар мен құлама құздарды, шыршалар мен қарағайларды аралап өтіп төмен құлаған Аюлы сарқырамасы келушілердің есінде мәңгі қалуы сөзсіз.[1] Қазақстанның басқа аймақтарында да рекреациялық жерлер көптеп кездеседі. Оларға Іле Алатауындағы “Шымбұлақ” шаңғы базасы, Павлодар облысы Жасыбай көлі жағасындағы “Баянауыл”, Қарағанды облысындағы таулы-орманды “Қарқаралы”, Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма бөгені жағасындағы “Алтай мүйісі”, Қостанай облысындағы орманды-тоғайлы Наурызым алқабы, Көкшетау таулы аймағындағы “Золотой бор” базалары жатады. Қазақстанда белгілі туристік маңызы бар зоологиялық, ботаникалық қорықтар да жеткілікті. Оларға Алматы қорығы, Іле атырауы, Тарбағатай, Жалтыркөл, Ұлытау, Бетпақдала, Қарақия-Қаракөл, Зеренді қорықшалары, Шарын каньоны және Шарын өзеніндегі “Шетен тоғайы”, Күміс қылқанды орман, Жаманшық тауы, Айғайқұм, Әншіқұм, Жаңғақ тоғайы, Бүркіттау шоқысы және Тұма бастауларды жатқызсақ болады.[2]

Жиһангерлік және саяхатшылық-адамның танымдық көкжиегін кеңейтетін, қазіргі замандағы ғаламат мүмкіншілігі бар, пайдасы шаш етекпен келетін, біз әлі толық игере алмаған саланың бірі екендігі баршамызға белгілі. Бүгінгі туризм, яғни жиһангерлік және саяхатшылық-бұл мемлекет пен қоғамның экономикалық әлеуметтік дамуының, тұлғаның жан-жақты қалыптасуының маңызды факторы. Сондықтан туристік қызмет көрсету нарығында мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, уәкілетті органдардың, туристік компаниялардың, фирмалардың және жеке кәсіпкерлердің мүмкіншіліктерін жұмылдыруға, біріктіруге ықпал жасау - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі жұмысының күн тәртібінен берік орын алған. Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Бұл халықты жұмыспен қамтуға, бюджетті толықтыруға, шағын бизнесті дамытуға және туристік инфрақұрылымды құруға игі ықпал жасайды. Осындай үрдісті басшылыққа алып, көптеген мемлекеттер, оның ішінде жоғары дамыған туристік индустриясы бар, сондай ақ ТМД-ға қатысушы елдердің бір қатары бет бейне қалыптастыру саясатын жүргізуге қарқынмен кірісті. Мәселен, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстан жыл сайын әлемнің жетекші туристік көрмелеріне қатысып келеді.

Жоғарыда аты аталған ТМД мемлекеттері көптен бері өз аумақтарында халықаралық және аумақтық көрмелерді өткізуді қолға алды. Мұндай көрмелерді не

жәрменкелерді өткізу немесе соған қатысу - мақсат емес, бірақ отандық туристік өнімді халықаралық нарыққа өткізу үшін оның үлкен көмегі бар. Осы орайда елімізде Алматы мен Астана қалаларында өтетін «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне тоқталсақ. Бұл халықаралық шара негізінен алпауыт мемлекеттерде өткізілетін болғандықтан, Қазақстанның әлемдік туризм тарихына өз үлесін қосатыныны анық. Осы орайда елімізде туристік фирмалар да, қонақ үйлер мен мейрамханаларды салу көптеп қолға алынуда. Қазақстанның туристік фирмалары дүние жүзінің 80-ге жуық елімен қарым-қатынас жасайды. Алматы қаласының 25 фирмасы және 5 облыс орталығы Үндістанға, Түркияға, Біріккен Араб Әмірлігіне, Пәкстанға, Корея Республикасына, Грекияға, Польшаға, т.б. елдерге чартерлік әуе рейстерін жолға қойған. Ал, қонақ үй индустриясы мемлекеттің қоржынын толтыратын бірден-бір сала. [3]

Жалпы алғанда, кез – келген саланың қарыштап дамуына үлес қосатын – сол салада қызмет ететін мамандар. Соның ішінде туризм саласының мамандарын, әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, бірнеше жоғары оқу орындары дайындайды. Туризм мамандары Туризм және спорт академиясында, Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, Қазақ Ұлттық университетінде, “[Тұран](#)” университетінде, Алматы Технологиялық Университетінде т.б. жоғары оқу орындарында дайындалады. Дайын кадрлар еліміздің немесе әлемнің қызмет көрсету саласында жұмыс атқара алады. Қазақстан Республикасында ішкі туризм әлі де болса біртұтас индустрия ретінде қалыптаспаған. Бірақ, туризм саласына мемлекет белсене қатысатын болса, Қазақстан экономикасындағы үлкен табысты шаруашылыққа айналдыруға болады. Әрине 5 жыл өтсін, 10 жыл өтсін деген ой-пікір болмайды, бірақ осы салада оң өзгерістер қалыптасып келеді, әлемнің туризм саласы дамыған елдерден үйрену керек, өзіміздің мамандарды дайындау қажет және де өзіміздің «Қазақстан» атты үлкен үйімізге махаббатпен, сүйіспеншілікпен қарауымыз керек. [4]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Г.М. Дүйсен Основы формирования и развития индустрии туризма в Казахстане Алматы, 2002 г. 46 с.
2. В.Н. Вуколов История и теория международного туризма. Алматы, 2002 г. 120.
3. А.А. Жолдасбеков, А.Н. Пыхарев, М.Д. Мамадияров. Организационно-правовые основы туристской деятельности в РК. Учеб. метод. пособие – Алматы: Ғылым, 1998 г. 60
4. Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы туризм. Статистикалық жинақ. Алматы, 2003 ж.

ӘОЖ 631 (574)

ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РӨЛІ

Гельман Ы., студент

Ғылыми жетекшісі: Кубигулова Р.Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада туризм қаражаттың мемлекеттік бюджетке түсетін түсімі бойынша мұнай мен автокөлік экспортынан кейінгі 3-ші орында, ал жұмыс бастылар саны жөнінен бұл саладағы жұмысшылардың жұмылдыру көрсеткіші бойынша туризм көшбасшы орынға ие. Туризм индустриясы қызмет көрсетудің халықаралық саудасында айтарлықтай жылдам дамып жатқан салаларының бірі.

Түйінді сөздер: турист, спорт, сауықтыру, инвестиция, саяхат.

Турист барған елінде 24 сағаттан астам уақыт болатын уақытша саяхатшы. Егер уақытша саяхатшы барған елінде 24 сағаттан кем болса онда оны экскурсант деп атайды. Туризм – француз тілінен аударғанда «серуендеу» деген мағынаны білдіреді, яғни бос уақытты тыс жерде өткізу. Туризмнің көптеген түрлері болады.

Өз бетінше жүзеге асырылатын туризм егер туристер өз саяхатын ұйымдастыруда белгілі бір кәсіби ұйымдастырушыға сұраныс жасамайтын болса, онда оны әуесқойлық немесе өз бетінше жүзеге асырылған туризм деп атайды. Бұл туризмнің түрін жүзеге асыру барысында турист, туристік маршрутын кез-келген уақытта өз қалауынша айналада қалыптасқан жағдайға байланысты өзгертіп отырады. Әуесқойлық туризмде турист өз қалауынша жасай алады.

Соңғы он жыл ішінде қазақстандық саяхатшылардың жағрапиялық ауқымы кеңейе түсті. Сонымен қатар өз еліміздегі де экологиялық, мәдени – танымдық, емдеу-сауықтыру, шытырман туризм, Ұлы Жібек жолы бағыттарына да басқа ел азаматтарының қызығушылығы артып келеді. 1994 жылы Қазақстан Республикасы Халықаралық туристік ұйымға толық мүшесі болып еніп «Ұлы Жібек жолын» Қазақстан территориясында дамыту туралы жоспар қабылданды. Қазақстандық туристік «КИТФ» жәрменкесінің WTO шаралар жоспарына енуі де осыны айғақтайды. WTO Бас хатшысы Ф.Франжиаллидің айтуынша, көрме Қазақстанның туристік күш қуатының молдығын аңғартады. [1]

Қазіргі заман ағымына ілесу уақыт талабы. Сол орайда еліміздің әр саласын жетілдіріп, дамытуда түрлі шаралар қолға алынып жатыр. Спорттық-сауықтыру туризмі – көптеген демалу түрінің бір түрі болып есептеледі. Спорттық-сауықтыру туризмі түрлері жай туристер ортасында үлкен танымалдылықта болып жүр. Шаршағанды басуға көмектесетін тек қана жағажайдағы демалу емес, сонымен қатар созылған жүйке-жүйе мен физикалық төзімділікте көмектеседі. Көптен көп адамдар таулардың сұлулығын, шығанақтарды, сарқырамаларды көргісі келеді, таулы өзендерде жүзгісі келеді, тау шаңғысымен немесе жылқымен жүргісі келеді және осы арқылы белсенді туризмге туристер үйрене бастайды. Көп уақыттан бері белсенді туризм табиғатқа немесе спортқа тікелей қатысты болып келеді. Бұл туризм түрінің қазіргі таңда дамуы - оның табиғат сыйлаған жерлерді бастапқы күйінде көру мүмкіншілігінде. Қазіргі таңда адам баласы үшін ол көрген, болған жерлер еш қызық тудырмайды, ал спортқа жай ғана жанкүйер болу қызықты сезімдерді бастан кешуге, адреналинді толығымен алуға мүмкіндік береді. Дәл осы туризм адамдарға бірталай уақыт бойы таза ауаны, таулы жердің әсемдігін, сулы жердің көріктігін сезінумен демалып, ішкі жан-дүниемен, тұла бойымен демалысты қамтамасыз етеді. Сондықтан қазіргі таңда спорттық-сауықтыру туризмі түрлерін дамыту мәселелері өзекті болып табылады.

ҚР 2011 жылғы халыққа жолдауында «Салауатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидаты – міне, осылар денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс» делінген. Яғни осы мақсатты жүзеге асыру жолында әр бір саланы жетілдіру маңызды шарттардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президентінің 2012 жылдың 27-қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында спорттық туризмнің дамуына үлкен мән беретіндігі байқалады: «Ағымдағы дамудың маңызды мәселелерінің бірі Қазақстан экономикасына тікелей шетел инвестицияларының ағының әртараптандыру болып табылады. Оларды перспективалы салаларға, мысалы, туризм саласына бағыттау қажет. Дамыған елдерде

туристік кластердің үлесіне ІЖӨ-нің 10 пайызына дейіні тиесілі. Бізде 1 пайызға да жетпейді. Тұтастай ел бойынша туризм өсімінің нүктелерін зерттеу қажет, олар аз емес. Осымен байланысты Алматы жанындағы әлемдік деңгейдегі тау шаңғысы курорттарын дамыту маңызды жоба болуы тиіс. Сарапшылар тау шаңғысы курортына келген бір турист теңізге барған сапарына қарағанда 6 есе көп шығынданады деп есептейді. Бұл мемлекет үшін өте тиімді».

Туризм – адамның бос уақытындағы саяхаты, белсенді демалыстың бір түрі. Туризм – халықтың рекреациялық қажеттілігін (денсаулығын жақсарту, күш-қуатын қалпына келтіру, т.б.) қанағаттандырудың ең тиімді жолы.

Халықаралық туризм үш ірі экспортты салалар қатарына еніп, әлемдік экспорттағы үлес салмағы 11% және 8,6% құрайтын мұнай алу өндірісі мен автокөлік жасау салаларына ғана жол береді. 2001 жылы әлем елдерінің халықаралық туризмнен түсетін қосынды кірісі әлемдік экспорттың жалпы көлемінен 7%, қызмет көрсетудің әлемдік экспортының 3% құрады. Дүние жүзіндегі туризмнің даму қозғалысын бақылау барысында, біздің еліміздің туристік әлеуетін ескере отырып, Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2005 жылдың 19 ақпандағы өзінің халыққа Жолдауында туризмді Қазақстан экономикасының болашақтағы саласы ретінде анықтап, ең алдымен дамытын негізгі жеті кластерді ерекшеледі. Болашақ кластерлердің бірі туризм болып табылады, бұл кластер осы заманға сай инфрақұрылымды қалыптастырып, аумақтың тұтастай дамуын көрсетеді. [2]

Туризмнің дүние жүзіндегі орыны үздіксіз өсуде, бұл жеке ел экономикасына туризм әсерінің ұлғайтылуымен байланысты. Жеке елдің экономикасында халықаралық туризм маңызды қызметтер қатарын атқарады, олар:

- ел үшін ақшалық түсімдердің көзі және жұмыс бастылықпен қамтамасыз ету;
- төлем балансы мен елдің ЖІӨ кірістерін кеңейтеді;
- туризм саласына қызмет көрсетуші салаларды жасау арқылы экономиканың диверсификациясын қалыптастырады.

Туристік сала қосалқы құнның өтімді өлшемін беретін экономикалық көшбасшылар санатына жатады.

Қазақстан Республикасының теңдесі жоқ табиғи және мәдени әлеуетіне негізделген қазіргі заманғы туристік индустрия туризмнің туристік қызмет көрсетулердің халықаралық саудасы жүйесіне оралымды кірігуінің табиғи жүйе жасаушы факторы, неғұрлым серпінді дамушы және өзінің капитал сыйымдылығына қарамастан, салынған капиталға қайтарымы жөнінен тиімді салалардың бірі болып табылады.

Туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында бес жылдың ішінде халықты жұмыспен қамту үшін, сыртқы және ішкі туризм көлемінің артуы есебінен кірістің тұрақты өсімі үшін, сонымен қатар Қазақстанды 2011 жылы Орта Азиялық аймақтың туризм орталығына айналдыру үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру қарастырылған. Аталмыш бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 59 млрд. теңгеден астам сома көлемінде қаржы бөлу жоспарланып отыр. “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасында еліміздің келешектегі дамуына айқынды бағдар берілгені мәлім. Осы орайда ел экономикасында өсіп-өркендеуіне айтарлықтай үлес қосатын бір сала туризм екеніне бүгінде көз жеткендей. Жиһангерлік және саяхатшылық адамның танымдық көкжиегін кеңейтетін, қазіргі замандағы ғаламат мүмкіншілігі бар, пайдасы шаш етекпен келетін, біз әлі толық игере алмаған саланың бірі екендігі баршамызға белгілі. Бүгінгі туризм, яғни жиһангерлік және саяхатшылық бұл мемлекет пен қоғамның экономикалық әлеуметтік дамуының, тұлғаның жан-жақты қалыптасуының маңызды факторы. Сондықтан туристік қызмет көрсету рыногында мүдделі министірліктер мен ведомстволардың,

уәкілетті органдардың, туристік компаниялардың, фирмалардың және жеке кәсіпкерлердің күш мүмкіншіліктерін жұмылдыруға, біріктіруге ықпал жасау - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі жұмысының күн тәртібінен берік орын алған. Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның ДТҰ деректері бойынша ол әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 пайыздан астамын, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

Қазіргі туризм еңбекшілердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шығуымен байланысты болды, мұның өзі адамның демалуға және бос уақытын өткізуге негізгі құқығын тану болып табылады. Ол жеке адамды, адамдар және халықтар арасындағы өзара түсіністікті дамытудың факторына айналды. Туризм ел экономикасына елеулі өзгеріс әкелетін негізгі тетіктердің бірі. Ол экономикалық құбылыс ретінде индустриалды нышанға айналып, ұлттық экономиканың даму катализаторы болып табылады. Туризм индустриясы тиімділігінің жоғары деңгейімен және оған салынған инвестицияның тез қайтарымдылығымен сипатталады.[3]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ердаuletov, C.P. Основы туризмологии. Алматы 2009 ж - 240 бет
2. Сейдахметов. А.С. Кәсіпкерлік «Экономика» баспасы, А,2011ж - 340 б
3. Устенова, О. Основы организации туристской деятельности : Учеб.пособие Астана: Фолиант, 2011.- 272 с.

ӘОЖ 327 (045)

КАСПИЙ МАҢЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІ САММИТІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Онгайбаева М., студент

Ғылыми жетекші: Бағдатұлы М.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. 2018 жылдың тамыз айында Ақтауда Каспий маңы мемлекеттерінің бесінші саммиті өткені баршаға мәлім. Оған Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Иран және Түркіменстан басшылары қатысқан-ды. Күллі әлемді әрі Каспий маңы «бестігін» елең еткізген маңызды жиында Қазақстан қандай тарихи шешімге қол жеткізді? Айтулы шарадан Қазақстан не ұтады? Саммитте «Бір белдеу, бір жол» жобасына қатысты қандай мәселелер көтерілді?

Түйінді сөздер: Қазақстан, саммит, Каспий, ынтымақтастық, Ақтау.

Каспий теңізі- мемлекет үшін орны ерекше объектілердің бірден бірегейі.Каспий теңізі – ірі мұнай-газ қоры шоғырланған, күллі әлем көз тіккен ірі стратегиялық аймақ болып табылады. Осыған орай, ұлан-ғайыр аумақты алып жатқан теңіз байлығын пайдалану оның шекарасында орналасқан бес ірі елге аса маңызды қадам болмақ. Атап өтетін болсақ, тараптар Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтап, ондағы экология, көлік-транзит, экономика, қауіпсіздік және басқа да салалар бойынша ынтымақтастық орнату мәселесіне қол жеткізді. Осылайша, бес елдің сағасын шайып жатқан теңіздің қазақстандық үлесіне 29% (2340 км), Ресейге – 16%, Әзербайжанға – 20%, Түркіменстанға – 21%, Иран Ислам Республикасына – 14% тиесілі болып шешілді [1].

Егер де, Каспийге көл мәртебесін берсе, онда ол қандай да бір экономикалық өңір, қайраң, аумақтық сулар деген санатқа ие болмайтын-ды. Мұндай жағдайда Қазақстан бар-жоғы 12 мил, яғни 22,2 шақырымды ғана иеленетін-ді. Бұл тұрғыдан Қазақстан тек ұтылатын еді. Жылдар бойы бір келісімге қол жеткізе алмай келе жатқан даулы мәселеде Ресей бұрындары қабылданған Кеңес-Иран келісімшартын қалдыруға ұсынған. Бұл теріскейдегі көрші елге Каспийді өз еркінше пайдаланып, Орта Азия елдерінің ондағы үлесін азайтуға мүмкіндік беретін еді. Сол сияқты алып теңіз көршілес Түркіменстан шекарасын да шайып жатыр. Десе де Қазақстан мен Түркіменстан арасында теңіз жағалауына байланысты 2014 жылдың 2 желтоқсанында қабылданған келісім бар еді. Оған сәйкес қос ел теңіздің тек өздеріне ғана тиісті аумақтарын пайдалана алады. Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы қарт теңізге қатысты саясат та дәл осындай еді. Бұл ретте Қазақстан, Ресей және Әзербайжан 2003 жылдың 27 ақпанында теңіз түбін шектеу туралы хаттамаға қол қойған еді. Бұл тұрғыда Иран ислам мемлекетінің қояр талаптары ерекше болды.

Республика теңіз бойындағы 11 пайыздық үлесін 20-ға дейін арттырып, теңіз үсті мен астын 5 мемлекетке 20 пайыздан теңдей бөлу туралы ұсыныс айтқан. Әзербайжан елі Каспийге теңіз мәртебесін беріп, ескі шарттардан бөлек, жаңа келісімшарт жасасу жөнінде ұсыныс тастаған. Нәтижесінде 5 ірі мемлекеттердің президенттері осыған дейін 4 рет өткізген дәстүрлі саммитті 2018 жылдың тамыз айының 12-сінде Ақтау қаласында өткізу туралы келісімге келді. Осылайша, көп жылдық даулы мәселелер мен үздіксіз келіссөздердің арқасында биыл Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылды.[1] Құжат ең алдымен, әр елге теңіз суы мен оның астындағы байлықты өз еркінше пайдалануға жол ашқан. Сондай-ақ, ондағы 14 бапқа сәйкес, «тараптар Каспий теңізінің түбі арқылы су асты кабельдері мен құбыр желілерін төсеу» құқығына ие болды[4]. Сонымен бірге, Конвенцияда, теңіз айдынын Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Иран және Түркіменстаннан басқа ешкім пайдалана алмайды деген келісім бар. Бұл – аталған бес елдің әскери күштері мен азаматтық теңізшілерінен басқалар теңіз аумағына кіре алмайды деген мағынаны білдіреді.

Ал, атақты «бестіктің» келіссөздері нәтижесінде қабылданған Конвенция мен ортақ құжат Қазақстанға не бермек? Оның маңызы қандай? Қазақстан дәл осы құжаттың көмегімен көршілес Ресей елінің ықпалынан шығып, өз еркінше сауда жасауға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, республика Түркіменстан, Әзербайжан арқылы жаңа газ құбыры желілерін іске қосу ісіне қатыса алады. Бұған қоса аталған маңызды келісім арқылы Ақтау қаласы бұрынғыдан да танымал етіп, шаһарға көптеген туристерді тартуға септігін тигізеді[3]. Саммиттің елді елең еткізер тағы бір жаңалығы – «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында Қазақстанның экономикалық әрі әлеуметтік мүмкіндіктерінің кеңеюі болып отыр[2]. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі аталмыш жобаның Қазақстан үшін маңыздылығына қатысты: «Аталған жобаны жүзеге асыру арқылы біз, 4,4 миллиардқа жуық халқы бар экономикаға жол ашамыз» деп атап өткен болатын. Осы орайда, Ақтау қаласында өткен саммит барысында 5 мемлекетке Құрық портының әлеуеті, сондай-ақ мемлекет басшыларына порттағы паром кешенінің құрылысы мен оның мүмкіндіктері таныстырылғанын айта кеткен жөн. Ескеретін жайт, Құрық және Ақтау порттары Транскаспий халықаралық көлік бағдарының маңызды кешені әрі Еуразияның логистикалық картасындағы жаңа нүкте болып табылады. Портта 4 миллион тонна жүк тиеліп, Еуропа елдеріне тасымалданбақшы.

Сонымен бірге, дәл осы Ақтау қаласы – бірнеше халықаралық көлік дәліздерінің тоғысында орналасқан, «Ұлы Жібек жолы» бойындағы маңызды қала болып қала бермектігі айдан анық. Осыған орай, Жібек жолының нақты сұлбасы көріне бастаған қазіргі кезде, бұл макроөңірлік кооперацияның бірлескен стратегиялық үйлесімі,

сондай-ақ, Жібек жолы бастамасын іске асыру арқылы Орталық Азияны жаһандық деңгейде жаңа тұрпатта танытуға мүмкіндік береді. Айта кетерлігі, аталған жиынның Каспий маңы елдері үшін маңызы зор. Себебі, жылдар бойы күрмеуі шешілмеген көптеген түйіткілді мәселелер дәл осы саммитте өз шешімін тапты және бұл Қазақстанға инвестиция көлемін арттыруға жол ашады.

Ал, елге сырттан тартылатын инвестиция мөлшері көбейсе, республиканың экономикалық әл-ахуалы да жақсарып, халыққа жаңа жұмыс орындары ашылады [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каспий өңіріндегі бестіктің саммиті, 2018 жыл [//https://ru.m.wikipedia.org/](https://ru.m.wikipedia.org/)
2. Си Цзиньпиннің «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасы, 2017 жыл [//https://abai.kz/](https://abai.kz/)
3. Саммит нәтижесі қандай? Каспий теңізінің мәртебесі қалай шешілді? 2018 жыл, Г. Ермұханбетова мақаласы [//https://inbusiness.kz/](https://inbusiness.kz/)
4. Каспий теңізінің құқықтың мәртебесі туралы конвенция [//https://adilet.zan.kz/](https://adilet.zan.kz/)

УДК 65.023.28

МОДЕРНИЗАЦИЯ СТАТУСА КАСПИЙСКОГО РЕГИОНА

Наурызбаева М., студент

Научный руководитель: Абдешов Д.Д.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, Казахстан, г. Актау.

Аннотация. В статье рассмотрены процессы модернизации экономики Казахстана за период независимости, а также их взаимоотношения с экономическими партнерами прикаспийских регионов. Конвенции о правовом статусе Каспийского моря. Этот основополагающий документ создает новый, отвечающий современным требованиям и нацеленный на дальнейшую интенсификацию всестороннего взаимодействия прибрежных стран правовой режим Каспийского моря.

Ключевые слова: Каспийский регион, модернизация экономики, ресурсная модель развития, стратегия развития, внешнеторговое партнёрство, электроэнергия

Главы всех пяти прикаспийских стран — Азербайджан, Иран, Казахстан, Россия и Туркменистан — 12 августа в прибрежном городе Актау подписали конвенцию о правовом статусе Каспийского моря. Работа над документом началась 22 года назад, за это время прошли 52 встречи на уровне заместителей министров иностранных дел, 12 министерских встреч и четыре саммита глав прикаспийских государств. Необходимость принимать в расчет интересы сразу пяти сторон значительно усложнила переговорный процесс, который за эти годы несколько раз заходил в тупик.

Хотя конвенция является рамочным документом, ее еще предстоит дополнить конкретными соглашениями по широкому спектру вопросов, начиная от делимитации морского дна, использования водных ресурсов, заканчивая такими аспектами, как безопасность и экология. Все же факт ее подписания, как минимум, показывает стремление лидеров прикаспийских стран к сотрудничеству. А ведь еще в начале 2000-х годов казалось, что прикаспийские государства не смогут прийти к согласию: на первом президентском саммите в 2002 году тогдашний лидер Туркменистана говорил,

что «на Каспии может пролиться кровь», прозрачно намекая на конфликт с Азербайджаном вокруг нефтяных месторождений Азери, Чираг и Кяпаз.[1]

О чем же главы государств договорились на встрече в Актау? Главное, конвенция закладывает принципы работы, которые учитывают мнения всех государств. Изменился концептуальный подход к определению статуса Каспия.

Отныне юридически Каспийское море не считается ни морем, ни озером. Отказ считать Каспий морем позволяет не применять Конвенцию ООН по морскому праву, а значит, увеличить ширину территориальной зоны с 12 до 15 морских миль. К территориальным водам примыкает десятимильная рыболовная зона. За пределами рыболовных зон сохраняется общее водное пространство. Это стало возможно как раз из-за отказа присвоить Каспийскому морю юридический статус озера, иначе пришлось бы поделить его целиком между всеми сторонами.

Главным событием встречи на высшем уровне стало подписание лидерами пяти государств базового международного договора, выработанного на основе консенсуса и взаимного учета интересов всех сторон, - Конвенции о правовом статусе Каспийского моря. Этот основополагающий документ создает новый, отвечающий современным требованиям и нацеленный на дальнейшую интенсификацию всестороннего взаимодействия прибрежных стран правовой режим Каспийского моря.

В целях эффективного выполнения Конвенции о правовом статусе Каспийского моря и обзора различных аспектов сотрудничества на Каспии Президентами принято решение о создании механизма пятисторонних регулярных консультаций под эгидой министерств иностранных дел на уровне заместителей министров иностранных дел. А также полномочных представителей прикаспийских государств и проведении первых консультаций не позднее шести месяцев со дня подписания Конвенции. В первоочередном порядке поручено приступить к разработке и согласованию проекта соглашения, касающегося методики установления прямых исходных линий.

Событие было эффективным и конструктивным. Воспринято как подписание на Пятом каспийском саммите Соглашения между правительствами прикаспийских государств о торгово-экономическом сотрудничестве и Соглашения между правительствами прикаспийских государств о сотрудничестве в области транспорта, способствующих дальнейшему укреплению и развитию взаимодействия прибрежных государств в промышленной, торговой, энергетической, транспортно-логистической, инновационной, туристической, информационной и других сферах, представляющих интерес. Для реализации этих соглашений на регулярной основе будут проводиться встречи компетентных ведомств прикаспийских государств [2].

ЛИТЕРАТУРА

1. Притчин С. О вопросах Каспия // Carnegie.ru Электронный ресурс – 2019г.
2. Кабдугалиев А. Службы геополитики и региональных исследований Библиотеки Первого Президента РК – Елбасы, 2019

КАСПИЙ МАҢЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Абила Л., студент

Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Андатпа. Каспий теңізі - Еуропа мен Азия аралығында орналасқан жер шарындағы ең үлкен тұйық көл. Үлкендігіне қарап, оны теңіз деп атайды. Аты XVI ғасырдың аяғында осы теңіз жағасында қоныстанған Каспи тайпаларына байланысты қалыптасқан. Грузияда Каспи қаласы қазір де бар. Бұл мақала Каспий теңізі маңындағы орналасқан Қазақстан, Әзірбайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан елдерінің экономикасы туралы болмақ.

Түйінді сөздер: Экономика, бәсекелестікке қабілеттілік, дамыған 50 мемлекет, дәстүрлі, әміршіл-әкімшілік, нарықтық экономика.

Экономика - материалдық игіліктерді өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну үрдісі кезінде адамдар арасында пайда болатын өндірістік қатынастар.

Экономикалық қатынастар өзге қоғамдық қатынастарды айқындайды, олардың негізі болып табылады. Тауар өндірушілердің қызметтерін үйлестіру әдістерінің жиынтығы экономикалық жүйені құрайды. Экономикалық жүйе қарастырылып отырған қоғамда қалыптасқан шаруашылық тетіктерін, заңдарды, экономикалық институттарды, меншіктік қатынастарды біріктіреді. Экономикалық жүйе өзінің басты мақсаты ретінде — қандай тауар өндіріп, қызметтің қай түрін көрсету керектігін; қандай технологияны пайдаланып, қалай өндіруді, кім үшін өндіріп, кімге қызмет көрсету қажет деген мәселелерді шешеді. Бұл мәселелерді шешу әдістеріне байланысты экономикалық жүйелер: дәстүрлі, командалық және нарықтық болып жіктеледі.

Дәстүрлі экономикалық жүйеде өндіру, бөлу және тұтыну қалыптасқан дәстүрлер мен ғұрыптарға негізделеді.

Әміршіл-әкімшілік экономикалық жүйе бұл мәселелерді директивалық әдістермен, яғни жоғарыдан түсіріліп жататын бұйрықтармен шешеді.

Ал нарықтық экономикалық жүйеде шаруашылықтың бағдары тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілер арасындағы бәсекеге құрылады.

Қазақстан экономикасы турасында сөз қозғасақ, оны бір мақалаға сыйдыру мүмкін емес, әрине. Көп сөз айтпай бірден сандарға көшсек, кез келген мемлекеттің экономикалық дамуын ЖІӨ (Жалпы ішкі өнім) макроэкономикалық көрсеткішімен анықтауға болады. ЖІӨ дегеніміз – мемлекет аумағында бір жылдың ішінде өнірілген тауарлар мен қызметтердің нарықтық құнын көрсететін макроэкономикалық көрсеткіш. Яғни, ЖІӨ көлемі жоғары болса, ол мемлекеттің экономикасы қуатты болады. Егер жан басына жаққандағы ЖІӨ көлемі жоғары болса, онда ол мемлекеттегі өмір сапасы жоғары деген сөз. Халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсы, кедейшілік деңгейі төмен бай мемлекет деп есептеледі.

Соңғы жиырма жылдағы еліміздің экономикалық өсімін көруге болады. Жалпы тәуелсіздік алған жылдарда экономикамыз өтпелі кезеңнен өтті. 1998 жылдарда ол Азия дағдарысы жылдарына ұласты. Экономикамыз негізінен тек минус көрсеткіштерді көрсетті. Өсім болмады деп айтуға негіз бар.

Ал 2000 жылдан бастап бірден экономикалық өсімді көреміз. ЖІӨ орташа өсімі 2000-2007 ж.ж. 10,3 пайызды көрсетті. Егер қандай да бір мемлекеттің ЖІӨ жылына 10 пайыздан өссе, әрі ол ондаған жылдарға ұласса елде экономикалық ғажайып болады. Тарихтан Германия экономикалық ғажайыбы, Жапония экономикалық ғажайыбы, Оңтүстік Корея экономикалық ғажайыбы деген ұғым пайда болды. Бұл мемлекеттер өздерінің бірегей ұлттық экономикасының моделін қалыптастыра алды деп айтуға толық негіз бар.

Ал Қазақстанда экономикалық ғажайып болуға сәл қалып еді, болайын деп болмай қалды. Себебі 2007-2009 жылдары әлемдік қаржылық дағдарыстың салқыны еліміздің де экономикалық дамуына кері әсерін тигізді. 2009 жылы ЖІӨ өсімі 1,2 пайызға дейін төмендеді.

2010 жылдан бастап экономикада жандану фазасы орныға бастады. Экономикадағы қалыпты жағдай 2014 жылға дейін жалғасты, 2013 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ 6 пайызға өсіп, Қазақстан 50 бәсекеге қабілетті елдің қатарына кірген болатын. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 13 600 долларды құрады. Бұл әлемдік көрсеткіштермен есептегенде елдің әлеуеті, табыс деңгейі орташадан жоғары деп бағаланды. Қазақстан донор елдердің қатарынан орын алды.

2014 жылдан бастап экономика қайтадан құлдырау фазасына өтті. Дағдарыс басталды, мемлекетімізде бұл дағдарысқа қарсы "Нұрлы жол" бағдарламасы, "100 нақты қадам" бағдарламасы әзірленді. Экономистер экономикада жүйелік дағдарыстың басталғанын тілге тиек ете бастады. Алайда біраз қарсы пікірлер де болды. "Айды аспаннан шығарғандары несі, бізде бәрі жақсы, экономикамыз қалыпты, ешқандай дағдарыс сезіліп жатқан жоқ" – дегендер болды.

2015 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция деңгейі 13,6%-ға жетті. Бағалар өсті, тұрмыстық техника мен тұрмыстық химия заттары 2 есеге дейін қымбаттаса, кейбір дәрі-дәрмектер бағасы 3 есеге дейін өсті. Бұл халықтың төлем қабілеттілік деңгейінің күрт төмендеуіне әкеліп соқты. 2016 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі соңғы 18 жылда болмаған көрсеткішке дейін төмендеді, жуықтағанда 1%-ға ғана өсті. Экономикада стагнация орын алды. Стагнация – экономикалық өсім болмай, тұралап қалуы деген сөз. Тіпті халық арасында "90-шы жылдар болып кетті ме, сол уақыттағы жағдайлар қайта қайталанып кетті ғой" – деген пікірлерін естідік.

Қазақстандық мұнай бұл марканың сапасынан нашарлау, дегенмен жақын болғандықтан мұнай бағасына болжамдар жасағанда осы марканы пайдаланады. Суреттен 2014 жылдан бастап мұнай бағасы бірден төмендегені көрінеді. Тиісінше біздің елдің экономикасында дағдарыс байқалады. 2016 жылы ЖІӨ 1%-дық өсім көрсетуі де мұнай бағасының 1 баррелі 27 долларға дейін төмендеуі әсерін тигізді. Баррелі 30 доллардан төмен болып қалуы мүмкін деген жағдай түсіне де кірмеген біздің үкімет әбден абдырап қалды.

Әрине, соңғы 2017 жылдағы ЖІӨ 4,2%-дық өсімі де 2018 жыл қорытындысы бойынша 3,9% өсім болуы мүмкін деген болжам да осы мұнай бағасының қалыпты болуының нәтижесі деп кесіп айтуға толық негіз бар.

Сондықтан мұнайдың Қазақстан экономикасындағы үлесінің өте жоғары екенін көреміз. енді келесі жылы экономикамызды қандай жағдай күтіп тұр деген сұраққа жауап беретін болсақ. Оны да келесі жылға мұнай бағасына жасалған болжам арқылы суреттеуге болады. Төмендегі суреттен әлемдегі ірі қаржылық институттардың, рейтингтік агенттіктердің 2019 жылға мұнай бағасына жасалған болжамын көруге болады.

Егер, келер жылы осы болжам сақталса, онда Қазақстан экономикасының өсу қарқыны 3-4% көлемінде қалады. Жалпы, еліміз үшін мұнайдың 1 баррелі \$50 дан

жоғары болса, экономикамызға қолайлы деуге болады, одан төмендеген сайын үкімет: "егер \$40 долларға түссе бір жоспарымыз бар, тіпті жағымсыз жағдайлар қалыптасса, \$30 доллар болса, екінші жұмыс жоспарымыз бар" деп елдегі әлеуметтік жағдайды қалыпты ұстауға арналған бағдарламаларын іске асыратынын өткен жылдар байқатты.

Әзірбайжан Республикасының сыртқы экономикалық, байланыстарында ұзақ жылдар бойы Ресей жетекші орын алып келген болатын. 1995 жылдан бері Иранның үлесі күрт артты. Түрікменстан және Украинамен сыртқы сауда көлемі де ұлғаюда. Әзірбайжан импортында азық-түлік өнімдері (65%) басты орын алады, ал экспортында энергетикалық шикізат басым. Жалпы алғанда, импорт көлемі (1007 млн АҚШ доллары) экспорттан (606 миллион АҚШ доллары) асып түседі. Қазақстан мен Әзірбайжанның сыртқы саудасының жалпы көлемі 303 миллион АҚШ долларын құрады. Қазақстанда Әзірбайжан Республикасымен бірлескен 34 кәсіпорын жұмыс істейді.

Әзірбайжан Президенті орынбасары Али Хасанов мемлекетінің тәуелсіз саясат жүргізген және жаһандық мәселелердің шешім табуына үлес қосқан мәртебелі бір ел ретінде танылғанын айтты. Хасанов елінің соңғы жылдарда қол жеткізген табыстарын түсіндірді. Али Хасанов соңғы жылдарда Әзірбайжан экономикасында болған ілгерілеушілікке назар аударды. Соңғы 10 жылда Әзірбайжан экономикасының үш есе үлкейгенін білдірген Хасанов жұмыссыздық пен парақорлық деңгейінің жыл өткен сайын азайғанын айтты. Хасанов Әзірбайжанның мұнайдан тыс секторға қатты көңіл бөлгенін, сондай-ақ осының арқасында әр жылы мұнайдан тыс секторда 50 пайыздық үлкею болғанын білдірді.

Иран Ислам Республикасы экономикасының негізі мұнай және мұнай мен газ өңдеу өнеркәсіптері. Мемл. кірістің 1/3 және экспорттың 90%-ына жуығы осы салалардан алынады. Елде жыл сайын 180 млн. т-ға жуық мұнай, 58 млрд. м3 газ (қоры 14 трл. м3 шамасында) өндіріледі. Экономиканың басқа салалары да дамыған, бірақ сыртқы экон. байланыстардың нашарлығынан және қаржы жетіспеушілігінен толық қуатымен жұмыс істей алмауда. Өнеркәсіпке қажетті құрал-саймандар 90%-ға дейін шеттен әкелінеді.

Ауыл шаруашылығы нашар дамыған. Тұрғындар үшін бидай, күріш, қант, өсімдік майы, т.б. шеттен (жыл сайын 2 млрд. АҚШ долл-на) әкелінеді. Соңғы жылдары туризм дами бастады. Ұлттық байлықтың 36%-ы өнеркәсіптен, 22%-ы ауыл шаруашылығынан, қалғаны қызмет көрсету секторынан тұрады. Мұнай экспортынан жыл сайын 16,3 млрд. АҚШ доллары түседі. Ұлттық табыс 75 млрд. АҚШ доллар көлемінде, жан басына шаққанда — 1250 долл. шамасында. Елдегі басты проблеманың бірі — жұмыссыздық (3,5 млн. адам). Мұнайдан басқа экспортқа кейбір өнеркәсіп тауарлары, ауыл шаруашылығы өнімдері, кілем, халық тұтыну тауарлары шығарылады. Шеттен — азық-түлік өнімдері (30%), машина, құрал-жабдықтар, кейбір өнеркәсіп шикізаттары әкелінеді. Негізгі сауда серіктестері: Германия, Жапония, Ұлыбритания, Италия, араб елдері, Түркия, Қазақстанмен дипломатиялық және экономикалық байланыс 1992 ж. орнады. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев екі рет (1992; 1996) Иранда болып қайтты. Сол кезегінде Иран басшылары да (1993 ж. А.Хашеми Рафсанджани, 1998 ж. М.Хатами) Қазақстанда болды. Екі жақ арасында 40-қа жуық келісімдерге қол қойылған, соның ішінде ең маңыздылары мұнай мен газды Иран арқылы шетке шығару, жаңа астанадағы құрылысқа Иран жағының қатысуы, Каспий теңізі мәртебесін шешу, т.б. мәселелер. 2002 ж. Алматы — Тегеран бағытында темір жол байланысы орнатылды. Ресей Федерациясы — өтпелі экономика тән индустриялы-аграрлы ел. Кеңес Одағының ыдырауына байланысты ел экономикасы терең дағдарысқа ұшырады. Біртұтас мемлекет құрамында болған елдер тәуелсіздігін алған соң, олардың арасындағы тығыз экономикалық байланыс үзілді. Мұның өзі жаңа

экономикалық одақ құруға түрткі болғанын білесіңдер. Ресей экономикасында жүрген экономикалық қайта құрулардың басты бағыттары мынадай болды: 1) экономикалық әрекетке еркіндік берілуі; 2) экономиканы басқаруда және реттеуде мемлекет үлесінің азаюы; 3) мемлекет меншігінің акционерлік ұжымдар мен жеке адамдар меншігіне өтуі. Жүргізілген қайта құрулар нәтижесінде экономиканы басқару сипаты ғана емес, оның салалық құрылымына, қаржыландыру жүйесіне, басқа елдермен экономикалық байланыстарына да өзгерістер енгізілді.

1990 жылдардан бастап жүргізілген нарықтық қайта құруларға қарамастан, шаруашылықтың салалық құрылымында ала-құлалық сақталуда. Қазіргі кезге дейін ел экономикасында ресурстық салалар басым, өндірістің шоғырлану және монополиялану деңгейі жоғары. Ресей экономикасы басым түрде шикізат пен материалдарды шетке сатуға негізделіп отыр. Шаруашылық дамуында Ресей өз аумағындағы табиғи, материалдық және еңбек ресурстарына сүйенеді. Шетел инвестициясы, негізінен, қаржы саласы мен сауданы дамытуға бағытталған, өндіріс салаларын дамытуға әлдеқайда аз жұмсалады. Қазіргі кезде мемлекет аса маңызды шаруашылық салаларын бақылауды өз қолына алу үшін бірқатар жұмыс жүргізуде.

Ресей шаруашылығының аумақтық орналасуы әркелкі. Табиғат ресурстарының басым бөлігі азиялық бөлікте өндірілгенімен, негізгі тұтынушылар, өндірістік-техникалық және ғылыми әлеует еуропалық бөлікте шоғырланған. Енді шаруашылықтың жеке салаларының орналасуымен және құрылымдық ерекшеліктерімен танысайық. Олар: Қара металлургия, Түсті металлургия, Машина жасау, Химия өнеркәсібі, Орман өнеркәсібі, Жеңіл өнеркәсіп, Тамақ өнеркәсібі.

Түрікметстан экономиканың барлық саласында мемлекет үстемдік етіп отыр.

Мемлекеттік бюджет кірісінің қомақты бөлігін мұнай мен газды сыртқа шығарудан басқа мақта иіру кәсіпорындарының тізбесінен түсетін салық та құрайды.

Мұнда Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрі де бар. Жерінің 80 % мұнай мен газ бар. Осы уақытқа дейін олардан 144 кен орны табылған. Бірақ соның әзірге 40-қа жуығы ғана игерілуде. Газдың болжамды қоры 21-23 трлн м³, ал мұнайдікі 12 млрд тоннаға жуық делінеді.

Жоғары технологияға негізделген ондай кәсіпорындар саны қазір 63-ке жеткен. Жыл сайын бұл елде 158 млн м² мақта-мата бұйымдары мен 82 мың тонна жіп иіріледі. Осы өнімдерін Түрікменстан әлемнің жоғары дамыған 30-дан артық еліне шығарып тұрады. Жалпы, бұл ел әлемнің 80-нен артық елмен белсенді сауда-экономикалық байланыстар жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://informburo.kz/pikir/maqsat-halyq/azastan-ekonomikasy-bgn-men-bolashay-nemese-azastan-ekonomikasy-lyty-model-anday.html>
2. Әзірбайжан Республикасы <https://kk.wikipedia.org/wiki/Әзірбайжан>
3. Қазіргі дүние географиясы: Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11- сыныбына арналған оқу құралы. / Қ. Ахметов, Т. Увалиев, Г. Түсіпбекова. — Алматы: "Мектеп" баспасы, 2007.
4. География: Дүниежүзіне жалпы шолу. ТМД елдері. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық/ Ө. Бейсенова, К. Каймулдинова, С. Әбілмөжінова, т.б. — Өңд., толықт. 2-бас. — Алматы: Мектеп, 2010. — 304 б.,
5. 2018 Human Development Report. United Nations Development Programme (2018). Тексерілді, 14 қыркүйек 2018.

КАСПИЙ КЕҢЕСТІГІ ҰЛТАРАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҮЛЕСТІРУШІ ФАКТОР РЕТІНДЕ

Кубаева Ә., студент

Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Каспий теңізі аймағын бейбітшілік, тату көршілік және достық өңіріне айналдыру қажеттігін, оны бейбіт мақсатта пайдаланып, елдердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу керектігін, сондай-ақ, Каспий теңізінде тараптарға қатысы жоқ қарулы күштер болмауға тиіс.

Түйінді сөздер: Толеранттылық, бейбітшілдік, Каспий теңізінің, жоспар, біртұтастылық, жаңа заман

Толеранттылық — адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық — қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз. Елімізде ұлтаралық татулықтың салтанат құруы – біз мемлекеттің негізін құрайтын қазақ халқының саяси мәдениетінің биік деңгейге көтерілгенінің белгісі. Біле білсек, толеранттылық – үлкен құндылық.

Толеранттылық – көп конфессиялы және көп ұлтты мемлекеттің үйлесімі дамуының маңызды шарттарының бірі. Барлық мекен етуші этностардың этникалық және мәдени теңдігін сақтау стратегиясы көпұлтты қоғамдағы неғұрлым табысты стратегия болып табылады. Бүгінгі таңда өркениеттің дамуына мәдениеттер мен діндердің диалогы ғана жағдай туғызатынын уақыт дәлелдеп отыр. Ал ұлтаралық қатынастар тұрғысынан алғанда мемлекеттің саяси тұрақтылығы ұлтаралық қатынастардың басты принципіне айналуға тиіс этникалық толеранттылыққа негізделеді.

Қазақ дүниетанымында толеранттылыққа байланысты ұлттық ұғымдар мен түсініктер жүйесі көне дәуірлерден бар. Олар заманның ағысына қарай мағыналық мазмұндары ішінара өзгерістерге түскенімен, негіздері сақталды. Тіпті ұғымдық-терминдік атаулары да сол ретпен өзгеріске түсіп отырған. Оған байланысты айтар пікір біреу-ақ: терминдік ұғымға қатысты ұстаным ұлттық-мемлекеттілік өреміздің биік санатынан көрінуі тиіс. Бүгінгі күні толеранттылыққа қағидаттарын ұлттық таным-түсінікте тез қабылдауымыз сол тарихи қайнар көздерден деп білеміз. Біздің қоғамда толеранттылық ескіден сақталып жеткен мұраларымыз - имандылық пен ізгілікке негізделген сипатта санамызға қайыра сіңісуде.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев толеранттылық қазақстандық парасатты үлгісі - Қазақстан халқы ассамблеясы қызметінің және қоғамдағы құндылықтардың күретаымыры болуына үнемі ерекше маңыз беруде. Оның сан қырлы астарында әлемдегі бағыт-бағдар, пікір-идеялар мен құндылықтарға деген көзқарастың өзгермелі сипаты жатыр. Сондықтан Елбасы осы факторларға орай халықтық даналықты ескере отырып, ел басқарудың өрелі өрістерін қоғамның даму

тенденцияларымен ұштастыра жаңа қазақстандық қоғамды қалыптастыра өркендетуде. Толеранттылықтың мазмұнды мән-мағынасын еліміздегі татулық пен келісімі жарасқан халқымыздың бірлігі арқылы әлемге әлдеқашан айқындап бердік. Осы санатта Мемлекет басшысының бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» -Ұлттық жоспарының «Біртектілік пен бірлік» бөліміндегі алты қадам қазақстандық толеранттылы қоғамды қалыптастыруда сөзсіз шешуші қадамдар болатыны ақиқат. Толеранттылы қоғам –мемлекет тірегі қағидасы біздің өміріміздің бас арқауы болмақ.

Қазіргі уақытта этникалық толеранттылыққа тәрбиелеу және оны жастардың өзін - өзі анықтау және жеке тұлғаның қалыптасу үдерісінде бағдар ретінде таңдауы мәселесін алға тартып отыр. Бүкіл қоғам назарын өзіне аудартуда. Этникалық толеранттылық түптеп келгенде ұлт өкілдерінің өзара өмірлік этникалық компоненттерін қабылдай алу қабілеті. Бұл арада бір-біріне сіңісіп кету мәселесі жоққа тән. Өзінің ұлттық келбетін сақтай отырып, басқа ұлттың ізгіліктерін түсіну-қабылдау болмақ. Яғни этникалық толеранттылық – ұлтаралық өзара сыйластық, ынтымақтастық деген ұғымды білдіреді. Этникалық толеранттылық тәрбие беру құралы арқылы Қазақстан жастары бойында шынайы патриоттық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Толеранттылық жеке және қоғамдық сананың бағыты ретінде әлеуметтік қатынастар үйлесімділігінің шартына айналуға. Қоғамның дүниетанымдық бағдарлары үлкен рөл атқаратын білім беру саласында толеранттылық әлеуметтік – білім берушілік императив болып табылады. Алайда тәрбиесіз жастардың бойында этникалық толеранттылықты қалыптастыру мүмкін емес.

Жаңа ғасырдағы толеранттылық – бұл адамзат қоғамындағы қозғаушы күш, қоғамдағы үйлесімді қарым-қатынастың бірегей шарты болмақ. Міне, осы қағидат тұрғысында қоғамды толеранттылыққа тәрбиелеудің барлық мүмкін құралдары педагогикалық заңдылықтарға негізделіп іске қосылуы тиіс. Тек тың идеялар батыл іске асырылса ғана жемісті нәтижеге жеткізетіні белгілі дүние. Сондықтан да Елбасы кітапханасы ұжымы да осындай қоғам үшін игілікті іс-шараға белсене ұйымдастырып өткізуді қолға алды. Алғашқы іс-шара 2015 жылдың 15 мамырында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасында «Толеранттылық тағылымы» online семинар-тренингі санатында өткізілді.

Елбасы кітапханасының жаңа жобасы Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығына арналады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Кітапханасы осы маңызды іс-шараны Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан халқы ассамблеясының қолдауымен Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен бірлесе өткізді.

Республикамыздың жетекші мамандары, білім беру мекемелерінің мұғалімдері арасында креативті диалог орнату, қазіргі әлем шындығы контекстіндегі жаңа идеяларды іске асыру мүмкіндіктерін анықтау басты жетістігі болып табылатын семинар-тренингтің ықпалды рөліне көз жеткіздік. Білім алушы жастардың толеранттылығын қалыптастыруға бағытталған заманауи технологияларды енгізудің маңыздылығын, білім беру мекемелерінің барлық түрлеріне арналған оқу, әдістемелік басылымдарды әзірлеудің қажеттілігі айтылды. Қоғамдағы толеранттық сананы, этносаралық және конфессияаралық келісімді қалыптастыруға қатысты мәселелердің кең ауқымдылығы ескерілді. Қазақстандық қоғамды ойдағыдай дамытуға, этносаралық және конфессияаралық келісімді, ұлттық сана-сезім мен руханияттың өркендеуін нығайтуға бағытталған «Қазақстан-2050» Стратегиясында, Елбасының Жолдауларында, басқа да стратегиялық құжаттарда тұжырымдалған негіз қалаушы қағидаттардың толерантты мемлекетті қалыптастырушы маңызын қоғамға жете танымал ету мәселесі қарастырылды.

Ұйымдастырушылық жағынан жоғары дәрежеде өткен семинар-тренинг алдына қойған мақсатына толық жетті деп санаймыз. Семинар-тренингке жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушылары, студенттері, мектеп басшылығы, мұғалімдері мен оқушылары қатысты. Барлығы online семинар-тренингке республикамыздың 391 білім мекемесі қатысты. Ол мекемелермен кері байланыс жүйесі арқылы хабарласып, пікір алмасу және ұсыныстар қабылдау мен жасау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, алдағы уақытта тұрақты өтетін online семинар-тренинг аудиториясы шеңберін кеңейту мәселесі де қарастырылды.

Қазіргі уақытта этникалық толеранттылыққа тәрбиелеу және оны жастардың өзін - өзі анықтау және жеке тұлғаның қалыптасу үдерісінде бағдар ретінде таңдауы мәселесін алға тартып отыр. Бүкіл қоғам назарын өзіне аудартуда. Этникалық толеранттылық түптеп келгенде ұлт өкілдерінің өзара өмірлік этникалық компоненттерін қабылдай алу қабілеті. Бұл арада бір-біріне сіңісіп кету мәселесі жоққа тән. Өзінің ұлттық келбетін сақтай отырып, басқа ұлттың ізгіліктерін түсіну-қабылдау болмақ. Яғни этникалық толеранттылық – ұлтаралық өзара сыйластық, ынтымақтастық деген ұғымды білдіреді. Этникалық толеранттылық тәрбие беру құралы арқылы Қазақстан жастары бойында шынайы патриоттық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Толеранттылық жеке және қоғамдық сананың бағыты ретінде әлеуметтік қатынастар үйлесімділігінің шартына айналуға. Қоғамның дүниетанымдық бағдарлары үлкен рөл атқаратын білім беру саласында толеранттылық әлеуметтік – білім берушілік императив болып табылады. Алайда тәрбиесіз жастардың бойында этникалық толеранттылықты қалыптастыру мүмкін емес.

Еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар әр-түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын толерантты әрі креативті жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде.

Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда Отан сүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда. Жастарды толеранттылыққа тәрбиелеуде білім-ғылым және мәдениет ошақтарының әр алуан ашық алаңдарың пайдалану өте маңызды.

Нұрсұлтан Назарбаев Конвенцияға қатысушы елдер қызметтерінің негізін қалайтын қағидаттарға ерекше тоқталып, соның ішінде Каспий теңізі аймағын бейбітшілік, тату көршілік және достық өңіріне айналдыру қажеттігін, оны бейбіт мақсатта пайдаланып, елдердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу керектігін, сондай-ақ, Каспий теңізінде тараптарға қатысы жоқ қарулы күштер болмауға тиіс екенін айтты. Мемлекет басшысы Конвенция-ның Каспий маңы елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға зор мүмкіндік беретініне тоқталып, осы бағыттағы бірқатар қосымша шараларды атап өтті.

Каспий теңізінің саяси тұрғыдан тұрақсыз аймаққа жақын-дығы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Каспий маңы мемлекет-терінің өзара тиімді әрі нақты іс-қимылдарды пысықтауды талап етеді. Осыған орай, әскери қызмет саласындағы сенім шаралары үшін бес жақты келісім жасауды ұсынамын, – деді Қазақстан Президенті.

Инвестициялық ықпалдастықты одан әрі дамытып, энергетикалық және геологиялық барлау саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін Конвенция мен қол қойылатын құжаттардың мүмкіндіктерін толық көлемде пайдалану қажет.

Мемлекет басшысы көлік-транзит қуатын арттыру үшін тариф саясатын жетілдіріп, Конвенцияға қатысушы елдердегі тасымалдау жағдайын жақсартуды

ұсынып, Каспий теңізінің керемет экологиялық жүйесін сақтау үшін биологиялық ресурстарды заңсыз кәсіпке айналдырғандарға қарсы күрес жүргізу жөнінде арнайы құжат қабылдау қажеттігін атап өтті. Соңында Нұрсұлтан Назарбаев Конвенцияға және бірқатар екі жақты құжаттарға қол қою Каспий маңы мемлекеттерінің достық қарым-қатынастарын көрсететінін, сондай-ақ бірлесіп тығыз ынтымақтастық орнатып, Каспий теңізіне ұқыптылықпен қарау керектігін айтты. Мен әріптестеріме – барлық елдің басшыларына, сондай-ақ Конвенцияны әзірлеген арнайы жұмыс тобына өте маңызды жұмыс атқарғаны үшін ризашылығымды білдіремін. Сіздер болмасаңыздар бүгінгі жетістікке жетпес едік. Ақтау саммитінің қорытындылары арқылы Каспий теңізіндегі жан-жақты іс-қимылдарымызды ілгерілетуге үлес қосылатын болады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы Ақтауда өткен Бесінші Каспий саммитінің жұмысынан Жер шарының түкпір-түкпіріне хабар таратқан бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін жоғары деңгейдегі жиынның қоры-тындысы бойынша брифинг өткізді. Нұрсұлтан Назарбаев Бесінші Каспий саммитінің Каспий теңізінің халықаралық күні қарсаңында өтуінің символдық мәні бар екенін атап өтті. Біз әріптестерімізбен бірге Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін реттеу жөніндегі көп жылғы жұмыстарды қорытындыладық. Көп жақ-ты тәжірибелік іс-қимылдарды ілгерілетуге қатысты жұмыстардың жағдайы мен кейінгі атқарылатын шараларды талқыладық. Сауда, экономика, көлік және қауіпсіздік салаларына байланысты маңызды келісімдерге қол қойдық, – деді Қазақстан Президенті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Е.М Абенов, «Қазақстандық толеранттылық үлгісі», <https://e-history.kz>
2. Толеранттылық тағлымы <https://presidentlibrary.kz/kk/news/toleranttylyk-tagylymy>
3. <https://www.tarbie.kz/9964>
4. «Толеранттылық өмірдің нормасы ретінде», <https://baribar.kz>
5. Төлеуғалиев Бектұр, «АҚТАУ САММИТІ: Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі айқындалды» <http://economics.kazgazeta.kz>

ӘОЖ 327 (045)

КАСПИЙ Өңірі: Ұлттық туризмді дамытудың жаңа мүмкіндігі

Үсен Б., студент

Ғылыми жетекші: Бағдатұлы М.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Туризм саласын дамытудың экономикалық тұрғыда және Қазақстанның табиғи, тарихи, мәдени-рухани келбетін өзге елдерге таныту бағытында екіжақты пайдасы бар десек, таңғажайыптарға толы Маңғыстаудың туризмнің нағыз ордасы болуға мүмкіндігі зор. Өңірде туристік әлеуетті дамытуда классикалық, экотуризм, этнотуризм және биотуризм сынды бағыттар ұсынылғанмен, олардың жүзеге асырылу объектілері үш бағытты қамтиды.

Түйінді сөздер: туризм, экотуризм, этнотуризм, сәулет мұралары, туристер.

Қазіргі таңда әлемдік экономикада туристік сала – аса жанды және перспективалы салалардың бірі, кейбір елдерде туризм мемлекет кірісінің бірден-бір көзі болып табылады. Бүкіләлемдік туристік ұйымның болжамы бойынша, Қазақстан тұрақты туризмді дамыту үшін болашағы бар елдер сапында. Барлық туристік нарықта Қазақстанның табиғатына, ландшафтарына және ұлттық мәдениетіне үлкен қызығушылық білдіреді. Қазақстан

Республикасының туристік саласын дамытуда үлкен мүмкіндігі бар аймақ – Маңғыстау облысы. Біріншісі – даланың табиғи ерекшеліктері, қызғылықты табиғаты болса, екінші бағыт – адам қолымен жасалған құндылықтар, сәулет мұралары. Ал, үшінші бағыт – Каспий теңізінің жағалауындағы туризм. Қазақстанның жеті кереметінің үшеуі Бекет ата жерасты мешіті, Шерқала тауы мен Қарақия ойпаты орналасқан даладағы тұлғасы бөлек тау мен тас, сырын сыртына шығармаған күйі сусыған жал-жал сары құмдар, терең ойларға бастайтын ойпат, тамшысымен таңғалдырған Тамшалы, алыс замандардың иіріміне үйіре жөнелетін Айрақты, бұл дүниенің әлі ешкім шеше алмаған жұмбағының бірі өзі екендігін еске салғандай, адам қолымен жасағандай дөп-дөңгелек шар тастар, айдалада ұмыт қалған айнадай аппақ сор мен ұлан-ғайыр тақыр-жазықтықтар туристерді таңғалдыра алатынына күмән жоқ.

Бұл жер шөл даланың керемет ландшафтарының барлық түрін, қарт Каспийдің көкшіл суы мен шексіз құмды жағажайын, көшпелі сәулет өнерінің жарқын да, қайталанбастай үлгілерін, қазақтың алғашқы қауымдық дәстүрлі мәдениетін өзіне сіңіріп алған. Маңғыстауда туризмді дамытудың басым бағыттарының бірі – өлкенің экономикасын дамыту. Бүгінгі таңда осы сала қызметін тұтынушылардың әлемдік нарығында облыстың туристік ресурстарын белсенді насихаттаудың аса өзекті мәселелерін қарастыру қажет. Маңғыстаудағы тартымды туристік объектілерге тоқтала кетсек. Каспий теңізі – Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Иран және Түркіменстан – бес мемлекетті біріктіретін үлкен тұйықталған су қоймасы [1].

Сондықтан Маңғыстау облысында теңіз туризмін дамыту жобасы мақұлданды. Мамандар өлкеде туризмді дамытудың басым бағыттарының бірі круиз (кемеге отырып саяхат жасау) және желкенді қайық спортын ұйымдастыру керек деп есептейді. Асау Каспийдің жағасындағы демалыс ұмытылмайтын әсер қалдырады. Жағаға соққан толқынның мейірімді сыбдыры тыныштық орнатады. Теңіз суы тәулік бойында сұр түстен жасыл түске дейін өзгеріп отырады.

Қарақия ойпаты – әлемнің ең терең ойпаттарының бірі. Оның шұңқыры үлкен болып келеді. Ең терең жері – әлемдік мұхит деңгейінен 132 метр төмен. Бұл жерде ойпаттың түбін Батыр деп аталатын көлемді сор жапқан.

Ойпат өткен замандағы мұхит өмірінің қалдықтары бар ашылып қалған қабаттармен молайып отырады. Сонымен қатар Шопан ата, Масат ата, Қараман ата, Шақпақ-ата, Бекет-ата, Темір баба киелі орындары, Форт-Шевченко мұражай қалалары, Үстірттегі Бозжыра шыңы, Марс тәріздес Көкесем жері, Көкала үңгір тауы, Шоманай таулары, Түпқараған жазығы, Сұлтан-үпі сайы, Қаракөл көлі т.б әлі сыры ашылмаған керемет жерлер жетерлік. Маңғыстау облысының болашағы мұнда туризм саласын дамытуға тікелей байланысты. Сондықтан қазір аймақта осы бағытта үлкен жұмыстар жасала бастады. Облыс әкімі Алик Айдарбаев айтқандай, «Болашақта Маңғыстау тек мұнаймен ғана емес, заманауи туристік кешендерімен де мақтанатын болады».

Бүгінде Туризм саласын дамыту институты «Кендірлі» демалыс аймағын дамытудың 2020 жылға дейінгі мерзімді қамтитын жүйелік жоспарын жасады. Болашақ демалыс аймағының сыртқы инженерлік инфрақұрылымын жасау үшін арнайы жобалар жасалып, оларды іске асыруға қатысты шаралар қолға алынды.

Сондай-ақ туризм саласын дамыту жоспары аясында облыс орталығы Ақтау қаласын дамытудың да бас жоспары жасалған. Теңіздік инфрақұрылымнан басқа об-

лыстың транзиттік, көліктік-логистикалық және инфрақұрылымдық-сервистік әлеуеті де өте мол. Облыстың құрлықта және теңізде бірнеше мемлекетпен шектесуінен басқа, облыс аумағымен «ТРАСЕКА» және «Теріскей-Оңтүстік» атты Шығыс Еуропа мен Орталық Азия және Солтүстік Еуропаны Парсы шығанағы елдерімен байланыстыратын екі халықаралық жол торабы өтеді.

Осы транзиттік әлеуетті тиімді пайдалану үшін бүгінде облыс аймағында жүк тасудағы арақашықтықты азайту мақсатына арналған біршама инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда. Мысалға, жақында ғана пайдалануға берілген «Өзен-Түркіменстанның мемлекеттік шекарасы» теміржол учаскесі Қазақстанды және бізбен бірге Қытай Ресей және Беларусь елдерін Парсы шығанағына, Иранның теңіз порттарына шығарады. Қазақстан және Түркіменстан Президенттері салтанатпен ашқан жаңа теміржол учаскесі еліміздің экономикалық байланыстарының нығаюына, экспорттық әлеуеттің артуына жол ашып отыр. Сарапшылар бұл жол айрығының жылдық тауар айналымы 8-10 млн тоннаға жете алады деген болжам айтуда. Сол сияқты қазір салына бастаған «Жезқазған-Бейнеу» теміржолының құрылысы да еліміздің орталығы мен батыс өңірлерінің тікелей байланысына жол ашады деп күтілуде. Бұл жол салынып біткен жағдайда Қазақстанның кез келген нүктесінен Ақтау портына дейінгі қашықтық ең кемі 600 шақырымға қысқарады. Яғни кез келген тауардың бір тоннасының тасымалдау құны кемі 600-750 теңгеге төмендейді.

Ал бұл тасымалданатын тауардың бәсекелестікке қабілеттілігін арттырып, нәтижесінде Қытай, Еуропа және Кавказ елдері арасындағы жүк айналымының 50 пайызына дейін осы жолға қарай тартады деген болжам бар. Осындай киелі Маңғыстаудағы тарихта өзінің ізін қалдырған әлі күнге дейін сақталып келе жатқан туристік объектілері мен мекендерін жан жақты жетілдіріп, инфрақұрылымын дамытсақ, осы жерлерге арнайы турлар дайындап, алғашқыда арзан бағадды тұңғыш тұтынушыларды жинау мақсатында, сосын кемшіліктер болса түзеп, ұсыныстарды орындап, жетілдіре білсек туристер тартып, одан әрі көркейтсек және Маңғыстау облысы туризмінің брендин ұсынып, соны жарнамалап туристер шақырсақ бұл өлкедегі туризм дамымауына кім кепіл?!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау туризмі “Энциклопедиясы, Алматы, 1967;
2. Маңғыстау облысы, «Туристік орындар», Көрікті жерлер;
3. Маңғыстау туризмі., Уикипедия ашық энциклопедиясы; Ақтау,. 2000.

ӘОЖ 327 (045)

КАСПИЙ МАҢЫ ЕЛДЕРІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН, ӘЗЕРБАЙЖАН, ИРАН, РЕСЕЙ ЖӘНЕ ТҮРКІМЕНСТАН ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ

Ибрашова Р., студент

Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Андатпа. Бұл 5 мемлекет ортақ экономикалық саясат, ортақ сыртқы саясат және ішкі қауіпсіздік мәселесін жүргізіп келеді. Ынтымақтастық және әріптестік бағыттағы жеткен жетістіктері де аз емес. Бұл Каспий маңы елдерінің аз да болса жеткен

жетістіктеріне жатады. Бұл интеграциялық байланыстардың маңызды құрамдас бөлігі ретінде мұсылман әлемі, Ресей, посткеңестік кеңістік Қытай және Шығыс Азияға қатысты ұстанымдары бойынша елдер бейтарап саясат ұстанғандары жөн. Алайда, оның тиімділігі туралы әзір бірдеңе деу ертерек. Мүмкін, ширек ғасырдан кейін ғана нәтижеге қол жеткізуге болады.

Түйінді сөздер: Каспий аймақтық интеграция, географиялық және әлеуметтік саяси дамуы.

Каспий теңізі неоген дәуірінің аяғында жер қыртысының көтерілуінен [Кара теңізден](#) бөлінді. Бұл кезді Каспий теңізінің пайда болған уақыты деп есептеуге болады. Каспий теңізінің жалпы ауданы 376 мың км².

Оның беті теңіз деңгейінен 28 м төмен жатыр. Теңіз солтүстіктен оңтүстікке қарай 1200 км-ге созыла орналасқан. Теңіздің ендірек жері - 435 км, ал еңсіз жері - 193 км. Каспий теңізінің жағалау сызығының ұзындығы - 7000 км. Оның суы 5 мемлекеттің иесі болып жатыр [1].

Жағалау сызығының Қазақстан үлесіне - 29% (2340 км), [Ресейге](#) - 9%, [Әзірбайжанға](#) - 20%, [Түрікменстанға](#) - 21%, [Иран Ислам Республикасы](#) - 14% тиеді.

Каспий теңізіне 130-ға жуық өзендер мен ағынды сулар құяды. Олардың теңізге құятын жиынтық ағыны жылына орташа есеппен 300 км³. Осы мөлшердің 80%-ы Еділ өзенінің, 5%-ы - Жайықтың үлесіне тиеді. Ағынның 10-11%-ын Батыс жағалаудағы өзендер [Терек](#), Сулак, Самур, Кура және т.б. береді. Қалған 4-5%-ы Иран жағалауы өзендерінен келеді. Шығыс жағалауларда тұрақты ағын сулар жоқ.

Каспий маңы елдеріне кіретін Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан мемлекеттерінің ортақ интеграциялық мүдделі байланыстары бар. Географиялық жағынан Каспий теңізі, оның суын, түбін, жер қойнауын, табиғи ресурстар мен әуе кеңістігін қоса алғанда, тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне байланысты мүдделі көзқарастары бар.

Интеграция – бұл объективті экономикалық процесс. Халықаралық еңбек бөлінісінің қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып, елдердің бірігуі шеңберінде бір тұтас шаруашылық кешенін құру.

Каспий аймағы елдерінің интеграциялық байланысын нығайтудағы ерекшеліктерді кей ғалымдар географиялық-саяси жағынан бөліп қарастырады. Каспий ерекше эко жүйеге жатады. Бұл аймақта (Каспий теңізі) экономикалық-экологиялық, био энергиялық ресурстар шоғыры бар кеңістіктік түзілген.

Бұл жерде үлкен интеграциялық кеңістік жатыр. Каспий маңы елдерінің Еуразиядағы геосаяси жағынан жаңа өркениеттілік кеңістікке кіретіні туралы да ғылыми тұжырымдамалар бар. Су алабын бірлесіп пайдаланып отырған осы елдердің ұлттық-діни көзқарастарына байланысты іріктеліп жасалынған ислам, христиан, буддалық өркениеттердің шекарасы деген анықтамалар да айтылып жүр [1].

Бұл аймақтың интеграциялық әлеуетіне айтарлықтай серпін береді. Каспий маңы елдерінің интеграциялық әлеуетіне осы мемлекеттердің құқықтық статусына қатысты ұстанымдарын да кіріктіруге болады.

Ол осы елдердің құқықтары мен міндеттемелері, аймақтық қауіпсіздік, ортақ заңнамалық база, осыдан шығатын бейбітшілік пен татулықтың аймағына айналу, аймақтық қауіпсіздік т.с. құжаттамалық негіздерді айтуға болады.

Каспий теңізін бойлай орналасқан елдердің интеграциялық байланысының құқықтық негізі 1992 жылы бес мемлекеттің теңіздегі ынтымақтастық мәселелерін реттеу кезінде жасалды [2].

Содан бері бірталай жұмыстар атқарылды. Арнайы жұмыс топтары құрылып, интеграцияның негіздері жасалды.

Келіссөздер процессі шеңберінде Каспий маңы мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің жеті кеңесі (1996 жылы 11-12 қарашада Ашхабадта, 2004 жылы 6 сәуірде Бакуде, 2007 жылы 20 маусымда Тегеранда, 2014 жылы 22 сәуірде Мәскеуде, 2016 жылы 12-13 шілдеде Астанада, 2017 жылы 4-5 желтоқсанда Мәскеуде, 2018 жылы 11 тамызда Ақтауда) өтті.

Каспий маңы елдерінің интеграциялық-стратегиялық негіздері саяси деңгейде қазақстан басшылығының көшбасшылық көрегенділігінің арқасында нығайды.

Каспийдің құқықтық мәртебесі, теңіздегі қауіпсіздік пен тұрақтылықтың негізгі мәселелері, сондай-ақ Каспий маңы мемлекеттерінің халықаралық қатынастарының жекелеген аспектілері бойынша ұстанымдары құжат түрінде жасалды.

Каспий маңы елдерінің үкіметтері арасындағы көлік саласындағы ынтымақтастық туралы, сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы, Каспий теңізіндегі оқиғалардың алдын алу туралы келісімдерге, сондай-ақ, терроризмге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы, 2010 жылғы 18 қарашадағы Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге Шекара ведомстволарының өзара іс-қимылдары туралы хаттамаларға қол қойылды [2].

Каспий жағалауындағы елдердің өндірістік-шаруашылық бағыттағы интеграциясы туралы да зерттеулер бар. Өнеркәсіптік, сауда, энергетикалық, көліктік-логистикалық, инновациялық, туристік, ақпараттық және басқа да салаларды дамытатын интеграциялық байланыстар бар.

Мәдени-рухани байланыстар, жастар слеті, спорттық жарыстар т.с. ынтымақтастарды жандандыруға қатысты интеграциялық байланыстарды да ұмытпау керек. Интеграция тақырыбы өте кең, ауқымды тақырыпқа жатады. Оны бір мақала, бір талдау-зерттеу материалдары арқылы қамти алмаймыз.

Бастысы, елдің байланысы – саяси интеграцияны күшейтуге бағытталуы керек. Бұл жағынан Қазақстан басқа елдерге үлгі боларлық қадамдар жасап үлгірді [3].

Барланбаған мұнай қоры тағы бар. Сондықтан, әр мемлекет барынша көп аумақты өзіне қаратып, алып қалуға тырысып жатыр. Сырт елдердің де түрлі сылтау тауып, араласқысы келетіні белгілі.

Қайталап нақтылап айтсақ, жалпы Каспий теңізін бөлу әрі теңіз әрі көл ретінде қарастырылып, өзара ыңғайлы қағидаттарды негізге алғанын көруге болады.

Теңіз ретінде құқықтық мәртебе берілсе, Қазақстанға Каспийдің 30 пайызы бұйырады. Егер көл ретінде бөлінсе, теңіз жағалауындағы 12 миль, яғни 22,2 шақырым аумақ иелігінде болып, қалғаны ортақ болады. [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н. Назарбаевтың «он қадамы»: «Российская газета» оқырмандарының сұрақтарына жауапты ұйымдастырған В. Дымарский // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2003. -№ 43, 22 ақпан.

2. Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін аймақтағы жағдай қалай өзгереді? Zakon.kz Александр Бовдунов 09.12.2018

3. Мифтік оқиға: 5 президент Каспий газетін бөлді. 08/12/2018

OPTIMAL WAYS TO USE INTERACTIVE TEACHING METHODS IN HIGHER EDUCATION

Mustafina S., student.

Scientific supervisor: Kirbasova L.G.

Caspian state university of technology and engineering

Them. Sh. Yesenova, Kazakhstan, Aktau.

Annotation. The article discusses the features of increasing the cognitive activity of students during classes in higher educational institutions. The author analyzed the advantages of using interactive teaching methods. About optimal approaches to the use of interactive methods in Higher education.

Keywords: Interactive learning, co-education, group work, feedback and student activation.

In accordance with the new educational paradigm, any specialist should have the basic knowledge, skills and competence corresponding to the profession of a novice specialist, focused on creative and research work, evaluation, and be ready to solve new topical problems. And such qualities are formed only on the basis of interactive learning. Interactive learning is based primarily on effective communication between participants in the educational process. The word "interactive" from English also means: "inter" means "mutual", and "act" means "action". In other words, "interactive" means interacting closely with someone, interacting with them, creating a dialogue. Learning is "interactive" through dialogue-learning, i.e. communication in the formats "teacher-student", "student – student", "student-to-himself" ("Conversation", "interview", "joint actions"). The advantages of organizing the educational process in the process of interactive learning are as follows: 1) promote active participation of all students in the process of joint learning. ; 2) give each student an opportunity to talk about their teaching and knowledge, discuss them together and reflect on them.

As for the rules for organizing interactive training, they can be implemented in accordance with the following requirements:

1. Training audience to work.
2. division into groups. Students can be divided into subgroups of 4-6 people. However, you should constantly change the composition of the subgroup, we believe that the student should be able to work in any team.
3. defining goals and expected results. Special attention should be paid to ensuring the clarity of tasks and the participation of all students.
4. the adoption of work rules. We are not late for the lesson, any opinions are valuable, not personal thoughts, specific problems are analyzed, we respect our time, and so on. you can accept the rules.
5. creating an atmosphere of trust and work (thinkers-tasks based on logical thinking that form positive psychological feelings).
6. all students must participate in the work.
7. listening skills: all feedback should be listened to.
8. written works. Writing (written works) is the sound of thinking in which various written tasks are performed.

9. feedback. That I'm used to today's lesson? What questions and thoughts have appeared on the new topic? What suggestions and suggestions would I like to make on today's topic? you can create conditions for students to answer critical questions [2].

Thus, interactive learning adheres to the ideas of joint learning. In co-education, each student contributes to the overall meaning of knowledge (reading, studying) and the final results, exchanges their knowledge, ideas, and thoughts with others, and determines how an effective result (knowledge) can be achieved through joint learning activities. Kazakh researcher A. Alimov defines the main principles and goals of interactive learning as follows: [1]:

Nicknames	Goals
Creating an environment	<ul style="list-style-type: none"> - Creation of conditions that the student feels successful in school/training; - the establishment of an open, free, creative communication between students; - orientation of students to search for knowledge without passing it on in readiness.
Learning through collaborative action/learn	<ul style="list-style-type: none"> - Motivation of students to effectively learn knowledge only through independent activities; - involvement of students in active activities, organization of their educational activities.
Connecting with life	Studying the subject and topic as a justification for practical actions of students related to their future profession, solving problems that arise in everyday life.
The upbringing of selfreliance and independence	<ul style="list-style-type: none"> - Motivate students not to meet the ready answers, formulate their thoughts by understanding them, respond independently to the solution of problems (if the student can not answer, take the time to give the correct answer on their own, contribute to its detection by other students); - to form students ' critical and analytical thinking skills (doubt, the ability to see different meanings in information, the desire for independent understanding, inculcation of arguments).

We decided to focus on the features of interactive learning methods that we often use in Higher education. Simplified help. When mastering the topic "higher school pedagogy", students should pay attention to the features of teaching technical disciplines in higher education institutions, suggesting that they choose a concept or concept for their specialty. After thinking for 1-2 minutes, I asked for a reference or explanation, so that this concept was clear to a child of 10 and 15 years. The task can be performed first in a pair, and then in a group. As a result, the students themselves helped determine the place of the subject of pedagogy.

I know, I want to know, I knew. After announcing the topic of the lesson at the beginning of the lecture, students are given the task to write in a notebook about what you know about this topic. This approach will help students remember what they know, as well as focus on learning a new topic. After completing the task, students learn to predict and consider problems with different facets. After listening to the students, the teacher will continue the lessons. "What did I learn from today's lecture? response to question". As a result, it analyzes how much we could have predicted, whether the expected result was achieved, and what other problems can be considered.

Navigate the gallery. An interactive method that includes familiarizing students with pre-prepared works at the beginning of the practical class and recording feedback on the work performed or an oral presentation. When using this method, students learn to correctly

evaluate and increase interest in each other, noting the achievements of the work performed, and also refuse to perform similar work. Double entry diary. A table form that helps students focus on the content of lectures, understand their perceptions and understandings, and write their thoughts. During the lecture, it is recommended to fill in a table consisting of sections of quotations (excerpts) and explanations (comments). In the fragmentary part, write down the Main concepts, phrases set out in the next part, their thoughts, ideas, and proofs about the phrase or concept. Thus, conditions are created for the student to participate not only as listeners, but also as an active participant in the development of new knowledge.

Simple and complex questions. In a practical lesson, one of the methods that can be used to determine the level of knowledge of students, the quality of independent work. You can use it instead of the traditional survey method. However, the question is made up by students themselves. The answers to simple questions may be contained in the content of their prepared work, but in order to find answers to complex questions, students themselves must create new knowledge. In other words it allows you to learn how to organize your activities at a high level of cognitive level. Aquarium. A method that includes the analysis of a particular question of students in the course of a dialogue in front of "the audience" or "the public". During classes, students are divided into subgroups, each group is given individual tasks. From these groups, the teacher selects one group as "aquarium". Students in a mini-group discuss problematic situations, ways to solve problems. And other students in the audience can observe this group, but do not take part in solving problems, draw the attention of the group's students to the progress of solving problems, creating a dialogue. Using this method, you can create conditions for students to prove their thoughts, build relationships, find a language, learn how to solve a problem and how to come to a common agreement.

Output sheet. At the end of the lesson, the teacher reflects on the new knowledge, formulates what students knew and understood in this lesson, evaluates their new knowledge, and analyzes ways to apply new knowledge in solving a specific problem. That is, what did I learn or get used to "today's lesson", which is issued in the "exit sheet"?", "How do I use this knowledge?", "How will I further develop my knowledge?", "What else do I want to know?" seeks to answer such questions. This method instills in each student a report on how they work in class, work responsibly, do not miss free time, and work effectively.

Thus, to increase the student's activity and form the effectiveness of the educational process, the following main ways can be identified [3]:

1) strengthening the student's academic motivation through: a) internal and b) external bases(bases);

2) Creating conditions for the formation of new and, consequently, higher types of motivation (for example, personal formation and the desire for personal growth, according to A. Maslow; V. A. the desire for self-respect and self-esteem in the educational process, according to Sukhomlinsky;

3) with the purpose of reception and realization of new forms of knowledge and skills;

4) ensure that the joint forms and methods of learning its content;

5) intensification of mental work the student with effective use of time in class, increased interaction between student and a teacher and students;

6) logical analysis of material and science-based analysis of the distribution of the substantive content of a student;

7) to pay special attention to the possibilities and individual peculiarities of students. The effectiveness of selecting and applying high-paying methods will increase the effectiveness of training.

LITERATURE

1. A. Alimov use of interactive methods in higher educational institutions. Studies'.stipend. - Almaty, 2009. - 328 P.
2. Alimov A. G. problems of using interactive methods in higher education. Studies'.stipend. - Almaty, 2013. - 448 page.
3. Zyкова N. M. Psychology of higher school. - А., 2011

ӘОЖ 33.339.972

КАСПИЙ АЙМАҒЫНЫҢ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ

Тапенова І., студент

Ғылыми жетекшісі: Тажиева И.Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Поскольку государство и власть на Западе рассматриваются как фабрика, производящая услуги, то органы государственной власти и местного самоуправления зачастую выступают конкурентами по отношению к частному сектору. Например, населению надо оказывать услуги – подачу воды, тепла, перевозку пассажиров и т.п. Это могут организовать и осуществлять органы государственной власти, местного самоуправления и предприниматели частного сектора, а могут и предприятия смешанной формы собственности. В любом случае обозначается рынок услуг, на котором органы власти выступают за аукцион услуг. Цель же ставится одна – выяснить, кто качественнее и дешевле может оказать ту или иную услугу населению. Это может быть государственное, муниципальное или частное, а то и смешанной формы собственности предприятие. Общеизвестными критериями эффективности власти являются: способность властных структур на различных уровнях успешно решать экономические, социальные, финансовые, организационные и другие задачи; достигать поставленные цели; согласовывать и координировать экономические и политические интересы различных групп населения, действуя при этом в строго определенном правовом поле. В целом же эффективность государственного управления определяется сбалансированной системой показателей, т.е. соотношением использованных ресурсов и полученных результатов в достижении стратегических целей политической системы и реализации общих государственных интересов. Эффективность – это показатель того, насколько полно усилия и ресурсы, затраченные управляющим субъектом и обществом на решение поставленных проблем, реализованы в социально значимых конечных результатах [3].

Таким образом, эффективность государственного управления определяется через понятия «общественные цели», «затраченные ресурсы» и «полученные результаты».

ЛИТЕРАТУРА

1. Брюин де Х. Управление по результатам в государственном секторе. М.: Ин-т комплексных стратег. исслед., 2005. 192 с.
2. Гладков И.С. Опыт антикризисного управления в Республике Корея [Электронный ресурс] // Менеджмент в России и за рубежом. 2006. № 5. URL: <http://www.mevriz.ru/annotations/2006/>
3. Граждан В.Д. Теория управления: учеб. пособие. М: Гардарики, 2004. 418 с. 6. Друкер П. Эффективное управление / пер. с англ. М., 1998.

УДК 338.242

ЗЕМЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ: КАК ОБЪЕКТ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ: МИРОВЫЕ ПОДХОДЫ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ

Бисембаев А.М., магистрант

Научный руководитель: Кизимбаева А.Б., доцент.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, Казахстан, г. Актау.

Аннотация. В статье отражены особенности земельных ресурсов как объекта государственного управления. Представлены международные подходы к изучению уровня управления земельными ресурсами в нашей стране и направления его развития. Предложены направления развития системы управления земельными ресурсами

страны, включающие институты, посредством которых формируются и регулируются экономические отношения между субъектами землепользования; информационную составляющую в виде кадастра недвижимости; механизмы привлечения инвестиций в использование земельных ресурсов.

Ключевые слова: земельные ресурсы, государственное управление, институты управления.

Земля (почва) является одним из определяющих условий жизни на нашей планете. В сельском хозяйстве земельные ресурсы — главное средство производства. Значение этого незаменимого и ограниченного природного резерва увеличивается по мере роста плотности населения и ухудшения экологической обстановки. Ценность земли как недвижимого имущества и капитала вызывает острую потребность ее изучения.

Земли, находящиеся в пределах Республики Казахстан, составляют земельный фонд страны, являющийся важнейшей составной частью национального богатства и окружающей среды. В соответствии с данными государственной статистической отчетности, площадь земельного фонда Республики Казахстан на 1 января 2018 года составила 1712,5 млн га (без учета внутренних морских вод и территориального моря) [1].

Для земельных ресурсов, входящих в систему национального богатства и являющихся экономическим активом, характерны признаки прочих составных частей национального богатства: в их отношении институциональные единицы осуществляют права собственности — индивидуально или коллективно; собственники этого актива получают экономическую выгоду в результате владения ими или использования их в течение определенного времени.

По международной классификации некоторые ресурсы природного происхождения не рассматриваются как экономические активы, так как на них не распространяются права собственности, или же владение ими при существующем уровне технологии, цен и экономической инфраструктуры не приносит экономической выгоды (воздушное пространство, океаны, неоткрытые или открытые, но не доступные для разработки полезные ископаемые и т. д.).

В современной Казахстане, с учетом проведенной в начале 1990-х годов земельной реформы и приватизации, сформированы институциональные условия для вовлечения земель в хозяйственный оборот с целью демонополизации государственной собственности на землю. В соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан земля может находиться в частной, государственной, муниципальной и иных формах собственности.

На основе права частной собственности земля принадлежит гражданам и юридическим лицам. В государственной собственности находятся земли, не переданные в собственность граждан, юридических лиц, муниципальных образований. Государственная собственность состоит из земель, находящихся в собственности как Республики Казахстан, так и ее субъектов. Земли, принадлежащие по праву собственности городским и сельским поселениям, а также другим муниципальным образованиям, являются муниципальной собственностью. Какова же фактическая ситуация в области развития земельного рынка.

Характеристика результатов реформы управления земельными ресурсами в современном Казахстане. По данным государственного статистического наблюдения за земельными ресурсами на 1 января 2018 года, площадь земель, находящихся в государственной и муниципальной собственности, составила 1579,1 млн га, или 92,2 % от площади земельного фонда.

В частной собственности находилось 133,4 млн га земель, что составило 7,8 % земельного фонда страны. Из них площадь земель, находящихся в собственности граждан и их объединений, составила 115,3 млн га, или 6,7 %. В собственности юридических лиц находилось 18,1 млн га, или 1,1 % земельного фонда Казахстана.

Земельные доли граждан (включая право в общей совместной собственности) в земельном фонде страны составили 5,2 % (88,4 млн га), или 66,3 % земель, находящихся в частной собственности в целом по стране [2].

В структуре собственности на землю в Республике Казахстан за 2017 год произошли следующие изменения: наблюдалось сокращение площади земель, находившихся в собственности граждан (на 87,3 тысяч га), а также увеличение собственности юридических лиц (на 908,4 тысяч га).

Кроме того, возрос объем государственной и муниципальной собственности (на 1787,0 тысяч га). Изменения в значительной степени касались земельных участков, находящихся на праве общей (долевой или совместной) собственности граждан (уменьшение составило 958,8 тысяч га). Земельные ресурсы как объект государственного управления.

Статистика указывает на то, что на настоящий момент пока не наблюдается изменения структуры земельного фонда в сторону значительного сокращения государственной собственности на землю. Это является подтверждением того, что земельная сфера поддается реформированию крайне медленно, с очень большим трудом. Более того, реальность и ожидаемые эффекты разнятся на порядок.

Земельный потенциал Казахстана используется до сих пор только в небольшой степени и неэффективно. Критерии оценки эффективности использования земельных ресурсов законодательно и методологически не определены, что влечет за собой волюнтаризм в их трактовке в пользу решения текущих финансовых проблем, а не стратегических целей. Имеют место деструктивные тенденции в управлении земельными ресурсами: сокращается площадь сельскохозяйственных земель, имеются негативные тенденции в застройке городской территории.

Какие же методологические подходы к совершенствованию системы управления земельными ресурсами надо выбрать в сложившейся ситуации, на что сделать акцент?

Современная теория при рассмотрении земельных отношений основную роль отводит понятию собственности (как институциональной и социальной основы системы национальной экономики, которая имеет юридическое и экономическое содержание [3]. Западный экономист Де Сото считает, что главная проблема и причина не вполне удачных социально-экономических реформ в странах третьего мира и бывшего социалистических республик. Оценка по группе стран СНГ. Изучение управления землепользованием в странах СНГ (в эту группу вошли страны: Азербайджан, Казахстан, Киргизия, Молдова, Российская Федерация и Украина, в соответствии с указанной выше моделью земельного рынка, позволило ООН сделать ряд важных выводов, которые помогут нам при выработке новых подходов к реформированию системы управления земельными ресурсами Казахстан. Положение в сфере управления землепользованием постоянно улучшается, но во многих аспектах управление все еще остается слабым.

Земельные ресурсы как объект государственного управления здесь разрыв между регулированием доступа к земельным ресурсам и их использованием больше, чем в любой другой группе стран, ставшей предметом настоящего исследования. Приватизация заметно продвинулась вперед, в последнее время многие страны значительно усовершенствовали законодательство в сфере регистрации земли (другие, правда, все еще продолжают бороться с неэффективной системой), в большинстве стран на более-менее достойном уровне осуществляется управление государственными

землями. С другой стороны, говорить о существовании системы установления стоимости земельных участков, пространственном планировании и землеустройстве вряд ли приходится. Кроме того, в большинстве стран этой группы меньше прозрачности, гораздо шире распространена коррупция (узурпация государства, захваты земель, неправомерная практика раздачи земель и так далее).

Серьезной проблемой всех стран является коррупция в сфере земельных отношений, политическое влияние и контроль со стороны госаппарата. В целом, экспертами сделано заключение, что в большинстве изученных стран созданы достаточно стройные системы управления государственными землями, но реализации достигнутого может иногда препятствовать противозаконная практика.

В первую очередь, она может проявляться в процессах приватизации и аренды земли. Следующая важная проблема заключается в том, что пространственное планирование в подавляющем большинстве стран группы находится в зачаточном состоянии.

При этом значительны различия в плане прозрачности. Выдача разрешений на строительство представляет собой громоздкий и отмеченный коррупцией процесс (комментарий

Во всех странах СНГ вопросы землевладения регулируются лучше, чем вопросы землепользования и землеустройства. По сравнению с этим параметром качество определения стоимости земельных участков занимает промежуточное место.

В отношении землепользования и землеустройства результаты исследования можно изложить следующим образом: почти во всех странах слабым местом является пространственное планирование.

Это осознают многие, поскольку ясно, что основным инструментом устойчивого землепользования является реалистичное зонирование с ориентацией на будущее.

Однако для исправления ситуации делается мало. Существует огромная заинтересованность в расширении знаний о землеустройстве (перераспределении земель и укрупнении земельных участков).

Все больший интерес вызывают земельные банки, но этот вопрос еще не находится в поле зрения многих экспертов и лиц, отвечающих за принятие решений. Данный подход нашел практическое воплощение в форме создания общенациональных земельных банков.

Наличеству и потенциал для создания земельных банков на муниципальном уровне: пока стоимость земли невелика, местные власти могли бы скупать участки под будущее.

Земельные ресурсы как объект государственного управления развитие и для реализации проектов по укрупнению. Однако это возможно только при условии полномасштабной децентрализации государственных земель. Эксперты ФАО ООН отмечают, что созданные в странах СНГ фонды перераспределения сельскохозяйственных земель являются источником коррупции: земли сдаются в аренду по заниженным ставкам или бесплатно, достаточно лишь формально присвоить им статус земель соответствующего целевого назначения.

Не существует механизма ответственности и подотчетности властей муниципального уровня. Важно отметить, что эти процессы до сих пор подтверждаются российской официальной статистикой.

Согласно Национальному докладу об использовании земель, часто процесс ликвидации сельскохозяйственных организаций и крестьянских (фермерских) хозяйств не завершается принятием решения о прекращении или изменении права хозяйствующего субъекта на землю и оформлением в установленном порядке соответствующих документов, подтверждающих вновь возникшие права на нее.

Дальнейшая судьба земельного участка (или земель) часто не определена, в том числе, путем принятия соответствующего государственного акта о зачислении земельного участка (или земель) в фонд перераспределения земель.

Сложившаяся практика привела к тому, что на 1 января 2018 года более 16,3 млн га земель учтены в государственном кадастре недвижимости как земли, используемые производителями товарной сельскохозяйственной продукции, в то время как обладатели прав на эти земли из соответствующих реестров юридических и физических лиц исключены.

В сравнении с предшествующим годом площадь указанных земель увеличилась на 35,6 тысяч га. В состав указанной группы земель вошло 6,6 млн га, находящихся в праве общей (долевой или совместной) собственности граждан, 9,3 млн га государственной и муниципальной собственности, а также 0,4 млн га частной собственности [1].

В подавляющем большинстве стран пространственное планирование находится практически на нулевом уровне: не существует подходов, предполагающих укрупнение и перераспределение земельных участков, а выдача разрешений на строительство — крайне сложный и коррупционный процесс.

Следует отметить, уровень безопасности и надежности землевладения постоянно повышается, а это влечет за собой активное строительство. Однако, вследствие практического отсутствия и низкой эффективности контроля в сфере землепользования и землеустройства, такое строительство не обязательно способствует устойчивому развитию.

Часто строительство приводит к утрате полей, виноградников, плантаций, лесов, биоразнообразия, природных и культурных ландшафтов, потенциала в развитии туризма и т. д. Основной урок, усвоенный по результатам переходного периода в Восточной Европе, состоит в том, что система регулирования землепользования земельные ресурсы как объект государственного управления. и землеустройства должна быть создана до проведения приватизации и никак иначе.

В восточной части Германии до проведения реституции были введены в действие все законы, регулирующие землепользование:

это были нормы бывшей Западной Германии, вступившие в силу в восточной части страны при объединении.

И, тем не менее, несколько лет спустя на юге бывшей Восточной Германии можно было наблюдать абсолютно беспорядочную и ничем не оправданную застройку зон, выделенных под торговые предприятия. Проблема состояла в том, что каждый муниципалитет разработал собственный план использования муниципальных земель, не согласовав его с соседними муниципалитетами, в условиях отсутствия какого бы то ни было руководства со стороны институтов более высокого уровня.

Когда, наконец, была внедрена система районного планирования, уже были утрачены прекрасные культурные ландшафты, а поля, где почва отличалась высоким плодородием, скрылись под слоем асфальта. Размеры выделенных под торговые предприятия участков были настолько велики, что большая их часть до сих пор не освоена.

Управление землепользованием в Восточной Европе и СНГ выделяло на периферии существующих поселений обширные жилые зоны:

в надежде быстро разрешить жилищную проблему сельскохозяйственные земли были превращены в участки под коттеджное строительство.

Очевидно, что землеустроительная деятельность внутри существующих поселений заняла бы больше времени и потребовала бы больших вложений. Результатом такого зонирования стало постоянное падение привлекательности жилых

зон внутри многих городов, сопровождавшееся утратой земель сельскохозяйственного назначения в пригородах: назвать подобное развитие устойчивым было бы неправильно [3].

Таким образом, своевременное принятие законодательства, регулирующего землепользование, еще не является гарантией сохранения ценных земель и ландшафтов. Необходимо должное управление, осуществляемое квалифицированными служащими под началом опытных руководителей, облеченных властью принимать решения и защищающих общественные интересы сегодняшних и будущих поколений.

Рекомендации АО ООН по рациональному использованию земельных ресурсов сводятся к следующему:

— странам Восточной Европы необходимо сформировать инфраструктуру пространственных данных и систему сбора данных, позволяющую вести всеобъемлющий мониторинг землепользования и совершенствовать управление землеустройством;

— завершить составление земельного кадастра;

— расширить сферы предоставления электронных услуг;

— создать систему пространственного планирования на всех уровнях

— от центрального до местного;

— приступить к решению проблемы незаконного строительства и незаконных поселений, а также создать условия, препятствующие этому.

ЛИТЕРАТУРА

1. Варламов А.А. Экономика и экология землепользования: в 2 т. Т. 2. Формирование и обоснование объектов системы землепользования. М.: ООО ИД «Фолиум», 2015. 254 с.: ил.

2. Беркалиева А.А., Бисенова С.А., Каюпова П.В. Состояние сельского хозяйства России и совершенствование сельскохозяйственного землепользования // Землеустройство, кадастр и мониторинг земель. 2015. № 4 (124). С. 6-15.

3. Капаров С.И., Сарсенова Т.О., Савельева Е.Б. Интегральный подход к зонированию территории региона для целей управления земельными ресурсами // Региональная экономика: теория и практика. 2016. № 10 (433). С. 190-202.

ӘОЖ 33.338

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫ

Нұржубаев Ғ., студент

Ғылыми жетекшісі: Конысбаева А.А.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Шағын және орта кәсіпкерлік ел экономикасының дамуы үшін аса маңызды болып табылады, ал оның деңгейіне елдегі экономикалық, заңдық, саяси, әлеуметтік, экологиялық жағдайлардың өзі тікелей әсер етуші факторларды құрайды, сондықтан шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, оның құрылымдарын қарастыру аса маңызды.

Түйінді сөздер: кәсіпкерлік, шағын және орта кәсіпкерлік, кәсіпкерлікті дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, кәсіпкерлік деңгейі.

Әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде кәсіпкерлік көптеген қоғамдық қатынастарды қамтиды, оның заң-құқықтық, психологиялық, тарихи жақтары да бар. Кәсіпкерлік қызметтің тағдыры адам қызметінің экономикалық жағдайларына байланысты. Кәсіпкерлік – нарықтағы бәсекеге төтеп беру үшін жаңа мүмкіндіктерді іздеу, жаңа технологияны пайдалану, капиталды жұмсаудың тың салаларын іздеу, ескі ойлау шеңберінен шығу болып табылады [1].

Кәсіпкерліктің объектісі ретінде новаторлық, жаңашылдық, ерекше мағынадағы новаторлық өндіріс, айырбас және бөлудің түрлі факторларын комбинациялау. Кәсіпкерлік әр кезеңде де белгілі бағытта ұйымдастырылады, нақты формалары бар. Кәсіпкерліктің шаруашылық жүргізу тәсілі ретінде бірнеше жалпы белгілерін қарастырады. Оның ішінде негізгісі – шаруашылық субъектілерінің еркіндігі мен тәуелсіздігі. Кәсіпкерлердің еркін қызмет етуі нарық механизмінің әрекетін қамтамасыз ететін тәртіпті қалыптастырады.

Кесте 1- 2019 жылғы ШОК субъектілерінің саны бірлік

Атауы	Барлығы	Оның ішінде				Өткен жылғы тиісті кезеңге, пайызбен
		шағын кәсіпкерлік тегі заңды тұлғалар	орта кәсіпкерлік тегі заңды тұлғалар	дара кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қожалықтары	
Қазақстан Республикасы	1 610 844	374 152	2 895	1 022 008	211 789	103,0
Ақмола	56 937	10 345	112	41 082	5 398	100,7
Ақтөбе	67 564	15 027	99	46 273	6 165	104,6
Алматы	146 836	17 256	166	80 969	48 445	102,0
Атырау	57 884	10 473	103	44 633	2 675	102,6
Батыс Қазақстан	50 145	8 330	91	35 064	6 660	102,3
Жамбыл	82 625	9 138	51	55 801	17 635	105,8
Қарағанды	104 520	25 238	185	69 592	9 505	102,5
Қостанай	65 197	10 842	149	47 979	6 227	99,7
Қызылорда	51 385	7 535	62	36 837	6 951	100,4
Маңғыстау	61 527	13 183	86	45 984	2 274	106,5
Павлодар	54 490	12 992	106	37 920	3 472	103,4
Солтүстік Қазақстан	36 516	7 453	133	24 564	4 366	100,3
Түркістан	144 897	10 754	58	63 098	70 987	104,3
Шығыс Қазақстан	113 027	16 352	171	79 701	16 803	100,9
Нұр-Сұлтан қаласы	162 879	65 995	298	96 320	266	106,6
Алматы қаласы	277 108	113 470	899	161 841	898	102,8
Шымкент қаласы	77 307	19 769	126	54 350	3 062	100,7

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу процесінде кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік органдармен байланыстарын шектеу мақсатында нормативтік құқықтық актілерде «бір терезе» қағидатын қолдану көзделуге тиіс, бұл ретте мемлекеттік органдардан барлық қажетті келісулерді ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау тәртібімен мемлекеттік органдардың өздері алуға тиіс. Қазақстанда бүгінгі күні шағын және орта кәсіпкерлік экономикада серпінді дамып келеді. Ең бастысы шағын кәсіпкерлік саны артып келеді. 2019 жылғы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілер саны өткен жылғы тиісті кезеңдегі сәйкес мерзіммен салыстырғанда 11%-ға өсті. ШОК субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі 65,5%, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 18,6%, шаруа немесе фермер қожалықтары – 15,7%, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 0,2% құрады [2].

Елдің тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін нарықтық экономиканың негізі болып табылатын кәсіпкерлік қызметті қолдау және реттеу шараларының тиімді іске асырылуы қажет. Кәсіпкерлікті қолдаудың және реттеудің келесідей түрлерін атап өтуге болады:

- ✓ Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және реттеу;
- ✓ Инновациялық қолдау және ынталандыру;
- ✓ Инвестициялық қолдау мен оның салаларын дамыту;
- ✓ Құқықтық қолдау және заңдар қабылдау;
- ✓ Қаржылық қолдау мен несиелер арқылы ынталандыру;
- ✓ Салықтық жеңілдіктер арқылы кәсіпкерліктің маңызды салаларын дамыту іс-шаралары жатады.

Соңғы жылдары шағын және орта бизнесті қолдау экономикалық саясаттың басымды саласы ретінде танылған. Ол ең бастысы шағын және орта бизнестің икемді болып келуімен ерекшеленеді, сұранысқа тез жауап беріп, рынок сұранысы мен қажеттілігін тез қанағаттандыра алады. Ірі кәсіпорындарға қарағанда, орта кәсіпорындар өзінің икемділігінің арқасында экономика мен қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сай қызметін қайта құруға бейім болады [3]. Кәсіпкерлік шаруашылықты қолдау мен реттеу шараларының ішіндегі қалған бағыттарға да әсер ететін негізгісі кәсіпкерліктің дамуының стратегиясы мен даму жоспарын дайындайтын және ұсынатын мемлекеттік іс-шаралар болып табылады. Кәсіпкерлікті және шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауда қаржылық қамтамасыз ету республикалық және жергілікті қаражат есебінен жыл сайын аталған мақсаттарға көзделетін қаржы шеңберінде іске асырылады, сондай-ақ мемлекет бюджеті, мемлекеттік заемдарды, мемлекеттің ақшалай гранттар есебінен жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кәсіпкерлік, <https://kk.wikipedia.org>,
2. Шағын және орта кәсіпкерлік, <http://stat.gov.kz>,
3. Қазақстанда орта бизнес субъектілерін қаржылық реттеу механизмдерінің қазіргі кездегі жағдайын талдау және бағалау, <http://distance.atu.kz>.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫ

Тілеумағамбет Д.Ұ., студент

Ғылыми жетекшісі: Конысбаева А.А.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Андатпа. Құрылыс саласының дамуы, соңғы үлгілердегі озық инновациялық технологиялардың салаға келуі ел экономикасы үшін аса маңызды әлеуметтік мәселелердің тиімді шешілуіне оң ықпал етеді.

Түйінді сөздер: құрылыс, құрылыс саласы, құрылыс кешенінің дамуы.

Құрылыс саласы қазіргі таңдағы барынша қарқынды дамып келе жатқан сала, Қазақстан экономикасының аса маңызды әрі базалық алты саласының бірі болып табылады және оның көрсеткіштері тікелей еліміздің ЖІӨ-сін қалыптастырады. Оның үстіне ол халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз ету бойынша сауда саласынан кейінгі екінші орында тұр [1]. Қазақстандағы құрылыс кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігінің экономикалық қажеттіліктері, әлемдегі өнеркәсіптер мен өндіріс орындары инновацияны бұрыннан енгізіп келеді, ал құрылыс бұл процестің Қазақстандағы алғашқы «драйвері» болуы әбден мүмкін. Ескі процестерді цифрландырудан бастап, құрылыстың өзіндік құнын, мерзімі мен шығының қысқартатын жаңа технологияларды енгіземіз. Бұған ең алдымен түпкі тұтынушы мүдделі [2]. 2018 жылы құрылыс саласында 53 мың 996 компания тіркелген, бұл көпқабатты тұрғын үй салушылар, Қазақстанның құрылыс секторы 3 негізгі санаттан және 9 құрылыс жұмысы түрлерінен тұрады. Ол үш санаттан:

- ✓ «нысандар құрылысы»,
- ✓ «азаматтық құрылыс»,
- ✓ «мамандандырылған құрылыс жұмыстары» тұрады.

Құрылыс фирмаларының көпшілігі басты қалаларда, Астана мен Алматыда тіркелген. Одан кейінгі орынды Түркістан, Қарағанды және Алматы облыстары иеленеді. 2017 жылы елімізде 3,48 триллион теңгеге құрылыс жұмыстары орындалған, мұнда құрылыс саласының көшбасшысы атағын түркиялық «Sembol Construction» иеленіп отыр.

Құрылыс саласын дамытудағы мәселелердің бірі тиімді жаңа құрылыс материалдарын, озық технологияларды пайдалану мүмкіндігіне кедергі келтіретін отандық нормативтердің негізгі бөлігінің ескіруі болып табылады. Отандық құрылыс саласының деңгейін арттыру үшін, сондай-ақ құрылысқа шетелдік инвестиция тарту үшін қолайлы жағдай жасау қарастыру аса маңызды. Құрылыс сапасын қамтамасыз етуде сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтер – жобаларды сараптау, техникалық және авторлық қадағалау, ғимараттар мен құрылыс нысандарының сенімділігі мен беріктігін бағалаудың да маңызы зор [3].

Құрылыс материалдары мен бұйымдарының сапалығын бағалау мынадай нысандарда жүзеге асыру көзделген:

- ✓ өндірісті, материалдар мен бұйымдарды техникалық бақылау;
- ✓ құрылыс материалдары мен бұйымдарының сәйкестігін міндетті растау;
- ✓ айналымдағы құрылыс материалдары мен бұйымдарының сәйкестігін инспекциялық бақылау.

1-Кесте. 2019 жылғы құрылыс жұмыстарының көлемі

	Атауы	млн. теңге	Өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен
	Қазақстан Республикасы	625 480 063	108,4
	Ақмола	9 510 461	76,4
	Ақтөбе	33 600 211	116,2
	Алматы	40 145 487	104,5
	Атырау	158 051 424	143,0
	Батыс Қазақстан	26 065 740	120,8
	Жамбыл	17 477 707	101,2
	Қарағанды	48 321 685	152,8
	Қостанай	16 738 996	121,3
	Қызылорда	13 930 136	109,0
	Маңғыстау	38 695 421	96,8
	Павлодар	21 133 123	123,9
	Солтүстік Қазақстан	10 267 546	115,6
	Түркістан	20 661 503	140,2
	Шығыс Қазақстан	43 549 251	105,7
	Нұр-Сұлтан қаласы	61 247 447	59,3
	Алматы қаласы	50 272 422	103,9
	Шымкент қаласы	15 811 503	99,3

2017 жылы құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 3509,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2016 жылдан 2,8%-ға көп. Республика бойынша құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінен едәуір бөлігін жеке құрылыс – 77,7%, шетелдік – 21,8%, мемлекеттік ұйымдар – 0,5% орындады. Құрылыс жұмыстары көлемінің артуы республиканың он бес өңірінде де байқалады. 2017 жылы пайдалануға берілген жаңа ғимараттардың жалпы алаңы 15833,6 мың шаршы метр құрады. Тұрғын үй құрылысына 1022,5 млрд. теңге салынды, бұл 2016 жылға қарағанда 16,4%-ға көп. Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы 2016 жылмен салыстырғанда 6,2%-ға өсіп, 11168 мың шаршы метрді құрады. Тұрғын үйдің едәуір бөлігін – 9367,7 мың шаршы метрді немесе 83,9%-ын жеке құрылыс салушылар, оның ішінде жалпы көлемінде 38,7% құрайтын 4322,2 мың шаршы метрді халық пайдалануға берген.

Тұрғын үйді пайдалануға берудің өсуі республиканың он бес өңірінде байқалды. Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында (1,4 есеге), Павлодар, Ақтөбе және Жамбыл облыстарында (1,3 есеге), Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында облыстарында (1,2 есеге) белгіленді. Ағымдағы 2017 жылы білім беру және денсаулық сақтау саласында 52291 оқушы орнына арналған 99 жалпы білім беретін мектеп, 7739 орынға арналған 65 мектепке дейінгі мекеме, 500 төсек-орындық 1 жаңа аурухана және ауысымында 2955 келушілерге арналған 63 амбулаториялық-емханалық мекеме пайдалануға берілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://inbusiness.kz/kz/news>,
2. <https://bigox.kz/kazakstandagy>,
3. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ісі, <https://www.interfax.kz>.

ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ

Қыдыр І.Қ., студент

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Сагиндикова А.К.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Андатпа. Жастар – Қазақстанның болашағы, елімізді дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Сондықтан да жастардың өз мүдделері мен әлеуеттерін жүзеге асыруларын іске асыру мүмкіндіктері мол. Жастар әр еңбек саласында, кәсіпкерлік салада биік белестерді бағындырып, жетістіктерге жетуде.

Түйінді сөздер: кәсіпкерлік, бәсеке, жастар, мемлекет, бюджет, жұмыссыздық.

«Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге – сіздердің білімдеріңізге, күш-жігерлеріңіз бен патриоттық сезімдеріңізге байланысты. Қазір қолға алынған жұмыстардың бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз, сондай-ақ өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық жүзеге асыра алу үшін атқарылып жатыр» дейді Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде. Ел болашағы жастардың қолында, яғни бізге жастарға тікелей байланысты. Бүгінгі таңда жастар жігерлі, ынталы, білімді. Одан шығар нәтиже – жастар қоғамды нығайту мен жаңғыртудың қозғаушы күші болып табылады, өйткені қазіргі таңда жастардың қоғам өмірінің барлық салаларына қатысу моделі де өзгерді. Қазақстан жастары – бұл шынымен де әлеуметтік өзгерістердің маңызды топтамасының жүрегі. Жастар өзін-өзі жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін жұмсауы тиіс, себебі жалпы мемлекет дамуы – жастардың алға басқан ұмтылысында, жаңаша көзқарасы мен қажырлы, адал еңбегімен байланысты.[1]

XXI-ғасырдың екінші он жылдығы, бұл Елбасымыздың жарлығы мен мемлекеттің жастардың әлауқатының жақсаруына және де жастардың жеке кәсіпкер атануына келешегі кемел жол салуына үлкен ынта қойған кезеңі. Оның бірден бір айқын дәлелдері «Еңбекпен қамту -2020», «Бизнестің жол картасы -2020», «Қолжетімді баспана -2020». Қазіргі таңдағы ұлтымыздың жас санағына қарағанда еліміздегі әрбір үшінші тұрғын жасы 30-ға жетпеген азамат пен азаматшалар, соған сәйкес Ел басымыз өз қаулысында жастарға үлкен дем қойғаны көптің көңіліне жылу қондырды.[3]

Еліміздегі жастардың жұмыссыздық санын азайту барысында «Еңбекпен қамту-2020» жобасы өз қызметін қарқынды атқару барысында. Одан бөлек ел жастарының жеке кәсіпкер атануына да ауқымды жол салынды, оның дәлелі «Бизнестің жол картасы-2020». Елімізде отау құрған жас отбасылардың баспанасыз болуына байланысты «Қолжетімді баспана-2020» жобасы жүзеге асуда.

Бүгінгі таңда мемлекет жастар кәсіпкерлігінен бөлек жастардың әл-ауқатына да аса көп назар қояды. Еліміздегі бұл жобалардың бастау алуы 2018 жылғы 5-ші қазан айындағы мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында көрініс тапты. Елбасымыз өңірлерге сапарында бұл жобалардың тиімділігіне көз жеткізді. Ендігі бұл жобаларды 2025 жылға дейін созырылуы қарастырылуда. Осы жобаларды жүзеге асыру үшін еліміздің бюджетінен жылына 30 миллиард теңге бөлуді қарастыруда. Бұл дегеніміз үш жылда кемінде 22 мың жаңа жұмыс орындарының ашылуына, 224 миллиард теңге салық түсіруге және де 3 триллион теңгенің өнімін өндіруге мүмкіндік береді.[1.2]

Қазақстан жастары - Тәуелсіз елімен бірге өскен ұрпақ. Еліміздің алдыңғы буын ағаларымыздың ісін жалғастырып, тәуелсіздіктің 28 жылындағы жетістіктерді орнықтыра отырып ХХІ-ші ғасырдың үшінші он жылдығында әлемнің тек қана дамыған емес халықының алауқаты жақсы дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуды көздейміз.

Мемлекеттің жастардың кәсіпкерлігіне көрсеткен қолдауы барлық жағынан елеусіз қалмасы анық. Осындай қарқынды қолдау арқасында елімізде жұмыссыздық саны бірнеше есеге кеміп халықтың алауқаты жақсарды. Бұдан түйер қорытынды елдің ертеңі есті ерлерімізде, біз еліміздің жарқын болашағымыз, келер тарих біздің еншімізде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. www.akorda.kz
2. www.egemen.kz
3. www.enbek.kz

ӘОЖ 338.1

ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПкерлік ИНФРАқұрылымын ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кулчикова К.А., студент

Ғылыми жетекші: Сагиндикова А.К., аға оқытушы

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Андатпа. Кәсіпкерлік – кәсіпкерлік бизнестің неғұрлым жекеше жағдайы. Қызметтің бұл түрі, көбінесе, адамның жеке басымен – кәсіпкермен байланысты. Ол жаңа істі қолға алады, жаңа енгізілімді іске асырады, тәуекелдікке бас тігеді. Кәсіпкерлікті дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметтің қалыптасу және даму кезеңдері анықталған, сондай-ақ, кәсіпкерлік қызметті дамытудағы мемлекеттің рөлі қарастырылған.

Түйінді сөздер: инновация, кәсіпкерлік, инфрақұрылым, технопарк, инвестиция, кластер.

Инновациялық кәсіпкерлік инфрақұрылымын қалыптастыру қажеттілігі әлемдік бәсекеде соңғы көште қалып қоймау және тек басқа елдердің тауар өткізу нарығына айналмау, сондай-ақ, елдің экономикасын әртараптандыру мүддесінен туындаған сыңайлы. Өйткені, инновациялық сипаты бар өнім, қызмет не жұмыс дәстүрлі тауармен салыстырғанда белгілі бір артықшылықтарға ие болатыны белгілі. Ал бұл жағдай тұтынушыны тартудың сенімді жолы болып саналады.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының Үкіметі инновацияларға және инновациялық кәсіпкерлікке ерекше назар аударуда. Бұл негізінен инновациялық инфрақұрылымдарды, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтар, оның ішінде дербес кластерлік қор, индустриялық аймақтар, технопарктер, тәуекелмен инвестицияланатын акционерлік инвестициялық қорлар, технологияларды коммерцияландыру орталықтары, конструкторлық бюролар, халықаралық

технологиялар трансферті орталықтары, инновациялық кластерлер құрылымдарды дамыту негізінде байқалады.

Қазіргі уақытта мемлекет барлық қажетті жағдайларды жасауда. Мәселен, Қазақстандық инвестициялық қор, Экспортты сақтандыру Корпорациясы және инновациялық қор сияқты арнайы құрылымдар қалыптасты. Өңдеуші өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында инвестициялық қызметті ынталандыратын институционалдық құралдар енгізілді.

Инновациялық әлеуетті және инновациялық кәсіпкерлікті дамыту маңызды жалпы ұлттық міндет болып табылады, ол жаңа шешімдерді қабылдауды және елдің инновациялық және ғылымитехнологиялық дамуының мемлекеттік артықшылықтарын анықтауды, жоғарғы технологиялық өндірістерді экономикалық дамытудың негізгі факторына айналуын талап етеді.[1]

Инновациялық кәсіпкерліктің басты функцияларының бірі ғылыми-техникалық және өндірістік сала арасындағы байланыстырушылық рөлді жүзеге асыру болып табылады. Инновациялық кәсіпкерліктің жұмыс істеуі ғылыми-техникалық ұйымдар және шаруашылық субъектілер көтеруге мәжбүр инновациялық өнімді құрумен немесе жаңа ғылыми-техникалық шешімдерді олардың коммерциялық пайдаланылу мүмкіндіктеріне дейін жеткізумен байланысты шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның дамуының басты бағыттары – ең жақсы өмір стандарттарын ұсынатын, адамдардың өзіндік таланттары мен қабілеттерін жүзеге асыра алуға мүмкіндік беретін қоғам құру. Яғни инновациялық типті экономика құру.

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық стратегиясының негізгі бағыты, біздің ойымызша, жоғары технологиялық, ғылыми сыйымды және экспортқа бағытталған өнім мен өндірістердің дамуы болып табылады.

Жалпы Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлік ахуалын жақсарту үшін:

- білікті кадрлар және жұмыс күшін дайындау жүйесін бекіту;
- кадрларды кәсіби біліктілігі тұрғысынан дайындау және қайта дайындау;
- кіші бизнес және өзін жұмыспен қамту саласында оқыту;
- инвестициялық үрдістерді басқаруды ұйымдастыруды жақсарту;
- басқару кадрларының кәсіби біліктілігін бекіту;
- қоғамдық бақылау үшін биліктің ашықтық дәрежесін көбейту;
- шенеуніктердің қызметін реттеу деңгейін жоғарылату керек. [1,2]

Қорытындылай келе, жалпы инновациялық кәсіпкерлік – бұл жаңа нәрселерді жасаудың ерекше жаңашылдық процесі, шаруашылық жүргізу процесі, оның негізінде үнемі жаңа мүмкіндіктер іздеу, инновацияға бағдарлау жатыр. Ол кәсіпкердің жаңа жобаны жүзеге асыру немесе қолда бар, сондай-ақ бұл ретте пайда болатын қаржылық, моральдық және әлеуметтік жауапкершілікті жақсарту жөніндегі барлық тәуекелді өзіне алуға дайындығымен байланысты болып келеді. Нарықтың үдемелі және өзгермелі сұранысын тез қанағаттандыру инновациялық әдістерді пайдаланумен ғана жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан да, ұлттық экономиканың жедел және тұрақты дамуы еліміздегі инновациялық орта мен инновациялық инфрақұрылымның нәтижелі жұмыс істеуіне тікелей тәуелді деуге негіз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә.Ж.Сапарбаев, «Инновациялық экономика», монография, Алматы-2011ж
2. www.kaznu.kz

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ

Абуханова А., студент

Ғылыми жетекшісі: Шодыраева Ш.К.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған бұл туристік сала тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, ел мен жердің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығымен ерекшеленіп отыр. Осы тұста еліміздің туристік шаңыраққа айналуына мүмкіндік зор.

Түйінді сөздер: Маңғыстау, туризм, теңіз, жағалау.

Туризм – адамның бос уақытында негізінен айтқанда жұмыстық, не мәлім міндеттік мәжбүрлеумен емес, туысшылаумен емес, өз еркінше көңіл көтеру мен демалу үшін, тәуекел жасау үшін, көріп қызықтау үшін, яғни субъективті рухани қажеттілік бойынша басқа бір жерге ерікті [саяхаттап](#), серуендеп баруы. Жақын жердегі қысқа мезетті орындалатыны - [серуен](#) делінсе, алыс жерге аттанған ұзақ мерзімдісі - [саяхат](#) делінеді.

Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. [Дүниежүзілік туризм ұйымының](#) (ДТҰ) деректері бойынша ол әлемдегі [жалпы ұлттық өнімнің](#) оннан бір бөлігін, [халықаралық инвестицияның](#) 11 пайыздан астамын ұстайды, әлемдік [өндірістің](#) әрбір 9-шы жұмыс орнын туризм қамтамасыз етеді.

Туризмнен түскен табыс мұнай, өнімдері және автомобиль экспорты табысынан кейін тұрақты 3-ші орында келеді. Мұндай оң үрдіс жаңа мың жылдықтың бас кезінде де ұсақталады деп күтілуде. Әлемдік туристік рыноктың дәстүрлі аудандары өзінің рекреациялық сыйымдылығының шегіне іс жүзінде жеткендіктен, туризмнің өсуі туристер баратын жаңа аумақтар есебінде басым дамиды болады. Осыған байланысты, Қазақстанның әлемдік туристік рынокта өзінің лайықты орнын табуға бірегей мүмкіндігі бар.

Туристерді жағымды пікір ғана емес, қайта тұмса табиғат, тылсым құбылыс, ғажайыптар, тәуекелдер, бұрын-соңды болмаған жаңалықтар, басқа да оларды өз елдерінде бола бермейтін ерекше жағдай мен көңіл күйлер шақырады. Сондықтан туризмді дамыту үшін туристік өңір туралы романтикалық (бәлкім тылсым, бәлкім қорқыныш, бәлкім таңғажайып) түсініктердің қалыптасуына айырықша мән беру керек[1].

Маңғыстау өңіріндегі туризмді дамыту қай жағынан алып қарасаңыз да сұранып тұрған сала. Таңғажайып сырға толы табиғатымен қатар көнеден шежіре тартатын тарихы, мәдени-рухани өзгешеліктері шетелдіктер үшін ғана емес, Қазақстанның басқа өңіріндегі тұрғындар үшін де нағыз тартымды бола алады[2].

Маңғыстау облысы — Қазақстанның оңтүстік- батысындағы бұрын Маңғышлақ деп аталған облыс. 1973 жылы 20 наурызда Гурьев облысының оңтүстік бөлігінен құрылған. 1988 жылы облыс таратылды, 1990 жылы Маңғыстау аты беріліп, қайта қалпына келтірілді. Облыс солтүстік –шығысында Атырау және Ақтөбе облыстарымен, батысында – теңіз бойынша Ресей Федерациясымен, Әзірбайжанмен және Иранмен, оңтүстігінде – Түркіменстан және шығысында Өзбекстанмен шекараласады. Ішкі шекарасының ұзындығы 319 километрді, сыртқы шекарасы – 1173 километрді, оның

ішінде теңіз бойынша – 810 километрді құрайды. Облыс орталығы – Ақтау қаласының 1963 жылы негізі қаланған, Каспий теңізі жағасында орналасқан және Қазақстанның «теңіз қақпасы» болып саналады. Маңғыстау облысы өнеркәсіптік аудан, мұнда Қазақстан мұнайының 25 % өндіріледі. Маңғыстау облысы аумағында Қазақстанның «теңіз қақпасы» - Ақтау қаласы орналасқан.

Каспий теңізі – Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Иран және Түркіменстан – бес мемлекетті біріктіретін үлкен тұйықталған су қоймасы. Каспий теңізі — Еуразия құрлығының орталығында, мұхиттардан алыста, оқшау жатқан тұйық су алабы. Дүние жүзіндегі ең ірі тұйық су айдыны, үлкендігіне қарап теңіз деп атайды. Ауданы 376 000 км². Меридиан бағытында 1200 км-ге созылған, орташа ені 300 км. Жағалау сызығының ұзындығы 7000 км, оның Қазақстанға тиесілі ұзындығы 2340 км (солтүстік жағалауының басым бөлігі және шығыс жағалаудың солтүстік жартысы), қалғаны Ресей, Әзербайжан, Түрікменстан және Иран жерімен шектеседі. Беті мұхит деңгейінен 28 м төменде жатыр. Еңтерең жері 1025 м, орташа тереңдігі 180 м. Сондықтан Маңғыстау облысында теңіз туризмін дамыту жобасы мақұлданды. Мамандар өлкеде туризмді дамытудың басым бағыттарының бірі круиз (кемеге отырып саяхат жасау) және желкенді қайық спортын ұйымдастыру керек деп есептейді. Асау Каспийдің жағасындағы демалыс ұмытылмайтын әсер қалдырады. Жағаға соққан толқынның мейірімді сыбдыры тыныштық орнатады. Теңіз суы тәулік бойында сұр түстен жасыл түске дейін өзгеріп отырады. Қазіргі уақытта мұнда сыйымдылығы 4968 адамды құрайтын 29 демалыс базасы бар. Арнайы есептерге сәйкес, 2030 жылға дейін тағы 12 жаңа қонақ үй кешенін салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, тағы да демалыс базаларын салып, олардың жалпы санын 70 жеткізу қарастырылып отыр. Бұл базалар 11 500 адамға орналастыру бойынша қызмет көрсете алады. Сондай-ақ, 500 адамды орналастыруға қауқары жететін түрлі хостелдерде жұмыс жасайтын болады.

Шомылу маусымында демалыс аумағы 350 мың қонақты қабылдай алады. 2017 жылғы шомылу маусымында аталған демалыс орнына 150 220 адам келген, 2018 жылы бұл көрсеткіш 170 мыңға жетеді деп жоспарлануда.

Сондай-ақ, облыста Фламинго, Алау, Ақбөбек, Балдаурен атты 4 сауықтыру лагері жұмыс істейді. Мұнда 4980 бала демалған. Жоғарыда аталған қызмет көрсетілген 205 904 туристің ішінде 117 178 Қазақстан резиденттері болып табылады. Бұл ішкі туризм деңгейінің көрсеткіші болып отыр. Ал 28 726 адам, сәйкесінше, резиденттер емес, бұл сыртқы, яғни, келушілер туризмі.

2017 жылы қалпына келтіру жұмыстарынан кейін 425 адамды қабылдай алатын «Фламинго» балалар лагері іске қосылды. Мұндағы инвестициялар көлемі 1,5 млрд теңгені құраса, оның ішінде, 180 млн теңге «Даму» қоры есебінен қарастырылды. 2017 жылы аталған лагерде 1920 бала демалды.

Бүгінде «Tree of Life» демалыс базасы кеңейіп, ондағы нөмірлер қоры айтарлықтай артуда. Демалыс орнында 156 жатын нөмір, 7 бассейн бар және су аттракциондары да ұлғаюда. Бүгінгі күні оның дамуына 485,2 млн теңге инвестиция салынса, ағымдағы жылы шомылу маусымының ашылуына орай құны 71,5 млн теңгені құрайтын толқынды бассейн іске қосылды[3]. Қазақ даласы – қымсынбай көрсетіп, ұялмай жарнамалауға тұратын мұралар мекені, Маңғыстау – теңіз жағасындағы сары алтын құмы, жайлы жағалауы бар демалуға қолайлы өңір.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Туризм>
2. <https://www.inform.kz/>
3. Baq.kz

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Алшын С., студент

Ғылыми жетекшісі: Шодыраева Ш.К.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

Аңдатпа. Республикада соңғы жылдары туристік саланы дамытуға бағытталған және мемлекет жағынан оны жан-жақты қолдау шараларының кешені жүргізілді. Сондықтанда жүргізілетін шаралардың күшті және әлсіз жақтарын анықтау және жүргізілген талдау негізінде туристік қызметтің жақсаруын қамтамасыз ететін шаралар ұсыну қажет.

Түйінді сөздер: ел, туризм, теңіз, ойпат, экономика.

Қазіргі таңда әлемдік экономикада туристік сала – аса жанды және перспективалы салалардың бірі, кейбір елдерде туризм мемлекет кірісінің бірден-бір көзі болып табылады. Бүкіләлемдік туристік ұйымның болжамы бойынша, Қазақстан тұрақты туризмді дамыту үшін болашағы бар елдер сапында. Қазақстанда туризм дамуының болашағы жарқын. Себебі:

- еліміздің қолайлы геосаяси жағдайы. Батыс пен Шығыс аралығындағы халықаралық туристік және коммерциялық ағымдардың өсуі;
- саяси тұрақтылық, демократиялық қайта құру, экономикалық реформаның өтуі және инвестициялық ахуалдың тұрақтылығы мен ашықтығы;
- еліміздің тарихи- мәдениет мұрасының ерекшелігі;
- мұсылман, христиан, будда ескерткіштерінің болуы;
- Қазақстанның көп мәдениеттілігі, музей, мәдениет ошақтарының, фольклорлы- этнографиялық және ұлттық кәсіпқой өнерпаздардың көп болуы;- Туристік- рекреациялық аймақтардың болуы, табиғи ландшафтар, өсімдік, жануарлар дүниесінің ерекшелігі, экзотикалық тур, балық аулау, аң аулау, өсімдіктер жинау т.б.;
- бос еңбек ресурстарының болуы (мамандар).

Барлық туристік нарықта Қазақстанның табиғатына, ландшафтарына және ұлттық мәдениетіне үлкен қызығушылық білдіреді. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытуда үлкен мүмкіндігі бар аймақ – Маңғыстау облысы арттыру басты мақсат болып саналады [1].

Маңғыстау түбегі батысқа қарай Каспий теңізімен жуылады, шығысында Үстірт жазығының үлкен бөлігі болып табылады, оңтүстіктен Қарабағазкөл шығанағына шектеседі және солтүстіктен Қарашығаның Қаратау тауларынан Бұзашы түбегіне бөлінеді. Территорияның аумағы 166,6 шаршы километрді құрайды, ең биік нүктесі теңіз деңгейінен 556 метр биіктікте (Бешоку тауы), ең төмені - Карагие шұңқырында теңіз деңгейінен 132 метр төмен.

Маңғыстау – ашық аспан астындағы мұражай» деген атауға ие. Сондықтан да бұл өлкенің туристік әлеуеті жоғары. Табиғат ана Каспий теңізі мен шөлейтті аймақты қатар тоғыстырып, сан ғасырлық тарихы бар жәдігерлер мен қайталанбас нысандарды барынша мол шоғырландырған. Ендеше, мұндай ғажап жерлерге туризмді дамытуға не кедергі? Саяхатшыларды өлкеге көптеп тарту үшін қандай жобалар жүзеге асуы керек ?

Маңғыстау облысы еліміздегі табиғи теңіз жағалауы бар бірден-бір өңір. Мұнда тарихи-мәдени ескерткіштер шоғырланған. Табиғаттың сұлу көріністерін тамашалауға жыл сайын көптеген экотуристер келеді. Өңірде туристік әлеуетті дамытудың негізгі

бағыттары еліміздің туристік аймағын дамыту тұжырымдамасы аясында жасақталған Маңғыстау облысының туризмді дамытудың 2020 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарында көрсетілген. Олардың ішінде Ақтау қаласы теңіз жағалауында туристік нысандар үшін инженерлік инфрақұрылымды дамыту, туристік нысандарға дейін жолдар мен паркінгтер салу, Кендірлі курорттық аймағын дамыту мәселелері бар. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша Кендірліні дамытуға айрықша назар аударылуда. Қазіргі таңда «Rixos» компаниясы инвестор ретінде таңдалды. Техникалық-экономикалық негіздеме және жобалау-смета құжаттары жасалып, инженерлік инфрақұрылым жұмыстары жүруде. Әуежай және жол салу мәселесі назарда тұр. Нақтырақ айтсақ, Кендірлідегі жұмыстар оны республикамыздың осы саладағы жетістігі ретінде көрсетеді деп сенеміз және Кендірлі болашақта алқалы жиындар өтетін тамаша орын болатындығы күмәнсіз. Біздің өңірде инвесторлар үшін туристік жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік мол. Бірлескен жобаларды жүзеге асыру өңірде жаңа жұмыс орындарын ашуға қол жеткізеді [2].

Маңғыстау облысының болашағы мұнда туризм саласын дамытуға тікелей байланысты. Сондықтан қазір аймақта осы бағытта үлкен жұмыстар жасала бастады. Облыс әкімі Алик Айдарбаев айтқандай, «Болашақта Маңғыстау тек мұнайымен ғана емес, заманауи туристік кешендерімен де мақтанатын болады». Бүгінде Туризм саласын дамыту институты «Кендірлі» демалыс аймағын дамытудың 2020 жылға дейінгі мерзімді қамтитын жүйелік жоспарын жасады. Болашақ демалыс аймағының сыртқы инженерлік инфрақұрылымын жасау үшін арнайы жобалар жасалып, оларды іске асыруға қатысты шаралар қолға алынды. Сондай-ақ туризм саласын дамыту жоспары аясында облыс орталығы Ақтау қаласын дамытудың да бас жоспары жасалған.

Маңғыстау облысында туризмді дамытуға кедергі келтіретін мәселелерге тоқталсақ:

- инфляцияның өсуі, әлемдік қаржы нарығының тұрақсыздығы;
- табиғи апат факторлары;
- бағдарламаның толыққанды орындалмауы, стратегиялық құжаттардың сапасыз іске асырылуы;
- білікті мамандардың аздығы;
- инфрақұрылымның жеткілікті дамымауы;
- жергілікті атқарушы биліктің жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмеуі;
- маркетингтік шаралардың жеткіліксіздігі және т.б

Осы кемшіліктерді жою мақсатында бірнеше бағдарламалар қабылданды. Туризм индустриясы комитетінің қабылдауы бойынша, Кендірлі демалыс орыны Маңғыстауды Қазақстанның батыстағы туристік орталығына айналдырып қана қоймайды. Маңғыстау – әлемдік нарықтағы туристік сектордың маңызды бөлігін жаулап алуы тиіс. Сонымен қатар, Каспийде Қазақстан, Ресей, Иран, Түркменстан, Әзірбайжанның қатысуымен халықаралық теңіз круизын ұйымдастыру да қолға алынбақ.

Маркетинг стратегиясын іске асыру мақсатында мемлекет мынадай міндеттер белгілеп отыр:

- Сапалы туристік қызмет көрсетуді ұсынатын туристік орталық ретінде Қазақстан туралы туристер жіберілетін негізгі елдерде жағымды пікір қалыптастыру;
- Қазақстанды ерекшелейтін сипаттамаларға және артықшылықтарға негізделген маркетингтік іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- Қосымша мүмкіндіктер бере отырып, төлем қабілеті жоғары деңгейдегі туристерді тарту;
- Жеке сектордың маркетингтік жұмысына қолдау көрсету;

- Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Ресей, Қытай, Жапония және тағы басқа туристер ағынының дәстүрлі рыноктарына ұлттық туристік өнімнің енгізілуін күшейту;
- Рыноктың жаңа сегменттерін айқындауға бағытталған зерттеулер жүргізу;
- Ел аумағында орналасқан көрнекті туристік орындар мен объектілердің бүкіл ауқымын әлемдік рынокқа жылжыту;
